

Қазақстанның Халық жазушысы Шерхан МҰРТАЗАНЫҢ
туғанына 90 жыл толуына арналады



Жазушының 90 жылдық мерейтойына арналып құрастырылған жинақ Халықаралық Тараз инновациялық институтының Ғылыми кеңесінде талқыланып, мақұлданған.

**«ШЕРХАНТАНУ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ОРТАЛЫҒЫ**

ШЕРХАН МҰРТАЗА

Бес томдық шығармалар жинағы

Төртінші том

Әңгімелер

Алматы – 2022

ББК 84 Қаз 7-44

М 84

Мұртаза Ш.

М84 Бес томдық жинақ. – Алматы, 2022. Әңгімелер. – 314 бет.

ISBN 9965-22-091-3

Редакциялық алқа: Ерболат Саурықов (төраға), Мейрамбек Төлепберген, Елен Әлімжан, Қайырбек Асанов, Асқар Абдуалы, Көсемәлі Сәттібайұлы, Оралхан Дәуіт, Қаракөз Тамабаева, Айнұр Кембаева

Шерхан Мұртазаның бұл жинағына жазушының әр жылдары жазған әңгімелерінің ең таңдаулылары жинақталған.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ББК 84 Қаз 7-44

М $\frac{4702250204}{482(05)-05}$

ISBN 9965-22-091-3 (Т.7)

ISBN 9965-22-084-0

© Мұртаза Ш., 2022

41-ЖЫЛҒЫ КЕЛІНШЕК

— Сен мені танымай қалдың ба, неге үндемейсің Мақсұт?

Ол тіл қатпады. Босағада тұрды да қойды.

— Бір-бірімізді көрмегелі отыз жылға жуық болды, Мақсұт. Сен соғысқа кеткенде, мен жиырма сегізде едім ғой.

Ол үндемеді.

— Қартайдым, Мақсұт. Ал сен дәл осыдан отыз жыл бұрынғы қалпыңда қалыпсың.

Ол үндемеді.

— Танымадың ба, Мақсұт? Мен Хадишамын ғой! Сені әне келеді, міне келеді деп отыр едім. Жұрт көрсе, сені менің балам дер. Сен, сірә, сол сөзден қорқып тұрсың ғой.

Ол үндемеді.

— Босағада тұрғаның қалай, Мақсұт! Төрге шық, өз үйің ғой.

Хадиша Мақсұтты қолынан ұстап төрге алып шықпақ болып, ілгері аттайын деп еді — орнынан қозғала алмады. Арада екі адым жер, бірақ алынбас асу сияқты. Жілік-жілігіне қорғасын құйып, жерге қағып қойғандай тырп етуге дәрмен жоқ.

Ал Мақсұт табалдырықта әлі тұр.

— Сенің келгенің жақсы болды, Мақсұт, — дейді Хадиша. — Туысың Шалабайдың қорлығына шыдай алмай, сені айқайлап тұрып шақырып ем, естіген екенсің... Шалабайдың былтыр күйеуге тиген қызы төркініне түсе келіпті. Ол қызды сен көрген жоқсың, мұнда туған бала ғой. Қағынып, былтыр байға қашып кеткен. Шалабай қызына: «Енді сенің өлігіңді ғана көрейін», — деп еді, бәлені ме, құдасы бақуат неме екен. Шалабайдың көмейіне тас тығылған қасқырдай болды да қалды. Тас қауып, тапқаныңды ит жегір. Мейлі ғой, қыз — жат жұрттық. Күләй тұрмақ, сенің жалғыз қызың Жанат та әлдеқашан тұрмыс құрып, балалы-шағалы боп кеткен. «Қолыма көшіп кел, жалғыздан-жалғыз қайтіп отырасың» деп мың айтып жалынды

— бармадым. — «Мақсұттың үйінің түтіні өшпесін — отырамын осында», — дедім.

Ой, алжыған басым, бірді айтып, біріне кеткенім... Бәрі анау Шалабайдың қызы Күләйдан шықты ғой. Күләй күйеуімен келіп түсті. Ауыл болып жиылдық. Күйеу мен Күләй алып келген қоржынның аузын өзім ашамын ғой деп отырғанмын. Ата жағынан алғанда, менен жақын кімі бар Шалабайдың? Аталастан осы Мақсұттың үйінен жақын ешкімі жоқ қой, білебілсе. Білмеді. Айдаладағы Ақшай кемпір ұстады қоржынның аузын. Ақшай кемпірдің бүгінде мұрнынан есекқұрт түседі. Шалы қасында, үш бірдей келіні қызметін істеп тұр. Шифрлеп сегіз бөлмелі үй салдырған, балаларының бас-басына мотоциклі бар. Шалабай шіркін, сенің інің, менің қайным ғой, қайын болмай қата қалғыр, қоржынды маған ұстатуға жарамады.

Бұрын бір құдайдың басқа салғанына көніп, жоқшылықты да, тоқшылықты да көріп, көндіккен бас қой мына бас. Бірақ анау қорлыққа шыдамадым:

— Әй, шырақ, — дедім Шалабайға, — аруақ атып кетпесін, — дедім. — Егер Мақсұт болса, мен кімін? Хадиша болар едім, алдымнан көлденең жүрмес едің сен шірік, — дедім. — Мақсұт жоқ болған соң, мен сияқты жетім кемпірді елемейсің, — дедім. — Аруақ атқыр болмасаң анау Ақшай кім, мен кім? — дедім. — Жөн білмейтін қандай көргенсіз едің, — дедім. — Тұқшыып, төмен қарап, жер шұқылайды, жерге кіргір.

Ал, әлгі Ақшай құтырсын.

— Алды-артының бәрін жалмаған қақбас, — деді мені. — Өліп қалмай жападан-жалғыз неғып отырсың. Қоржынның аузын ұстаған сенің не теңің, қақбас, — деді.

— Әй, Ақшай, — дедім мен де. Қаным қарайып кетті. — Алды-артымды жалмап, жалмауыз болайын деп құдайдан тілеген жоқпын, дедім. — Мақсұт көшпен бірге әскер кетті. Сенің байың Құрақбас құсап әскерден қашып, үш жыл бойы тауда тағы боп жүрген жоқ дедім. Қызым Жанат болса, тұрмысқа шықты,

құдайға шүкір, қазір балалы-шағалы, — дедім. — Өзім болсам, Мақсұттың отын өшірмей, түтінін түтетіп отырмын. «Қырық жыл қырғын болса да — ажалды өледі». Кебенек киген, әйтеуір, бір келеді. Мақсұт үйден кебін киіп аттанған жоқ қой, — дедім. — Оны мен семіз деп сойған жоқпын, етті деп сатқан жоқпын, мен қайдан қақбас боламын, — дедім.

Сөйтiп ем:

— Сорлысың, сорлы, — деп Ақшай ернiн шығарды, ернiңе күйдiргi шыққыр. — Тағы отыз жыл күт, келедi Мақсұт, — деп кекеттi.

— Күтемін, — дедiм. — Жүз жыл күтемін, — дедiм.

Сөйттiм де, ызаға шыдай алмай, айқай салып далаға атып шықтым.

— Қайдасың, Мақсұт! — деп айқайладым. Үйге ендi кiрiп отырғаным да осы едi, сен келiп қалдың, Мақсұт. Ақшай ендi не бетiн айтар екен, бәлем. Кiсiмсiп, қыздан келген қоржынның аузын ұстап, дәрежеге жетiп, жетiсiп едi, ендi қарабет болды, қараң қалғыр...

Ол үндемедi. Бәрiн үнсiз тыңдап босағада әлi тұр:

— Неге үндемейсiң, Мақсұт?! — деп Хадиша сонда шыңғырып жiбердi.

* * *

Хадиша өз даусынан өзi шошып оянды. Кәдiмгi үйi. Үйде жалғыз өзi. Таң атып қалыпты. Сиырды сауып, табынға қосатын уақыт болыпты.

— Шыннан тағы да түс пе? — дедi өзiне-өзi. — Шыннан Мақсұт бiр тiл қатпады ма? — дедi өзiне-өзi.

Ал, шындығында, Хадиша Ақшайдан көрген қорлығын арыз етiп айтқанда, сол түсте Мақсұт сай-сүйегi сырқырап егiлiп едi. Қаншама жұбату сөздер айтып едi Хадишаға.

Бiрақ өлгендердiң көзiнен еш уақытта жас шықпайды. Өлгендердiң сөзiн тiрiлер еш уақытта есiте алмайды.

Ал Хадиша болса:

— Мақсұт тым болмаса түсімде көргенде неге бір тіл қатпады? — деп әлі аң-таң.

ИНТЕРНАТ НАНЫ

Әлтай нанға тоймаушы еді. Басы дәу, үрпек шаш, мойны қылдырықтай, шүңірек көз, томпақ ауыз қара бала болатын. Болбырақ, оқуға олақ, есіл-дерті ауқатқа ауып кеткен сияқты еді. Сабақтан қала береді. Ебі келсе асханаға кезекші болуға тырысады. Кезекшінің міндеті — екі шелекпен өзеннен еңіретте су тасиды. Жүз баланы асырайтын тайқазан толғанша тасиды. Одан ыдыс-аяқ жууға қосымша тағы тасиды. Кезекшіліктің ең ауыры осы. Интернаттың іргесін жалап ағатын өзеннен асханаға құбыр тартуға ол кезде шама келмеді ме, әлде құнт болмады ма, біз қайдан білейік, әйтеуір, ауыр-ауыр екі шелек буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жеткіншектердің екі иінінен зілдей басып, онсыз да тапал бойды төмен тартар еді.

Кезекші су мәселесін шешкен соң, картоп аршуға кіріседі. Одан кейін ұзыннан-ұзақ созылған столға екі қатар қалайы тәрелкелерді, қисық-қыңыр қалайы қасықтарды қойып шығады. Содан соң барып әрбір тәрелкенің тұсына тілдей-тілдей кесілген қара нан қояды. Бұл кезде Әлтайдың қасына тәрбиеші немесе аспаздың өзі ілесіп жүреді. Соның өзінде де Әлтай олардың қырағы көзін ала беріп, бірер кесегін томпақ ауызға бұралақтап ұрып жібереді. Тәрбиеші оның аузына күдіктене қарар еді. Бірақ Әлтай сыр бермейтін. Сірә, нанды шайнамай жұтып жіберетін шығар.

Түс кезінде мектептен балалар апыр-топыр жарыса оралады. Кітаптарын бөлмеге қояр-қоймас, асханаға қарай анталар. Сонда Әлтай оларға кәдімгідей одыраңдап:

- Өй, өңшең жалмауыз, топырламай бір-бірлеп кіріңдер, - деп есіктің аузында тұрады.

Кезекшілік күні өткен соң, Алтайдың көңілі той тарқағандай құлазып қалады. Интернаттың әшмүшкедей нормалы нанын місе тұтпай, қоңқылдап, сабақ біткенше әрең шыдайды. Кейде соңғы сабақтан қашып кетеді. Жол-жөнекей драмтеатрға соғып, қандай спектакль жүретінін, қандай контрамарка болатынын біліп алады. Интернатқа келе сала ас үйден бір түйір картоп сұрап алып, оны ойып мөр жасайды. Кітаптың қатырма мұқабасын кесіп-кесіп картопқа сия жағып, мөрді картонға мұқият басады. Сөйтіп әрбір контрамарканы нанға айырбастайды. Театрға барушы талапкерлер табылады. Аш қалуға бейіл, бірақ «Қобыландыны», «Қыз Жібекті» көруге құштарлар, құдайға шүкір, бар. Театрдың қызметкерлері ойын соңында контрамарканың соншалықты көбейіп кеткеніне таң қалысады.

Нанды қиып, театрға барғандар спектакльден қайтып келгенде қарындары ашады.

- Ұйықтаған соң қарынның ашқаны білінбейді, — дейді әр нәрседен хабары бар қарачай Хасболат.
- Онда шуылдамай тезірек жатайық, — дейді балалар.

Балалар ұйқыға кетеді. Бір бөлмеде он адам жатады. Бәрі әскер балалары. Бәрі де ауылдан келген. Облыс орталығында соғыстан соң жаңадан ашылған интернат-пансионда жатып оқиды. Майданнан әкесі қайтпағандар, соғыстан ағасы келмегендер, аш қарын ұйқыда түстерінде ауылдың нарт қызыл таба нанын көріп, тамсанып жатады. Осы кезде Алтай басын көрпемен жауып алып, нан жейді. Біреу естіп қоймасын деп, дымын шығармауға тырысады. Контрамаркаға айырбастап алған нанды тауысқанша ұйқы жоқ. Бір күні Алтай әшкереленіп қалды. Сәттігүл дейтін бала оның түнде нан жеп жатқанын біліп қойыпты.
- Палуңдра! - деп Сәттігүл айқай салсын. Балалардың бәрі үй

өртеніп бара жатқандай орындарынан сасқалақтап атып-атып тұрсын.

- Не боп қалды?
- Әлтай нан жеп жатыр!
- Нан?!

«Нан» деген сөзді естігенде, ұйқы шайдай ашылады. Жеті түн ішінде таң атып, күн шығып, он жетімнің тар бөлмесіне нұр шашырағандай болады. «Нан» деген сөз - алыстағы ауылдан апаң келіп тұр дегенмен бірдей. Айында-жылында ауылдан апаң бір келгенде кіші қалта талқан, бірер таба нан әкелер еді. Іні-қарындасыңның аузынан жырып әкеп тұрғаны есіңе түскенде, талқан тамағыңнан өтпейді-ау. Сәттігүл барып Әлтайдың үстінен көрпені жұлып алады. Әлтай қақпанға түскен қасқырдай ақсиып айбат шегеді.

- Бер бізге де! — дейді Сәттігүл. Басқалар бұл кезде Сәттігүлдыңсіз қуаттап анталап тұрады.

- Неге берем, өзімдікі! - деп шаңқ етеді Әлтай.
- Жоқ, біздікі! - дейді Сәттігүл.
- Контрамарканы қайтар, сонда берем, - дейді Әлтай енді қайтер екенсің дегендей.
- Контрамарқаң жалған. Сені ол үшін соттату керек. Жалған документ жасағаны үшін соттайтын заң бар екенін білмейсің бе, — дейді Сәттігүл.

- Онда сол контрамаркамен ұдайы неге өзің театрға кіріп жүрсің? Сені де соттау керек, өлсем — жастығымды ала кетермін, — деп Әлтай қасарысады. Бірақ өзінің кінәсі басым екенін сезіп жаси бастайды.

- Нан қалған жоқ, әйтпесе не көрініпті, беремін ғой, өле жегенше бөле же деген ғой.

- Өй, сен мақалдамай шығар бері, қалған жоқ деуін қарашы. Балалар, шамаданын ашыңдар! — деп бұйырады Сәттігүл.

Әлтайдың пәнер тақтайдан шағын чемоданы бар, аузында

жұдырықтай құлып тұрады. Әлтай өз меншігін қорғамақ боп, кереуеттің астына ұмтылады. Бірақ еңгезердей Сәттігүл оны төсектің үстіне атып ұрып, тырп еткізбей қол-аяғын басып жатады.

- Атаңа нәлет, Қодар! - дейді Әлтай ышқынып, — босат былай! Балалар театрдан қайтқан сайын ондағы ойынды өздері қайталап, біреу Төлеген, біреу Бекежан болып шыға келетін, Сәттігүл Қодар рөлін ойнаушы еді. Содан да Қодар атанып кеткен.

- Дымыңды шығармай жат, паразит Қарабай, — деп масаттанады Сәттігүл Әлтайдың дүниеқоңыздығын бетіне басып.

Құлыптың кілті табылмайды. Оған балалар онша өкіне де қоймайды. Епті біреуі шегемен-ақ аша салады. Перғауынның мыңжылдық алтын табыты кенеттен табылғандай-ақ, балалар аң-таң болып, ауыздарын ашып аңырып біраз тұрып қалады. Чемодан ашылғанда, ішінде тілім-тілім нан, бір қалта бидай талқан, бір қалта қуырған жүгері, бір қалта құрт жайнап жатады. Балалар енді есін жиып мол тағамға қол сала бергенде, Сәттігүл айқай салады:

- Тәртіп сақта! Біз мародер емеспіз, саналы азаматтармыз. Бәрін заңды түрде жасауымыз керек. Біз феодализмнің кәрі қақбасы Қарабайдың малын кәмпескелейміз. Бәріміз теңдей бөліп аламыз, - деп тамақты бөліске сала бергенде... есік сарт ашылып, табалдырықта алпамсадай алып адам иығына шинелін желбегей жамылып, міз бақпай тұрып қалады. Қалың қастары бірігіп кеткен. Көзі оқтаулы мылтықтай. Тұла бойы қаһарлы.

- Бұл не шу?! — деп ақырады әлден соң. — Неге ұйықтамайсыңдар?

Әлтай арыз айта алмас. Өйткені өз кінәсі ашылып қалады. Басқаларда да үн жоқ. Өйткені біреудің чемоданын тонауға болмайды. Интернат меңгерушісі қос қолын галифе шалбардың

қалтасынан шығармай «қазыналы» қара чемоданға шалқақтай қарап қалады. Қалың қара қасын бір жоғары, бір төмен ойнақтатады.

Әлден соң:

- Так-так... Бәрің далаға шық! — деп бұйырады. Аулаға шыққан соң, асхананың алдына балаларды қатарға тұрғызады.

- Смирно! — деп бұйырады. Сөйтеді де асықпастан шалқақтай асып өз үйіне қарай беттейді...Кетіп қала алмайсың. Түн ортасында тікеңнен тік тұрған да оңай емес.

Балалар күңкілдеп Сәттіғұлды кінәлай бастайды.

- Сен болмағанда тып-тыныш ұйықтап жататын едік.
- Мен сендерге жақсылық жасамақ болсам, қарай гөр бұларды. Мен емес, анау Қарабай кінәлі, - деп Сәттіғұл жабайы қодастың назарын Өлтайға бұрып салады. Өлтай енді бір табын сиырдың ортасына түскен қасқырдай болады. Оның бақытына қарай интернаттың бастығы қақырынып-жөткірініп үйінен шығады. Балалар қыбыр етпей «смирно» тұрып қалған. Ай сәулесіне қасқа басы шағылысып, дәу ағай асықпай бір-бір басып таяп келіп:

- Қарындарың ашты ма? - дейді. Дәл қазір «жаурадыңдар ма?» деген сұрақ орынды сияқты. Бірақ интернат меңгерушісі: «Қарындарың ашты ма?» - деп сұрайды.

- «Қарным ашты десем, әлдене деп жүреді», — деп ешкім үн қатпайды.

- Айтпайсыңдар ғой, ә? Онда тұра тұрыңдар тағы да, — деп дәу ағай қайтадан өз үйіне асықпай аяңдай бастайды.

- Ағай! Ағай! Тоқтаңыз, -дейді шыдай алмаған Хасболат күркіреуік даусымен. Онан соң жолдастарына қарап:

- Неге үндемейміз? Айтпаймыз ба, тұра бергенше! Қарнымыз ашты, ағай, — дейді.

- Ашты.

- Ашты, - деп әр жерден бір дауыс дірілдеп шығады. Сонда дәу

ағай:

- Ашынған қарын тойынар. Барыңдар, ұйықтаңдар! – деп бұйырады.

Жақсы сөз – жарым ырыс, балалар жәбір-жаманшылықтың бәрін ұмытып, жылы көрпелердің астына қойып-қойып кетеді. Сол көңіл тоқтықпен рахаттанып ұйқыға кірсе бергенде, әрбір төсектің басына Әлтай келіп, балаларды басынан түрткілейді.

- Мә, — дейді аң-таң болған жолдасына Әлтай бір тілім нан ұсынып. Нан жетпегендерге бір уыс талқан немесе бір түйір құрт тиеді. Бөлме іші мейірімге толғандай. Сол сезімнің әлдилеуімен он бала тәтті ұйқыға кетеді. Түстерінде бір қанар нан арқалап, балаларға үлестіріп жүрген дәу ағайды көреді. Жаңа жыл екен дейді. Интернат асханасының қақ ортасына үлкен елка орнатылған екен. Шыршаның әрбір бұтағынан қызыл-күрең бөлке-бөлке нан салбырап тұр екен. Дәу ағай Аяз-Ата болған екен, Жаңа жылда конфет орнына бір-бір бөлке нан сыйлап жүр екен. Сол бөлкелердің қақ ортасына Әлтайды салбыратып іліп қойған екен...

Қыстың қысқа күні асханадағы тілдей қара наннан басталады. Ештеңе өзгермеген. Әлтай бүгін кезекші емес, содан да қабағы салыңқы. Кезекші болмаған күні мектепке барар жолдағы нан магазинін қалайда бір сүзіп өтер. Магазинші сары әйел ұдайы ашулы болады. Әлтайдың карточкасы жоқ екенін біледі де:

- Бар, айда! - деп қуып жіберетін.

Бүгін де мектептен қайтқанда шыдамай, кабактың тұсына тоқтамай өтпейтін маскүнем құсап, Әлтай нан магазиніне қалай кіріп кеткенін өзі де білмей қалған. Кіруін кірсе де, сатушы қатын ұрсар ма екен деп қипақтаған. Бірақ сары әйелдің жүзі жарқын, қабағы жазылған. Сақ-сақ күледі. Күледі де пештен жаңа шыққан жып-жылы нанды күндегідей тілдей етіп тілмей, бөлке-бөлкесімен беріп жатыр. Карточкаға емес, ақшаға беріп

жатыр. Магазиннің іші нанға тіреліп тұр. Жарықтықтың иісі жұпардан жүз есе артық.

Әлтай интернатқа алып-ұшып жетіп, асханаға кірсе — күндегі тілдей тіліктердің орнына жарты бөлкеге жақын дәм қойылған екен.

- Ал, қарындарың тояды енді! Карточка системасы жойылды! Нан молайды. Сендерді нан күнімен құттықтаймын! - деді интернат меңгерушісі. Бұл - 1947 жылдың 16 желтоқсаны еді.

Әлтай сонда әлгі нанды жеп тауыса алсашы! Әшейінде бұралақтап ауызға бір-ақ асайтын асты тауыса алмай, тойды да қалды.

Мен бұл кезде қызметке баратын жолда астанадағы ең үлкен нан магазині бар. Ешқандай жұмысым жоқ, тамағым тоқ болса да әлгі магазинге анда-санда бір кіріп шығамын. Нанның сондағы түр-түрі-ай. Қазақтың таба наны дейсің бе, украинаның қара наны дейсің бе, қалалық ақ бөлкелер дейсің бе, кірпіш нан, дөңгелек нан... Магазиннің іші жып-жылы. Нан иісі – ана сүтінің иісіндей. Осы магазиннің тұсынан өткен сайын, интернат есіме түседі. Әлтай қазір аудандық оқу бөлімінің бастығы, ғылым кандидаты. Сәттіғұл ірі совхоздың директоры. Мен болсам...

Жиі-жиі ойға қалам: іргесін боз өзен жалап жататын интернат болмағанда, интернаттың бір тілім қара наны болмағанда, біз осы дәрежеге жетер ме едік? Кім біледі... Нұр жаусын саған, интернаттың қара наны!

СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ ЖЕСІРІ

Хадиша тағы да күтіп жатты. Жанындағы орыс кемпір қорылдап ұйықтап қалды. Байғұс, жақсы адам. Ақкөңіл. Тек түнде қорылдайтыны қиын. Хадиша бұған да үйреніп, еті өлген.

Екеуі бірнеше жылдан бері бір бөлмеде. Жетім қарттар үйінде бас-басына бір-бір бөлме қайда. Екі-екеуден, кей бөлмелерде үшеуден, төртеуден жататындары да бар. Ольга байғұс жатағын жиі ауыстырды. Басқа көршілермен сыйыспайды. Себебі: қорылдайды. Қорылдың емі жоқ. Сондықтан көршілер үстінен арыз түсіреді. Жетімхана бастықтары оны басқа бөлмеге ауыстырады. Онда да тұрақтамайды.

Тұрақтап, байыз тапқан жері — осы Хадишаның қасы. Түні бойы қорылдап шығатын кемпірді кім жақсы көрсін. Бірақ Хадиша ешкімге арыз айтқан жоқ. Өйткені, Хадишаға бәрібір. Ол түн баласы ұйықтамайды. Қорылдан ұйқысы бұзылып жатқан жоқ. Ол күндіз мызғып алады. Түнде көз ілмейді.

Ол күтіп жатады. Антына берік. Баяғыда абысыны Ақшаймен ұрсысып қалғанда:

— Жүз жыл күтемін! — деп қаны қатқан.

— Ақшай да кесірлі еді-ау, марқұм. Несі бар Хадишаның жүрегіндегі жараны тырнап. Байыңды енді күтпей-ақ қой, енді келмейді деп.

Сөйткен Ақшай да әлдеқашан өліп қалды. Хадиша әлі тірі. «Жүз жыл күтемін!» дегені Құдайдың құлағына шалынып, Хадишаның ғұмырын әдейі ұзартып қойғандай. Екі көзінің нұры сөніп бара жатқаны болмаса, әл-әзір ешкімге масыл емес. Өзі жүріп-тұра алады.

Ольга да Хадиша шамалас, қартайған кемпір. Хадишадан айырмашылығы — семіздігі. Кәрі кісі де осынша семіреді екен-ау. Несіне жетісіп, не жеп семіреді — белгісіз. Жетімхананың тамағы адам семіртерліктей емес. Аста-төк дәнеңе де жоқ. Тамағы тақыл-тұқыл. Ольга домаланып қалған, денесі іркілдек. Қорылдайтыны содан шығар.

Хадиша кейде оны түртіп оятады. Ольга бауыздаған жылқыдай тым қатты қорылдағанда Хадиша қорқа бастайды.

Үзіліп кетер ме екен деп, төсегінен тұрып барып жай ғана түрткілейді. Анау «аһ-а-а» деп шошып оянады.

— Әй, Өлгә, бір қырыңмен жатсаңшы, — дейді.

Орыс кемпір есін жия алмай, төсектен аяғын салбыратып отырып қалады. Әлден уақыттан соң:

— Менде қыр бар ма, байғұс-ау, — деп өз денесін өзі қос қолымен айналдыра сипалап шығады. Содан соң, «О, боже, о, боже», деп болар-болмас шоқынып, жастыққа қайтадан қисаяды.

Терезеден бұлдырап, жан-жағына кірпіктерін тікірейтіп, оттар жылтырайды. Хадиша төсегінде отырып, сол жымың-жымың жылтырақ оттарға шала соқыр көзімен қадала қарап қалады. Сарғыш оттар арасынан кейде бір өшіп, бір жанып, жасыл, қызыл оттар көз қысып, ойнап тұрғандай көрінеді.

Бұл көше қиылысындағы бағдаршам ғой. Бірақ бөтен, мүлде бөгде дүние сияқты. Сол бейтаныс дүниенің арасынан өзі күткен Мақсұт шыға келетіндей Хадиша терезеден көз алмай қалады.

Аспан қараңғы. Сірә, күздің соңы шығар, аспанды аждаһадай аунақшыған қара бұлттар қаптайды да тұрады. Жауыны көп. Жаңбыр терезені тырсылдатады. Терезе жылап тұрады. Терезеден тарам-тарам жас сора-сора болып ағады.

Хадишаның да іші уілдеп жылайды. Бірақ, көзінен жас шықпайды. Жылай-жылай көзінің жасы сарқылып, кеуіп қалған.

Хадиша туасы ауылда өскен адам ғой. Жан-жағының бәрі аспанмен тірескен таулар болатын. Дүние-әлемнің бәрі осы таулардың арасы ғана деп ойлайтын. Кейін-кейін мектепке барды. Сонда мұғалім айтты: дүние бұл таулардың арасынан мың-миллион есе үлкен. Осы таулардың ар жағында талай-талай елдер бар. Тілі басқа, түрі басқа адамдар бар, — деп. — Адамдары құмырсқадай құжынаған қалалар бар, — деп.

Енді міне, сексеннің сеңгіріне шыққанда Хадиша сол қалалардың бірінде жатыр. Кішкентайынан көріп өскен таулар бұл жақта жоқ. Тауды сағынады. Көбінесе түсінде көреді.

Ауылдағы мектепте Хадиша Мақсұтты тұңғыш рет көрді. Бірден жақсы көріп қалды. Екеуі бір партада отырушы еді. Содан ғой Хадиша қазір ұдайы ыңылдап ән салады:

Жақсы құлын білінер жорғасына-а-ан,
Ғашық болдым мен саған он жасымна-а-ан.
Мақсұт-ау, қарақ-ай,
Өмір өті-і-іп барады-ай.

Хадиша осылай деп Мақсұтын күтіп жатады. Мейірімсіз, безбүйрек Мақсұт келмейді. Міне, алпыс жыл болды әлі келмейді.

Кейде Хадиша өзін-өзі кінәлайды. Иә, бәленің бәрі Хадишаның өзінен болды. Бұған кінәлі неміс те емес, соғыс та емес, дәл өзі. Мақсұтқа қатты еркелеуші еді, наздана беруші еді. Екеуінің тұңғышы Жанат туғанда Мақсұт Хадишадан:

— Қалағаныңды айт. Сен маған перзент сыйладың. Қарымтасына не сыйлайын? — деп сұрады.

— Сонау биік шыңның басында еңлік гүлі бар дейді. Соны сыйла, — деп назданды Хадиша.

Содан сол Мақсұт еңлік гүлін іздеп кете барсын. Бір күн өтсін, екі күн өтсін... Бір жыл өтсін, екі жыл өтсін... Алты жыл өтсін, алпыс жыл өтсін...

Сол жоқтан Мақсұт әлі жоқ. Хадиша да қызық қой: таулардың баурайында дүниеде сирек кездесетін Керік қызғалдағы тұрғанда, шыңның басындағы еңлік гүлінде несі бар?

Өзінше еркелегені ғой. Тым назданып кеткен ғой. Тәліпш деуге келмейді. Назды. Адам байғұс қол жетпеске құмар. Құмар да емес, құштар. Қол жетпеске құштарлықты Құдайдың өзі де қаламайды ғой. Анау Икар деген бір тауфихсыз Күннің өзіне жетемін деп, аспанға ұшып, Күнге жақындай бергенде күйіп

кеткен жоқ па? Аспанға ұшсаң — ұш. Бірақ Күнге жақындап нең бар? Адамға нысап керек. Нысапсыз болсаң, налаға қаласың. Құдай нысапсызды қаламайды.

Керік қызғалдағы тұрғанда еңлік гүлін аңсаймын деп, Хадиша енді қаншама қасірет шекті. А, бәлкім, Хадиша еңлік гүлін мүлде аңсамаған да шығар. Бақыттан басы айналғанда айта салған әзілі шығар.

Бақыттан басы айналған да жаман. Бақыттың өзін аялап, баға білмесең, бақыт басыңнан ұшып кетуі оп-оңай. Соны соңынан түсінген Хадиша қазір сықырлауық темір төсектен аяғын салбыратып отырып:

Мына заман — қай заман — қысқан заман,

Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман,

Мақсұт-ау, қарақ-ай,

Өмір өті-і-іп барады-ай, —

деп ызыңдайды. Абайсызда үйге кіріп кетіп, қайтадан далаға шыға алмай, терезені тепкілеген ара сияқты ызыңдайды.

Хадишаның темір төсегі терезенің түбінде. Көзі бұлдыраңқы, шала соқыр болса да мезгілді меңзей алады. Сыртқа үңіліп еді, қала шамдарының сары кірпіктері шаншыла тікірейіп тұр екен. Шам сәулесін бүркемелеп әлдене жыбырлағандай болады. Қалың шыбын қаптап ұшқандай. Шыбын ұшатын кез емес. Күн суытқан.

«Қар жауып тұр екен», — деп ойлады Хадиша.

«Қыс түсті. Бұл қыстан да аман шықсам, мүмкін, Мақсұтты тірімде көріп қалармын» деп қойды Хадиша.

Хадиша Мақсұттан айырылғалы бері қанша қыс өткенінен адасып қала беретін болды. Тек жетімхананың медбикелері оған бір уыс гүл ұстатып, «туған күніңіз құтты болсын» дегенде ғана, өзінің сексенге толғанын, Мақсұтты көрмегелі алпыс жыл өткенін аңғарды.

Медбикелер берген бір уыс гүлді ұстап отырып, баяғы еңлік гүлі есіне түсті. Мақсұтты сол гүлге жұмсап жібергені

ойына оралды. «Ай, сорлы басым, еңлік гүл менің не теңім. Есіл ердің обалына қалдым ба?» деп қойды.

Терезенің ар жағында қардың қапалақтап, жапалақтап жауғаны анық көріне бастады. Мұнарланып, бұлдырап көрінгенінің өзін де, көзімен емес, көңілімен сезді.

Терезе сыртына бір шымшық қонғандай болды. Үстіне түскен қарды қанатын қағып, мамығын қобыратып, сілкініп-сілкініп, түсіріп тастап, әлденеге шиқ-шиқ етіп қойды.

Онысын Хадиша анық естіді. Соқырлардың Құдай жанарын алса да, саққұлақ қылады. Адамның бір кемістігін бір жетістікпен толтырғандай болады.

Баяғыда, соғыс жылдарында Хадиша Мүсірепхан қайнысына таң қалушы еді. Мүсірепхан су қараңғы соқыр ғой, бірақ ауылдың адамдарын анадайдан, алыстан танып қояды: дауысынан, жүріс-тұрысынан. Тіпті пысылдап дем алғанынан, қақырынып жөтелгенінен...

Соқырлардың бір көзі — қолындағы таяғы. Мүсірепханның алқорыдан кесіп алған қызылкүрең таяғы болушы еді: өзі салмақты, өзі қатты. Жолдасбек құрдасы білдірмей бұқпалап келіп, Мүсірепханның құйрығынан теуіп кеп кетпек болады. Ойнаған түрі. Бірақ оған Мүсірепхан дайын тұрады. Жолдасбектің бұқпалап келе жатқанын әлдеқашан біліп қойған. Аппақ шел басқан көздері аспанға қарап, түк басқан ауызы әнтек ашылып қалады. Ештеңе сезбеген болып, аңқиып тұрады. Жолдасбек таяқ сілтер жерге жетті-ау дегенде шалт бұрылып, артындағы Жолдасбекті алқоры қызыл күрең таяқпен салып кеп қалғанда, Мүсірепханды бір теуіп қашпақ болған Жөкең қара тұмсығына тас тиген төбеттей қаңсылайды да қалады.

Мұны көріп тұрған Хадишалар ал кеп бір мәз болып күледі дейсің.

Сөйткен Хадиша, соқыр Мүсірепханның қылығына күлген Хадиша енді өзі өзге айналды. Екі көздің алды

тұмшаланады да тұрады. Кіреукеленіп, былшық басып қалғандай. Орамалмен ары сүртеді, бері сүртеді — ашылмайды.

Жапалақтап жауған қар тыйылар емес. Кей-кейде ұйытқып-ұйытқып жел соққанда терезе алды ақ түтекке айналады. Терезе алдына қонған шымшықтың мамығы қобырап кетеді. Шымшық шиқ-шиқ етеді.

Хадиша құстың тілін білмейді. Білмесе де сезеді: шымшыққа пана керек, жылы керек, тамақ керек. Ішке кіргізіп алайын десе терезе жабық, шынысы бітеу. Медбикелер таяуда ғана терезенің жыртығын жамап, тығындап, тас бекітіп тастаған. Хадиша көрші төсектегі кемпірді таяғымен түртіп оятады.

— Әй, Өлгә, тұр-әй, таң атты. Стабай, стабай.

Көрші кемпір темір төсекті безідетіп, бері қарап, ауыр аунап түседі де:

— Не болған керек саған? — деп қотыраш қазақшасымен тіл катады.

— Ана шымшықты қара, птитса, птитса...

Көрші кемпір бұрыл шашы буда-буда болып, іш көйлегімен төсектен ырғала тұрып, терезенің алдына барып, Хадишаның үстінен асыла сыртқа үңіледі.

— О, боже, бедняжка, замерзла! — дейді даусы барқыраңқырап,

— Оныки уледи, уледи. Нет это не воробей, шимшик емес ол.

— Енді не, байғұс-ау?

— По моему, иволга.

— Ыбылғы деген не тағы да?

— Оныки уяси бутак ушында.

— Е, құдай, зарғалдақ десеңші. Судың жағасында өрім талдың бұтағының ұшына ұя салады. Біздің сайларда көп болушы еді.

Ольга аздап қазақша біледі, Хадиша аздап орысша біледі.

Сөйтіп-ақ бес жылдан бері бірін-бірі түсініп-ақ келеді.

Түсінбегенін ыммен, қимылмен жеткізеді.

Үкіметтің мұнысына да шүкір. Қартайған ғаріптерге, қарт жетімдерге жетімхана тауып берген. Әйтпесе, Хадиша кімге

сыяр еді. Қартайған абысыны, соғыстан жалғыз ұлы Қайрақ қайтпай қалған Гүлшапия Табан қайнысының босағасында жатып, жаназасы да шығарылмай, иманы да үйірілмей, ит өліммен дүниеден өтіп кетіпті.

Мақсұт пен Хадишаның шексіз махаббатынан қалған Жанат тірі болғанда Хадиша бүйтіп жетімханада жатпас еді...

Медбике Гүлбану келіп Хадишаның көзіне дәрі тамызды. Көзінің қышығаны сәл саябырлады.

— Көп жаса, қызым, бақытты бол, — деді Хадиша, — Бірақ сәлден кейін қайта қышығанда: — Қу жанымды қоярға жер таба алмаймын. Бұл соқыр көздің қышымасын біржола жоятын дәрі табылмай ма, қарағым? — дейді.

Гүлбану не дерін білмей қалды. Әзірге табылғаны осы. Бұдан күштісі бар ма, жоқ па, оны дәрігер біледі. Бұл — бар болғаны медбике.

— Апа, шыдай тұрыңыз, табылып қалар, — дейді Гүлбану.

— Сөйтші, қарағым, әйтпесе, соқыр көз не ішкәрам, жұлып алып тастағым келеді. Осыны ойып алып тастаса қайтеді? Ондай амал жоқ па, қарағым?

— Олай деменіз, апа, көзіңіз жазылып кетеді әлі, — дей салады Гүлбану, оған өзі сенбесе де.

Жақсы сөз — жарым ырыс. Хадиша көзін ойғызып тастау райынан қайтқандай болады.

Сыртта боран екілене түскендей. Сыртқы дүние тұп-тұтас түнек. Түнек Хадишаға таңсық емес. Ол түнекке үйренген. Боранның үдегенін азынаған, боздаған үнінен, терезеге лекілдете соққан екпінінен сезеді.

Құлағы сақ. Көз орнына Құдай құлақ берген. Ақ дауылдың уілінен Хадиша ғарыш күйін тыңдайды. Ондай күйді Қорқыт Ата да, Ықылас баба да шығара алмаған-ау. Арқаның ақ дауыл күйі басқаша, ғалами күй. Аспандағы мың-миллион әруақтардың қосылып айтқан хорындай, әрі таңғажайып, әрі қорқынышты.

Бір жағынан сол хор айтушылардың арасында болғысы келеді; бір жағынан сүп-суық, беймәлім дүниеден шошынады. Шошынса да бір ынтызарлық басым. Бәлкім, сол хор айтушылар арасында Мақсұт та бар шығар деген сиқырлы үміт. «Сені алпыс жыл күттім, Мақсұт. Бұл сұм дүниеде келмесең келмей-ақ қой. Енді мен сені ана дүниеден, Шын Дүниеден іздеймін, әдірәм қалғыр», — деп қояды Хадиша ызасы келгенде.

Артынша сүрленген сағыныштан іші-бауыры елжіреп, ақ дауылға қосылып, ыңылдап ән салады.

Сен зарғалдақ, Мақсұт-ау, мен зарғалдақ,

Екеумізді дүние қойды алдап,

Арамызда алынбас қамал жатыр,

Өтер ме едім қамалдан жұлдыз жалдап.

Мақсұт-ау, қарақ-ай,

Өмір өті-і-іп барады-ай.

Ольга кемпір басын көтеріп:

— Сен не зарғалдақ, зарғалдақ! Сен не, иволга, что ли, — деп қояды.

— Иә, ыбылғы, өзің ыбылғы, қараң қалғыр, — деп Хадиша жастыққа қисая кетеді.

Сөйтіп жатып, өзге бір өмірдің өзегіне кіріп кетеді. Баяғы өзінің қоржын тамы екен дейді. Баяғы Мыңбұлақ. Қоржын тамның жамау терезесін тарсылдатып, Шақпақтың ақ бораны азынап тұр екен дейді.

«Е, жарықтық, Шақпақтың бораны ерінсе екі күн соғады, желіксе жеті күн тұрады» деп қояды Хадиша.

Бір кезде сықырлауық есік өзінен-өзі ашылып кетіп, қарлы жел лап етіп, үйдің жылуымен араласып, ақ бұға айналады.

Ақ буалдыр арасынан мұнарланып бір сұлба байқалғандай болады.

— Мақсұтпысың? — дейді Хадиша. — Есікті жаба келсеңші, үйдің іші суып кетті ғой. Мен сені келеді ғой деп күтіп жатыр

едім. Жақсы болды ғой. Мен сені еңлік гүлін іздеп кеткен екен десем, соғысқа кетіп қалыпсың ғой. Сен қайтып келсең той жасаймын ғой деп бір құнан қошқарды бордақылап жүр едім, бұйырған екен, жақсы болды ғой.

Сұлба үндемейді. Не бері жылжымайды. Хадиша өзі барайын десе орнынан тұра алмайды.

— Қараң қалғыр, қу кәрілік-ай, быламық ішейін деген асым ба еді, бұ сексен жасайын деген жасым ба еді. Мешел боп қалдым, Мақсұт. Көзім де көрмей қалды. Бірақ мен сені танып жатырмын. Жылап тұрсың ғой, неге жылайсың? Қайта қуанбайсың ба, аман-есен өз үйің, өлең төсегіңе оралғаныңа.

Сұлба үн қатпайды. Хадиша екі көзін укалап-укалап, қайта қарады. Сұлба дегені қатып қалған мұз сияқты. Мұз адам болса ол есікті қалай ашты? Әлде әруақ па? Елес шығар. Бірақ тұлғасы Мақсұттан айнымайды.

— Әй, кім де болсаң жақындасаңшы бері. Шыннан қатып қалған мұзсың ба, адамсың ба?

Сұлба не сөйлемейді. Не жылжымайды.

— Егер Мақсұт болсаң, тыңда. Әңгіме көп. Әлі есім дұрыс. Есептеп жүрмін. Мен сені көрмегелі алпыс жыл болды. Алпыс жыл! Сенен қалған жалғыз қыз Жанат бой жетіп, оны Терісаққандағы бір Бақа Қаңлыға ұзаттық. Одан бір ұл туды. Атын Арман қойдық. Көп ұзамай әкесі көкпарда аттан құлап, мойны үзіліп өлді. Артынша Жанат қызың ауырып өлді. Күйіктен өлді-ау, деймін байғұс. Кішкентай Арман менің қолымда қалды. Ешкінің сүтін беріп асырап, итшілеп жүріп өсірдім. Пәмиләсін «Мақсұтов» деп жаздырдым. Жалғыз сиырды сатып оқуға түсірдім. Оқуын да бітірді. Жұмысқа Арқалық деген қалаға жіберді. Жұмысқа тұрып, мені Арман өз қолына алды. Күн көрісіміз тәп-тәуір болды. Арман немереңді айтамын, сол Арман бизнес деген жерден ақшаны көп тауып, байи бастадық. Өне-міне үйленемін деп жүргенде, бақталастары оны да өлтіріп кетті. Айдалада, елден, туған жерден алыста

жалғыз қалдым. Не деген жалмауыз едім. Жан-жағымның бәрін жалмап болдым, Мақсұт. Жылай-жылай екі көзім соқыр болды. Енді жылайын десем, көзімнен жас шықпайды. Қуарып, суалып қалды. Соқыр кемпірді үкімет жетімханаға өткізіп жіберді. Енді жатырмын қазынаның үйінде.

Осыны айтып бола бергенде Ольга оны түртіп оятып жіберді.

Хадиша есеңгіреп, аңырып біраз отырды. Жаңа ғана Мыңбұлақтағы қоржын тамда жатыр еді. Енді міне, Ақордадағы жетімханада отыр.

— Неге ояттың! — деп ұрысты Ольгаға. — Әдемі түс көріп жатыр едім. Мақсұт келіп еді...

— Ой, извини, пожалуйста, — үйелмендей семіз кемпір өртене жаздап қызарып кетті. Ұяттан беті қызарған адамда иман бар. — Сеники ұйықтап жатып сөйлеген, қатты жылаған. Содан мен оятқан.

— Әй, сорлығар, мен жылаған жоқпын. Міне, көзім де, жастығым да құп-құрғақ. Қайда жылаған, — деп семіз кемпірге өкпелегендей, терезе жаққа бұрылды.

Дүлей боран басылғанын сезді. Күн бұлттан шыққан ба деп қалды.

Терезе сырты қыбыр-жыбыр тіршілік белгісі бар. Ағылып жатқан мәшинелер-ау, сірә. Мәшинелер ағылып жатқан жолдың бер жағында қарайып адам сияқты бірдеңе көрінеді. Адам дейін десең, адамнан әлдеқайда үлкен.

Хадиша оны бұрын да байқайтын. Бірақ не нәрсе екенін ажырата алмайды. Діңгек пе дейді. Электрдің үйшігі ме дейді. Өрі десе күн тұнжырайды да тұрады. Кейде тұман. Кейде боран.

Бүгін ғана күн жарқырап ашылғаны. Бірақ бәрібір Хадиша әлгі заттың не екенін ажырата алмайды: Көзінің алды бұлдырап, сол қарайған біресе алыстап, біресе баяғы қалпына келіп, мұнартып қана байқалады. Ал, бүгін оны Хадиша қалшыып қалған Мақсұт па деп қобалжыды. Жаңа ғана өзі ұрысқан көршісіне бұрылып:

— Әй, Өлгә, анау не? Сенің көзің сау ғой, — деді.

Ольга ыңыранып келіп терезеге үңілді.

— Ол қайсы? Не сұрайды?

— Өне ұп-ұзын. Қарайып, қозғалмай тұр ғой.

— А,-а, ол қалай енді... памятник. Памятник неизвестному солдату.

— Солдат дейді? Қандай солдат? Тірі ме?

— Нет же. Памятник... Ну, казахша билмейд. Темир солдат. Улген. Билди? Улген солдат.

Хадиша шамалады. Енді шамалады.

— Е, қараң қалғыр, ескерткіш десеңші. Мен Мақсұт па деп қалсам. Әлгінде түсімде ол да осылай мелшиді де тұрды ғой.

Ольга соқыр көршісіне қарап тұрып-тұрып:

— Әх, бедняжка, — деп өз төсегіне барып отырды.

Хадиша соқыр көздерін ескерткішке қадады да қалды. Бұрын қалай байқамаған. Далаға шығып, жүруге жараса, сол ескерткіштің түбіне барып отырар еді. Сипап көрер еді. Бәлкім, өзі білетін бір-екі ауыз дұғасын оқыр еді.

Бірақ дәл қазір бармай-ақ қойғаны да жөн. Өйткені ескерткіш кейіпсіздеу. Жырым-жырым. Оны әуелі гипстен құйып, сыртын жез қаңылтырмен қаптаған ғой. Сөйтсе, осы таяуда ғана жез қаңылтырын әлдекімдер сыпырып, жыртып-жыртып алып кетіпті. Жезді, мысты, қалайыны, сым темірді қынадай қиып, сыпырып-сиырып алып кететін заман шықты ғой. Сатады екен. Сирағыңды сындырып сатқырлар! Ақша төлесе сирағын сындырып сатар-ау. Сатылмаған не қалды?

Хадиша оны білмей-ақ қойғаны жақсы.

«Көзді алғанша Құдай адамның өзін алғаны жақсы да» деп қойды Хадиша шинелінен айырылған ескерткішке қадалып отырып-отырып.

Бір нүктеге қадалып қарай берсең, жансыздың өзі жаны бар сияқты боп кетеді. Мүмкін, әлгі медитация дегенмен

шұғылданатын көріпкелдердің фәни дүниеден әлдеқашан өтіп кеткен әруақтармен сөйлесіп жүргені осындай шығар.

Қадалып қарай берген соң Хадишаға әлгі жалаңаш ескерткіш қимылдағандай боп сезілді.

— Әй, Өлгә, — деді көршісіне.

— Что тебе, старая?

— Қарашы, ана пәмитнігің тірі адам сияқты қимылдайды.

— О, Боже, еще чего не хватало, — деп Ольга төсегінен дөңбекши аударылып, аһылап-уһілеп, Хадишаның үстінен артылып, терезеге үнілді.

— Тук те қимылдамайды. Тобесинде шымшық отыр. Сол шошаңдай береді. Содан саған қимылдағандай болып коринеди. Может, это иволга.

— Зарғалдақ сонда отыр ма?

— Мен билмейди, зар-гал-дақ, а может быть воробей...

Хадиша ойланды: «Қыста зарғалдақ мұнда қайдан жүреді? Ол жазған Мың-Бұлақтың сайларында, өрімталдың солқылдақ шыбықтарының ұшына ұя салып, зарлап отырушы еді. Астында мөлдір бұлақ ағып жатады. Солқылдақ нәзік бұтақтың ұшына ұя салуға мәжбүр еткен сұр жылан. Ұясын талқандап, жұмыртқасын жеп қояды».

«А, бәлкім, зарғалдақ Мақсұттың жаны шығар? Өлген адамның жаны әлдебір мақұлықтың, жануардың біріне ауысады деседі ғой. Әйтпесе, қыстың күні Арқада зарғалдақ жүре ме?»

«Кеше ақ түтек боранда неге ол менің тереземнің алдынан кетпей қойды? Мамығын жел жұлмалап, қобыратып, қалтыратса да кетпей қойды ғой. Мен сорлы соны неге түсінбедім? Терезені ашып жіберіп, үйге неге кіргізіп алмадым? Медбикелер терезенің саңылауларын мақтамен тығындап, желімдеп тастап: «ашпаңыз» деп ескертті-ау, бірақ».

Сірә, күн батып кеткен шығар. Өйткені, ескерткіштің ар жағындағы көше бойында қызыл-жасыл оттар көз қыспақ ойнай бастады. Қаран-құраң, әлденелер қимылдайды. Мәшинелер

болар. Адамдар да жыбырлайды. Кілең сұлбалар. Анық, айқын көрінбейді.

Ескерткіш те қимылдап тұрғандай болады. Төбесінде шошаңдап отырған зарғалдаққа көз жетпейді. Көрінбей қалды. Тым кішкентай ғой.

Ол шыннан Мақсұттың рухы болса, онда ескерткіш те Мақсұттікі болғаны да. Оның ғазиз басы соғыстың қай жерінде қалды екен? Моласы белгісіз болған соң рух-зарғалдақ ескерткішін іздеп тапқан ғой. Рух жүйрік, рух зымыран. Сталинград пен Ақорда арасы зымыран зарғалдақ үшін «пішту» — қас қағым сәт.

Хадиша осылай ойлап отырғанда, ескерткіштің төбесінен бір изоқ оқтай атылып ұшып, терезенің алдына келіп түсті.

Зарғалдақ екен. Хадиша Мақсұттың өзін көргендей, кәрі жүрек кеудесін дүрс-дүрс соғып, қуанып кетті. Терезенің шынысын сексеуілдің жігеріндей семіп қалған саусағымен тықыдатып:

— Мақсұт, сенсің бе? Аман-есен келдің бе? — деді.

Екеуінің арасын терезенің қырау тұтқан шынысы ғана бөліп тұр. От бейнелі зарғалдақтың жылуынан қырау еріп, шыны бойынан жас сорғалады.

— Сен жылап тұрсың ба, Мақсұт? — деді Хадиша. — Мен де жылап тұрмын. Бірақ көзімнен жас шықпайды. Көзім суалған. Өмір бойы жылай-жылай, көз тамырым тартылып қалған.

Ерлері соғыстан қайтпаған мен құралпы келіншектер кейін байға тиіп алды. Бала сүйді. Тіпті әмеңгерлік жолымен жасөспірім қайындарымен некелесіп, он бала тапқандары да бар.

Ауылдың ақсақал-көксақалдары жиналып келіп, маған да сөз салды: — Ана Шалабай сенің қайның. Соғыс біткелі талай жыл болды. Мақсұт тірі жүрсе келер еді. Бәрі Құдайдан. Уақыт болса жүйрік, өмір өтіп барады. Дәуренің барда Шалабайға тиіп ал, — деді.

Мен:

— Мақсұт өлді деп естіп пе едіңдер. Бір жапырақ қара қағазы да жоқ. Үмітсіз шайтан деген. Мақсұт келіп қалса, мен Шалабай шірікке тиіп алсам, не бетімді айтамын? Байсырап кетіп едім деймін бе? Жер басып қалай жүремін? — дедім.

Сақалдары селтиіп, үн-түнсіз тарап кетті. Ақ таяғын бөкесіне басып алып, бүкірейіп жүретін Әбіш қайнаға:

— Ә-ә-ә, болмады, болмады, қойыңдар, — деп шалдарға сөз билетпей тоқтатты.

Сөйтіп мен сені алпыс жыл күттім, Мақсұт.

Кенет зарғалдақ аспан тілінде әндетіп:

— Жүр, кетейік, Хадиша, — деді.

— Қайда, байғұс-ау, Мыңбұлаққа ма? Мыңбұлақтағы үйің құлап қалған. Мұржасынан түгін шықпайды. Үнсіз меңіреу. Ауыл басқа жақтан көше салып алған. Сені мен мені білетіндерден қазір көзі тірі ешкім жоқ. Кейінгілер бізді танымайды. Сонда кімді пана тұтып барамыз?

— Бізді білетіндердің бәрі қазір аспанда, — деді зарғалдақ әндетіп.

— Әндетпесең, сөйлей алмайтын болғансың ба, Мақсұт? — деді Хадиша қобыраңқырап қалған бұрыл шашын көк тарақпен тарап отырып.

Бұрын үсті-басына мұқият қарай бермейтін Хадиша кенет сыланып-сипана бастады.

— Сенің жалғыз қызыңнан туған немерең Арман мені бір күні театр дегенге алып барды. Сонда көрдім: әртістердің бәрі ән салып сөйлеседі екен. Опыра дей ме, опера дей ме...

— Аспанда да сондай, Хадиша. Ондағылар әндетіп, нәзік әуен салып сөйлеседі. Онда ақырып-жекіру, дөрекі қатты сөйлеу деген болмайды, — деді Мақсұт тағы да өте жағымды, жүрек жылытар үнменен. — Кетейік, Хадиша.

— Қайда, байғұс-ау?

— Жаннат Жұлдызға. Менің мекенім сонда.

- Менің қанатым жоқ қой, Мақсұт-ау.
- Қанатсыз ұшасың. Менің Кемпірқосақ деген пырағым бар. Соған мініп аламыз.
- Мені медбикелер далаға шығармайды ғой.
- Терезені аш.
- Құлап кетем.
- Құламайсың. Құласа тек сенің қабығың ғана құлайды. Өзің кемпірқосаққа қарғып мінісең.

Мақсұт айтса, Хадиша неге көнбесін. Терезенің тұтқасын тартып-тартып қалып еді, желімдеп қойған ақ қағаздар дар-дар етіп, терезе ашылды да, жаздан бері леп кірмей тымырсық тұрған бөлмеге ызғарлы салқын ауа лап қойды.

Ольга кемпір баж ете қалды:

- Что ты делаешь, старая?

Сөйткенше болмады, терезенің сыртынан құлпырма бір от жарқ етіп, шұғыла шашып, доғаша иіліп тұра қалды да, лезде аспанға көтерілді.

Қыстың күні аспанның о шеті мен бұ шетіне дейін иіліп тұрған Шұғыла-Кемпірқосақты көріп бүкіл қала шулады.

- Астафыралла! Астафыралла! — деді мұсылмандар.

- Господи! Господи! — деді христиандар.

Мешіттерде азан шақырылып, шіркеулерде қоңырау күңіренді.

- Ақырзаман! Ақырзаман! — деп шулады адамдар.

- Қыстың қақ ортасында, ақ қар, көк мұзда кемпірқосақ иілгенін кім көрген!

Құлпырма шұғыла бірте-бірте дөңгелене берді.

- Ұшатын табақ, ұшатын табақ! — Летающая тарелка! Летающая тарелка!

- НЛО! НЛО! — деп қала азан-қазан болды.

* * *

Жетім қарттар үйіне полиция лезде үймелеп қалды. Мәшинелер қиқуынан құлақ тұнды. Полиция терезенің тұсында, жаңа жауған ұлапа қардың үстінде жатқан адамды көрді.

Шалқасынан құлапты. Бурыл шашын жаяу боран желбіретіп тұр екен. Адамдардың аң-таң қалғаны: құлаған кемпірдің жүзі балбұл жайнап, келіншек кезіндегідей құлпырып, күлімсіреп жатыр екен.

Кейін оны мәйітханаға апарып, арулап жуғанда да, бет-аузын массаждағанда да, езуінен әлгі күлкі нышаны өшпей қойды.

АЙЫРБАС

— Жұрттың сендей баласы әуедегіні арбап, жердегіні жалмап жұлынып тұрады. Мынаның жатысын қара, ей! Манаптың баласы ма едің, ей, түске дейін ұйқысын аша алмай манаурайтын?

Айша әлгінде-ақ, сиыр сауарға шыққанда-ақ:

— Тұр, киін, базаршылар кетіп қалатын болды, — деп ескертіп кеткен. Қорадағы қызыл сиырдың сүтін қақтап сауып қайтып кіргенде, мен әлі ұйқымды аша алмай мең-зең болып отыр едім, енді шайдай ашылды. Айшаның ашуы өзі даладан бірге ала кірген аяз буынан да ызғарлы.

Күн жексенбі еді. Жексенбі келсе Мыңбұлақтың тірі жаны Борандының базарына қарай ағылады. Айша мені сол базарға жұмсайды ғой.

— Міне, мынау үш қадақ май, — деді ол дорбаға салған көк кастрөлді қолыма ұстатып. — Осы үйде тумай жатып әкесін жалмаған үш жалмауыз барсың. Үшеуіңнің аузыңнан жырып алып жинаған үш қадақ май. Үсті-басымыз кірден шіріп кетті. Үш кесек кір сабынға айырбастайсың. Түсіндің бе-ей, Барсхан?

Ақшаға сат демейді. Сабынға айырбаста дейді. Соғыстың ақшасының құны жоқ. Ақшаға сабын тұрмақ, сабақты ине сатып алуда қиын.

Мен шықсам да, күн әлі шыға қоймапты. Бірақ, басқа базаршылар әлдеқашан кетіп қалса керек, түнде жауған қыламық қардың беті іздеп шұбарланып, Борандыға қарай жол сайрап жатыр. Қар бетіндегі іздерге қарағанда, жолаушылардың ат мінгені аз, есек мінгені көп, жаяулары одан да көп. Бір сиыр ізі, он шақты қой-ешкі іздері байқалады. Жолдың шетін ала бір иттің ізі де жосылып жатыр. Сірә, Хадиша жеңешемнің Майлыаяғы болар. Майлыаяқ Хадиша қайда бармасын, соңынан қалмайды ғой. Мақсұттың көзі ғой, жүрсе — жүре берсінші деп, Хадиша да оны еркіне жіберген. Басқалар сияқты шынжырлап байлап тастамайды. Хадиша бір жолы жегжаттарына бармақ болып, Борандыдан пойызға отырады ғой. Майлыаяқты есігінің алдына байлап, Айшаға аманаттап:

— Айша-ау, мен келгенше Майлыаяққа жуынды беріп тұр. Ит те болса, обал ғой. Көзін әлі ашпаған күшік күнінде мұны үйге Мақсұт әкеліп еді. Содан ба білмеймін, осы байғұс маған тілсіз адам сияқты көрінеді, — деді.

Майлыаяққа Айша ие бола алмады. Хадиша кеткен соң, қыңсылап-қыңсылап, ақыр аяғы ұлып бәле болды. Иесіз үйде ит ұлыған қандай жаман. Ақыры қарғы бауын үзіп, қашып кетіпті. Бет алды кетіс емес, Хадишаның ізімен жортып отырып, вокзал басына барған да, аңырып тұрған да қалған. Хадиша Түлкібастан қайтқанша үш күн бойы сол вокзал басынан шықпай қойған ғой. Хадиша пойыздан түсіп келе жатса, мойнына біреу асыла кетеді. Қараса — Майлыаяқ!

Содан бері Хадиша Майлыаяққа бола алысқа ұзап шықпайды.

— Ит те болса, кейбір адамнан артық. Менсіз күні жоқ. Жалғыз жар деген Мақсұттың өзі соғыста хабар-ошарсыз кетті. Мына байғұстың менен шығарда жаны басқа. Кейде маған мұңайып

қарағаны сонша, осы өзі Мақсұттың аруағы емес пе деп қаламын, — дейді Хадиша.

Соны айтқанда кәдімгідей қорқамыз. Бір үйде жападан-жалғыз адамның ойына не кіріп-шықпайды.

* * *

Борандының базары ығы-жығы. Биік дуалмен қоршалған базарға кірер есік біреу-ақ. Онда жеңіне қызыл мата байлаған жуан әйел тұрады. Сатуға зат алып келгендерден бір сомнан ақы алып, қағаз жыртып береді. Мен өзімше қулық жасап, білдірмей өтіп кетейін деп едім:

— Постой! Постой, киргизенок! Ишь ты! — деп қолымдағы кастрөлді ашып көріп, масқарамды шығарды. Амал жоқ, бір сом төледім.

Енді кастрөлдің қақпағын ашып қойып:

— Маслә, маслә! Надо милә, милә! — деймін. Оным: майды сабынға айырбастаймын дегенім ғой.

Әуелі «миләсі» бар адам кездесе қоймады. Ал будақ-будақ ақша ұсынғандар көп-ақ. Оларға көнбей қойдым. Үстібасы шырыштай болып, көк түлкі жағалы, қара пальто киіп, мойнына ақ жібек орамал салған әйел қасымнан әрі-бері айналшықтап шықпай қойды. Киімінен біртүрлі бейтаныс иіс мұңқиді. Сөйтсем, нафталин екен ғой. Әлгі шырыштай әйел бір кезде таяп келіп:

— Бала, кітапқа айырбастайсың ба? — деді сыбырлап.

Кітап дегеніне елең ете қалдым. Оны әйел де сезді.

— Қандай кітап?

— Мә, көр, — деп қойнынан жұқалығы дәптердей кітапша шығарды. Оқып қарасам:

«Кітаптан соң кітап. И. С.Тургенев. «Муму»деп жазылыпты. Қазақша. Әлгі жазулардың астында еңгезердей бір адам

күшіктің желкесінен ұстап көтеріп тұрған суреті бар. Алғым келеді, бірақ Айшаның ашуы есіме түсіп, лезде бас шайқаймын.

— Надо милэ, милэ, — деймін.

— Сабын бір күндік, мынау саған өмір бақи азық, — дейді шырыштай әйел, орысшасын шала-пұла ұғынықты етіп сөйлеуге тырысып.

— Мама маклаш даст, — деймін. Оным Айша ұрады дегенім.

Сөйтіп тұрғанда бет-аузы күлдіреңкіреген, сақал-мұрты қырылмаған, күйелештеу бір дәу кісі гүр-гүр етіп:

— Балақай! Екі қадақ май — екі сабын! — деп қағазға ораулы екі кесек бірдеңені сырма фуфайканың қойнына тығып-тығып жіберді де, кастрөлден екі бөлек тоңазыған сап-сары майды күйелештеу қолымен іліп-іліп алып, газетке орап, басымды умаждап-умаждап, ақ қозының елтірісінен Айша тігіп берген малақайымды көзіме сырғыта түсірді де, кете барды.

— Ау, тағы біреуі қалды ғой, — дегенімше болмай, көзден тасаланды. Қойнымдағы кесектерді алып, қағазын ашып қарасам, кәдімгі кір сабын. Тіпті мөрлеп тастаған жазуы да бар. Жап-жаңа. «Е, осы екеуі де жетер, құр қол қайтқаннан гөрі бұ да дұрыс» дедім.

Енді бір қадақ май қалды. «Қадақ» дегенді біреу түсініп, біреу түсінбес. Менің түсінігімде: «фунт» дегенге келеді, яғни төрт жүз грамдай болар. Оны таразыға тартып жатқан Айша жоқ, бір пиала майды — бір қадақ деп өзі өлшем қойып алған. Бүкіл ауылда жалғыз сеператор бар. Омар бастықтың үйінде. Таңертең Айша қызыл сиырды сауып бола салысымен, мектепке барардың алдында мен бетін үлдірекпен байлаған шелекті алып Омардың үйіне жүгіремін. Омар бастықтың етжеңді сары қарын қатыны сеператордың ақысы деп аптасына бір рет қаймақты өзі алып қалады. Қалған алты күннің қаймағынан Айша май түсіріп, түскен майды пиалаға сылама етіп салып, одан соң алақанымен шапаттап-шапаттап, сары шелек сияқтандырады да, суыққа тоңазытып қояды. «Тумай жатып әкесін жалмаған үш

жалмауыздың» алақандарына анда-санда қарғаның саңғырығындай бір-бір түйір май салады. Ол кез біз үшін мереке. Алақандағы сары май емес, сары алтын сияқты болып көрінеді. Саусақпен болар-болмас жалап, осы бір ләззат сәтін соза түскіміз келеді. Сөйтіп Айша аптасына үш қадақ май жинайды. Борандының базары үш қадақ майға кейде сабын, кейде бөз көйлек, кейде тұз, ши шақпақ, кейде жермай (керосин) айырбастап тұрады. Көбінесе бұл байлық болмай да қалады. Шақалақ қызыл сары финагент келіп, май салық қағазын тапсырып кеткен соң — бәрі бітті. Базарға апаратын май да болмайды; алақанға салатын тобықтай «сары алтын» да жоқ. Ондайда Айша отыра қалып, бетін басып солқылдап жылайды. «Тумай жатып әкесін жалмаған үш жалмауыз» состиып, үн-түнсіз қаламыз...

Сонымен көк кастрөлде бір қадақ май қалды. Ары-бері:

— Милә, милә, — деп көріп едім, сабын табылмады.

Бір кезде мойнына көк түлкі салған шырыштай әйел ілбіп тағы келді. Өңі бит сорғандай боп-боз. Бұрын Боранды базардан бұлай киінген әйел кездесе бермейтін. Сірә, соғыс болып жатқан аудандардан болар.

— Балақай, берсеңші майыңды. Мә, кітап, менің тура сендей қызым ауырып жатыр. Соған бола. Бере ғой. Бұл жақсы кітап. Өкінбейсің. Кейін түсінесің.

— Айша ұрсады.

— Ақылы болса, ұрыспайды. Бұл өте жақсы кітап. Оқып болған соң риза болып әлі мені еске аласың.

Базар тарқап барады. Борандыдан ауылға жаяу жеткенше талай жер. Қарным да ашты. «Е, мейлі, не де болса — көрейін» деп кітапты ала салып, ауылға қайттым.

Жолда Евгенийевканың бұзық балалары ұстап алып ұрар деп, ентіге жүгіріп келемін. Жаныңда серік болмағаны жаман-ақ. Құдай ондап, Евгенийевқаға кіре берісте Хадиша жеңешемді қуып жеттім. Жаныңдағы Майлыаяқ мені танып, құйрығын

бұлғаңдатып, сырмақсары фуфайкамның етегін иіскеп-иіскеп қойды.

— Е, шырақ, Боранды базарды көшіріп келе Жатқандай ентігесің ғой, тегі, — деп күлді Хадиша жеңешем қалжыңдап. Ауылдың салты бойынша, ол менің атымды атамайды. Кішкентай да болсам, қайнысымын. Шырақ дейді. Қандай жақсы. Шырақ дегені шырағдан деп естілгендей болады. Шырағдан — не жетілік, не ондық шишасы бар шам ғой. Мені жарық сәулеге теңегеніне іші-бауырым елжіреп-ақ тұрады.

— Не алдың?

— Е, сабын ғой...

— Қанша сабын алдың?

— Екеу.

— Шешең үш қадақ май деп еді ғой. Алданып қалған жоқсың ба?

Сол екеуі-ақ табылды.

— Екеуіне екі қадақ бердің бе? Біреуін не қылдың?

— Кітап... — деп күмілжідім.

— Қандай кітап?

— Міне, — деп қойнымнан суырып алып, қолына бердім. Хадиша көлемін көріп тыржиыңқырап қалды.

— Мына біреу күшік пе?

— Күшік қой.

— О, не қылған күшік?

— Білмеймін, әлі оқыған жоқпын ғой.

— Өзі пышақтың қырындай жіңішке ғой. Немене, сөзі жетпей қалған ба? Оқышы өзің. Шаршап та кеттім, қараң қалғыр-ай? Отыр-ей, шырақ. Кішкене жан шақырайық!

Евгеньевканың арғы шетіне шыққан соң, алыстан, тау бөктерінен бұлдырап біздің Мыңбұлақтың тал-дарағы қарайып көрінеді. Сайдың қабағындағы тасқа Хадиша бос қапшықты төсеп, соған екеуміз қатар отырдық.

Қабақтағы қасат қар сәл-пәл жіпсіп, еріп жатыр. Күн жылы.

— Оқы, — деді Хадиша.

Мен оқи бастадым. Бұл өзі Герасим дейтін тіл-аузы жоқ, құлағы керең дәу кісі мен оның титтей күшігі Муму туралы екен. Бір-екі бет оқыған соң, Хадишаға қарап едім:

— Оқы! — деді.

Қарсы алдымызға етпеттеп Майлыаяқ жатыр. О да ұйып тыңдайтын сияқты. Көзін ашып-жұмып, ашып-жұмып қояды. Жіңішке кітапшаның соңғы бетін жауып болып, Хадиша неге үндемей қалды деп, бетіне қарасам: бетінен тарам-тарам болып жас ағып, жыла-а-ап отыр.

— Бір қадақ майға бір қадақ алтын айырбастап алғаныңды білдің бе, шырақ? — деді Хадиша ақ жаулықтың ұшымен бетін сүртіп. Сөйтіп ақ қозының терісінен Айша тігіп берген малақайымды алып, басымнан сипап көпке дейін үндемеді, тек оқта-текте өксігін баса, әдемі мұрнын тартып-тартып қояды. Майлыаяқ көзі мөлиіп, құйрығын бұлғаңдатады. Муму туысқанының қайғылы тағдырын о да түсінді ме — білмеймін. Енді ойлаймын ғой: шіркін «Мумуды» дүние жүзінің барлық тілдеріне аударып, жер бетінде қанша бала бар, тіпті ересегіне де, бәріне-бәріне оқытса... Сонда жер үстінде озбырлық, оспадар қодарлық, қатыгез қара жүректілік, жауыздық атаулы жойылып, адамдар ақылдырақ, мейірімдірек, қайырымдырақ болар ма еді...

Ал сонау мың да тоғыз жүз қырық үшінші жылдың қысында «Мумуды» оқып болған соң, Хадиша жеңешем, Майлыаяқ үшеуміз кеш бата ауылға жеттік.

Біздің үйдің алдында Айша, оның жанында кішкентай қарындасым мен інім үшеуі ербиіп жол жаққа қарап тұр екен.

— Немене, тегі, Қоқанның базарына барғандай жүріп алдыңдар. Басқалар баяғыда қайтты. Әбден зәреміз кетті, — деді Айша айқайлап сөйлейтін әдетіне басып.

— Айқайлама, ей, Айша! Балаң олжалы, — деп Хадиша жайбарақат жауап қатып. Бәріміз топырлап үйге кірдік.

Хадиша бізбен көрші ғой. Үйіне асыққан жоқ. Неменесіне асығады. Айша айтқандай, «шымылдығы желбіреп тұрған жоқ», бала жылап жатқан жоқ, бірер тұяқ малын Хадиша жолаушы кеткенде Айша-ақ жайғастыра салады. Енді Хадиша жалғыз үйге барып, жападан-жалғыз отырғанынан қашып, біздің үйге бұрылды ғой. Онысы қандай оңды болған десеңші.

Біздің үйдің іші жып-жылы. Пеш қызып, пештің үстіндегі плитада шайнек сақыр-сұқыр қайнап тұр екен. Айша дереу дастарқан жайып жіберді.

— Сендер қаталап жолдан келдіңдер ғой, шай іше беріңдер. Мен Барсханның көйлегін шайып тастайын. Таңертең мектепке барады ғой. Көйлегіңді шеш, ей, Барсхан.

Үстімдегі жалғыз жейдені шешіп беріп, жалаңаш етіме фуфайка жамылып отырдым.

— Сабының екеу-ақ қой-ей, Барсхан?

Осы сұрақты көптен күтіп, қорқып отырғанмын. Қорыққаннан үндей алмай қалдым, терши бастадым.

Менің орныма Хадиша саспастан, шайын сораптай отырып жауап берді. — Біреуін кітапқа айырбастадық, — деді.

— О, кітапта басың қалғыр! — деп Айша маған көзін оқтай қадады.

— Жә, жә! Оқышы, ол кітапқа бір қадақ май емес, бір сиыр берсе де татиды. Жайыңа отыр, жұмысыңды істей бер, — деп Хадиша жеңешем Айшаның бетін тойтарып тастады.

Хадиша болмаған менің күнім не боларын бір құдайдың өзі біледі.

Айша босаға жақта ыстық суға суық су араластырып, томыртқылап жылытып, қаңылтыр кірленге менің көйлегімді атып ұрып, үстіне томыртқылаған суды құйып, мен базардан әкелген сабынның біреуін «бісміллә» деп жібіген көйлекке сүйкеп кеп қалды. Бізге арқасын беріп ары қарап отыр еді, адырайып бері қарады. Дорбадағы сабынның қалған біреуін

алып, тағы сүйкеп қалды. Сөйтті де білектерінен су тамшылап, екі қолына сабыңды алып, орнынан зілдене түрегелді.

— Мынау не?! — деді әлгі екеуін менің мұрныма тақап.

— Не болды, байғұс-ау? — деп терлеп отырған Хадиша да үңілді. Хадиша шайын қоя салып орнынан тұрды. Мен де түрегелдім, Хадишаның арқасына тығыла бердім. Айшаның екі қолында жуан-жуан шегелер қағылған кәдімгі екі кеспек ағаш. Салмақтырақ болсын деп шеге қағып, сыртына болар-болмас сабын жағып, лекерлеп, мөрлеп қойған екен.

Хадишаның арқасына тығыла түстім...

АҚСАЙ МЕН КӨКСАЙ

*Біздің ауыл Ақсайдың қақ басында,
Күміс жүген судырар ат басында.
(Қазақ ауылының өлеңі)*

*Көксайдың бойуун этектеп Мен коноюн, Бекбекей.
Қара мақпал тоңуңа Жеңболоюн, Бекбекей...
(Қырғыз айылының ыры)*

1

Біздің ауылды Ақсай дейді. Ал ел аузында Ақсаймен қатар Көксай да көп аталады. «Ау, мұның Ақсайы біздің ауыл болғанда, Көксайы қай жақта!» – деуші едім өзіме-өзім.

Көп ұзамай Көксайды да көрдік.

Айша мені ерте оятты. Соғыстың үшінші жылына аяқ басып бара жатқан кез. Құдайға шүкір, бала болсақ та ерте оянуға үйренгенбіз. Қанша айтқанмен, таңғы тәтті ұйқыны қиып түрегелу ауыр-ақ.

– Тұр, Барсхан. Қорғанбайдың апасы келді, – деді Айша.

«Қорғанбайдың апасы» деп тұрғаны – Арзы. Ал Айша – менің шешем. Тек әкей жастайымнан оның атын ататып үйреткен.

Бүгінде Арзының үлкен екі ұлы – Орха мен Ноха әскерде. Айша Орха мен Ноханың атын атамайды: «мырза аға», «шырақ» дейді. Ал олардың інісі – Қорғанбай да қайнысы ғой, бірақ оның атын атай береді де, Арзыны «Қорғанбайдың апасы» дейді. Қорғанбайдың менен екі жас үлкендігі бар.

– Үлкен үйдің көк есегін әкеп байлап қойдым, тұра ғой, Барсхан.

«Үлкен үйдің көк есегі» – Оңғарбай атамның тай-қары. Аты есек демесең, аттай шабады. Оны біреулер жабайы құланның тұқымынан екен десіп те жүрді. Көк тайқар біз сияқты бала-шағаның тақымына түсе бер-мейді. Оңғарбай атам оны көрінгенге мінгізбейді.

Даладан көк есектің ішін тарта ышқынып ақырғаны естілді. Айша асықтырды:

– Әне, Қорғанбайдың апасы да келіп күтіп тұр, бол, жылдам.

– Барсхан қайда барады, а, апа? – деп қарындасым мен інім қыңқылдады.

– Қырғыз атаның ауылына барады. Жайшылықта оларға кәдірім жоқ, жағаласып, таласып ұрсыса беретін. Енді қазір екеуі де менің беделімді үнсіз мойындап, мені бір мына соғыс кезінде майданға аттанып, жауды жайратып оралатын қас батырға балап тұрған сияқты. Екеуі де езу тартып, ербиісіп, менен қысылғанда жалаң аяқтарын қайда, қоярын білмей тұр.

– Әй-у, Айша, болдың ба? Қайда әлгі Барсхан? – деп сырттан Арзы апам дауыстады.

Далаға атып шықсам, Арзы апам жүні жалбыраған, қарны салбыраған қара мәшіге мініп тұр екен. Ақ полотнай кимешек, ақ дәке күндік салып, көк доқаба қамзолын киіпті. Айша:

– Қорғанбайдың апасы-ау, тойға баратындай киініпсің ғой, тегі, – деп күлді.

– Күнде барып-кеп жүрген жер емес, көптен көрмеген қырғыз құдаларға жүдегенімізді білдірмей, сыртқы жүнімді қампайтқаным ғой, түге.

– Қайран Қорғанбайдың апасы, сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді деген осы-ау, – деп Айша мені көк есекке қолтығымнан көтеріп мінгізбек болып еді, көнбей өзім-ақ қарғып міндім. Көк тайқар шыдамсызданып шыр айналды. Колхоз бастық Тасхожа үстінен түспейтін ақ боз айғыр тақымыма тигендей едәуір көтеріліп қалдым. Інім мен қарындасым ауыздары аңқайып, дәлізге шығып қарап тұр. Таңғы ызғардан жақ жүндері үрпиіп, ауыздарынан бу шығады.

– Әйде, үйге барыңдар! – дедім мен кісімсіп.

– Ал жолдарың болсын! Домалақ әулиенің аруағы қолдасын! – деді Айша.

– Айтқаның келсін, – деді Арзы апам.

Содан ауыл сыртындағы қара жолға түспек болып, Манас шоқысын бетке алып жүріп бердік.

Ақсайдан салқын самал сезіледі. Ақбас арыстан аузын ашқан күйінде қатып қалған тәрізді. Енді оның сол ауызынан шыққан дем де сап-салқын. Тау аңғары осындай. Ал, аспан жүзі жас нәресте көзіндей жәудір, көкжиегін ғана кілегей шарбы бұлттар тұтып тұр. Шымшықтар шықылықтап, құмыр құрқылдап қалыпты. Үні тарғыл-тарғыл шығып, қарға да қарқылдап қояды, шұбар көкек сұңқылдайды.

Енді бірде Ақсай аңғарынан самал емес, салқын Дария күллі аспан астын толқындата үн-түнсіз шалқып ағып, біз бүкіл үй-жайымызбен, ауыл-аймағымызбен, қаражол, ойқырымызбен қоса сол көзге көрінбес қасиетті мұхитта әлдеқайда жүзіп бара жатқан сияқтымыз. Ауаны алақанмен уыстап, мөлдір бұлақ суындай сіміруге болатын тәрізді-ау.

Артымыздан айқай шыққанға шошып қалып, бұрылып қарасақ, Айша екен.

– Әй-бу, Қорғанбайдың апасы-ау, ұмытып кетіпмін ғой. Қырғыз атаға айта бар: Барсханға Медетханды көрсетсін. Өткенде не болмады. Балалардың жазығы не. Бірін-бірі біліп жүрсін, – деп Айша көзіне жас алды.

– Қой әрі, балаң жол жүріп бара жатқанда, жылап жаман ырым қылма. Қой, Айша!

– Қойдым, қойдым, Қорғанбайдың апасы, қойдым. Айша артына қарай-қарай үйге қайтты. Сұр шинелі оның жотасын бүкірейтіңкіреп жібереді-ақ. Станцияда бір солдат пойыз жүрейін деп тұрғанда асығып арзанға сата салған екен. Қазір Айшаның бір киері де сол. Өттең, Айшаның үстінен сұр шинелі түсер күн бар ма екен, деп армандаймын.

Сай қабағындағы аз ауыл аулақтан үркердей үрпип көрінеді. Қара жолдың бойындағы қызыл изен мен бұйра бүргеннің басынан боз торғай пыр-пырлап ұшып, бізбен біраз жерге дейін ілесіп отырды.

Жол жағалай селеу-селеу, түп-түп ақ ши. Қара жол Шоқыбас сайының басын айналып өткен жерде жермен жексен болып зират жатыр. Ішіне сиырлар да кіріп жайылып жүр. Айналасы қоршалмаған. Жер жетпегендей тура түбінен тақап тұрып егістік жыртыпты.

Арзы апам зираттың тұсынан өтіп бара жатып, аузы күбірлеп қос алақанымен бетін сипады. Онан соң маған бұрылып:

– Зираттың тұсынан өткенде, «қиямет-қайым жақын» деп өт! – деді.

– О не деген? – деп сұраймын аңқайып.

– Аруақтар қиямет-қайымды күтіп зарығып жатады дейді. Жолаушылар: «қиямет-қайым жақын» деп өтсе, жарықтық аруақтар қуанып қалады дейді. Ал тірі адамдар зират тұсынан үндемей өтсе, аруақтар қапаланып қалады дейді.

– Қиямет-қайым деген не ол?

– Ақыр заман. Ақыр заман болғанда о дүниеде адамдар бір-бірімен табысады. Ана баласымен, бала әкесімен...

Бұ сағыныш дегенде дауа болсашы. Өлген аруақтар да жақындарын сағынып жатады екен ғой.

Жол қатқақ. Шынының сынығындай боп қабыршақ мұз кездеседі. Марттың іші, наурыз болса да әлі ызғар бар. Осы таяуда ғана алтын күрек желі соғып, қалған-құтқан үрінді қарды сыпырып-сиырып әкетіп, сай-сайда гүрілдеп қызыл су жүрген. Енді су тартылып, көк қылтиды. Бәйшешек жұмыртқа жарып шыққан балапан құсап, жердің қабыршықтанған топырағын тесіп шығып, шоқ-шоқ болып тұнып тұр.

Өткенде апта бойы азынай соққан ақ борандардың азабын көрген шоңайна, сиырқұйрық, шырыш сияқты бойшаң өскен құрай бір жамбастап жатып қалған. Түбінен балақтап жаңа тіршілік басталып, жасыл бар-қыт балауса бас көтерген. Тәңірітау әлі қары түрілмей, тек бір о жар тік бет тастары ғана жалаң төстеніп, тағы бір қысты қасқая шығарып салып тұр. Жағрапия мұғалімінің айтуынша, біздің бұл тауымыз жүз миллион жылдан астам жасапты. Мұның жасына қарағанда бір адамның ғұмыры тозаң сияқты. Міне, мен, мысалы, он үшке шықтым. Айша:

– Бір мүшелге шықтың, Барсхан. Мүшел жыл ауыр болады деуші, аман болшы, әйтеуір, – деген.

Азанғы қатқақпен едәуір жер өндіріп тастадық. Оң қол жағымызда – Керегетастың қар жұқпас қара құздары қалып барады. Сол жағымызда – Қаратау жарысып келеді. Алдымыз – Манас шоқысы.

Ыбрай сайынан да өттік. Мыңбұлақтың ең тереңі осы. Қыстыгүні боран тықпалаған үрінді қар сіресіп көпке дейін жатып, жақында ғана еріп біткені әлі көгі көпсімеген қаратақыр қабақтан білініп тұр. Өткен февральдің аязында кенет күн жылынып, қар кетіп, мал далаға жамылып жадырап қалып еді. Сонда осы Ыбрай сайдың үрінді қарына Пияш кемпірдің ала

сиыры түсіп кетіп арам өлді. Қардың беті қатты болғанмен, астынан еріп, кеуек пайда болады екен де, үстінен жүрген мал кеуекке түсіп кетіп, үйелеп қалады екен. Тіпті бір көктемде Бейсалы шалдың жоғалған тушасы әбден қар кеткен соң сай табанында жаңа туған лағымен жайылып жүрген жерінен табылған. Бірақ сиыр ешкі емес қой, үйелеп өліп қалыпты. Жалғыз баласы соғыста жүрген Пияшты шалдар аяп, «суда өлген мал адал», – деп ала сиырды сойып, елге «қырық жілік» қылып таратып, ақша жиып, орнынан тұяқ тұрғызған.

Арзы апам ұйықтап қалған ба, үндемейді. Есектердің пысқырғаны, қабыршақ мұздың шатынағаны ғана есті-леді.

Балаларын ойлайтын шығар. Орха мен Ноха қандай еді. Сайдың тасындай, екеуі де еңсегей, нұрлы жүзді, ай маңдай азаматтар еді. Арзының өзі ажары асқан көркем кісі, сол соғыс басталғалы бері, әсіресе соңғы кезде тым қартайып кетті.

«Бірдеңе десе қайтеді?» – деп, үн-түнсіз келе жатқан Арзы апамның бетіне қарап-қарап қоямын. Ақыры шыдамай:

– Апа, әлі алыс па? – дедім.

Арзы қалғып кетіп, көзін ашып алған адамдай басын көтеріп:

– А! – деп жан-жағына қарады. – Е, мынау Шоң-қара ғой. Енді біраз бар. Анау Манастың тұсына таянсақ жетеміз. Әлі Көксайдан өтеміз.

Ары-бері қатынаған жолаушы көрінбейді. Аспанда бірлі-жарым тау бүркіттері асықпай қалықтап жүр. Олардан басқа қыбыр еткен жан, жүгірген аң, ұшқан құс жоқ. Жол тастақ, есектер бұрынғыдай қаздаңдамай тасырқап келеді.

– Баяғыда осы жолмен сенің ұлы апаң ұзатылған, – деді бір кезде Арзы үндемеуден жалыққан адамдай, сөз бастап.

– Ол қай ұлы апа?

– Сенің әкеңнің әпкесі қазір біз бара жатқан Құралы қырғызға ұзатылған. Жарықтық, жатқан жерің жаннат болғыр, әлгі әпкеміз әуеліде жат жұртқа үйрене алмай қиналса керек.

Қырғыздар жаз жайлауға шығып, тау асып кетеді. Сонда асуда жалғыз аяқ жолмен өтеді екен көштері. Жоғары қарасаң – төбеден төніп тұрған құз, төмен қарасаң – басың айналатын шыңырау. Аттың аяғы сәл тайса бітті, алаукиакпар дей бер. Сонда қырғыздар:

– О, қоқи, ана қазақ келіннің көзін таңып тастандар, – дер екен. – Әйтпесе басы айналып құздан құлап кетер екен. Сөйткен жарықтық, о да өтті дүниеден, шалы болса әлі тірі. Сенің жездең ғой, барған соң құлағынан тарт, – деп Арзы апам сылқ-сылқ күліп қойды.

– Арзы апа, Медетхан неге бұ жаққа кетіп қалған? – деп көптен көңілімде көмулі жатқан жұмбақтың шешуін сұрадым. Өйткені шешем ылғи:

– Медетхан деген бауырың бар. Қырғыз жақта, дейді. – Сенімен түйдей жасты, – деп қояды. – Неге о жақта, неге бізбен бірге емес? – десем, үндемей күрсіне береді, кейде жылайды.

Қазір мына Арзы апам да күрсініп қойып:

– Байғұс бала, қай-қайдағыны еске салып.... – деп түйіліп біраз отырды.

– Әлгіде айттым ғой, ұлы апаң осы қырғыздар жаққа ұзатылған баяғыда деп. Оның інісі – сенің әкең Мұрат, о, атыңнан айналайын, пейіште нұрың шалқығыр... Одан кейін Әміреқұл... Әміреқұл көкеңді білесің бе? Әй-бү, сен қайдан білесің, о кезде бір жаста екенсіңдер ғой, Медетхан да бір-ақ жаста болатын. Сол Әміреқұл көкең әлгі қырғызға кеткен әпкесінің соңынан барғыш еді. Сонау қырғыздың жайлауына жаз бойы кетіп те қалушы еді. Сөйтіп жүргенде Осмоналы деген бір қырғыздың Шәрбан деген қызын алып қашып келсін. Ол өзі бір жерге айттырып қойған адам екен, құдайым өзі пана болсын, қырғыз-қазақ қырғын бола жаздап барып әрең басылған. Қыз:

– «Өз ықтиярыммен келдім. Мен үшін қырқыспаңдар», – деген соң саябырсыды. Әйтпесе Осмоналылар райға келед деген не? Сөйтіп алған қыздың ақыры не болды? Ай, өзі де маңдайға сия

қоймас хас сұлу еді ғой. Сұлулығын күндеп, ішімізге сексеуіл шоғы түсіп кеткендей болушы ек. «Ағайын бар болса көре алмайды, жоқ болса бере алмайды». Әдіреқалғыр дүния сол екен ғой. Әміреқұл мен Шәрбанның бақытын күндемеген адам кемде-кем. Әйтеуір, сол елдің тіл-көзі тиді ме, кім білсін, бейшара Әміреқұл көкең сендер туған соң бір жылдан соң қайтыс болды. Сол, сірә, отыз үшінші жылдың күзі болар...

Шәрбан күйеуінің өлгеніне сенбей, есінен адасқандай боп қалды. Сәрсенбай қайнағасына күнде барып жылайды екен.

– Әміреқұлды бір көрсет, – деп. Ел-жұрт, ата-бабаның салтында жоқ болса да, әлгі періштедей әйелдің жалынғанына шыдай алмай, Сәрсенбай жарықтық мүрдені ашып, Әміреқұлдың денесін алып шығып көрсетіпті. Әдемі сұлу мұртының бір шеті жидіп түсіп қалған екен дейді. Әйел түңіліп, теріс айналып кетіпті. Көңілі суып сала берсе керек. Сол-ақ екен, жылына жетпей төркініне кетемді шығарды. Қайран қазақ, әмеңгер жолымен сенің әкең Мұратқа қосамыз деп көріп еді, осы жаман шешен шаң-шұң шығарып көнбеді. Енді осы күні өзі өкініп жүр. Шәрбаннан қызғанған күйеуі ақыры өзіне де бұйырмай кетті. Алда айналайын мырзаға-ай, жатқан жерің жанатта болғыр-ай!

Дәл жолдың жиегіне пыр-пыр етіп бір топ құс жер бауырлап ұша жөнелді де, көп ұзамай қона кетті. Менің таңқалғанымды байқап, Арзы апам:

– Кекілік қой. Құда қаласа, Көксайға да келдік, – деді.

Мен көк тайқарды тебініп, әлгі кекілік қонған жерге шоқырақтата жөнеліп ем, Арзы апам:

– Қой, ақымақ болма, кекілік саған ұстатар ма еді, – деп тоқтатты. Айтса айтқандай топ кекілік тағы да жер бауырлап пыр-пырлай ұшып, ойпаңға түсіп кетті. Сонда байқадым, еңістен үлкен аңғарға құлап келеді екенбіз. Арғы бет күж-күж, қатпар-қатпар, жырым-жырым жар екен. Толып жатқан үңгірлер көрінеді. Шаңқ-шаңқ етіп әлдеқандай дәу-дәу құстар

айналып жүр. Табанда үні булыға шығып өзен ағып жатыр екен. Есектеріміз еңкейіп суға тұра ұмтылып, әбден қанып болғанша аяғын бір баспай қойды. Әккілігі ұстайын деді ме, қара мәші қарны қампайып кетсе де әлі ішкенсіп, тұмсығын судан көтермей, көзін жұмып тұрып алды.

– Барсхан-ай, мына арамды ұрып жіберші, ө, өле қалғыр, ых! – деп Арзы апам қара есектің қос өкпесінен тепкіледі. Қолымдағы жуан көк таяқпен құйымшағынан салып қалып ем, қираң етті де суды жалдай кешіп, арғы бетке өтті.

Сол жерде біз де түсіп, сусындап, ұйып қалған аяғымызды жазып, жан шақырдық. Су осыншама аңғардың табанында ғана жалтырып жатыр. Жан-жағалай үйдей-үйдей дөңкиген тастар екен. Бәрін тасқын домалатқаны көрініп тұр. Малта тастан аяқ алып жүргісіз. Малта тасты мүк басқан. Сағыз шөп, текесақал, итмұрын, құбатал көрінеді әр жерден. Құбаталдың шыбықтары осы қазір бүршік жарайын деп, буаз сиырдың желініндей сыздап тұр. Егер мына сарқырап жатқан судың сарыны болмаса, құбаталдың ашылайын деп тұрған бүршіктерінен әдемі бір сыбызғы саз естілердей көрінеді.

«Бәрі өзіміздің Ақсай аңғарында өсетін шөптер ғой» деймін өзіме-өзім.

Тек есектер ғана өмірі мұндай шөптер көрмегендей жер тістеп, бас көтермейді. Суының сарқырап аққанына дейін біздің Ақсайға ұқсас. Ал аңғары аңғал-саңғал, адам қорқатындай екен. Жалғыз-жарым жүру үрейлі. Біз судың жағасына түскеннен-ақ бір бозторғай төбе-мізде салбырап, шыр-шыр етіп тұрды да алды, әлде осының бір жерінде ұясы бар ма? Әлде бізді бір қауіптен сақтандырғысы келді ме – белгісіз.

Арзы апам кимешегін күндіктен асыра түріп тастап, қос білегін сыбанып, беті-қолын жуды. Содан соң, күнге бір қарап қойды да, әлі бесін болмаса да, белбеуін жайып, намаз оқыды. Беталысы – құбыла, өзіміздің ауыл. Ешкім жоқ жерде тілеген тілегім құдайдың құлағына мүлтіксіз естіледі деді ме – әйтеуір,

мінәжат айтып отыр, құдайдан құлдық ұрып тілегені сонда, сірә, Орха мен Ноханың амаңдығы еді ғой. Бірақ оны құдай тыңдаған жоқ. Жалбарынушылардың бәрін тыңдай берсе – ол құдай бола ма? Әрі-беріден соң со жолы құдайдан мүйіз сұраймын деп құлақтан айрыла жаздадық.

Шақыр-шұқыр еткен дыбысқа намаз оқып отырған Арзы апам да амалсыз бұрылып қарады. Жоғарыда жолсызбен малта тасты кібіртіктей басқан ақ есектің үстінде еңгезердей біреу отыр. Біздің көк тайқар әңкілдеп ала жөнелді. Ішін тартып бір ақырғанда аңғардың ішін азынатып-ақ жіберді. Мен шылбырынан қатып ұстап тұрмасам, ақ есекке тұра шабатын, ұрғашы есек көрсе жыны бар. Өй әңкілдейді, құйрығын бұлғаңдатып, құлағын тікірейтіп алып, тұла бойы шиыршық атып, есінен тана жаздайды, қара басқыр.

Ақ есек мінген қара дәу жақындап келді. Әдетте ақ есекке ел қыдырған дуана мініп жүруші еді, дуана ма дейік десек, оған келіңкіремейді. Басында даңғарадай дәу бөрік. Сеңсең қозының терісі ескіріп қалыпты. Үстінде түгі түскен қара сұр шекпен. Стволын төмен қаратып, тақымының астына жалғыз ауыз мылтық басып алыпты. Алақандай алакөз. Шалғы мұрты салбырап тұр. Түсі суық екен. Біздің көк әңгінің онымен ісі жоқ. Мені сүйрелеп отырып, ақ есектің тұмсығына тұмсығын тигізіп иіскеп-иіскеп көрді, пысқырып алып, тағы енкілдеді. Ал мәші шыжбыңдап, артқы аяғын көтеріп тоңқымақ болып еді, Бадырақ көз оны қамшымен бастан періп кеп жіберді, біздің көк тайқарды да құлақтан тартып-тартып жіберді. Сонда барып байғұс-тың арыны басылайын деді.

– Иә, қайда бара жатырсыңдар? – деді Бадырақ көз.

– Аршағұлға, – деді Арзы апам.

– Онда кімдерің бар еді?

– Нұралы деген кісінің үйіне.

– Неғып ауыл қыдырып жүрсіңдер? Колхоздың жұмысын кім істейді? Колхоз бар ма өзі сендерде? – деп Бадырақ көз кенет

үнін өзгертіп салды, – Әй, сен неге әскерге бармай жүрсің? Әскерден қашып жүрген дезертер емессің бе? – деп маған шүйлікті.

– Қой, ойбай, онысы несі, қаршадай баланы әскерден қашты деп, – Арзы апам шыр-шыр ете қалды. Бадырақ көздің мылтығына қайта-қайта қарай береді. – Әлі бесіктен белі шықпаған бала ғой. Тыныштық заман болса – көжесін жыламай ішпейтін нәресте емес пе. Заман мынадай болғасын ересек көрінеді де көзге. Ала жаздай қабырғасы қайысып, колхоздың жұмысын істеп жүрген де осылар. Бұғанасы қатпай жатып еңбектің ащысын татты ғой. Өзіңіз неге бармай жүрсіз әскерге? – деп Арзы апам кенет Бадырақ көздің өзіне тап берді.

– Иә, мен бе? – деп әлгі сасып қалды. Жалма-жан тақымын көтеріп, мылтығын жөндеп қойды. Сонан соң езуі жайындай жайылып тұрып күлді. – Соғыстың алдында ғана бірінші май мейрамында күреске түсіп, қабырғаларым, оң қолым сынған. Сонда инвалид боп қалдым, құдағи!

– Кәне, құдағи, қоржыныңда не бар! – Өңкиіп есектен түсті. Мылтығы өзінен бұрын сарт егіп жерге құлап қалды.

– Ойбай, түк жоқ, не болады біз сияқты мүсәпір жолаушыда. Мына Аршағұлда жекжатымыз бар еді, соларға жолығып, сау-саламат айтыспақпыз. Не болады бізде, – деп Арзы апам азар да безер бебеулеп қалды.

Сәл үнсіздік кезінде бағанағы бозторғайдың төбеден шырылдаған даусы тағы да ап-анық естілді-ау. Айнала аңғал-саңғал аңғар, тіпті Тәңірітаудың шыңдары қылтиып әрең көрінеді. Төбеңнен төнген аспаннан басқа кеңістік жоқ. Айқайласаң – ешкім естімейді. Қашып құтылмассың. Кәрі кемпір, жас бала. Анау болса – зіңгіттей, балуандыққа түскені рас та болар.

Бадырақ көз ақ есекті бос қоя беріп, Арзы апамның қоржынына қорбаңдап барып қол салды.

– Әй-бұ, мына қараң қалғыр кәйтеді, өй, денің сау ма? Жоқ, айналада жол торыған қарақшымысың? Ұялмайсың ба? Қарусыз қатын мен қаршадай баланы тонағанша! – Арзы апам тырмысып қоржынға жармасты. Мен шыдай алмай көк есекті қоя бере салып:

– Ағай, тимеңіз! – деп әлгінің жеңінен тартып едім, бұрылып бетіме карағанда зәрем кетті. Көзі тостағандай, ақсиып күледі екен. Мені итеріп кеп жібергенде жығыла жаздап, тәлтіректеп барып қалдым.

– Ойбай, құдай, көрсетпеген қорлығың осы ма еді! деп Арзы апам отыра қалып жер тырналады. Қоржынның басында ши барқыт кездеме жатқан. Мамыт жәкемнің ептеген саудагерлігі бар еді, анда-санда колхоздың жұмысынан қолы қалт еткенде, Тәшкенге барып, мата-пұл алып келіп, соны Борандының базарында азыққа айырбастар еді. Қазір Борандыда дән баласы ұшпайды. Мата тұрмақ, алтынға да азық айырбастап алмайсың. Содан қырғыз ағайындар тоғырақ болушы еді-ау деп, Арзы апам ши барқытты осы жаққа алып келе жатыр еді ғой. Оған қоса Арзы апамның қойынында Айша берген азын-аулақ ақша да бар. Жалғыз сиырдың майын жиып, базарға апарып қадақтап сатып, тісін тіске қойып тиынын шығармай, астық алуға сақтаған ақшасы ғой ол Айшаның. Арзы апам жарықтық жаңа бір қолымен қоржынды жасқаса, бір қолымен омырауын басып Айшаның аманатын қызғыштай қорғап жүргенін байқадым.

Сөйтіп, бүкіл бір қауым ел бетіне қарап отырған ши барқытқа шын қауіп туды. Жаңа астыққа жеткенше әлі көктем бар, жаз бар... Бадырақ көз Арзы апамның қоржынын ақ есектің үстіне сала беріп, қайтып алды. Көк есекке көзі түсіп, күлімсiреді. Шалғы мұрты қайқайып, тістері ақсиды.

– Әй, балақай, есек айырбастайсың ба? – деді.

– Айырбастамаймын, – дедім қасарысып.

– Қой, айырбасталық. Менің есегім буаз, қодығы саған пайда.

– Болмайды, – дедім қасарыса түсіп.

– Көк әңгі кетсе – онда менің ауылдың бетін қайтып көрмей-ақ қойғаным жақсы. Оңғарбай атам онсыз да осы көк есекке бола өзінің туған інісі, мына Арзы апамның шалы Мамыт жәкеммен араздасып қалған.

Мамыт жәкем астық науқаны кезінде элеваторға астық тасушы қызыл керуенді басқарады. Жеке меншіктің бүкіл күш-көлігі осы науқанға жетіледі. Әрине, Оңғарбай атамның көк есегі алдымен алынады. Сонымен апта бойы, ай бойы өз есегі өз тақымына тимей, қарға адым жер аттай алмай, Оңғарбай атам мүсәпір болады, інісіне:

– Ау, Мамыт-ау, менің есегімде ақың болса да қайтарсаңшы енді, – деп күнде барады.

Мамыт айтады:

– Соғыстың не екенін білесің бе? Жұрт көлігі тұрмақ, туған балаларын да аяған жоқ соғыстан. Сенің арам есегің кімнің шікәресі, – деп жанды жеріне тиеді. Ағасының ол кезде ұл баласы жоқ, сондықтан от басынан соғысқа аттанған ешкім жоқ. Сол бар, әрі десе көк есектің ашуы бар, інісінің жағасынан ала түсіп, қолындағы таяқпен жонарқадан тартып-тартып жібергенін қырман басында көзімізбен көрдік.

Сондай жанжалдың себебі болған көк тайқарға енді мына шалғы мұрттың көзі түсті, құдайым өзі сақтасын. Есектен айрылсам, шешемнің күні не болады? Бетіне өмірі тіктеп қарамаған қайнағасының тілі тисе – қорлыққа ол қайтіп шыдайды?

Ал Бадырақ көз болса, көк тайқардың тізгінінен ұстап алып, үстіне Арзы апамның қоржынын салып, есектің сауырынан алақанымен ұрып-ұрып көрді. Көк есекке бәрібір, құйрығын шыжбаңдатып пысқырып-пысқырып қояды. Үстіне Бадырақ көз мінсе, атырылып ала жөнелейін деп тұр. Арзы апам жалынып, әлгінің етегіне жармасты.

– Құдай тілеуіңді бергір, әшейін қалжыңдадым дедім. Әшейін ойнап бізді қорқытқаның болсын. Өмірінде жаманшылық көрмей өт. Босат бізді. Қайтесің, кембағал мүсәпір жандармыз.

– Қарай гөр мүләйімсуін, баяғының бәйбішесі құсап сәнденіп киінесің. Тағы да кембағалмын дейсің. Мынауың контрабанда. Соғыста жұрт қан төгіп жатыр. Ал сен кемпір болсаң, сәнденіп той тойлауға барасың. Болмайды, мұның бәрін мен өкіметке өткіземін.

Бадырақ көз шынымен көк тайқарға мінуге ыңғайланды. Көк есек пысқырынып, бір орында тыныш тұрмай, шыр айналады. Ақ есекті тастайтын түрі бар. Тіпті түсіп қалған мылтығына да қарар емес. Айтпақшы... Лезде басыма бір қыршаңқы ой сап ете қалды. Жүгіріп барып жерде жатқан мылтықты көтеріп алдым да, Бадырақ көзге аулақта тұрып кезеніп:

– Кәне, тайып тұр! – деп айқайлап жіберіппін. Арзы апам:

– Ойбай, жүгірмек, таста, ойбай бәлесіне қаламыз? деп екі қолын ербеңдетті. Бірақ жақындамайды.

Ал Бадырақ көз сасар емес, қайта сақ-сақ күлді. Онысынан абыржиын дедім.

– Ол атпайды. Пыстаны су болып қалса керек. Түнде далада шық тиіп, су болған. Жаңа ана бұлымның ар жағында тобылғының түбінде бір ұрғашы елік күнге маужырап ұйықтап жатыр екен. Көздеп тұрып басып қалсам, шырт етіп от алмайды. Затворды қайта қайы-рып, қайта салып, тағы басып қалсам, тағы от алмайды. Патронды ауыстырып, тағы атам – тағы болмайды. Ыза болғаным сонша, елікке жақындап келіп мылтықтың өзімен жіберіп кеп ұрып едім – ата кеп жөнелді, дүмі тимеді. Сөйтіп, ауызға түсіп тұрған бір еліктен қағылып, қапа боп келе жатқанда, сендер кез болдыңдар. Бұл да болса, құдайдың несібесі. Әй, балақай, мылтықпен ойнама. Ол бәрібір атпайды, әйтсе де мылтықпен ойнамас болар.

Сонда да кезеніп біраз тұрдым. Қарауыл бадырақ көздердің арасында қозғалақтайды. Қолымның қалтырағанын содан сезем. Адамға қарай мылтық кезенудің қиыны-ай. Оның үстіне Арзы апам шындап ойбай салып жылады.

– Тумай жатып әкесін жалмаған жүгірмек, енді өз басыңды жалмайын демесең таста қолыңдағыңды! – деп екі қолын ербеңдетіп шыр-шыр етеді.

– Жарайды, – деп мылтықтың стволын төмен түсіре бергенімде, анадай жерде сайдың қабағында тарғыл таста қалбиып отырған қарақұсты көріп қалдым. Тым болмаса ашуымды содан алайын деп көздер-көздеме шүріппені басып кеп қалып ем, гүрс ете түсті. Бұрқ еткен түтіннен ештеңе көрінбеді. Жартастар жаңғырығып, сатыр-сұтыр тау құлап жатқандай болды.

Зәрем зәр түбіне кеткенде, көзімді ашып алсам, Бадырақ көз құлап жатыр. Оқ соған тиген екен десем, тарғыл тастың үстін тұтас жауып, қанаты сала құлаш жайыла түсіп қарақұс жатыр. Бадырақ көз басын көтерді. Әлпет деген не, өңі боп-боз, көзі жыпылық-жыпылық етеді. Абайлап орнынан тұрды. Бір-бір басып өзінің ақ есегіне барды. Ала жіппен арта салған үзеңгіге аяғын әрең іліп, желқом ерге асыла мінді. Есегін кібірткітетіп бір-бір бастырып, қасыма келді, үндеместен қол созып мылтықты алды, үндеместен стволын төмен қаратып тақымының астына басты. Ақ есектің басын бұрып, су жағалата ылдига түсіп, бұрылып та қарамастан кете барды.

– Иә, аруақ, иә, тәңірі, жеті теңге, жеті нан құдайы, иә, аруақ, – деп Арзы апам менің аузыма саусағын салып, таңдайымды көтерді. Сірә, менің мелшиіп тұрып қалған түрім кісі шошырлық кейіпте болса керек.

– Бісмиллә, бісмилла! – деді Арзы апам таңдайымды көтеріп. Ақ есектің қарасы бұлдырап ұзай берді, ұзай берді.

Ымырт үйіріле, Аршағұлға келіп жеттік. Сұрай-сұрай қырғыз атаның үйін де таптық. Қырғыз ата таяғын сүйеніп, есігінің

алдындағы төбешікте тұр екен. Бізді көріп төмен түсті. Әуелі танымай қалды. Үйден жүгіріп шыққан бір қартаңдау әйел танып, асты-үстімізге түсіп бәйек болып, тіпті жылап та жіберді. – О, қағылайың, Мұраттан қалған жарығым, тұлпардан қалған тұяғым, – деп менің кім екенімді білген соң бетімнен олай да сүйді, былай да сүйді. Арзы апамның құшақтап тұрып, арқасынан қаққылады.

Көзі жөнді көрмей, құлағы жөнді естімей, аң-таң қалып тұрған аппақ қудай бүкір шалға әлгі қартаң әйел:

– О, атакем, танымай қалдың ба, тайекем келді, тайекем келді, тайекем, Мұраттың баласы мен Мамыттың үйіндегі тайеке келін келді, – деп айқайлады.

Шал қос қолын маған созып, ағаштай аяқтарымен бір-бір басып, жаныма келді. Менің ыңғайсыздағанымға қарамай, басымды арық кеудесіне басып, тұла бойы дір-дір етіп, үнсіз өксіді. Арқамнан сидіған арық қолымен сипалай берді, сипалай берді.

Әкей кеткелі, еркек атаулыдан мұндай мейірім көрмеген басым, көңілім босап, оның үстіне жол-жөнекей көрген қорлығымыз есіме түсіп, оқыстан даусым шығып кетті де, булығып-булығып, шалдың ақ жейделі арық кеудесіне басымды тыға түстім. Өзім ес білгелі тұңғыш рет дидарласып тұрған қарттың маған әкемдей жақын көрінгені сонша, оның бауырынан ажырағым келмеді. Әлі булығып, өксігімді тоқтата алмай, қайта солығым үдей түсті. Бұл үнсіз, тұншыққан жылауда толып жатқан шағым бар еді: әкейдің жоқтығы, қайрақбай қарауылдың сиырын колхоздың жоңышқасына түсіп кетті деп, шешемді былапыт сөзбен балағаттағаны, қыстың ұзақ боранды түндерінде үрпек бас үш бала Айшаның бауырына тығылып, бір көрпенің астында боранның ұлыма даусын тыңдап қорқып жататынымыз; Жуанқұл бастықтың жұмыртқаны ұрлап жейді деп Ақжол дейтін күшігімізді атып өлтіргені. Салмай дейтін шалдың мені көрсе дереу: о жетімек, о жетімек! – деп бас

шайқай беретіні; августың айсыз түнінде Борандының элеваторынан қайтып келе жатқанда, есегі жүйріктер озып кетіп, мен елдің ең соңында жалғыз қалып, жол-жөнекей терең-терең сайлардан өткенде үрейден тынысым тарылған кезде, Евгеньевканың бұзық балалары жалғыз өзімді ортаға алып сабағаны; сонда менің жүзін көрмей, сыртынан медеу тұтып жүретін Медет деген бауырымды іздегенім, – бәрі-бәрі мына шалдың алдына ақтарылған арыз еді. Үнсіз, тілсіз арыз. Кәрі көкірек соның бәрін айтпай-ақ түсініп қойды. Мені бауырына қысып, көпке дейін егіліп тұрып алғаны да сондықтан.

Әлде кім біледі, ол да маған сонда арыз айтып шағынды ма! «Сенің табаныңа кірген тікен менің маңдайыма батады, балам. Сен бесіктен бөлің шықпай жатып көрген қиыншылықтың бәрін мен кәрің білемін. Түнде түсіме кіресің, күндіз ойымнан шықпайсың. Итті құдай месімен қинасын. Әкең жоқ болған соң, менің алыста жүріп уайымдағанымнан не пайда. Қол ұшын бере алмадым, балам. Қапа болма. Бала да болсаң әкеңнің орнын басқан азаматсың. Жақсы әкенің аруағы жаман балаға қырық жыл азық, әкең жақсы еді. Сенің әкең менің балдызым болатын. Өзім қырғыз, қазақтан қыз алып, содан бала сүйдім, Нұралы деген атым қырғыз-қазаққа ортақ еді. Бүгінде қартайдым, балам. «Ат арыса – тулақ, адам арыса – аруақ». Тірі аруақ боп қалқа-йып отырмын. Әбдібек жиенің әскерде. Көптен бері сендерге ат ізін салмай кеттім. Кәріліктің зауалы, соғыстың зардабы балам...»

– Оу, атакем, мына Мамыттың үйіндегі келініңізбен амандаспайсыз ба? – деп қартаң әйел шалдың құшағын менен ажыратты.

– Е, қағылайын, Мамыттың үйіндегі келін бе? – деп шал қалт-құлт етіп, жығыла жаздап, Арзы апам бұрылды. Арзы апам қос қолын беріп амандасты.

Осы ұзақ көрісудің басынан-аяғына дейін мен қатарлы бір бала біресе құлағына дейін жайыла күліп, біресе қабағын түйіп қасымызда тұрды.

Қартаң әйел бір кез оған қарап:

– Оу, Мамытбек, бұ тайекеңдердің есектерін байла, – деді. Мамытбек ылдым-жылдым жүгіріп, біздің көліктерімізді жайғады. Содан үйге кірдік, үй дегенде біздің ауылдағы сияқты тоқал там. Сығырайған жетілік шам. Төрге шығып, жүгері паяның үстіне төселген сырмаққа отырдық.

Қартаң әйел бетіме қайта-қайта қарап:

– Қағылайын, тайекем! Танисың ба мені! Ауылыңа барғанда талай көтеріп едім ғой. Мен Сусар апаңмын ғой. Танымайсың, ә? Қайдан танисың. Онда кішкентай едің ғой. Мен Зинат дейтін қызымыз екеуміз барғанбыз.

Е, Зинат есіңе түсті ме? Зинатты күйеуге бергенбіз...

Иә, енді еміс-еміс білетін сияқтымын. Басына шошақ бөрік киген, шашын майда-майда толып жатқан бұрым етіп өрген бойжеткен қыз енді есіме түсті.

– Мынау – Мамытбек жиеншарың. Әбдібек жиеніңнің жалғыз баласы осы. Сенімен түйдей жасты.

Мамытбек екі езуі құлағына жеткенше ыржия күліп, маған қарап отыр. «Медетхан қайда?» – деп қойдым ішімнен.

Нұралы атам қос қолымен жер тіреп барып, баяу шөгіп, әрең орналасып отырғаннан кейін, Арзы апамнан жасаураған, еті қызарған көзін айырмай:

– Қалай, келін, балалар есен бе? Мамыт ақсақал аман ба! Әскерге кеткендерің бар ма? – деп сұрады. Арзы апам орнынан бір ұмтылып, атайға жақын отырды да дауыстап:

– Балалар, құдайға шүкір, аман. Екеуін әскерге бергенбіз. Алла-құдай сақтасын деп мойнымызға ала бұршақ салып отырмыз. Үлкенінен біраздан бері хат тоқтап қалды. Ұйқы арсыз, күлкі арсыз, қу тамақ арсыз, әйтеуір, шығарға жан бөлек болған соң сүлде сүйретіп жүрміз ғой. Шал байғұс бір уыс боп қартайды.

Бұрынғыдай қайрат жоқ. Сонда да колхоздың жұмысын көк өгіздей сүйреп келеді.

– Әп, бәрекелді, – деді Нұралы атай. Екі тізесіне шынтақтап бүк түсіп жатып алып, ақселеу сақалын салалап төмен қарап отыр. – Көшпен көрген ұлы той, келін. Бетіне қараған Әдібекті әскерге аттандырып мына біз де отырмыз.

Мамытбек қаусаған атасының иығына асылып алып, маған қарап жымиғанын қоймайды. Езуін жияр емес. Әдеттегі амандық, саулық сұрастырылып болды. Нұралы атам Әдібек әскерге кеткен соң, көрші айылдағы қызы Сусар апамды қолына алыпты. Қазір шалдың кір-қоңын жуып, асын пісіріп, үсті-басына қарап отырған осы Сусар апам екен. Келіні Сәнәмбүбі қайтыс боп кетіпті. «Сәнәмбүбі, Сәнәмбүбі» дегенді біздің Айшаның аузынан көп естуші едім. Сөйтсем ол марқұм мына Мамытбектің шешесі екен. Енді тоқсандағы Нұралы ата қаршадай жалғыз немересі мен қартайған қызы Сусардың қолына қарап қалған.

Арзы апамның:

«Жездеңнің құлағынан тарт» дегені есіме түсіп, күлкім келді. Бір жағынан аяп та отырмын. Бір уақытта Нұралы атам еңсесін көтеріп алып:

– Уа, Сусар, әңгімеге айналып отырып қалдық. Шайыңды қой, қазан көтер. Тай сойса да, қой сойса да жарасатын меймансыңдар. Көктемнің көк өзегі, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы. Екі-үш ешкісі түскір лақтап қалып еді, сендер келгенде тышқан мұрнын қаната алмағанымыз жанымызға қатты батады. Нариза болмаңдар. Амандық болса, әлі-ақ жарылқап күн туып, ақ түйенің қарны жарылар. Жасаған жақсылығын берсін, – деді.

Сусар апам жалма-жан абыржып:

– Қағылайын, тайекем, қағылайын, тайекем, – деп орнынан атып тұрып, шай қамына кірісті. Лезде есік алдындағы аласа пеште қураған жүгері сотасы татардан жана бастады.

– Айтпақшы, – деді Арзы апам. – Айша келініңіз сәлем айтты: мына Барсханды Медетханға жолықтырсын дейді. Жатбауыр боп кететін болды дейді.

Нұралы атам:

– О-о-о! – дегенде көкірегі сырылдап, жасаураған қызыл жиек кілегей көзі үйдің есік жақ төбесіне қадалды да қалды. «Онда не бар?» – деп мен де қарасам, жақында жауып өткен қалың жаңбырдан түсіп қалған сылақтың орны екен. Жүрегім су етіп, ішім мұздап қоя берді.

– Медетхан! – деді даусы дірілдеп. Сөйлеуге шамасы келмегендей еңтігіп қалды.

– Оған не болды? – дедім шырылдап шыдай алмай

– Ештеңе де болған жоқ, – деді Сусар апам. Медетханды бұ жолы көре алмайтын болдың да. Шарбан бар болғыр басқа күйеуге тиіп, баланы алып, Қарабала дейтін жерге көшіп кетті де. Әмірекұл тайекемнен қалған жалғыз тұяқ... – Сусар апам көсеуге маңдайын тіреп отырып, жан-жағына теңселіп, астыңғы ернін тістеледі. Онан соң: Аһ! – деп бір күрсінді де:

Жөнелдім қарабалтаға

Бір тиын жоқ қалтада, – деп сыңсытып барып етегін қағып орнынан көтерілді де, құм қыздырған қазанға жүгері қуыруға кірісті.

Тепше шайды біз құмға қуырылған апшақ жүгері шайнап іштік. Тәтті-пәтті деген көрінбейді. Ішімнен «қырғыздар жақта тоқшылық дегені қайда?» деп қойдым.

Арзы апам Көксайдан өтерде бізді бір бейсеубет адам қорқытқанын айтты.

– Құдай өзі жар болсын! – деді атам тұнжырап. Ол қайтып үндеген жоқ. Қат-қат қалың ойдың орманына сүңгіп кетіп, мұнда адам барын ұмытқандай, ақселеу сақалын тарамдап отырды да қалды.

Оның есесіне Сусар апамның жағы семген жоқ. Күйеуге кеткен Зинат қызын сағынып жүргенін, әскердегі Әбдібекті

түсінде көретінін, Шарбанның басқа күйеуге тиіп, Медетханды алып кеткенін айтты. Енді екі кемпір менің Әміреқұл көкем мен Шарбан хикаясын қиссадай қып тағы айтысты. Ақырында екеуі де жылап тынды. Есіл Әміреқұлдан қалған жалғыз тұяқ өгей еке-нің қолында қалай күн көреді десті.

Мамытбек тері шанаşқа салған түрлі түсті асықтарын көрсетіп, менің көңілімді ауламақ. Көзім асықта, көңілім кемпірлердің әңгімесінде. Сусар апам алаша тоқырда жүнді түрлі-түрлі бояуға салады екен, сонда асықтарды да қызыл, жасыл, сары, қара, көк бояуға бөлек-бөлек тоғытатын көрінеді. Мамытбек маған ауылға қайтарда бір шанаş асық сыйламақшы болды, ішінде құлжасы да бар екен.

Ақырында май шам елегізи бастаған соң, екі кемпір әңгемені лажсыз тоқтатты-ау. Жүгері паяның үстіне киіз салып, Мамытбек екеумізді қатар жатқызды.

Ертеңгі шайдан кейін Нұралы атам есегін ерттеп, Арзы апамды ертіп, Шекер дейтін айылға кетті. Сол жақтан астық қарастырмақшы. Біз Мамытбек екеуміз Күркіреу судың бойын араладық. Көктем жаңа шығып келе жатса да, өзен жағасына киіз үй тігіліпті, үйдің төбесінде бақанға байлаулы аттың қара құйрығы тұр екен. Менің аң-таң болғанымды көріп Мамытбек:

– Қара қағаз, – деді, үйге жақындап барып, есігінен баспалап қарап едік, қара жамылған екі әйел іргеге қарап, жоқтау айтып отыр. Бізді көріп босағаға он үш-он төрт жастағы қыз бала жақындады. Бізге кет деп айта ма деп едім, кет деген жоқ. Қайта келгенімізді құптағандай. Үстінде түгі түскен қызыл шибарқыт камзол, омырауына жағалай күміс теңге тағып тастапты. Шашын майда өріп, жағалата бұрым салған. Басында үкілі дөңгелек бөркі бар. Мамытбекті таниды екен. Мені көрсетіп:

– Бұл кім? – деп сұрады.

– Бұл қазақ туысқанымыз. Аты Барсхан, – деді Мамытбек.

– Менің атым Чолпан, – деді қыз.

Іргедегі екі әйел жоқтау айтып әлі отыр. Олар осылай қозғалмай тас мүсін боп қатып қалатын шығар...

Киіз үйдің сыртын айнала берсең-ақ, гүрілдеп аққан асау өзеннен әлгі әйелдердің даусы естілмей қалады екен. Жоқтау әуенін жоққа шығарғысы келгендей-ақ көбігін аспанға атқылап, тастан тасқа соқтығып арқырап жатқан айбарлы су. Жағасында дөңкиіп-дөңкиіп түйе тастар жатыр. Түйе тастың күн жақ беті жып-жылы екен: үстіне шығып отырдық. Төбеден Манас шаншылып тұр. Манастан батысқа қарай созылған сеңгір-сеңгір таулар. Осының бәрі Тәңірітау.

– Сенің ауылың қай жақта? – деп сұрады Чолпан.

– Сонау жақта, – деп таулар тізбегінің ең шетін нұсқадым.

«Сонау» деген не? – деп күлді қыз.

– «Тігіне» дегені ғой, – деп түсіндірді Мамытбек.

– Анау үйдегі екі әйел не айтып отыр? – деп сұрадым да ыңғайсызданып қалдым. Бірақ ойымды Чолпан ерсі көрген жоқ.

– Әжем мен апам жоқтау айтады. Әкем соғыс қайтыпты деп хабар келді. Содан бері әжем мен апа «қарағұл ботамды» айта беред. Ертеде бір мерген кісінің жалғыз ұлы болған екен, қарағұлға еліктің терісінен тігіп кигізіп қойған екен. Бір күні жаңа қонысқа кеп қонғанда, мерген киік аулап кетеді. Бірақ, ол күні жол болмай, құр қол қайтып келе жатып, үйіне жақындай бергенде ат-құлақ құрайдың түбінде жатқан елікті көрді де, атып салады. Әлгі елік дегені «апа!» деп жатып қалады. Барса, елік емес, елік терісінен тон киген жалғыз баласы қарағұл қансырап жатыр. Сөйтсе ол әкесін іздеп шығып, атқұлақтың түбіне жатып ұйықтап қалған екен. Абайсызда баласын атып алған мерген сонда ұлын жоқтап айтады екен.

Кең қолдың басы кең шеңбер, ботам,

Қансырап жатқан, қарағұл ботам.

Тарқолдың басы тар шеңбер, ботам,

Талықсып жатқан қарағұл ботам,

Алтыннан сақа құйылды, ботам,

Айыңа жетпей қиылдың, ботам.
Күмістен сақа құйылды, ботам,
Күніңе жетпей қиылдың, ботам.
Мен елік атып тигіздім, ботам,
Мен елік тон қайдан кигіздім, ботам.
Ертең бір ауылың көшеді, ботам,
Көк қайқы барып қонады, ботам,
Мен абайсызда қарамай, ботам.
Балдырған түбі былқ етті, ботам.
Балалы елік деп қалдым, ботам,
Мен ботамды жеп қойдым, ботам,
Тобыршағың тер болар, ботам,
Сенің тозағың тартып қор болар, ботам,
Тоқсандағы атекең, ботам,
Арғымағың ат болар, ботам,
Алпыстағы анаң сенің
Азабыңды тартып қор болар, ботам,
Құлыны өлген биедей, ботам,
Қуартып кеттің, қарағұл ботам,
Ботасы өлген түйедей, ботам.
Боздатып кеттің, қарағұл ботам.
О, қарағұл ботам!
О, қарағұл ботам!
Тасқа су арындай соғып, тозаңы бетке шашырайды. Бізге айбарлана:
– Тек! – дегісі келгендей.
Кейде судың сарыны әлгі әуенмен үндесе шығады.
Әлдекім айқайлағандай болды. Күркіреу судың шуылынан әрең естіледі. Қарасақ, Сусар апам қол бұлғап бізді шақырып тұр екен. Түйе тастан түсіп, үйге қайттық. Чолпан соңымыздан қарап тұрды. Мен қазір тамақ ішіп қайтып келетін шығармыз деп ойладым.
– Қайтып келеміз, – дедім бұрылып.

Үйге келсек, Арзы апам буынып-түйініп, ала қаптың үстінде отыр. Нұралы атам есіктің алдына бөстек салдырып жантайып жатыр. Шекерден келіп қалыпты.

– Барсхан қарағым-ау, қайда жүрсің? – деді Арзы апам ренжіп.

– Бұл Арзы апаң қайтамыз деп асығып отыр. Бүгін жатып, ертең жүріп кетсеңдер де болар еді, – деді Сусар апам.

– Ойбу, жиен қыз-ау, осындай заманда адам меймандықта жүріп алар ма? Мына Барсханның ертең оқуы бар. Менің шалым жұмыста, өзімді бригадир бір күнге босатып еді. Қайтпасак тегі болмайды.

– Күн түс боп қалды-ау, – деп Нұралы атам да қимады.

– Ештеңе етпейді, кешке дейін құдай қаласа, барып қаламыз, – деп Арзы апам көнбеді.

Мен мұнша тез аттанамыз деп ойламап ем, Нұралы атамды, Сусар апамды, Мамытбек бауырымды қимай, тамағыма жас тығылды. Тұңғыш рет Мамытбектің күлмей, байсалдана қалғанын көрдім. Күлмесе түрі суықтау екен. Есектердің жүгі ауырлады. Бір-бір десте қап дән алып қайттық. Бұл баға жетпес байлық еді.

Күн кешегіден гөрі ыси түскенін жолға шыққан соң сездік. Арзы апам тіпті шапанын шешіп астына басып алды. Екі есек ауылға бет алғанын біліп, жүрісі жөнделді. Үстіндегі жүкті бұйым көрер емес. Есектің күші адал деген осы да. Арзы апамның қабағы ашылып, бұрынғыдай ой тереңіне кете бермей, жарқын-жарқын сөйлеп, кейде тіпті ыңылдап ескі әуендерге де салып келе жатты. Бәйшешектің қуыс құлағы бадырайған жүгерідей ашылып, шоқ-шоғымен кемел кезіне келген екен. Күн-нің қызуына шыдай алмай, алқа-салқа шешініп тастаған сияқты. Қартаңқұлақтың да жапырағы жайылып, сап-сары қоңырауғұл жайнаң қағып қалыпты. Аспан астын бозторғайдың құйқылжыған әуені кернеп кеткен. Тәңірітаудың көк тіреген шоқылары бүгін аса айбынды. Тұман тұтпай, мұнар баспай апайқын көрінеді. Жаңа шыққан көктің арасындағы арагідік

былтырғы боз жусан кілем үстіне аяғының батпағымен шығып кеткен әдепсіздің ізіндей боп ескілігін жасыра алмай тұр. Жол жағалай отар-отар қой жайылып жатыр. Қоздағаны көп. Жүні тықыр, қызыл шақа мәліш қозылар, аяқтары дірілдеп әрең-әрең жүреді. Жаңа туған қойдың уызын сауып отырған қойшының екі беті шиқандай екен.

– Қойдың сүті қорғасын деген рас-ау, шіркін, – деді Арзы апам. – Жалғанда тәтті тамақ сол ғой, шіркін. Анау отта тас қызып жатыр. Отқа әбден қызған тасты сүттің ішіне тастап-тастап жіберсе, сүт сақыр-сұқыр қайнап шыға келеді. Әне, оны ішіп алсаң – мұртыңды балта шапшайды.

«Осыдан ауылға барған соң бұл амалды Күзембай қойшыға айтпасам ба?» – деп ойладым. Бірақ біздің колхоздың қойы – қырық құрау: қазақы қойы да, мәліші де бар, аралас, ешкісі көп. Ал мынау болса кілең жібек жүнді меринос. Бұл аты шулы «Көксай» совхозының қойлары еді.

Әне-міне дегенше әңгімемен Көксай аңғарының ернеуіне де келіп іліндік. Бірақ әлгі көтеріңкі көңіл бір сәтте су сепкендей басылды. Аңғардың табанындағы кеше ғана мөлдіреп жатқан кәусар су бүгін ісіп-кеуіп, арнасынан шығып, лайсаңданып, ботана боп аласұрып жатыр. Қояншығы ұстаған адамдай, түріне қарап болар емес. Қалш-қалш етіп, жағаны қауып, жартастардың етегіне жармасып, төске шауып арсылдайды.

Ентелеп келе жатқан есектердің де жүрісі кібіртіктеді. Дәл алдында аждаһа жатқандай шегіншектей береді.

– Ойбу, құдай сыйлады! – деп Арзы апам санын бірақ салды. – Мынадан қайтіп өттік енді?!

Суға ұзақ қарасаң басың айналып, жүрек айнаиды. Тілсіз дүлей. Заңғар таудай құлап, аласұрып асыққанда қайда барады? Қарқынына қарасаң – мұхитқа жығылмай тынбайтын-ақ сияқты. Бірақ бұл өзендердің арыны қатты да, адымы қысқа. Осыдан осы Көксай Күркіреуге барып қосылмақ. Ал Күркіреу болса Маймақтың қаңшағайында Теріс өзенімен табысып, сол жерден

бастап екеуінің де есімі жойылып, Аса аталады. Әулиеата жақтағы қолхоздың арық-атыздарына түсіп жетекке ілесед де, қызылша алқабына жетіп ада болады. Осындай ерте көктемде, не қыста ғана төменгі Билікөлге барып құяды. Бұлардың мұхиты – Билікөл.

– Әй, әттесі-ай, сәл ертерек шықпаған екенбіз, – деді Арзы апам күйініп. – Күн қызбай тұрғанда, бұл судан тауық та аттап өтуші еді...

Не істерімізді білмей дағдарып, мең-зең боп тұрдық та қалдық. Кейін қайтайық десек оның лажын таппаймыз. Екі ара талай жер. Әрі десе қайтып барып жүру ұят-ақ. Жақын жерде ел жоқ. Айнала аңғал-саңғал алпауыт аңғар. Сарқырама су. Басқа дыбыс жоқ. Кешегі Бадырақ көзден қорқып қалғанымыз және бар. Күн болса қиялап бесіннен ауып бара жатыр. Бұл су, сірә, түнге қарай тартылар. Түней салуға түн салқын, әрі десе айдала, иесіз аңғар. Кешегі бозторғай да жоқ. Кеше ол нені қорыды екен? Егер сайдың табанына ұя салып жүрсе онысы әлдеқашан судың қақпақылында кетті.

Екеуміз де есектен түстік. Ұйып қалған аяғымызды жазып жан-жаққа қарап біраз тұрдық. Есекпісің деген, ана екі арам:

– «Ал енді амалын өздерің табыңдар, біздің шаруамыз шамалы» дегендей қайта-қайта пысқырынып, тастақ беткейдің тырбық кегін іскектеп, бырт-бырт үзе бастады. Үстеріндегі қаптарды әзір түсірген жоқпыз.

– Қабаққа шығып қарашы, өткен-кеткен ешкім көрінбей ме екен, – деді Арзы апам.

Жүгіріп, ентелей басып қабаққа шықтым. Тырс еткен тірі жан жоқ. Баяғы сол судың сарыны. Күн болса салбырап: «Сендердің ауылдарың мына тұста» дегендей Ақсайдың аузына таман барып қалыпты. Тәңірітаудың қары аппақ, кір шалмаған қалпы. Бейкүнә періште тұрған бойы. «Суды тасытқан біз емес» дегендей мүләйім. Ылдида қапшағай мұнарланып тұр. Арт

жақта бұралаң боз жол: «қайтсаңдар, мен, міне» дегендей ащы ішекше шұбатылып жатыр.

– Ешкім көрінбейді, – деп сайдың табанына түстім. Аңғардың іші елсіз ескі қыстау сияқты қара барқын тартып, қаңырап барады.

– Е, жаратқан ием, – деді Арзы апам, жар бола гөр! Белбеуін шешіп, шапшып жатқан лайсаң суға қолын малып, кимешетін түріп, бетін сипады. Содан белбеуді жайып, кебісін шешіп тастап, намазға бас қойды.

Тағы да құдайға жалбарынды, әуелі Орха мен Ноханың амандығын тілеген шығар. Одан соң үйдегілердің тіршілігін сұраған болар. Жол кесірінен, тосын қырсықтан сақта, құдай, деген шығар.

Судың сойылсоқ сарыны оның сөзін естірткен жоқ. Бірақ байқағаным, егер құдай бар болса, мұншама құлдық ұрған шын тілектен соң мына су қақ айрылып, біз құрғақ қара жолмен өте шығуымыз керек-ақ еді. Бірақ ондай ғажап болған жоқ. Жер бетінде қыбырлаған пенденің бәрінің толып жатқан тойымсыз арызы бар. Оның бәрін орындай берсе, құдакең де принципсіз боп шыға келмей ме.

– Тағы шығып қарашы, – деді Арзы апам орнынан едәуір уақыттан соң түрегеліп.

Етпеттеп-ентелеп отырып, қабаққа тағы шықтым. құлаққа ұрған танадай тыныштық. Не Қазақстан жағынан, не Қырғызстан жағынан тырс еткен кісі жоқ. «Осы жұрт бәрі бірі қалмай майданға аттанып кеткен жоқ па екен?» деген үрей билер бойынды. Жоғарыға тұрып Арзы апам:

– Ешкім көрінбейді! – деп айқайлады. Арзы апам су жағалап ары жүрді, бері жүрді. Сірә, өткел іздейді-ау. Бірде қолындағы таяғын суға бойлатып көріп еді, екі рет қайқаң етіп көрінді де, жоқ болды.

Бір есептен осы кері қайтқан да жөн-ау, деймін. Мамытбекпен, күндіз көрген Чолпон қызбен тағы да

Күркүреудің жағасына барып, түйе тастың үстіне шығып отырар едік... Кім біледі. Медетханның хабарын білетін біреу-міреу келіп қалар ма еді.

Бір есептен бүгін түнделетіп болса да үйге жеткеніміз де дұрыс болар-ау. Інім мен қарындасым, Айша үшеуі, үрпісіп есіктің алдына шығып, жолыма қарап тұрғандай көрінді.

Тыраулаған нәзік үн тас төбемнен естілген, есім кетіп аспанға шалқая қарап қалыппын. Арзы апамның тілегі жасағанның ілтипатына ілініп, мына тізбек тырналар бізге көмекке келгендей бір сезім биледі. Бірақ тырналар өздері қонаға асыққандай қайырылмастан солтүстік-шығысты бетке алып, лезде көрінбей кетті.

Бәрінен күдер үзіп, енді сайға қарай түсе берейік дегенімде, тау жақтан бір атты аулақта Аршагүл жаққа қиғаштай тартып бара жатқанын байқап қалып, айдаладағы адамға айқай салдым. Сірә, менің даусым жетпеді-ау деймін, атты ешқайда бұрылмастан, борт-борт аяңмен кете берді. Басымнан күнқағары мыжырайған кепкамды жұлып алып жалбаңдаттым-ау келіп. Жоқ әлгі адам жан-жағына қарау деген не, бұрылмайды, әлдебір жансыз затты аттың үстіне таңып тастап бет алды қоя берген сияқты.

Менің шырылдаған даусымды естіп, екі өкпесін қолына алып Арзы апам келді қасыма.

– Өне, кетіп бара жатыр! – дедім.

– Әй-у! – деп айқайлады Арзы апам. Даусы әлсіз-ақ, ә дегенде шықпай да қалды, қолын бұлғап:

– Әй-у-у! – деді маған.

Құрысын, алыс-ақ, бірақ амал жоқ, безектеп жолдан қиғаш тұра жүгірдім. Былтырғы қызыл тікен шұлықсыз тобығымды аямай-ақ тырналап қалып жатыр. Жердің астынан сансыз жезтырнақ саусағын шығарып тұрғандай қасақана. Екі өкпем өшіп, енді құлайтын шығармын-ау дегенмін. Бір сәт атты адам атының басын кегжең еткізіп, шұғыл тоқтатып, біз жаққа

қалт қарап қалғанда, арғысына шыдамым жетпей, құлай кетсем керек. Көзімнің алды бұлдырап, тау теңселіп, аспан аунақшып тұр. Дүрсілдеген тұяқ даусы таяп қалды. Мен әл-қуат алып, орнымнан тұрдым. Әуелі күрең айғырдың астаудай апай төсі, алдына көсілте тастаған қос аяғы, пыр етіп түндіктей желпілдеген танауы көрінді. Жал-құйрығы төгілген есік пен төрдей зор айғыр екен. Үстіндегі атқа қарағанда қораштау, менен көп болса үш-төрт жас үлкендігі бар балаң жігіт.

– Иә, не болды? – деді ол бұрыннан танитын адамдай аты-жөнімді сұрамай.

– Анда, – деп мен сөйлеуге шамам келмей Арзы апам жақты көрсеттім. Атты онан әрі ештеңе сұрамастан, мінерлік жақтың үзеңгісінен аяғын шығарып босата берді. Онысы маған мінгес дегені еді.

Арзы апам жағдайды айтты. Шылбырынан ұстап тұрып:

– Айналайын, екі дүниеде жақсылығыңды ұмытпа-йын, өткізіп жібер, – деді.

– Ойбай, мынау жаман ғой, – деді салт атты суға қарап. – Тауда қар бұзылды. Мынау соның лаңы ғой. Сәл ерте келгеніңізде бұл су жоқ еді. – Онан соң өзінің атын жаңа көріп тұрғандай алды-артына көз жүгіртіп алды.

Күрең айғыр бәйгенің емес, көкпардың, көкпар болғанда да доданың аты екені көрініп тұр. Омырауы жартастай екен, жарықтықтың. Мынау, сірә, жылқышы, яки завферма болар. Табыннан, таудан түсіп, айылға бара жатқан беті, сірә...

Атына көңілі толғандай сауырын шапаттап қойды да, бізге қарады, ол оттауын қойып мүлгіп тұрған есек-терімізге қарады. Сонан соң тағы да суға көз жүгіртіп алып:

– Тәуекел! – деді.

Арзы апам екеуіміз қолдасып, қара есектің үстіндегі қапты күрең айғырдың бауырына қарай көтерілік. Көкпаршы ма, құдай білсін, анау еңкейе беріп қапты қос қолдап жұлып алып, алдына өңгерді, қамшысын аузына тістеп алды.

Жайлап тебініп көріп еді, күрең қасқа тайсалған жоқ, суға қойды да кетті. Су тілерсегінен асып, бауырын сызды. Толқын құйрығын желбіретіп, сүйреп барады. Жануардың бөксесі арынды ағыстан бұраңдайды. Күре пырылдайды, омырауына соқтыққан су қақырап, ақ көбікке айналып, жапырыла құлайды. Бала үзеңгі аяғын көтеріңкіреп алды. Арғы жағаға жеткен күрең бір ұмтылып құрғаққа шығып дүр сілкінді. Бала қапты сып еткізіп жерге тастады.

Осылайша екінші қап та арғы бетке өткізілді. Онан соң бала өзі ердің артына отырды да, ерге Арзы апамды мінгестірді. Үзеңгіге аяғым жетіңкіремей тырбанып тұрғанымда, еңкейіп бір қолтығымнан алып демеп жіберді. Арғы жағаға мен де өттім. Онан соң Оңғарбай атамның көк есегін шылбырынан сүйреп салды, әуелі көк есек басқысы келмеп еді, қамшымен құйымшақтан тартып-тартып жібергенде, артқы екі аяғы бүгіліп барып, суға күмп берді. Көк есекті су тәуір тәлтіректетті. Егер бала болмағанда кім біледі...

Арзы апамның қара есегі сорлы көзін жұмып түртінектеп, суға түсуге батпай, қамшыға шыдап көп тұрды. Бір-екі рет алдыңғы аяқтарын суға салып тұрып қайтадан шегіншектеп кетті. Бір мәрте тіпті кіржің етіп, күреңге тісін ақситып, құлағын жымитып тістемекші болды. Тұра қалып артқы екі аяғын суға арбаңдатып тоңқып та көрді. Ақыры болмаған соң балаң жігіт қара есектің қыл шылбырын оң жақ тақымының астына өткізіп, қырғыз ердің қасына екі-үш орап қойды да, күрең қасқаны тебініп қалды. Талай додаларды жарып шыққан жануар тайсалмай суға тағы салды. Қара есек сорлы басы кегжиіп, көзі аларып, тұмсығы аспанға қарап төрт аяғымен жер тіреп, сүйретіліп барып суға түсті. Суға түскен соң шегіншектегенін қойып, қайта күреңмен қатарласуға тырысты. Судың ортасына жете бергенде, сірә, аяғына тас соққан болар, қираң етіп, арт жағымен құлады. Күрең айғыр да тұңғыш рет теңселіп кетті, қара есек тұрмақшы боп итінген кезде, басы суға

көміліп шықты. Қайтадан көміліп кетті. Ер аударылып кетпес үшін бала салмақты сол жаққа басты. Бір уақта қара есектің басы тағы бір кегжең етті де, брезент жүген шыдамай, сағалдырығынан үзіліп борт етті. Қара есектің басы тағы бір қылтың ете қалып еді, енді бірде аяқтары сереңдеп көрінді де жоқ болды.

Біраз үнсіз қарап тұрдық. Аңғардың іші ала көлеңке тартты, күн ұясына қонған екен.

– Алда, қараң қалғыр, – деді. Арзы апам есі енді кіргендей.

– Бәйбіше, қапа болмаңыз, мүмкіндік болмай қалды, жүген шыдамады, – деді бала өзін кінәлі сезініп.

– Жоқ, айналайын, – деді Арзы апам. – Әшейін суға мысығың кетіп қалса да өкінесің ғой. Буаз еді, тұқымың құрғыр. Мейлі, бала-шағамның садағасы! Құдай-ау, алыста жүрген шырақтарымның садағасы! Дүние атаулының қағындысы қара есекпен кетсін. Соғыстың сойқаны да сенімен кетсін! Ел-жұрт аман болсын, бір нәрсе ғып күн көерміз.

Бала атынан түсіп, қап көтерісті. Енді екі қапты да көк есек көтерді. Арзы апам екеуміз қаптардың екі жағынан ұстап жаяу тарттық.

Арзы апам күрең айғырлы азамат балаға алғысын жаудырды-ақ:

– Тірлікте жамандық көрме, өркенің өссің, өз теңіңнің алды бол, айналайын! Бізді жарылқасаң, сені Құдай жарылқасын!

Сонан соң Арзы апам есіне бір нәрсе түскендей, кері жүтірді. Бұл кезде күрең айғыр арғы жағаға шыққан.

– Атың кім, айналайын? Кімнің баласысың? – деп айқайлайды Арзы апам. Анау естімей құлағын қалқалады.

– Атың кім? Кімнің баласысың?

Бала бірдеңе деп айқайлады. Бірақ судың гүрілі естіртпеді.

– Кім? Кім!

Бала екі қолымен аузын тосып тұрып, үзеңгіге аяғын тіреп, айғырдың үстінде көтеріліңкіреп дауыстады. Бірақ не айтқанын ажырата алмадық. Ол бізге қолын бұлғап, аттың

басын бұрып, қабақты қиялап ары қарай, күншығысқа өз жөнімен кете барды.

Жалғыз есекті екі жақтан қаумалай, күннің батысына қарай біз де қозғалдық. Ымырт үйіріле бастаған. Елегізіп, бойды қорқыныш билегендей. Бірақ маңдай алдымыздан жарқырап бір жұлдыз шығып тұр екен. Сол медеу болып, көңіл орныға түскендей. Көңіл шіркінде бір ғана кірбің қалды: әлгі күрең айғыр мінген батыр тұлғалы балаң жігіттің кім екенін, құдай сыйлап, біле алмай қалдық. Маған бір сәт:

«Осы Медетхан емес пе екен?» деген де ой келді.

БІР НӘЗІК СӘУЛЕ

Келтесай разьезіне жолаушы пойызы бір-ақ минут аялдайды. Ал экспресс тоқтамақ тұрмақ, екпін бәсеңдетпей, жұлдызша ағып өтеді.

Хадиша ұзатылған қызының үйінде қыстай жатып, енді ауылына қайтпақшы болған. Қызы Жанат пен күйеу баласы Жекен:

— Әлі бола тұрсаңызшы, ауылыңызға барғанда не бітіресіз жападан-жалғыз, — деген.

— Е, шырақтарым, тірі адамның тіршілігі таусыла ма. Көктем болса шығып қалды. Көк сиырды Шалабай көршіге: «Әуелі құдай, одан соң өзіңе тапсырдым» деп кетіп ем, бұзаулайтын кезі еді, ол не болды екен? Шалабайы түскірдің қарасаны сүзеген еді, көк сиырды сүзіп бұзау тастатып қойды ма — қайдан білейін.

— Апам-ай, әйтеуір. Сол сиырды сатып жіберіп, біржолата келсеңізші, не бар қартайғанда жалғыздан-жалғыз. Бас ауырып, балтыр сыздамай ма екен, — дейді қызы.

— О, сорлы қар, мені аруақ атсын деп жүрсің ғой. Аруақтарды қайда қоясың? Сенің әкең бар емес пе еді, бабаларың бар емес пе еді? Олардың аруағы түгін шықпаған үйден безбей ме екен?

Күйзелмей ме екен? О дүниеге барғанда мен оларға не бетімді айтам? О несі-ей! деген шешесі.

Содан Хадишаны қызы мен күйеу баласы Келтесай разъезінен пойызға шығарып салып тұрған. Шоқталдың тасасынан көк пойыз қырықаяқ жұлдыз құрттай ирелеңдеп шыға келді. Келтесайда билет тек жалпы вагонға сатылады. Сол жалпы вагонды іздеп Жанат пен күйеу бала әрі-бері алақ-жұлақ жүгірді. Жазғытұрымда жау алатындай барқыт шапан киіп, күндікті шалқайтып, шаңырақтай етіп ораған Хадиша қызының соңынан бір, күйеу баласының соңынан бір жүгіріп есі кетті. Ақыры жалпы вагон табылып, оның тұтқасына жармаса бергенде, пойыз жылжи бастады.

Күйеу бала қоржынды тамбурға лақтырып жіберіп, енесінің қолтығынан демеді.

— Ойбу, мына жаның шыққыр қайтеді-ей, — деді Хадиша пойызға ұрсып. — Тоқтай тұр-әй... Пастой!

Тәңірі жарылқап, тамбурда тұрған тәмшіш мұрын бір қара қыз кемпірдің қолынан тартып, ішке ендіріп алды. Хадиша пойызға ілінгеніне шүкіршілік айтудың орнына, бұрқылдап ұрсып жүр:

— Ойбу, мына жаның шыққыр қайтеді, сонша әкесі өлгендей асыққаны несі... Әй, Жанат, Жекен-ай, аман бол, айналайын, айналайын, қарақтарым әшейін, садағаң болайын, шырақтарым әшейін...

Келтесайдың қызыл кірпіштен соққан разъезі тағы бір топ талдыңтасасында қалды. Өзінің дауысын енді Жанат пен Жекен ести қоймайтынын Хадиша сонда барып түсінді.

Қызын қимай, тумаса да туғандай болған күйеу баласын қимай, көмейіне бір түйін тығылып, көзіне мөлтілдеп жас іркілді.

«Қал, қал» деп жалынғанда, неге қала қоймадым, деп өкінгенін байқады.

«Жоқ, — деді тағы да өзіне-өзі. — Қайтқаным дұрыс. Бір күн өтер. Ел бар, жұрт бар — жалғызсырамаспын».

— Апа, қайда барасыз?

Хадишаның тарс есінен шығып кетіпті. Әлгі өзін тамбурға қолынан тартып шығарып алған қызды мүлде ұмытып кетіпті.

— Құдай тілеуіңді берсін, сен болмағанда іліне алмайтын екенмін, — деді Хадиша бейтаныс қызға жалбандап, ризалығын білдіріп. — Борантауға барамын, шырағым. Өзің қайда барасың?

— Мен бе? — деп қыз өзінің қайда бара жатқанын жаңа ойлағандай дағдарыңқырап қалды. — Дана-Атаға барамын, апа.

— Онда Борантаудан ары кетеді екенсің ғой. Мына пойызы түскір Борантауға тоқтар-тоқтамастан жүріп кете ме деп қорқамын.

— Қорықпаңыз, көмектесеміз ғой, — деп күлді бейтаныс қыз.

Сөйтіп, Хадиша кемпірдің қоржынын көтерісіп, өз купесіне ертіп барды. Бір-біріне қарама-қарсы жайғасып отырысты. Вагонның терезесінен иір-иір ақбас тау пойызбен жарысып жөңкіліп жатты.

Осы бір басына бұйра бұлт қонып, атлас көк аспанмен аймаласып жатқан тау мына қызға көрген бір түстей ыстық, бірақ бұлыңғыр.

Неге ыстық — өзі де білмейді. Осынау таусылмас таудың бір түкпірінде өзінің шешесі жүргендей көрінеді де тұрады. Ал, тауы түскір сөйлемейді, тасы түскір сөйлемейді. Ұлы жұмбақ. Осы ма, осы жер емес пе? Осындай көлбеңдеген тау ма еді, сағым ба еді? Темір жолдың бойы сияқты еді. Өйткені анасының арқасында ұйықтап келе жатқанда паровоздың қышқырған даусынан шошып, жылағаны есінде. Шешесінің өзін көтеріп келе жатқаны анық. Оны біледі. Онан кейін сол шешесінің арқасында келе жатып тағы ұйықтап кеткен болуы керек, арғысын білмейді. Содан соң апатайын көрген емес. Содан бері талай жыл өтті.

Әке-шешең бар ма, қарағым? — деді Хадиша.

— Білмеймін. — Қыз иығын қиқаң еткізіп күлер-күлмес езу тартты.

«Білмегені несі? Дені сау ма өзінің?» — деді ішінен Хадиша. Бірақ дауыстап:

Білмеймінің не? — деді. — Өзін қайдан келесің? Үйің бар ма?

Қыз төмен қарап, терезенің жақтауын саусағымен сұрткілей берді. Хадиша сонда байқады, қыздың әдемі мойыл көзіне жас толып, шүпілдеп тұр екен.

«Қу басым, қарап отырмай, байғұстың жарасын қасып алдым ба?»

— Мен детдомда өстім, апа, — деді қыз енді езу тартпақ болып.

— Е, байғұс-ай, — деді Хадиша көңіліне келеді-ау деп ойлап жатпай. Сонан соң есіне бірдеңе түскендей, лезде қатқыл үнмен, жұлып алғандай:

— Қай жердің жетімханасы? — деді.

— О, апа, көп. Дана-Атада да болдым, Жасылкентте де болдым, Мәуеліде де болдым. Көп...

Хадиша енді мына қызды жаңа көргендей, ежірейе қарап:

— Атың кім? — деді.

Қыз бұл сұраққа жауап бергісі келмегендей, қасын көтеріп, сызданыңқырап қалды да, үлкен кісінің сауалын жауапсыз қалдырмастан:

— Валя, — деді.

— Тек, «Бәлесі» несі?!

— «Бәле» емес, Валя, — деп күлді қыз.

— Жетімханада орысша боп кеткенсің ғой, әйтпесе әке-шешен қойған қазақша атың бар шығар?

Ши барқытты үстіне қабаттап кие берген мына кемпір енді Валяға ұнамай қалды. «Әлгінде мен болмасам, пойызға ілінбей де қалар еді, енді өктем-өктем сөйлеуін», — деді ішінен.

Ал, Хадиша қызға сұқтана қарағанын қоймады. Валя мұнысын ұнатпай терезеге бұрылды. Басына шарадай ақ шаңқан күндік ораған мына кемпір қадалып қарай берген соң: «есі дұрыс па өзінің?» деген күдік те келді.

Валя шыдай алмай орнынан тұрып кетті. Вагонның қарсы жақ терезесіне барып, әйнекке бетін басып Шақпақтау жотасынан ары аспанға найзадай шаншылған Алатауға қарады. Жүрегі дір етті.

Пойыз Шақпақтаудың биігінен еңіске қарай еңірей жөнелді. Хадиша ши барқыт бешпентінің қалтасынан папирос алып, коридорға шықты. Шылымды тұтатып, сөнген шырпыны шишақпақтың қорабына қайта салып қойды.

«Кемпір басымен темекі шегуін», — деді қыз теріс айналып.

Хадиша қызды иығынан тартып, өзіне қаратып алды.

— Әй, Бәле.

— Бәле емес, Валя.

— Уәлия болсаң бола ғой. Кемпір басымен шылымы несі деп тұрсың ба? Герман соғысынан бері тапқан өнер ғой. Қазір Борантауға келеміз. Біздің Өжетте Зуайда деген кемпірдің баяғыда жетімханаға өткізген қызы жоғалып кетіп еді. Сен сол емес пе екенсің деп келемін. Бірақ оның аты басқа сияқты еді.

— Менің шын атым белгісіз, — деді қыз жұлып алғандай. — Валя деп детдомда қойған. Зуайда, Зуайда... Естімеген сияқтымын.

— Зуайда байғұс анау бір жылы қызын Дана-Атадағы жетімханаға апарып өткізген екен, қайтып барса — басқа қалаға ауыстырып жіберіпті. Содан көз жазып қалды ғой. Тірі болса, сен сияқты бойжеткен шығар.

— А, сіздің ауыл қайда?

— Біздің «Өжет» пе? Мына таудың етегі ғой. Борантаудан ровнай он шақырым. Осы сен біздің Зуайда бәлеге ұқсайтын сияқтысың-ей?

«Құдай-ау, — деді қыз, — шынымен осының сандырағы келсеші».

— Әй, Уәлия, — деді кемпір папиростан соң даусы ашылғандай саңқылдап. — Осы сен шайтан біздің Зуайдаға ұқсап бара

жатқан сияқтысың. Ода жас кезінде сендей қарадомалақ еді. Қазір ұрысқақ қара кемпір болды ғой. Сен әдірісіңді жазып берсеңші, Зуайда сені өзі іздеп барсын. Можит битъ, соның жоғалып кеткен қызы шығарсың. Бірақ оның аты басқа сияқты еді...

Қыз тағы да тау жаққа қарады. Таныс сияқты. «Қашан көріп едім деді. Әлде жай елес шығар. Еш уақытта мұндай тау көрмеген шығар. Қиялда не көрмейсің, қиялда бұдан да биік таулар болады. Ал анасы маска киген адам сияқты. Бет-аузы ақжаулықпен шандулы ма еді — еш белгі есінде жоқ...

— Апа, мен сізбен бірге барамын «Өжетке», — деді Валя. Хадиша сенерін де, сенбесін де білмей, қыздың бетіне бағжия қарап сәл тұрды. Сонан соң:

— Алда, айналайын-ай, сағынған екенсің ғой, — деді.

* * *

Олар Борантау разъезіне түсіп, «Өжетке» баратын көлік қарастырып еді, ештеңе табылмады.

— Апа, он километр деген не, жаяу кете берейік, қоржынды маған беріңіз, — деді Валя.

— Алда, айналайын-ай! Түңілмеген екенсің ғой. Соғыс басылғалы қанша жыл — мен де түңілген жоқпын. Біздің үйдің қожайыны кеткелі қашан! Әлдеқашан сүйегі құрап қалды ма дейін десең — көз көрген жоқ, көңіл суыған жоқ. Можит битъ, тірі шығар...

Разъездің қызыл үйі — айдарлы әтеш сияқты.

Айналасын қоршап шоғырлана қалған аласа ақ үйлер — ақ мекиендер артта қалды. «Өжетке» қарай бұралаңдап, сайға түсіп, сайдан шығып қара жол жатты.

Сайлардың бетегелі бұлымдары бір жері тақыр, бір жері ашаң жасыл — тозған доқабадай. Бәйшешек жұмыртқа жарып шыққан балапаңдай қайдан, қайда келгенін біле алмай, аң-таң қалып тұрған сияқты. Қартаң құлақтың жапырағы тырбиып-

тырбиып, өлерменше тырысып, өзге шөптің ерісін тарылтып, жайылып барады екен.

Аспанда бозторғайлар, төскейде тракторлар бір-бірімен айтысып тұрған кез екен.

Көктемнің саумал ауасы тынысын кернеп кеткендей, Валя түшкіріп-түшкіріп жіберді.

— Аққұш жәрекім-Алла! — деді Хадиша. — Қоржын дауай, сен шаршаған, қызымкә.

Лимон түстес сары көбелек бұлардан озып та кетпей, қалып та қоймай, қапталдасып, қалт-құлт етіп ұшты да отырды. Анасын іздеген адамға жол көрсетіп, серік болғысы келгендей. Сайдың қабағында қарындары шеңбірек атып, желіндері жер сызып, сиырлар жайылып жүр екен. Жүні әлі түспеген жүдеу көк есекке мінген бақташы разъезден жаяу келе жатқан екі әйелге көзін қолымен көлегейлеп көп қарады.

«Осының бәрін мен бір кезде көріп ем, — деді қыз өзіне-өзі. — Мына шарбы бұлтты, көгілдір аспанды, мұнарлы биік тауды, қылтиған бәйшешекті, маңқиған сиырларды, терең сайларды бұрын бір көрген сияқты. Сірә, түсінде шығар?»

Қыздың кеудесі дүрсілдеп. әлгі «Өжетке» тезірек жеткісі келді.

Қодас жүнді көк есек мінген бақташы тымағын баса киіп алып:

— Оу, Хадишамысың? Ат-көлік аман ба? — деді. — Көк сиырың бүгін-ертең бошалайды-ау, сірә. Қасыңдағы қай бала?

— Бұл — баяғы Зуайданың жоғалып кеткен қызы көрінеді. Бақташы енді тымағын жоғары көтеріп қойып қарады.

— О, айналайын, — деді, — тірі, бар екенсің ғой. Қайран, Мәмбет жәкемнен қалған жәдігер екенсің ғой.

«Мен бір кезде бұл шалды да көргенмін», — деді Валя.

— Зуайданың баяғыда жоғалып кеткен қызы табылыпты, Хадиша алып келе жатыр екен, — деген хабар «Өжетке» лезде жетіп, тарап кетті.

Зуайданың үйіне кемпірлер мен балалар толып қалды. Зуайда қызын көрмей жатып аңырады-ай дейсің.

— Өлгенім тіріліп, өшкенім жанды ма, жұртым-ау! Айналайын, Шәмшия-ау, адасып қалған анаңды ақыры таптың ба, құлыным?!

— Е, байғұс, қайтсін, — деді кемпірлер.

— Ойбай-ау, қызының аты Шәмшия ма еді?

— Апыр-ай, ұмытып та қалған екенбіз ғой.

Валя өзіне құшақ жая, көзін тарс жұмып алып, аңырап келе жатқан ақ кимешекті кішкентай қара кемпірге қарап состиыңқырап қалды.

Кемпір келіп, бас салып, қос иығынан айқара құшақтап, бетіне бетін тақап, теңселіп бір тұрды дерсің. Оның көзінен домалаған жас мойнына тамғанда, Валяның да көңілі босап, өксіп-өксіп жіберді.

Хадиша мақтанып, папирос алып тұтатты.

— Жанаттың апасы-ау, қайдан таптың бұл қызды? — деп абысындары жабыла сұрап жатыр.

Хадиша қалай тапқанын қайталап шыққан. Бұл кезде көзінің жасын сүртіп, жылауын қойған Зуайда бір сәт Валяға үнсіз түйіле қарап тұрды да, жүгіріп барып қыздың басындағы жасыл ала үшкіл орамалды жұлып алды. Адамдар аң-таң. Валя да сасып қалған. Зуайда оның қырқылған толқын қара шашын саусағымен ары-бері ашып көріп, басынан күдікті бірдеңе іздегендей тінткіледі.

Зуайда сәлден соң қолын кимешегінің астына жасырып, төмен қарап күбіжіктеп қалды.

— Бәсе қайдан болсын, — деді кемсеңдеп.

— Әй, ау, мұның не? — деді Хадиша.

— Менің Шәмшияның төбесінің оймақтай жері екі жасында отқа күйіп қалып еді-ау...

— О, тұқымың құрымасын, тұқымың құрымағыр. Жұрт балшықтан бала жасап ала алмай жүрсе, бауырыңа келіп

тығылған қызды кеудесінен итергенің не, сорлы! Әй, Уәлия, жүр бері, шеше болмай қалсын, бұл шешек алғыр Зуайда!
Хадиша Валяны қолынан жетектеп, қыстай құлыптаулы тұрған үйіне қарай асыға адымдады. Асықпаса, адасып барып тапқанынан айрылып қалатындай.

БОЙТҰМАР

Таңғы ұйқының тәттісі-ай. «Енді бір сәт, енді біраз...» деп жатасың. Бірақ қалың ұйқының қат-қабатын тесіп өтіп сана түрткілейді: «түр, жұмыстан қаласың, түр» деп сұңқылдайды. «Енді бір сәт, енді біраз...»

Тағы да қызыл бұзау шашымды жалап тұр. «Атаңа нәлет, — деймін ұйқыдан ояна алмай, — тіліңді кесіп тастар ма еді...» Ақыры шыдай алмай көз жұмулы жатып-ақ қолымды көрпеден шығарып сермеп кеп қаламын...

— Әй, батыр, мынау қайтеді-ей! — дейді таныс дауыс. Сонда барып көзімді ашып алсам, жанымда бір тізерлеп Шолақ Сияқұл отыр. Жасаурап тұратын әдемі мойыл көзі күлімдейді. Шоқша сақалы дірілдейді, сірә, күлгені шығар, жалғыз қолымен менің басымнан сипап отыр екен. Бұ жолы қызыл бұзау болмай шықты.

Таң енді бозарып, шығыстағы Манас шоқысы енді ғана қызғылтым тартқан шақ. Күн шықпай жатып, ең алдымен Манас шоқысын нұр шалады. Бұл өлкеде құдіретті Аспантаудың одан биік шоқысы жоқ. Күн сәулесін бәрінен бұрын қарсы алып, бәрінен соң ұзатып салатын осы Манас.

Шілденің соңы, сүмбіленің басы болса да әлі күн ыстық. Есіктің алдына төсек салып далада ұйықтайтынбыз. Мен әбден оянып, жан-жағыма қарасам, Айша сиырды сауып болып,

қызыл бұзауды қазыққа қаздитып байлап қойған екен. Қызыл сиыр өріске бет алыпты.

— Бригат-ау, қаршадай баланы алыс жолға жіберіп қайтесің, бар ғой осы елде бұдан басқада,— деді Айша сиырды үйдің сыртына айдап салып келе жатып. Енді ол бір шыны аяқ шайын ұрттар-ұрттамастан қызылшаға кетеді.

Айшаның: «алыс жол» дегеніне елең ете қалдым да, орнымнан қарғып тұрдым. «Алыс жолды» аңсаймын. Қырманда шыжыған күннің астында шығыр айналдырған есектей азаннан кешке дейін тас бастырып, бидай түсіруден асқан азап бар ма екен. «Алыс жолға» жіберсе— ұшпақшымын.

Шолақ Сияқұл менің ылдым-жылдым тұрғанымды көріп, мойыл көзі күлімдеп, қуанып кетті.

— Ой, батырым, ой, жолбарысым! Міне, нағыз жігіт осы ғой? Аталық атасымен бірге Тобышақтыға осы жолбарыс бармағанда— кім барады?

— Барсын өз баласы! — деп қасарысты Айша кенеп орамалға бір шиша шалап, бір пәтір нан түйіп жатып. — Баласы осымен түйдей жасты.

— Ой, жеңеше-ай, біліп тұрып, несін айтасың? — Бригадир қинала қылқа мойын басын шайқап қойды. — Аталықтың Сүлеймені кесел ғой.

Айша үндемей қалды. Сөзден жеңілгені осы шығар. Соғыс келіншектерінің әдеті: әуелі бригадирмен айтысып, арындап алады да артынан айтқанына көніп, жұмсаған жұмысына жүре береді.

Аталық атамның үйінің жанында қорабы алынған жалаңаш арбаға колхоздың ең күшті деген қос ала бас өгізі жегулі тұр. Шолақ Сияқұлдың қасындағы мені көріп, Аталық атам бүкір белін жазғысы келгендей кеудесін көтере беріп, қайтадан бүк түсті де, өзінің үнсіз күлкісімен сылқ-сылқ күліп, сықсифан көзін жеңімен сұртті.

Аталық атам тік түрегелсе, бойы екі метрге жетеді. Бірақ біздің Мыңбұлақтың жатаған үйлерінің аласа есіктерінен кіре алмай, шыға алмай жүрер деді ме, тағдыр оны сұрақ белгісіндей бүкшитіп қойған. Бәлкім, тағдыр оны, шынында да, өмір бойы жауабы табылмайтын сұрақ етіп жаратқан шығар. Оны мен қайдан білейін...

— Келдің бе, ей, қызталақ? — деді Аталық атам.

— Міне, осы Барсханнан артық серік жоқ саған, көке, — деді Шолақ Сияқұл үлкен ерлік жасағандай ағасының алдында мақтанып.

Жолға да шықтық. Үйдің сыртынан Сүлеймен құрдасым дуалға қушық иығын сүйеп, тық-тық жөтеліп, соңымыздан мұңая қарап қалды. Бізді бір майданға шығарып тұрғандай қол бұлғады.

Ала бас қос өгіздің мимырт жүрісі өнбейді. Аталық ерте салқынмен едәуір жерге барып қаламыз дегенмен, ауылдан ұзап шыққанша күн сәскеге таянып, төбені қыздыра бастады. Шілде шығарын сезгендей күн ащы. Ирелең қара жол төске өрмелеп барады. Арбаның сол жақтағы артқы дөңгелегі ауырған тістей зарлап, шиқ-шиқ етеді. Мен артыма бұрылып қарап едім: тарам-тарам болып, қатар-қатар жатқан Мыңбұлақтың әр сайының бойына бес-алты үйден үркердей тығылған біздің ауыл тым төменде қалыпты. Біз биіктеп кетіппіз. Бір топ көк кептер бізбен қатарласа ұшып, арбаның шабан жүрісінен мезі болғандай озып кетіп барып, бозаңға қонады да, біз жақындағанда, қара жолды бойлап тағы да қапталдаса жөнеледі. Жүрісі мардымсыз өгіздерге «бол, бол» деп қуат беретін сияқты.

Бір кезде алдымыздан жағасы жайқуат, түйетайлы сай шыға келді. Ылдиға қарай арба өзінен-өзі дөңгелеп, мойынтұрық өгіздердің мүйізіне дейін лықси тіреліп, бейқам немелерді таптап кетердей дедектеді. Сай табаны далиып жатқан кең екен, арнасында түйедей-түйедей тастар көп. Бір

кезде таудан құлаған тасқын домалатып әкелген шығар. Табанда бір бұлақ су күмістей жарқырап жатыр екен. Ала бас өгіздер тырп етпей, суға бастарын салып көпке дейін сораптады. Атам екеуміз арбадан түсіп, су жағасындағы теңге жапырақты, жалбызды көгалға отырып, орамамызды аштық. Сайдың тобышақты қалың өскен қабағына жай қарап отырып, қызыл суырлардың алысып ойнап жатқанын көзім шалып қалып, орнымнан атып тұрдым.

— О не?— деді атам оқыс қимылымнан секем алып.

— Суыр, ата, қызыл суыр!

— Кәне?— деп жасаураған көзін қолымен көлегейлеп қабаққа қарады.

— Әне, әне біреуі қаздып тастың үстінде түрегеп тұр. Басқалары екі-екеуден күресіп жатыр. Көрдің бе, ата?!

— Қызталақ бірдеңе бұлдырайды, әйтеуір,— деп Аталық атам күлімсіреп қойды. Содан соң ойланып қалғандай болды да:

— Суыр қазір семірді ғой. Әттең, ұстап алса, оның еті менің Сүлейменіме дәрі ғой,— деді.

Бағана ауылдан аттанарда, үй сыртына дейін соңымыздан ілмиіп ілесе жүріп, қол бұлғап қоштасып қалған құрдасым Сүлейменнің жүдеу жүзі көз алдыма келді. Екі иығынан дем алып, қатты жөтеліп, қараптан-қарап тұрып қара терге малынып еді. Әкесімен бірге алыс сапарға өзі емес, менің кетіп бара жатқанымға қызыға қарап, мұңайып қалғандай еді сыңайы.

— Екеуің бір аптаның ішінде туып едіңдер ғой, — деді Аталық атам бұдан он үш жыл бұрынғы оқиғаны еске алып,— Сүлейменнің бір-екі күн үлкеңдігі бар шығар, әлде сен бұрын туып па едің? Әйтеуір, тары орып жатқан қыркүйек еді. Қызталақтар, сендер де бір мүшелге толдыңдар ғой. Азамат болдыңдар, құдай аман қойса... Әй, осы сенің әкең он үшінде отау иесі болып еді,— деді кенет кәрі жүзіне қан жүгіре нұрланып, қауқылана қалып. — Сені де аяқтандырсақ қайтеді,

а? Мына бара жатқан Тобышақтыдан саған ұнаса, бір қыз ала қайтсақ қайтеді?

— Керегі жоқ, — дедім суырлар жаққа қарап.

— Керегі жоғы несі-ей, — деп шал үнсіз кеңк-кең күліп, көзінен жас ағып кетті. — О, ақымақ, керегі жоғы несі-ей...

Оның риясыз қалжыңын ұмыттырғым келіп:

Ата, суыр атсақ қайтеді? Сүлейменге апарып беретін...

Шал әлгі қалжыңын, шынында да, лезде ұмытты. Менің көзім көрмейді. Осы жазатайым біреуімізді атып аларсың тағы бәле болып. Бәлесінен аулақ.

— Ой, ата, мектепте Тарбақбай ағай бізге мылтық атып үйретті ғой.

— Апыр-ай, мылтық үйреткені несі? Бала да мылтық ата ма екен?

— Е, атпағанда ше? Соғыс созыла берсе, әскерге бізді де алады. Сол үшін үйретеді де.

— Не дейді тағы. Енді әскерге сендерді алса, неміз қалады сонда?! Тұқым-тұқиянымыз тып-типыл болмақ па? Тіл-аузың тасқа, айтпа қайдағыны!

Аталық атам едәуір ашуланып қалды. Десе де, бағана Шолақ Сияқұл берген ескі қара мылтықты, мен тимесін деп, арбадағы шөптің арасына тығып тастаған жерінен бүкшеңдеп барып суырып алды.

— Абайла, оқыс атылып кетіп жүрмесін.

Мылтық қолыма тиген соң, едәуір есейіп, дәу дәрежеге жеткендей қоқиланып қалдым. Тарбақбай ағайдың үйреткенін дәлелдегім келіп затворын сақыр-сұқыр кері тартып, ұңғысына қарасам, оқтаулы екен. Патрон ортасындағы жасымықтай сарыныңмен пистон екенін де білемін. Затворды қайта салып, суырлар жаққа қарадым. Баяғы қарауыл суыр сұр тас үстінде әлі қаздыып тұр. Бізге көзі үйренген тәрізді. Енді басқа жақтан қауіп жоқ па дегендей бізге бір қырындау қалшиып қалған.

Жақындап барсам, секем алып, індеріне кіріп кетеді. Бұл ара қашық сияқты. Тәуекел деп, арбаның тасасында тұрып, қарауыл суырды кіндіктен төмен нысанаға алдым. Өйткені Тарбақбай ағай мишень атқызғанда, ұдайы шеңбердің төмен жағын ала көздететін.

Гүрс еткен алапат дауыстан Аспанғау шайқалғандай болды. Әуелі көк түтіннен ештеңе көрінген жоқ. Аталық атам шала еститін тосаң құлағының өзін қолымен басып алып: «бісмиллә, бісмиллә» деп тұр екен. Сұр тас жаққа қарап едім, үсті қарауытып қалыпты. Басқа суырлар жым-жылас, лезде індеріне кіріп, ғайып болыпты.

Үлкендігі кіші-гірім иттей қызыл суырды артқы аяғынан ұстап, сүйретіп алып келіп, Аталық атамның алдына былық еткізіп тастай салдым.

— Қайтарда тағы біреуін атып әперемін,—деп қойдым мақтанышымды жасыра алмай.

Қартым қуанудың орнына, сәл-пәл абыржыған сыңайлы. Оны көріп менің көңілім пәс тартты.

— Әй, әттесі-ай, бекер болды-ау,—деді Аталық сұлап жатқан суырды ары-бері аударып, алтындай жылтыраған көкшіл-қызғылт жүнін алақанымен мүсіркей сипап. — Анасы екен ғой.

— Е, балалары өсіп қалыпты ғой.

— Ай, шырағым-ай, бұл жануардың арғы заты адам дейді ғой. Құдайдың қарғысы тиіп, хайуан болып кеткен. Әлгінде байқадың ба, күшіктері құдды адамның балалары құсап құнжындап күресті ғой. Менің көзім бұлдыраса да көрдім оны. Обалы тимесе неғылсын. Бекер-ақ атқыздым ба, қайдам.

— Ой, ата, сіз де...—деп аптығып қалдым. — Кітапта жазыпты ғой: сонау итжеккен солтүстік жақта яқұт-сахалар бұғыны өздері атып алды екен де, содан соң бауыздап жатып: — Кешір, бұғы, сені атқан біз емес, тұңғыстар, біз әшейін сені атып тастап кеткен тауып алдық,—дейді екен. Бізде сөйте салайық: «кешір,

қызыл суыр, сені атқан біз емес, Жолдасхан ғой, біз әшейін сені жолдан тауып алдық»дейік.

Аталық атам үнсіз күлкісімен кеңкілдей берді.

Ә, қызталақ Жолдасханға жаба саласың, ә? Сүлеймен үшеуің құрдасыңдар ғой. Қарашы, бұларда құрдастығын білдіреді. Бірақ сенің әлгі оқыған кітабың кәпірше ғой. Құранда ондай сөз жоқ.

— Иә, қойыңызшы, ата. Өзіңіз былтыр жалғыз тоқтыңызды Сүлейменге қалжаға сойғанда айттыңыз ғой: — «Сенің жазығың жоқ, балалардың азығы жоқ» деп.

— Әй, ақылдым әшейін, тіл-көзден аман бол, әйтеуір. Тірі жүрсең — болайын деп тұрсың-ау. Құдай бәле-жаладан, соғыстың сұрапылынан сақтасын. Ендеше, менің Сүлейменіме сәтін салып, шипа болсын, — деп Аталық атам суырды арбадағы шөптің астына мылтықпен қатар қымтап қойды.

Судан өтіп, сайдың арғы қабағынан астық. Енді жол тау бөктерлеп, батысқа қарай қиялады. Алыстан қарауытып, шоқ-шоқ орман көрінеді.

— Ата, әлі алыс па Тобышақты?

— Қарайған талдар көріне ме?

— Көрінеді, алыста.

— Е, құдай қаласа, алыс емес. Бесін әлетінде жетеміз.

Шал өзінен-өзі ыңылдап ән салғандай, екі көзін жұмып алған сияқты. Қолындағы қамшыны құр ұстағаны болмаса, өгіздерге әлі бір басқан жоқ. Өгізді ұр не, ұрма не, бәрібір осы жүрістен танбайды. Мимырт. Жол жағалай, түп-түп болып, қызыл торы тобылғы қалып жатыр. Шоқ-шоқ болып қызыл изен кездеседі. Сиырқұйрықпен шырыш гүлін әлдеқашан төгіп, соя-соя сойдып қалыпты. Көктемде құлпырып, жұпар атып тұратын киікоты мен текесақал да реңі тайып, көріксіз көдедей күйге ұшырапты. Оның есесіне шашыратқы көк аспан түстес көкпеңбек гүлдері жағалай жәудіреді. Анда-санда алақандай

аппақ гүлдері жамбы күмістей жылтырап гүлқайыр кездеседі. Гүлқайырдың басында сары торғай құйқылжиды.

Аталық оянып, әлденені есіне алғандай.

— Сендерді де әскерге жіберсе жібергендей екен, ә,— деді. — Жаңағы мылтық атысын сұмдық қой. Апыр-ай, шынымен сендерді де ала ма? Алады, алады. Мына соғыс тоқтамаса — алады да. Мұның өзіне де үш жылдан асып, төртінші жылға аяқ басты ма? Мұндай да ұзақ қырғын болар екен де. Баяғы менің сендей бала кезімде Қоқан соғысы деген болды. Біздің елдің Байзақ датқасы сол Қоқанмен соғысты-ау деймін. Бір апта болды ма, болмады ма — тыйылды, әйтеуір. Ақыры, Байзақ датқаны Қоқан өлтіріп тынды... А, мынау сұмды-ы-ық. Біздің Қайыптан көптен бері хат жо-о-оқ. Соңғы хаты, міне. Айтпақшы, қарап отырғанша, жол қысқарсын, сен осыны тағы бір оқып берші.

Аталық атам көнетоз қара барқыт бешпенттің омырауын ағытып, тер сіңген бозғылт тік көйлектің өңіріне қолын салып жіберіп, сол қолтығының астындағы жапсар қалтадан тәспісін суырып алды, тәспіні Аталық атамның соншама «қылует» жайға жасырғанына таң қалдым. Қара ала моншақтар тізбегін үшбұрышты қайыс тұмар түйіндепті. Аталық атам тәспіні әлгі тұмармен қоса уыстап тұрып әуелі маңдайына басып көзін сүртті де, қайыс тұмардың бір жақтауын сөгіп жіберіп, қос саусағымен бүктеулі қағаз суырып алды. Үшбұрышты хаттың бүктеуін жазып, әуелі емірене ерніне тигізді. Қолы қалтыраңқырап маған ұсынды.

— Мә, тағы бір оқышы.

Аталық атамның әлгі қағазды мен жыртып алатындай немесе абайсызда жел ұшырып әкететіндей сезіктене ұсынғаны сонша, менің де қолым дірілдеп кеткендей болды. Шынында да, бүктеуі ыдырай бастаған екен. Аса абайламаса, Аталық атамның сескенгеніндей-ақ. Бүктеуін ықтияттап жазып болып, арбаның алқымынан құлап кететіндей шегініңкіреп отырып, оқи бастайын деп едім, құрығыр доңғалақтың шоқандауынан хаттың

әріптері секеңдеп, әуелі көзім үйрене алмай-ақ қойды. Аталық атам мені сауатсыз деп ойлады-ау деп тағы қысылып, тәмбек мұрнымның ұшы тершіп кетті.

«Амандық хат» — деп айқайлады. Әйтпесе есітпейді. — Алтыннан ардақты, күмістен салмақты атамыз бен анамыз, жан бауырым Сүлеймен, қарындасым Ханзада! Аман-есен туған жерде өкімет пен партияның тапсырмасын абыроймен атқарып жүріп жатқан боларсыздар... Менен амандық сұрасаңыздар, Отан алдындағы борышты абыроймен атқарып, автоматты қолға алып, жалмауыз жаудың жазасын беріп, Курск деген жердің қырғынынан аман шығып, фашистерді шетіндіріп бара жатырмыз. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген рас екен. Курскіде көп боздақтар қыршынынан қиылды. Сол сойқаннан оққа ұшпай қалған мен енді өлмейтін сияқтымын. Көп жазуға уақыт аз. Кезекті шабуыл алдындағы сәл тыныста жазған сәлем хатым осы. Бір құдай өзі жар болып аман жүрсем, Сталин жолдастың бұйрығын орындап, жауды күйретіп, содан соң қол босаса, бұдан гөрі ұзағырақ етіп жазармын. Бір тәңірі бізді өлмей-жітпей көрісуге жазсын. Аман болыңдар, бауырларым! Окоптан жазған — гвардияшы Қайып Аталықов. 1943 жыл, 17-тамыз».

«Неге үндемейді?» деп Аталық атама қарасам, аппақ сақалынан тарам-тарам жас ағып, жылап отыр екен. Хатты қайтадан бүктеп қолына ұстаттым. Үнсіз отырып, қағазды сипап-сипап, қайыс қалтаға қайта салды. Содан бір уақытта:

— Бүгін шісләнің қаншасы? — деді.

— Он бесінші август ғой.

— Оббоу-әкпар-ай, бір жыл болып қалған екен ғой! А!

Мен ештеңе дей алмай тұқшидым. Бір жылдан бері хабар-ошар болмаса, әрине... тегін емес.

Аталық атам көзін сығырайта тау жаққа қарады:

— Адам баласы әсте астам сөйлемей керек қой. «Енді өлмейтін сияқтымын» дегені несі-ей байғұстың? Аузына әзәзіл салып тұр

гой сол сөзді. Құдайдың құдіретіне қарсы шыққан қандай хайуансың! Қай-ы-еп!»—деп дауыстап жіберді.

Аталықтың айдалаға айқай салғанынан сескеніп, тұла бойым дір ете қалды. Алыстағы Қайып есітіп тұрғандай айқайлағаны несі?

Мезгіл түс әлетіне таянды. Күн шақырайып, ыси түсті. Тіпті әлдеқашан иесіз қалған тас қораның дуалында көк қарға да аузын ашып, алқынып отыр.

— А?! — Аталықтың аузынан жалын атып шыққандай болды. Тіпті жолдан едәуір қашықта отырған көк қарға да қалбаң етіп сасып қалып, есін жиып, ұша жөнелді.

Жай «а» емес, «А?!» Күрсіну де емес, әлдебір қаһарлы сұрақ, әлдебір айбынды бұйрық.

Енді «А?!» демесе екен деп тілеп келемін. Қорқынышты. Итқонақ, мысыққұйрық аралас өскен бетегелі, беделі, жабайы жоңышқалы өзектің үстінде құладың құс қалықтап жүр. Бөденеден басқаға шамасы келмейтін құладыңның да күнкөрісі қиын. Қанат қағып қалықтауында бір қайғының, мүсәпірліктің табы бар.

Айналаның бәрі мұңға душар болғандай, дүниенің қабағы кіртиюлі. Құлазыған дала, тамақ іздеп қаңғырған құладың құс. Жас бала, бүкір шал. Тек Аспантау ғана айбынды. Соған қарасаң ғана еңсең көтеріледі. Аспантау сені үнсіз асқақтатады. Еңседей бойын өмірі жаза алмайтын Аталықтың өзі тауға қарап: «А?!» дегенде бүкіші жазылып кететіндей көрінеді.

Содан соң Аталық атам ыңылдап ән салады. Қазақша ма, қырғызша ма — айыра алмаймын.

«Кім білер кімнің арманын,

Таразы білер салмағын.

Өтіп кетсе жас өмір,

Арманда болып қалмағын.

Өкінерсің, қаларсың,

Өткенді қайдан табарсың.
Өтіп бір кетсе жас өмір,
Қарызға кімнен аларсың?»

— Түсіндің бе-ей, қызталақ?—дейді менің бағанадан состиып отырғанымды байқап, көңілімді ауламақ болып.

Аталық атамның маған қарап мейірлене жымығанын көріп, көңіліме сәуле түскендей болады. Сөйтсе айнала төңірек соншалықты жабырқау, жылауық емес екен. Құладын құс қуанғаннан бір-екі рет әуеде аунап түсіп, ойнап жүрген сияқты. Жол жиегіндегі бұзылған үйлердің орнына қау болып тұнып тұрған алабота мен қара сораның арасында отырған шекшектің шырылы да сонша мұңды сияқты емес. Бірақ бір әуенді қайталай береді. Бұзылған дуал басында қарлығаштар ошарылып отырып-отырып, бір кезде кенет ду көтеріліп, қиқы-жиқы, алқын-жұлқын айналып ұшатынды шығарды. Сірә, қайтатын болар.

Қарлығаш жарықтық атамекен үшін құрбандыққа дайын құстың бірі ғой. Биыл осы жақта туған балапандар келер жылы қалайда өз туған жеріне қайтып оралуға жанын бағыштар. Талайы Отанына жете алмай, шексіз мұхит үстінде қанаты талып шейіт болар. Ал жеткені жетісіп, ішегін тарта ән салып, көмейінен күй құйқылжытар.

Қанатынан қайырылып жығылмаса, қайтып та келер-ау. Бірақ анда-санда оқыстан Аталық атамның «А?!» дегенінен қорқамын.

* * *

Түс ауа Тобышақтының ну орманына да келіп жеттік-ау. Сірә, осы орманды ауылдың бастығы болар, оң көзі қыбыр етпей тасырайып қалған, қызыл шырайлы, бурыл сақал, галифе қара барқыт шалбарлы кісінің Аталық атама ықыласы қатты түсті. Амаңдық-есендік айтып, жатып жастық жайылып төсек болып

елпек қақты. Аталық атамның өте сыйлы екенін сонда байқадым. Кейде ауылда тілін алмай, «Әй, керең, бүкір шал» деп күңкілдейтініміз есіме түсіп, өзімнен-өзім бетім дуылдап кетті.

Шай ішіп, жан шақырған соң, Аталық атам тосаң құлақ кісінің әдетімен айқайлап:

— Уа, Сағымбек, біз енді жүрелік, әлгі ағашы бар болғырды тиеп бер, — деді.

— Оу, Атаке, күн еңкейіп қалды. Өгізбен тасбақаша қыбырлап сен жеткенше түн болады. Бүгін қон да, таң аздаңда аттан, — деді Аталық атамның құлағының сырын білетін Сағымбек қария да сәмпылдап сөйлеп.

Аталық атам баяғы үнсіз күлетін әдетіне басты. Өзінше үнім шығып тұр деп ойлайтын болар, бәлкім, даусын шаңқылдамасын деп өзін-өзі тежегеннен де үнсіз күлкі туатын шығар, кім біледі...

— Әй, жазған бауырым-ау, қона жату қайда қазір? Қалқоздың бар тауқыметін көтеріп тұрған мына екі өгіз. Бүгін жетпесек, ертең жұмыс тоқтап қалады ғой, батыр-ау. А, мына ағашыңды ертелеп апармасақ әлгі құлаған мектеп уақтылы бітпейтін көрінеді. А, балалардың оқуы таяп қалған көрінеді. Оқу басталып, мектеп айра-жайра болып жатса — ұятта. Өлім ғой. Әкелері, ағалары соғыста екен деп, балаларды оқытпай қоямыз ба? А?! Боздақтар соғып беріп кеткен мектептің опырылып жатқаны ырымға жаман ғой.

Осы үлкендер де қызық. Шолақ Саяқұлды айтамын-ау: әуелі түсіндірмей ме, қайда, не үшін барасың. Енді байқасам, мына менің жұмысым — өзіміздің мектептің ісі екен. Биыл көктемде қар аралас қалың жаңбыр қатарынан екі-үш күн төпеп, содан бір күні мектептің бір жағының төбесі опырылып ортасына түсіп кетіпті. Құдай оңдағанда, түнде құлапты, күндіз болса ғой бәрімізді басып қалар еді. Онда мен қазір Аталық атама еріп, Тобышақтыға келмес те едім. Ой, Айша сорлы

жылар еді-ау сонда. Жайшылықта ғой ұрсып, бір сәтке асық ойнап кетсең де көсеуді ала салып: «Жетпей желкең қиылғыр!», «Жер жастанғыр!», «Жуадай солғыр, жүгермек!», «Асықта басың қалғыр, асық сенің не теңің?!» деп қарғап-сілеп, қуалайды ғой. Ал құлаған мектептің астыңда қалғанымда... өзі айтқандай: «Он үшке келмей, он үш кесектің астыңда» — қалғанымда... Көрер едім сонда Айшаның қалай аңырағанын. Мен де қызықпын-ау, өліп қалсам — қайдан көремін? Өлгендер тірілердің аңырап жылағанын сезе ме екен? Сезді—аяныштан қайта тірілмес пе еді. Сезді—Қайып мына Аталық әкесінің: «А?!»дегенін естіп, қияннан ұшып жетпес пе еді... Қой, ойбай, қай-қайдағыны, «Қайып елді» деп кім айтты саған?!

Менің бұл жаман ойымды Аталық атам сезіп қалды ма деп қатты қысылдым. Сездісе керек, бүкіш беліне таяғын қос қолдап ұстап, Сағымбектің шыны кезіне әнтек қарап қалған екен. Жауап күтіп тұр.

— Жарар, Атаке, айтқаның болсын. Әшейін, күн кеш, жаман шал, жас бала, түнде қиналып қала ма дегенім ғой. Қазір шал-шауқан, бала-шағаны жинап, арбаңа ағашты тиетіп беремін, — деді Сағымбек.

* * *

Арбамыздың ауру тіс сияқты сол жақ артқы дөңгелегі енді шақылдағаны былай тұрсын ыңыранатынды шығарды. Жүк ауыр. Шамасы, отыз-қырық терек артылды-ау деймін. Жуандығы қарағайдай болмағанмен, соған жедеғабыл бөренелердің сирақтары сидиып, арбаның арт жағында салаңдап, жер сызып жатыр. Екеуінде пілдің күші бар ала бас өгіздердің көнтері болған шоқтықтарын ағаш мойынтұрық мейлінше жаншып келеді. Біздің колхоздың мақтанышы сияқты қос жануар ұятқа қалмайық дегендей Тобышақтыдан ұзап шыққанша сыр берген жоқ.

Қайран соғыс жылдарының өлермен өгіздері... Осы күнгінің балалары өгіз дегеннің не екенін тіпті колхозда да біле бермес. Ал біздің балалық шағымызда өгіз деген қазіргінің «К-700»-ы еді ғой!

Ақсу-Жабағылының бір пұшпағы — Тобышақты тоғайы қарауытып артта қалғанда, күн де ұясына қонып, оның қан қызыл сәулесі батыс әлемін перделеп, Аспантаудың ақбас шыңдарын да қанжылым бояуға малды. Тобышақты басында туырлықтай тұтылған қара бұлт реңкі де қызғылтым тартты. Бірақ бұл қызғылт арай әлем лезде лайланып, батыстан түксиген қара бұлт қоюланып, аспанның шығыс шебіне шабуылдап келе жатқан. Өне-міне дегенше айнала-төңірек қараңғы тартып, біз пір тұтатын Аспантау да көрінбей қалды-ау.

Ала жаздай бір тырс етпей зарықтырған жаңбырдың алғашқы тамшылары желкеме келіп тигенде, тұла бойым шіміркеніп, басымды иығыма тығып, бұға қалдым.

Шығысқа қарай шұбатылып, бозалаң сұлбесі көрініп жатқан қасқа жол әй деп, бүй деп болғанша, қара шұбарланып шыға келді. Алабас өгіздер шыбын шаққандай құлақтарын қағып қойып, тырмысып келеді. Енді бір сәтте қара шұбар қасқа жолдың май топырағы сабындай жылпылдап лайсаңға айналды. Ыңыранғанның көкесі енді болды.

Аталық атамды ашқарақ деп айта алмаймын. Бірақ жарықтық әлгінде Сағымбекке:

— Сала түс, сала түс. Мектептің төбесін жабуға жетпей қалып жүрмесін. Артылса — артылсын, кем болса, саған тағы келіп жүреміз бе, — деп, шамамша, он шақты теректі артық тиетті-ау деймін. Алабас өгіздер қанша піл болса да, енгігіп, өкпелері өше бастады. Жарымжан арбаның тұла бойы сықырлап, дімкәс дөңгелек енді сытырлайтынды шығарды.

Аталық атам үндемейді. Сірә, бөренелерді артық тиеткеніне енді өкінді ме, кім біледі, арбаның арт жағына

бұрылып қарап-қарап қояды. Артта ұзын теректің сирақтары жер сызып, қара батпақ жолды айғыздап, ақ жолақ салып келеді. Сөйтіп, не керек, күндіз өзіміз аялдап, суыр атқан сайға да келіп жеттік-ау.

— А, қызталақ, — деді Аталық атам мені бүйірімнен түртіп қойып. — Аруақ, құдай қолдап, осы сайдан өтіп кетсек, жол ылдига қарай бұрылады. Жүріс жеңілдейді, қиналмай жетеміз. Құдайға сиын, Барсхан! Ата-бабаңның аруағына сиын. Арбадан түс те, өгіздердің бас жібін ал, арғы қабаққа көтерілерде — алға тарт, о да болса демеу. Мен қамшылап отырайын, сәтін салса, шығып кетеміз. Ә, айтпақшы, Барсхан-ай, мә, мынаны сен мойныңа тағып қойшы, алқын-жұлқында мен жоғалтып алам ба, — деп, жерге түскен маған тәспісімен қоса үшкіл қара тұмарды қойнынан алып берді.

— Жоғалтып жүрме-ай! Айтпақшы, әлгі өзің атқан суырды Сүлейменге беруді ұмытпа!

— Е, өзіңіз бересіз ғой.

— Ай, құлыным-ай, менде қайбір ес бар дейсің. Ақыл жоқ қой атаңда. Ұмытпа! Егер-кім, Сүлеймен сендей сау жүрсе, қазір өліп кетсем — армансыз болар едім мен бейбақ. Қайтейн...

Бергі қабақтан түсерде өгіздердің алдына шығып «так-так» деп «тормоз» берген боламын, бірақ төбеден ауыр арба ылдига құлдилағанда, өгіздер қанша тежесе де мойынтұрық лықсып келіп, шаңырақтай мүйіздеріне тіреліп, жануарлардың басын жұлып түсе жаздайды. Дедектеп, өгіздердің аяғының астына қала жаздап, табан судан қалай кешіп өткенімді де білмеймін. Енді сол екпінмен арғы бетке шапшып шығу керек. Жаңа ғана өгіздерді тежеп қан-сорпа болсам, енді олардың бас жібін тартып, қабаққа қарай тырмысу керек. Қос өгізді, төбедей арбаны қияға жалғыз өзім жұлқып шығатындай, ышқына тартамын. Лайсаң жолда жалаң аяғым сабын үстінде тайғанақтағандай, табан тірерге бір бұр жоқ.

— А! А?! Е, құдай, уа, аруақ! — деп Аталық атам да өгіздерге қамшыны басты-ақ. Қабақтың бел ортасына көтерілгенде, садақтың адырнасындай керіле тырмысқан қалпы өгіздер тоқтады да қалды. Басжіпті тарта-тарта табаным тайғанақтап барып, өгіздердің аяғының астына сұлап түстім. Сол-сол екен, о сұмдық арба көткеншектеп кете барды. Кәрі кісі арбадан қалай қарғып түскенін білмеймін. Аталық атам көліктің сол жағына иығын тосып тоқтатпақшы болып жанталасты. Бір кезде әлдене күтір-күтір сарт ете қалды да, арба бір жағына қисайып, таңғыш кеңдір арқаны үзілген бөренелер сауылдап жерге түсе бастады.

— Самиянды шығар! — деген даусын естіп қалдым Аталық атамның. Алас-құлас мойынтұрықтың самияндарын шығарып үлгірдім. Әйтпесе ауған арба өгіздердің мойындарын қайырып жіберер еді. Өгіздерді аман алып қалдым-ау. Аталық атам қайда?!

— Ата! Ата!

Дыбыс жоқ. Құлаған ағаш жайыла шашырап, арбаның дөңгелектері аспанға қарап қалыпты. Артқы дөңгелектің құрсауы да, шабақтары да жоқ, тек күпшегі көрінеді. Әлгіде қираған сол сойқан екен.

— Ата! Ата!

Үйме ағашты айнала сүріне-қабына шырылдап жүгіріп жүрмін. Түп тастай қараңғы, жауын толастамай төпеп тұр. Үстімде киім бары-жоғы сезілмейді. Үсті-басым малмандай батпақ. Ағаштарды бір-бірлеп ығыстыра бастадым. Екі кісі бас-аяғынан ұстап әрең көтеретін бөренелер тым ауыр. Етпетінен жаншылған атамның басы мен жауырынын сипалап таптым.

— Ататай, шыда! Мен қазір бәрін аударып тастаймын, — деп бөренелерді жуан жағынан тырмыса-тырмыса көтеріп, бір шетке лықсытып жатырмын.

— Ататай! Ата!

Ыңырсыды. Бөксе жағы әлі ағаштың астында жатыр. Беті балшыққа батып кеткен, әйтеуір, басын түзеп, су-су көйлегімнің стегімен бет-аузын сүрткен боламын.

— Ататай! Ата!

Құлындай шырқыраған даусым, бар болса, құдайдың құлағының жарғағын жарып жіберердей шырылдап шығады. Құдай естімесе де, адам естіді ме екен, арт жақтан шапқан аттың дүбірі келгендей болды. Рас екен, балшық жолдың батпағын шалпылдатып, сайдың арғы бетінен бір атты кісі бері қарай құлай берді.

— Ә, сорлылар, қирап қалыпсыңдар ғой. Осындай пәленің боларын іші түскір сезді ме, үйде отыра алмай, арттарыңнан шығып едім, — деп Сағымбек ақсақал атынан аунап түсті.

Екеулеп жатып, Аталық атамды ағаштардан аршып алдық. Етпеттеп жатқан жерінен аударып, шалқасынан салғанда: «А?!» — деп даусы ышқына шықты. Маған оның бойы ұзарып кеткен сияқты көрінді. Бүкірі, сен көр, мен көр, мүлде ғайып болғандай.

* * *

Сағымбек ақсақал екеуміз төңкерілген арбаны итеріп жатып, дөңгелектеріне қайта тұрғызып, өгіздерді қайта жегіп, қабаққа шығарып қойдық. Қираған дөңгелектің күпшегін көтеріп, астына еңкіші деген бөрененің біреуін тертеледік. Бір-бірлеп бөренелерді тасыдық.

Бөрене сүйреткеннен Аталық атамды көтеру жалғанның қиыны болды-ау. Қимылдап кетсең — ыңырсыды, бебеу қағады. Өлдім-талдым деп жатып, бөренелердің үстіне шалқасынан сұлатып салдық.

Ылди жолда өгіздер қиналмай тартып келеді. Ат үстінде — Сағымбек ақсақал, бөренелер үстінде шоқиып мен отырмын. Дүлей жауын басылған. Аспан ашылып, ай нұрланып,

жұлдыздар жымыңдап жарқырайды. Қара жолдың сүлдесі адастырмай анық көрінеді.

Мойнымда қара тұмарлы тәспі моншақ. Алдымда атылған суыр. Сүлейменге бермекшімін. Ау, осыдан Аталық атам оңалмаса, қара тұмарды кімге беремін? Білмеймін. Сұрасам ба екен деп Аталық атама қараймын. Көп бөренелердің біріндей болып, ұзыннан-ұзақ сұлап жатыр. Осыдан ол да бөренелермен бірге біздің мектептің төбесіне төселіп, бір шетін тіреп тұратын сияқты көрінеді.

Үш дөңгелекті ақсақ арба енді мектебі бүтінделетін ауылға қарай ілбіп келеді. Көңілім өксиді, көмейім лықсиды, бірақ көзімде жас жоқ. Қан майданнан контузия болып қайтқандай безеріп қалсам керек...

ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ ЖАРА

Кесепаттан аман болса, адамдар көп жасар еді. Бірақ күнді түн аңдып тұрғаны сияқты адамды да анадан туар-тумастан қырсық аңдиды да тұрады. Бұл ретте адам теңіз тасбақасымен тағдырлас. Теңіз тасбақасы суда өмір сүрсе де, жұмыртқасын құмға салады. Обалы не керек, теңіз тасбақасы көп жұмыртқалайды. Бірі болмаса бірі аман қалар деген үміт пе, әйтеуір, бір маусымда отыз-қырық тұқым табатыны рас. Ал сол отыз-қырықтың бәрі балаласа, теңіз тұрмақ, жер бетіне тасбақа сыймай кетер еді. Қайдан болсын...

Тасбақа жұмыртқасының жөргегі ып-ыстық құм ғой. Обалы нешік, құм-жөргек жетім жұмыртқаларға ана орнына ана болады-ақ. Жетім дейтініміз — теңіз тасбақасы жұмыртқаларын құмға салып болысымен-ақ көз жасын қол қылып, суға қарай сүйретіледі. Оған сусыз өмір сүру жұмыртқалап болғанша ғана берілген. Жұмыртқалап болдың екен, тезірек теңізге жет, әйтпесе өлесің.

Қатал заң солай. Ендігі жерде ол тұқымдарына пана бола алмас. Жетімдері құм-жөргекке аманат.

Құм-жөргек тасбақаның жұмыртқаларын қымтап-қымтап бауырына басар-ау, ай-күні жеткенде бармақтай-бармақтай балақайлар құм-жөргекті тесіп шығып, ата-бабадан хатсыз қалып келе жатқан ақыл бойынша, яғни өмір заңы бойынша тырбаңдап, тіке теңізге қарай асығар. Әне, бәленің басы осы құм мен теңіз арасында. Әлі сауыты қатпаған балғын тасбақаның етіне жерік жалмауыздар жан-жақтан андыздап берер. Қарақұс қаптап, жыландар сумаңдайды. Құм-жөргектен жаңа шыққан қызылшақа тасбақаларды қырып береді. Теңізге талықсып жетіп, суға сүнгітіндері бірен-саран. Ал енді сол суға аман-есен жеткендері жыртқыш балықтардан сау қалса, теңіз тасбақасы екі жүз, үш жүз жыл жайбарақат жасай береді.

Адам да көп жасар еді. Кедергі көп. Кеше ғана Асаннан қара қағаз келді. Қағазға қап-қара қайғы орап жіберіпті. Ал сол Асан оқ тимесе, ең кемі жүз жасайтын қара нардың өзі еді. Жарасы тырнақтай-ақ болса да, оқтан өткір ажал жоқ.

Ағаш та адам тақылеттес. Тамырына балта, өзегіне өрт тимесе, жұлынын құрт кемірмесе, жасын түсіп жайрамаса — ағаш кеп жасайды. Алатаудың Ташкентке жетер-жетпес құйрығында жатқан жаннаты Бостандық жерінде бір шынар тұр. Өзбектер тақта қағып, жазу жазып қойыпты. Сөйтсе сол шынарды Ақсақ Темір көрген екен. Ақсақ Темірден бері қай заман! Ақсақтың сүйегі баяғыда-ақ қурап қалды. Ал шынар әлі тұр. Кесір-кесепаттан аман болса әлі талай жасамақ.

Әлдеқалай жолың түсіп Молдавия бара қалсаң, Кишинев деген астанасының дәл ортасындағы бауда Пушкин көрді деген бір ағаш тұр. Оның да паспорты бар...

* * *

Дәл сондай Байшынар біздің Мыңбұлақтың Шоқыбас сайының өңірінде де бар. Мыңбұлақ Бостандық емес, әрине. Табиғаты да қаталдау. Шынар жарықтық сонда да өскен.

Ал бұл ағаштың паспорты өзгеше. Қаңылтыр тақта қағылмаған, жазу жазылмаған. Бұл шынардың ен-таңбасын адамдар тарих қамын ойлап салған жоқ. Тарих қамын ойлау қайда...

Ақпан айының «ақ мылтығы» фашистердің оғындай қаңғыбас, қағынды болатын. «Ақ мылтық» әсіресе қырық үшінші жылдың қысында құтырып кетті. Батыстағы қара мылтықтан қалыспаймын дегендей, апталап алты күн қатарында соғатын сойқанды шығарды. «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен». Мыңбұлақтың бөрісі боран болды.

Мыңбұлақ отқа жағары таусылды. Ақ боран азынап тұрса, отын таусылып, пештің қуысы уілдеп ұлып тұрса, адам байғұс өз сирағын шауып жаққысы келеді екен. Ал бірақ өз сирағын өзі шаба алмайды. Енді не істейді?

Сұрапылдан бетер азынаған азын-аулақ малға адамдар тоқал тамдарынан бұғатындағы ескі қамыс пен сабанды суырып бере бастады. Бұғат ағаштың өзін отқа жақты. Ал бұғат ағаш пен бұғат қамыс таусылғанда не істейді жұрт?

Соғысқа дейін бұл ауылда түтін басы сайын бір-бір киіз үй бар еді. Бәрі бірдей алты қанат ақ боз үй болмаса да, әркімнің басына шошайтары бар болатын. Сәуір туа сол үйлер Аспантау алқымындағы қызғалдақ жамылған жайлауға көшетін. Көшпенді өмірдің соңы сол болған шығар, өйткені қырық үштің қысында жұрт киіз үйлерінің сүйегін — керегесін, уығын отқа жаға бастады. Бұл жақсылық емес екенін біле тұра, бүгіннің өлмес қамын ойлады. Ертеңнен де үміткер: ертең соғыс бітер, ақ жарылқап күн туар, сонда киіз үй де табылар деген. Бірақ соғыстан кейін ешкім қайтып киіз үй тікпеді.

Бұл елде бір кезде киіз үйлер болғанының еміс-еміс елесі ретінде әлі күнге дейін кейбіреулердің мал қорасының төбесінде

көне шаңырақ ілулі тұрады. Соғыс пен боран қанша қасарысса да мыңбұлақтықтар киіз үйдің шаңырағын отқа жағуға дәті шыдамаған. Шаңырақ жағылғанша, сирақтың шабылғаны артық.

Отқа шаңырақты қимаған жұрт Мыңбұлақтың қарқарадай қасиеттісі, бөркіндегі үкідей аяулысы — Бахтияр-баба бағына ауыз салып, балта шаба бастады. Әуелі бір-біріне: «Әй, аруақ-құдайдан қорықсаңдаршы», деп еді, артынан бұл сөз отын болмайтынына көздері жеткен соң тілдерін тістеп, Бахтияр бағына жаппай тиіскен. Әуелі майда шілік қиылды. Содан сүмбіл тал, мәжнүн тал, сөгеті тал сөгілді. (Енді киіз үйге уық-кереге қайдан болсын!). Артынан ақ терек, көк терек қырқылды. Ал айналасы тып-типыл жалаңаштанып, жалғыз өзі аспандап қалған Байшынарға балта шабуға ешкімнің батылы бармады.

Сүмбіл талды балтамен отаған түні әлдекімдер боран арасынан ыңырысып, кейде шыңғырып жылағандай болды деседі. Тал да жан жоқ болушы ма еді, бар ғой. Бірақ оны біліп-түсіну үшін адам сезімі әлі жетіліп болмаса керек. Адам баласы әлі балаң шақта шығар. Әлі ақыл-есі толыспаған болар. Ал тал-дарақ дүниеге адамдардан әлдеқайда ерте келген. Өзінен көп кейін туған адамға сая болғаннан басқа, қару-жарағы, тіпті туасы қара бесігі болғаннан басқа жазығы жоқ. Жасыл жапырақ жайып, ауаны жұпарымен байытып, адам тынысын ашқаннан басқа, бауыры иіп, тамырынан бұлақ ағызғаннан басқа не кінәсі бар? Ағаш баласы өзінен-өзі адамға барып тиісіпті, басын жарып, көзін шығарыпты дегенді ешкім естіген емес.

Бахтияр бағында жазда бүлдірген елжіреп пісіп, пісігі өтіп кеткенде езіліп, қызғылтым жылға болып ағар еді. Тал-талдың арасында баланың бөркіндей қозықұйрық тұнып тұратын. Қозықұйрықтың қадірін орыстар мен немістер біледі екен, Боранды бекеттен келіп, қап-қабымен алып кететін.

Бахтияр бағының шипалы шөптерінің шапағатын Мыңбұлақ халқы Кенжегүл кемпірден көрер еді. Кенжегүл кемпір

орманнан шәйшөп, дермене, күшала, шашыратқы, адыраспан, киикоты, теке сақал, қылша, көкемарал теріп, ылғи да:

Әккәй, гәккөй-ай,

Кәгда солдат, дамой-ай, —

деп ыңылдап жүргенде, ешкім елемейді де, бала-шағасына тұмау, көкжөтел тиіп, дімкәстанса-ақ болды, Кенжегүл естеріне түсіп, тәуіп кемпірдің жартыкеш үйіне қарай жүгіретін.

Бау іші тола түйежапырақ өсер еді. Түйежапырақ — Мыңбұлақтың соғыс кезінде жанып кеткен киіз үйлерінің туырлықтарындай қалың бозғылт болып келеді. Сансыз құстардың саңғырысынан түйежапырақ ақтаңдақтанып жатар еді. Жапырақ саңғырықпен қоса шіріп, топыраққа сіңіп, жерді тыңайта беретін. Кейін-кейін колхоз сол жерді жыртып, картоп еккенде, бұрын-соңды еш елде, еш жерде болмаған өнім алып, звено бастығы, Герой атанды ғой.

Қайран Бахтияр бауы... Қысы-жазы құс базар сонда. Әсіресе жаз баласы құстың салған ұясы көп пе, әлде ағаштардың жапырағы көп пе – айырып болмас, ну еді. Ертеректе қаршыға, ителгі, тұрымтай ұялайды екен. Әсіресе үкі көп болады екен. Ал үкі жүрген жер киелі деседі. Үкіні қыз-келіншек, сал-серілер тек сәндікке ғана тақпас. Сәндік үшін үкіден гөрі қырғауылдың яки көкқарғаның қауырсыны әлдеқайда әдемі емес пе. Бірақ қырғауыл тағып жүрген кім бар? Үкі бойтұмар сияқты ертеден қалған бір наным ғой. Біз білмейтін қасиеті бар шығар. Ол киелі деседі.

Сол соғыс Мыңбұлақ бөркінің төбесіндегі бір шоқ үкіні де үйітіп жіберді. Жалғыз шынар — әскері түгел тып-типыл қырылған генералдай состиып, есеңгіреп тұрған. Ойрандалған орманның орны ойқы-шойқы, аш қасқыр жеп кеткен есектің қабырғасындай ырсып-ырсып жайрап жатты.

Бауырларынан айырылған Байшынар енді боранды, желді күндері күңіренеді. Бұрын жан-жағында жағалай жамағайыны барда Байшынардың шуылы көпшілікпен

араласып, жеке-дара білінбейтін. Енді оның үні керек құлаққа да шалынатын болыпты. Бүкіл орман шуласа — тұтас ғасырлар әуеніндей, бір қимас қисса жырланып жатқандай құлаққа жағымды естілетін.

Байшынардың ендігі үні — нағыз жоқтау: ежелгі ересен жоқтауды ұмытқан соғыстың жесір әйелдерінің кемістігін осы Байшынар толтырмақ болғандай ыңырана теңселіп тұрып боздайды, жарықтық.

Бахтияр бауы — Мыңбұлақтың омырауындағы зүмірет алқатанасы. Орман ортасында қой қораның аумағындай көлшік бар болатын. Жазда көкқасқа бақалар қойдай шулап, тіпті көк ала үйрек те ғайыптан келіп қонған. Шынашақтай-шынашақтай шабақ балықтары да бар еді. Көлшік жағалай үкілі қамыс, мәжнүн тал тұнық суға төніп, өз суретіне өзі сұқтанып, өмір бойы мұңайып тұратын. Мәжнүн талдың суға тиер-тимес солқылдақ шыбығына зымыран құс пен зарғалдақ ұя салар еді. Сөйтсе ол жерге жылан жете алмайды екен ғой.

Жылан жете алмайтын жерге желөкпе, сылқым инелік барып қонады. Судағы суретіне сұқтану — оның да осал жері. Жұдырықтай ғана ұясында жұмыртқа басып жатқан зымыран құс дәл тұмсығының астында отырған инелікті көріп шыдай алмай, жылтың етіп ұясынан зымырап шығып, әлгі аңқау, сәнқой инелікті қақшып алады. Біреудің аңғырттығынан біреу пайда табу қиянат-ақ. «Біреу өлмей, біреу күн көрмес» деген сөзде көп сұмдық бар. Жыланнан қорқып, ұясын мәжнүн талдың суға төнген солқылдақ шыбығының ұшына салып, шыбын жанын шүберекке түйіп жүрген бас бармақтай зымыранның өзі маса-шіркей қақшып тамақ асырайды. Ал сойтадай инелік ұстау зымыранға соғым сойғанмен бірдей ғой. Ылдида сиыр мөңіресе, таудағы арқардың мүйізі сырқырайды. Дәл сол қыста фашистер Смоленскіні тастап қашқанда, айнала ну орман танкілердің таптауынан, зеңбіректердің снарядынан, аспаннан жауған бомбалардан жапа шекті.

Бахтияр бауына бомба түскен жоқ, снаряд жарылған жоқ, танк таптаған жоқ. Бірақ бұл тып-типыл болды да, жар басындағы жалғыз таутекедей қасқайып Байшынар ғана қалды. Бәлкім, Бостандықтағы Ақсақ Темір көрген шынардың құрдасы шығар. Алыстан адамдар келіп, Байшынардың түбіне түнеп, бұтақтарына қызыл-жасыл шүберек байлап кететіні содан шығар. Қызыл-жасыл, сары-көк, ала-құла түрлі-түсті шүберектер жер шарындағы сан алуан мемлекеттердің жалауларындай құлпыра желбіреп тұрар еді.

* * *

Жуанқұл бадырақ көз, қалқан құлақ, еңсегей бойлы дәу қара кісі-тін. Ауылда ер-азаматсыз қалған көдедей көп әйел колхоз бастыққа әлдеқалай ызалы кезде:

— Германмен соғысқа неге осыны неге жібермейді? Дәу десе дәу, күшті. Жауды, жеңуге де күшті адам керек емес пе? — дер еді.

Орталарындағы кекселеу келген қуақы Баян бұлак етіп бір күліп алып:

— Кәмәсия көзі үлкендеп алмапты ғой, — дейді.

— Е, көзі үлкен болса — мерген болмай ма екен? — деп Сәрсенкұл деген адуын қатын екілене түседі.

— Байғұс-ау, көзі үлкен адам қорқақ болатын көрінеді ғой.

— Қорқақ болса, бізге неге қоқаңдайды, қараң қалғыр! —

Сәрсенкұл кішігірім самауырындай қызылшаны арбаға ашулана лақтырып тастап, шапши түседі.

— Ойбай-ау, аудандағы военком осы дәудің тамыры, әлгі тері жиғыш Дадабайдың баласы көрінеді.

— Е, бәсе, әйтпесе мұның жаны біздің азаматтарымыздан артық па, сондай бір бәлесі бар ғой...

Соғыс жылдарында колхоз бастық болған еркектер бақытсыздау. Әрине, ажалдың аузында, оқтың өтінде жүрмегені рас. Сөйтсе де олар әлденеден секемшіл, он екі мүшесі түгел бола тұра әлдеқалай мүгедектеу...

Бастықта іштей бір азап бар, жегідей жеген тозақы азап. Содан да болар, кейде Жуанқұл ауданға барғанда, Дадабай досының үйінен араққа сылқия тойып алып, боз айғырды қансорпа қылып, ауылға ақиланып қайтатын. Ондайда оның жолында ербиіп тұрмаған артық. Адам емес, албасты көргендей боз айғырға омыраулата таптап кетеді.

Бір күні Жуанқұл Дадабай досы екеуі ауданнан қос ат жеккен шанамен келді. Қастарында Қабасақал бар. Боз айғыр арбаның артына байлауды, Шана әдеттегідей бастықтың үйіне тоқтамай, Шоқыбас сайының өрінде Мыңбұлақтың кемтар ауылының сақшысындай болып тұрған Байшынарға қарай беттеді.

Бұл жүрісті жұрттан бұрын көріп қойған Кенжегүл кемпір жар басындағы жартыкеш үйінің үстіне ыршып шығып: — Аттан, Бахтияр, аттан! Бахтияр, Бахтияр! — деп айқай салды. Оның бұл алас-қалас ұранын Бахтияр-баба естіді ме, естімеді ме, ол тірі жанға белгісіз, ал тірілерден әлгі Кенжегүл кемпірдің әзірейіл даусын темір дүкендегі ақсақ Ахмет анық есітті.

Әзірге Мыңбұлақтан майданға кеткен алпыс азаматтан елге қайтқан екі-үш ақсақ-тоқсақтың бірі — осы Ахмет. Балдағына сүйеніп үш аяқтап, есіктің көзіне шығып еді, қызыл шұнақ аяз жалап тұр екен, қызуы бетін қарып-қарып алды. Алаулаған көмір шоқтан қып-қызыл темірді кеспектегі суық суға салғандай қарыды.

Ащы айқайына бүкіл ауылдан ербиіп ұста Ахмет шыққанын көріп Кенжегүл:

— Аттан, Ахмет, аттан! Германмен соғысып, аяғыңды аямағанда, енді саудагер Дадабай мен имансыз Жуанқұлдан қорқасың ба! Аттан! — деп жанталасты. — Ахмет! Бір аяғың немісте, бір аяғың кебісте. Аттан!

«Аттан!» дегенде міне салып шабатын аты жоқ. Жаяу талай жер. Әрі десе күртік қар. Балдақпен үш аяқтап жету қайда...

«Аттан!» дегенге ата жөнелмей, Ахмет «әліптің» артын бақты. Бақсы кемпірдің байбаламы рас екен: Жуанқұл, Дадабай, жандарында Қабасақал, ебіл-дебіл дереу іске кірісіп те кетті. Кісі бойы келетін өткір ара қыстың қызусыз күніне жарқ етіп бір шағылысты да, Байшынардың бауыздау алқымына барып тірелді.

Айбалта мен өткір ара жалаңдатқан үшеуді қосақтай бұғанда, үшеуінің жуандығы Байшынардың жуандығына жетпес еді. Үшеуі де масаңдау, әйтпесе жай арамен мұндай Байшынарды құлату оңай шаруа емес екенін білер еді ғой.

Мас болса да Қабасақал естілеу екен:

— О, алып қой мынау! Мұны қайтіп құлатамыз? — деп күмәнданды. — Құлатқанның өзінде қалай кеспектейсіз? Бір колхоз жиналмаса, біз тындыратын шаруа емес. Біз кім? Пілдің жанындағы тышқан сияқтымыз.

— Ай, Қабасақал, сол пілдің тышқаннан қорқатынын білмейсің. Әйда! — деп Дадабай араның бір басын өзі ұстады.

Байшынар көп заманды көрген. Көпті көрген көсем болады. Ал көсемдік қайғы-қасіретсіз, тағдыры тауқыметсіз болмас. Сондықтан да піл сауырлы қабығы қатпар-қатпар әжімге толы еді. Тауқымет тартқан, тіршілікте көп хикмет көрген адамның маңдайындағы әжімнен де Байшынар қабығының әжімі қалың болатын. Сол қатпар қабықтың өзіне алмастай ара әрең-пәрең із салды.

Мына үшеудің аузынан мұңкіген арақтың иісінен басқа бір түйір қоспасы жоқ саф ауа алғаш тартылғанда дір ете қалды. Ташкенттің базарындағы саудагер сарт матаны кездемеге салып-салып, дар-р-р еткізіп жыртып кеп жібергендей бір дыбыс тынық ауаны тіліп түсті.

Байшынардың тұла бойы дір-дір етті. Жауыр жарасына шыбын қонған аттың арқасы осылай дірілдер еді.

Жалаңдаған ара қасірет әжімді қалың қабықтан өтіп, жалаңаш етке тигенде, ара үнімен қосылып сыңсыған бір дыбыс бүкіл Мыңбұлақтың аспанында сусыды.

Әне сонда барып, ақсақ Ахмет темір дүкеннің алдындағы қисық арбаға шығып:

— Әй! — деп саңқ етті. Аязды ауада шымшықтың шиқ еткені тана мен сонаға естіледі. Ал ақсақ Ахметте біраз дауыс бар болатын, әрі десе жай айқай емес, іштен дүмпіп, атқи шыққан ашулы дауыс еді.

Байшынарды бауыздап жатқан үшеу темір ұста жаққа жалт қарады. Ақсақ Ахмет бір балдағын жоғары көтеріп, сілкіледі:

— Тоқтат, найсаптар!

Жуанқұл жолдастарына ыржия қарап:

— Ә-ә, — деді де қолын бір сілтеді. — Түк те жоқ, алаң болмаңдар.

Жар басындағы жартыкеш үйдің төбесінде Кенжегүл кемпір:

— Аттан! — деп даусы қырылдап барып үзіліп кетті.

Үні шықпай қалған шығар. Жартыкеш үйі өртеніп бара жатқандай, сатымен түсуге де дегбірі жетпей, күресін күртік қарға кемпір басымен секіріп түсті. Қолтығына дейін батып кеткен қардан әрең малтығып шығып:

— Алас! Алас! — деп қырылдап алға ұмтылды.

Жуанқұл, Қабасақал, Дадабай үшеуі кезектесіп, болат араны Бәйтеректің тәніне батыра түсті. Бірақ бірнеше жүз жыл жасаған шынар ағаш тым қатты екен: темірмен темірді кескендей бір сұмдық шиқыл шықты. Мына араның бұл сұрапыл ағашқа әл-дәрмені жетпейтіні белгілі болды.

— Мен Сібірде талай қарағайды құлатып едім, мынандай нәлетті көрген емеспін, — деді Қабасақал.

Сөйтіп ол басын көтеріп, маңдайының терін күректей алақанымен сүрте бергенде, жарқ етіп Аспантау көзіне

шалынды. Талай жылдан бері осы таудың бауырында өмір сүріп келе жатса да, оны Қабасақал тұңғыш рет байқағандай ішегін тарта таң қалды:

— О, құдайым-ай, міне, нағыз ара! Мына нәлет ағашты қырқуға әне анандай ара керек, — деп достарына Аспантауды нұсқады. Көбінесе бұлт бүркеп, мұнар тұтып тұратын Аспантау бүгін апшақ күмістей жарқырап, ап-анық асқақтап кетіпті. Шоқылы шыңдары араның қатар-қатар өткір тісіндей тізіліп тұр екен.

— Амал жоқ, ондай ара табылмапты, — деді Қабасақал Аспантаудың сұсынан сескенгендей, көзі тез тайқып, шалымы кетпендей дәу балтаны қолына алды. — Араның әлі келмейді. Балталаймыз.

— Кәне, кәне, шап. Сені текке жалдадық па, — деп Дадабай ұмсына түсті.

Араның ауа сусылдатқан ызыңы тыйылып, енді шаңқ-шаңқ еткен тажал дауыс шықты. Өткір балта ағаш тәніне кейде бірер сантиметр батып, кейде шаңқ етіп тайып кетеді. Тасқа тигендей тайып кеткен балта бірде Қабасақалдың тобығына қадала жаздады. Тағы да болса қалың пима жанын сақтап қалды. Енді Қабасақал аяғын алыс алшайтып тұрып, сақтана соғатын болды.

Балта тиген сайын, шынардың тоғыз тармақ бұтақтары мен одан өрбіген сансыз бұтақшалар болар-болмас сілкініп, дір-дір етеді. Бұтақшаларға байланған қызыл-жасыл, көк-сары шүберектер пейіштегі тотықұстың қауырсындарындай кемпірқосақ атып, желбірей түседі.

«Ұра берсе құдай да өледі» демекші, бір жерге қайырымсыз қара күш төпей берген соң, Байшынардың бүйірінен кәдімгідей үңгір пайда болды. Қабасақал ақыры әл-дәрмені бітіп, балтаны лақтыра тастап, тапталған жентек қарға отыра кетті. Отыра кетті де қара майдан жылтыраған фуфайкасының қалтасынан махорка алып, газет қиындысынан жуан орап, шишақпақ шағып, шылымын тұтатты. Ащы көк

түтін аузынан будақ-будақ шыға беріп, қалың қаба сақалдың арасына біразы сіңіп кетіп, қалғаны ауада қалқып жүріп, ғайып болып жатты.

Қабасақал басына бір керемет ой келгендей емпеңдей түрегелді де:

— Мен қазір... — деді.

Пимасы қарға малтығып, шанаға барды. Бағанадан бері мүлгіп тұрған аттар пысқырынып, құлақтарын қайшылады. Шанадағы шөптің астында жатқан дорбадан бір шиша жермай алып шықты. Жуанқұл мен Дадабай арақ екен деп қалып еді, Қабасақал ай-шайға қарамастан жермайды балта шапқан қуысқа түгел төкті де, отты қойып жіберіп, өзі тұра қашты.

Қуыстан қып-қызыл арыстан шапшып шыққандай отты шарлар лап ете қалды, артынша қара түтін бұрқ етті. Алғашқы қарқыннан соң от әлгі қуысты кеулеп, біразға дейін маздады.

— Ойбай, сорлы-ау, бүкіл ағаш өртеніп кетсе қайтесің? — деп Жуанқұл сасып қалды.

— Қайдан, — деп Қабасақал шылымды қарға түкіріп тастады.

Бұлар оттың әлегімен байқамаған екен, ойылған қардың сықыры жер сілкіндіргендей болғанға жалт қарасып еді, айнала толы адамдар анталап келіп қалған екен. Алдында екі балдағы қарға бойлай кіріп кетіп, арасынан жалғыз аяғы серең-серең етіп, Ахмет ұста келеді. Селеу шашты жайып жіберіп, екі қолын үкінің қанатындай қақырата сермеп, Кенжегүл кемпір зікірін салып, аттаңдап, азынап, омбы қарды теңіз кешкендей еседі.

Көбінесе түсініксіз зікірдің арасынан ара-тұра зәрлі қарғыс естіледі.

— Аяғыңа аш ішегің шырмалып, тобығыңа тоқ ішегің оралсын! Жұлыныңды қарабас аққұрт кемірсін!

Бастарын орамалмен шандып алған қатындар айыр, күрек, көсеуге дейін қаруланып, қаһарланып алыпты.

Жуанқұл, Қабасақал, Дадабай танкілер таптап кетердей жаман қорыққаны сонша, ара мен балтаны алуға да шамалары

келмей, шанаға таласа-тармаса мініп, жайбарақат жалығып тұрған аттарды аямай сабалап, көздерін ақилатып, зытып берді... Тек былай шыға бере Жуанқұл:

— Сендерді ме, сендерді трудармияға айдатам! — деп жұдырығын сілтеді.

* * *

Содан бері де қырық жылдан асып кетті. Енді бұл дүниеде Ахмет те, Кенжегүл кемпір де жоқ. Жатқан жерлері жаннат болсын!

Ал Жуанқұл әлі тірі. Баяғы Байшынар тірі, қасқайып тұр. Бірақ екеуі де жарадар. Байшынардың бір бүйірі әлі үңірейіп, қап-қара шор болып тұрады. Тоғыз тарау төбесі түгел жапырақ жайғанда, көлеңкесіне бір колхоздың адамы түгел сыйып кетердей әлі жайқалады, жарықтық. Тек қыста Шақпақтаудың атақты «ақ мылтық» дауылы соққандай, Байшынардың сансыз бұтақтары баяғыдай маңырап, шулап жатады. Сол қалың шудың арасынан құлаққа ыңырсыған сарын естіледі. Баяғы балта шапқан жара сықырлайды.

Сол кезде төсегінде Жуанқұл да бебеулеп жатады. Сонау қырық үшінші жылдың қысында ауданнан боз айғырды сабылтып, кештетіп келе жатып, Байшынардың тұсынан өте бергенде, шынардың бүйіріндегі үңгірден бір үкі қалбаң етіп ұшып шыққанда, боз айғыр кісінеп жіберіп шалқалай жалт бұрылғанда, Жуанқұл аттан тұңғыш рет қалпақтай түсіп, белі мерткікен. Омыртқасы опырылып, жұлынын қысып қалған деседі. Содан бері төсектен тұрмайды. Бірақ құдайдан күндіз-түні өлім тілесе де, құдай құлақ аспайды. Оны мүлде ұмытып кеткен сияқты. Өлім келмейді. Әсіресе дауылды түндері Жуанқұл сарнап шығатын көрінеді. Байшынардың ыңырсыған үніне үн қосып сарнайтын көрінеді. Жуанқұл айтқан көрінеді:

— Бәрі де өзімнен болды. Ешкімге налам жоқ. Тек тілегім — менің төсегімді Байшынар көрінетін тереземнің тұсына салып беріңдер, — деп тілейді.

Сол терезеден далаға көз салып Байшынарды көреді, одан әрі көк аспан көрінеді. Жуанқұл күні-түні Байшынарға:

— Кеш, кеше гөр, — деп жалбарынады.

— Жайрағыр, жай түсіп, жайрасаңшы! Сен жайрасаң, менің де демім таусылып, жаным жай табар еді, — деп зарлайды дейді.

Бірақ екеуі де ұзақ жасап келеді. Алдарында әлі қанша жарық сәуле бар, ешкім болжай алмайды.

АЛАПАР МЕН ДИНГО

Төбеттерде бажа көп деуші еді. Алапар басқалармен бажа болғысы келмеді. Оның ерлігі де, қорлығы да содан басталды.

* * *

Бір-ақ айлық күшік басымен арыстанның өлекшініне ұқсас, аяқтары балғадай, тырнақтары орақтай, қодас сынды жүндес, желкесінде жалы бар ерекше тұқым екен.

Оны сонау Бурылтаудан алып келген Мұсатай мақтауын жеткізіп-ақ жатыр:

— Бұл австралиялық жабайы иттердің тұқымы. «Дикая собака Динго» дегенді естігендерің бар ма? Соның зәузаты.

Отағасы Қаһарман «Дикая собака Динго» тұрмақ, Австралия әлемінің қай тұсында екенін де ұмытыңқырап қалған. Қайдан білсін.

— Кім біледі, — дей салды. Мұсатай інісіне: — Бір тәуір иттің күшігі болса, қарастыра жүрші, — деп о басында тілек айтқан өзі еді. Енді шүбәлі.

Өзгеше пошымдағы күшікті көріп, немерелері Жако мен Илико қуанып, алыстан келген «қонақтың» ар жағынан бір, бер жағынан бір шығып, шыр айналса да, Отағасы бұл сыйлықты құлықсыз қабылдады.

Жако мен Илико жас күшікке сүт беріп, түннен қалған еттің сорпа-суын, сүйек-саяғын беріп, шешелері ұл тапқандай қуанып жүр.

— Төбет пе, қаншық па? — деді Отағасы.

— Төбет өзіңзде де бар ғой, бұл қаншық, — деді Мұсатай маңдай шашы селдірей бастаған басын сипап қойып. Отағасының бұл базарлыққа аса қуана қоймағанына іштей ренжіп қалған тәрізді.

— Қақа, ит — жеті қазынананың бірі деген емес пе. Бұдан әлі пайда көресіз.

— Қандай пайда? — деді Отағасы кекесіндеу жымышп.

— О, мұның пайдасы көп. Кейін күшіктегенде көресіз. Әр күшігі бір құнан қойдың бағасынан артық болмаса, кем болмайды.

— Е-е, — деді Отағасы, — енді мына Пайғамбар жасына келгенде базарға барып, сарттарға ұқсап, күшік сатып отырғаным қалып еді.

— Несі бар, нарық заманы, Қақа. Абай айтқан: «Есек көгін жусаң да мал тауып кел» деп. Атын не қоясыз?

— Майлыаяқ па, Малсақ па — бірдеңе болар...

— Жоқ, Қақа, бұл — асыл тұқым. Аты затына сай ерекше болу керек. Майлыаяқ, Малсақ, Бөрібасарлар толып жатыр. Мұның атын Динго қояйық.

— О не дегені?

— Ол, қалай десе болады, жабайыдан жаратылған дегені ғой.

— Қасқыр десеші. Бір мәстек қасқыр өзімізде де бар. Байлап, әрең ұстап отырмыз. Көршілердің тауығын қырып салады. Мына көрші Қылжақбастың қозысына ауыз салып, шатақ бола жаздаған жоқ па! «Итіңді тый, әйтпесе өлтіреміз» деген

ағайындармен араздасып болдық. Алапар десе Алапар, атаңа нәлет.

Мал қораның түбінде жатқан Алапар өз атын естіп, шынжырын салдырлата түрегеліп, шұнақ құлағын тікшитті. Бөтен күшікті айналып-толғанып жатқан балаларды, Отағасын, оның қасындағы Мұсатайды көріп, шолақ құйрығын шошаңдатты.

Өзіне ешкім назар салмай, бәрінің ықыласы дүрдиген дудар күшікке ауғанын қызғанғандай, қыңсылап-қыңсылап жіберді.

— Жүр, Алапарға таныстырайық, — деді Илеко.

— Талап тастамай ма, — деп күдіктенді Жако.

Алапар талаған жоқ. Дудар күшікті басынан құйрығына дейін иіскелеп еді, Динго әуелі қорқыңқыраса да, Алапардың жаулық мінез танытпағанын байқап, қылық шығарып, оған еркелей бастады.

Алапар — итгердің ергежейлісі еді.

Оның үстіне құйрығы шолақ тұтамға толмайды. Құлағы шұнақ. Сөйте тұра ызақор, намысшыл. Тапал денесі тығыншықтай, тып-тығыз. Құдай бой берсе, көк бөрінің дәл өзі болар еді. Сірә шешесі мәстек, әкесі есектей төбет болса керек.

Тышқан бір мая шөпті көтере алады деуші еді. Иттің ұрғашысы мәстек жаратылса да, есектей төбеттің өзімен көңілдес бола беретін көрінеді.

Ал, иттің еркегі мәстек болып, ұрғашысы есектей болғаны ебедейсіз. Бұл — сор.

Адамдар болса амалын табар еді... Мұндайда итті құдай икемсіз жаратқан.

Көз алдында Динго сұлу өсіп келеді. Бір-ақ айлық болса да қазірдің өзінде Алапардан еңселі. Ал, енді кемеліне келіп, бойжеткенде не болмақ...

Қаншықтардан жолы болмаған Алапар Динго сұлуды асты-үстіне түсіп, аймалап-ақ бақты. Үстіне шыбын қондырмай

қориды. Тіпті Жако мен Иликодан да қызғанатынды шығарды. Қалыңдығы екеніне күмәнсіз.

Бірақ ит те болса озбырлығы жоқ. Қалыңдығының балиғатқа толмағанын біледі. Әзірше ол баласындай бағып-ақ жатыр. Тіпті сүйек-саяқ, сорпа-суға да таласпай, алдымен Дингоның тойғанын тосады.

* * *

Енді келе-келе Алапардың өзі Дингоның баласындай болып қалды. Алыстағы Австралиядан тараған тұқымдардың не кереметі бар екенін кім білсін, Динго ертектегі дәулердей күн санап өсе берді. Шоқтық жалы күдірейіп, екі саны жүндес қодастай желкілдеп, түгі қалыңдап кетті.

— Мына бәле қырғыздардың қодас сиырындай болатын болды ғой, — деп Отағасы таңдай қағып, басын шайқап-шайқап қоятын болды.

— Е, бұйырса сүтті болады, — деп иықтайды көрші құрдасы Қылжақбас Керімсейіт, — Жүнін де қырқып аласың. Ақыры аяғым ауырып, тізем сырқырайды деуші едің. Мұның жүнінен тоқыған шұлық таптырмайтын ем дейді ғой.

— Сөзің құрысын, — деп жақтырмайды Отағасы.

— Базарға апарып сатса, күшіктері де қымбат көрінеді, — деп шымшылай түсті титтейінен бірге өскен құрдасы. — Осы бастан айтып қояйын: бұл қаншығың әне-міне дегенше бойжеткелі тұр. Құда түсіп, сырға таққаным болсын, менің төбетіме ұзатасың.

— Құрып кет, төбет өзімізде де бар, — деп қойды Отағасы қабағы ашылмай.

Құрдасы Қылжақпас Керімсейіт санын шабаттап, шалқалай күліп, гүлқайыр көмкерген сәкіден құлап қала жаздады.

— Ей, Сайқымазақ, немене сонша қатының ұл тапқандай... — деп түйіліп қалды Отағасы.

— Жоға, мына керім қаншық сенің ергежейлі төбетіңді менсінбейді ғой. Бұған менің Таймас арланым лайық.

— Алапар да ақысын жібермейді. Қаһарланып қадалса Таймасыңның талқанын шығарады. — Отағасы намысын жібермеді. Біреу: «мысығың жаман» десе де қаны басына шапшитын қазақпыз ғой.

Қараптан-қарап отырып, айдың-күннің аманында көрші құрдастар кіржіңдесті де қалды.

— Осыдан көр де тұр, — деп шаптан түрткіледі Қылжақбас Керімсейіт көрші, — бұл қаншығың Таймастың қатыны болады. Ал, Алапарың Таймастың қанжардай азуында кетеді.

Осыны айтып, шілденің күнінде де бұтына мақталы шалбар, басына тозған құлақшын киіп жүретін Қылжақбас Керімсейіт көлеңкелі сәкіден түсіп, үйіне қарай талтаң-талтаң басып, ыржия күліп кете барды.

— Сөзің құрысын, — деп Отағасы қабағын түйіп, көршісі өз қақпасына кіріп кеткенше соңынан қарап тұрды.

«Шынында да осы дуайпаттың айтқаны келіп жүрмесін» деп кәдімгідей ойланып қалды.

* * *

Сөйтіп ұрғашыға зар болған, өзінен әділерден қағажу көрген, ұрғашыға бола бір көзінен айырылып қор болған Алапарға бұл жалғаншы дүние бір қалыңдықты күшігінен дайындаған сияқты еді.

Динго кішкентайынан сол Алапардың бауырында өсті. Әрине, Алапарды байым болады деп сезген жоқ. Алапар оны қатыным болады деп білген жоқ. Динго әлі нәресте еді. Ит затында да иман бар шығар, Алапар оны ұяласындай сезінді. Бірақ ит ғұмыры қысқа. Сондықтан болар, тез жетіледі, тез піседі. Келте ғұмыр, иттерге: «Оралыңның барында ойна да күл» деп сыбырлайтын шығар. Содан да болар, жаңа малқораның

бұғатындағы мұз сүңгіден тұмсығына бір тамшы тырс ете қалғанда, Динго өзінің бұлдіршін дәуірге еніп, бой жетейін деп қалғанын түйсінді.

Бұлдіршін көзін сүзбесе, буыршын жібін үзбейді. Динго өзін аяғымен түртіп, тұмсығымен сүйкенгенде, жалғыз көзді Алапар неге екенін өзі де түсіне алмай, тұла бойы бұланайлап, ерекше бір қуаттан ширыға түрегелді. Біліп істесе де, білмей істесе де, бірден Дингоның туа сала шорт кесіп тастаған шолақ құйрығын ары-бері иіскелеп, жаланып қоя берді.

Келтек құйрығы тыным таппай шыжбыңдап, Дингоны шыр айналып, асты-үстіне түсіп, мәжнүн болды да қалды.

Динго қылымсып, онымен қақтығысып, қақпақтай омырауымен оны қағып кетіп, ойқастап ойнағысы келді. Сөйте-сөйте, бірін-бірі қақпайлап, огородты аяқ жағындағы сәмбі талдың жықпылына кіріп кетті.

Тығыншықтай доп-домалақ Алапар рәзіңке допша домалайды. Аяқтары арбиған ақалтекедей Динго арсалаңдап, Алапарды керіскедей кеудесімен қағып кеткенде, байғұс мәстек құлап қалып, құлдыраңдап қайта тұрады.

Алапар Дингоның үстіне қарғымаққа әлденеше рет талпынып көрді. Жалғыз көзі оттай жанып, езуінен сілекейі шұбатылып асылады, сырғанап кете береді, кете береді... Енді жеттім дегенде тағы сырғанап түседі. Динго болса, оның бұл өнімсіз әуресіне күлгендей болып, азу тістері көрініп, итше ыржияды. Кекеткені екені, яки өкінгені екені белгісіз. Менен кінә жоқ дегендей көздері кілмиеді.

Тең теңімен, тезек қабымен деуші еді. Бақа мен бақа пар, құмырсқа мен құмырсқа. Бұлдырық пен бұлдырық пар.

Адамдар әп-әдемі, тап-таза дүниені былғағаны үшін Алла-тағала оны топан суымен тазалап тастамақ болып; адамзат, жан-жануар, өсімдік зат, мақұлықат тұқымы үзіліп кетпесін деп, ең тазасын, адалын таңдап-таңдап, кемеге мінгізіп, аман алып қалуды Нұх пайғамбарға табыстаған ғой.

Нұх пайғамбар Алланың бұл жарлығын абыроймен ақтап шығып, топан су қайтқанда Нұхтың кемесі Қазығұрт тауының басына қайырлады.

Әуелде әп-әдемі болып тазарған дүние бара-бара қайтадан кірлене бастады. Зіл сияқты алыптар мүлде жойылып, Піл сияқты ірілер азайды. Адамдар, аңдар ұсақталды. Соның бір көрінісі — Алапар.

Алапардан ес кетті. Аңсар азабына түскені сонша, Жако мен Иликаның итаяққа құйып кеткен сүйек-саяқ, жуындысына да қарамай, есі-дерті Динго болып, соның жолында құрбандыққа шалынып кетердей, шыр көбелек айналды.

Итаяқтағы жуындыны Динго жалғыз өзі шалпылдатып іше бастағанда да, Алапар оның мазасын алды. Дингоға тағы бір асылуға ұмтылып, әрекет жасамақшы болғанда, итаяқ төңкеріліп кетіп, жуынды төгіліп қалды.

Енді Динго кербезденіп, сылаңдап көше жаққа шыққан. Артынан тымпыңдап, тілі салақтап, Алапар қалмаған.

Көршінің көк қақпасының алдында дөңдей болып дүрдиіп, Таймас шоқиып отыр екен. Қағынғыр, иісшіл залым екен. Бірдеңені сезе қойды. Көшенің арғы бетінен Солдатбайдың дүбәра тазысы да созалаңдай тұрып, тұмсығын көтеріп, жел жақты құмыға, құмарлана иіскеп-иіскеп, дүр сілкінді.

Сол-сол екен, орыстар айтатын «собачья свадьба» басталды да кетті. Таймас пен Желаяққа тағы екі-үш төбет қосылды.

Әйда! Көшенің қақ ортасында иттер тойы қызсын да кетсін.

Алдыда — Динго, сонан соң Таймас, желаяқ, қалғандары соңында. Бәрі үміткер.

Алапар тыпыр-тыпыр, барын салып Таймаспен қапталдаса береді. Бойынан тілі ұзын, салақтап кетіпті. Таймас оған: «Саған не жоқ?» дегендей екі-үш рет зілдене қарап, сес көрсетіп еді, одан Алапар ықпады.

Қалыңдық біреу, күйеу көп. Көшені шиырлай, шиырлай, иттер тойы кешке жақын балалар доп ойнайтын таз-тақыр алаңқайға барып дамылдады.

Бәрі де жау жайратқандай, сұлай түсіп, бүйірлері солықтап қалған. Жайшылықта ошақ басын аңдитын төбеттер өз итаяқтарын да ұмытқан.

Алапар мына бақталастардың жайрап жатқанын, әрі Дингоның жер бауырлап аласарғанын пайдаланып қалғысы келді ме, байғұс қаншыққа тұра ұмтылып, бөксесіне артыла кетті.

Бұл сәт оның арманы еді. Динго жақтырмай, «бұл қайсысы?» дегендей мойнын бұрып, Алапар екенін көріп, оны аяп кеткендей елжірей қарап, долданбай-ақ, туламай-ақ, бәлденбей-ақ, көзін жұмып жата берді.

Сол-ақ екен, әлдебір қыбыр-жыбырды сезген Таймас екі көзі қанталап, орнынан атып тұрып, Алапарды көк желкеден жұлқып-жұлқып, тулақ құрлы көрмей, лақтырып жіберді. Соншалықты дүлей күштен, қанжардай өткір тістен тайсалған, жүрегі шайлыққан Алапар ма?! Ай, сабазым-ай, лақтырған тарғыл тастай зымырап, Таймастың алқымынан ала түскенде, тайыншадай арланның өзі омақаса құлап, жер қауып қалды. Бұл Таймас Алапардың ата жауындай ғой. Сол сәтте оның есіне өзінің оң көзін ағызып жібергені түсті ме екен... Дингоға өлердей құмартып, «өзімдікі» деп иемденіп жүргенде, Таймастың көлденеңнен қосылған зорлығы өтіп кетті ме екен, әйтеуір Алапар бұл соғысқа соңғы әл-дәрменін сарқа салды.

Кім біледі, Алапардың жағы қарысқан қалпы, азу тістері Таймастың алқымынан ажырамаған қалпы қала бергенде, Алапар Таймастан өлердей өшін алар да ма еді... Таймас қырылдай бастаған.

Бірақ иттің аты — ит. Әділет пен әділетсіздікті ажырата бермейді. Алапарға әуелі дүбәра тазы Желаяқ жармасты. Тауықтың жұмыртқасын ұрлап жегіш сүмелек Ақтөс жармасты.

Әрідегі ұры қақпадан шыққан сабалақ жүндес Бәрібасар тиісті бір жақтан.

Біреуі бір аяғына, біреуі екінші аяғына, үшіншісі желкесіне жабысып, ырылдасып, қырылдасып, Алапарды көкпарша тартқылағанда, жердің шаңы көкке көтерілді.

Ақыры Таймас та Алапардың азуынан алқымын ажыратып алды. Ол енді сол Алапардың әлгі әдісін өзіне қолданып, астаудай аузын аласа иттің тамағына аямай салды.

Төртеуі жабылып, төрт жаққа тартқылағанда, Алапарда амал бітіп, соқыр көзінен сорасы ағып, тынысы тарылып, екі езуінен бұрқырап қанды көбік атқылай бастады.

«Итжанды» деген рас шығар, Алапар әлі де тыпырлап, әлі де бұлқынып, әлі де өлгісі келмей, жанталасты.

Бір сәтке, сол сұрапыл сойқан соғыста, бір сәтке оқшау тұрған Дингоға жалғыз көзі түсіп кетіп, қырылдай қыңсылап-қыңсылап жіберді. Көз қарасында, қырылдаған қыңсылында: «Осының бәрі сен үшін ғой» деген нала бар еді.

Сонда барып Динго есіне әлдене түскендей дір ете қалды да, қодас жүндері дүрліге тікшиіп, азуларын ақситып, ақыра атырылып, әуелі Таймасты, содан кейін Желаяқты, содан соң Бәрібасар мен Ақтөсті жан-жаққа лақтырып-лақтырып жібергенде, мықтымсыған күйеулер әр жерде шашылып, шаңға бір-бір аунап түрегеліп, аң-таң болып, аңтарылды да қалды.

Динго керіліп жатқан Алапардың аузындағы қызғылтым көбікті, соқыр көзден аққан қанды жасты жалап, «тұр-тұр» дегендей тұмсығымен түрткіледі.

Алапар жалғыз көзін әрең ашып, Дингоны көрді. Биіктен биіктен көгілдір аспанды көрді. Жалғыз көзі Дингоға әлде өкініш, әлде риза пейілмен жәудірей қарады да, қайтадан жұмылып кетті.

Тұрқы тұтамдай ғана денесі кенет ұзарып кеткендей керіліп барып, дір-дір етті де, тым-тырыс тына қалды.

— Әй, құрдас, қашанғы теріс қарай бересің. Кешір енді, мен әшейін қалжыңдап едім ғой. Қу тілім болмаса, зілім жоқ қой, өзің білесің, — деді Керімсейіт кінәлі кейіппен. Отағасының арқасынан сипалап, жүзін төмен салды.

Жаздың шіліңгір шілдесінде Динго бес күшік туды. Отағасы бастары қауқиған төртеуін сұраған жанға беріп жіберді де ішіндегі ең шынжау, шүйкедей ғана кішкентайын өзі алып қалып, атын Алапар қойды.

АЛТЫН ТІКЕН

Күн үлкен сәскеде бақташы табынды тақырға иіріп тастады да, тарбиған қара шеңгелдің түбіне барып отырды.

Бурыл таудың жалаңаш жартасынан шаңқ еткен ала бүркіттің үні естілді. Бақташы балапан іздемекке ойы бір кетті. Сонан соң:

— Мен қайбір құсбегі едім, — деді.

Шеңгелдің тікені көп, жапырағы сирек еді. Қауашағы пісіп, жел сәл ызың етсе, қоңырауша сыңғырлап тұр. Бақташы шақшиған күннен басын қорғалап, пиджағын шешіп алып шеңгелге жапты. Шашы сиреген төбесіне ғана жетерлік көлеңке түсті.

Шеңгелдің түбінен қашып барып, ебелектің астын паналаған кесірткенің алқымы бүлкілдеді. Ерте-ерте, ертедегі алып айдаһарлардың шаялаған ұрпағы бақташының әрекетін бағып, кірпіксіз көзі тесірейе қалды.

Бақташы кенеп дорбадан жарты бөлке нан, екі шиша шығарды. Дорбаны төсеп, тамақты үстіне қойды. Кесіртке бөтелкелердің күнге шағылысып жалтырағанынан жасқанып

бұғыңқырай түсті. Бөтелкелердің бірі — айран, бірі — ақырған ақ арақ еді.

Кеше бақташы жұрттан жалақысын жинаған. Сиыр бас сайын айына бір сом. Қолына түгел тисе әжептәуір ақша. Бірақ қолына түгел тие бермейді. Қауымды даттап обалы не керек. Көбі-ақ адал ақысын тап-тұйнақтай таза береді. Тек, Қатша сияқты құдайдан безгендері болмаса. Қатша қалтасында ақшасы бола тұра:

— Әй, Қалтырауық, келесі базарға дейін шыдай тұр-әй, жазған. Келесі базарда көнімді сатсам да сенен құтылармын, — дейді ғой күйдіргенде.

Бақташы сонда барып:

— Осы қыстан бастап жекешені тастап, колхоздың малына кірмесем бе! — дейді.

Бақташы арақтың ақ қаңылтыр аузын ашып, қырлы стаканға орталау құйып, ойланып біраз отырды.

«Бұрын осының аузын сүргіштеп қояр еді».

Қолы от алған трактордың рулін ұстап отырғандай дір-дір етеді. Сонда қырлы стакандағы арақ күздің қара суығы тербеген қақ суындай қалтырайды. Бақташы соны байқап қалып, көзін тарс жұмып, басын шалқайта тастап жібереді...

Ебелек түбіндегі кесіртке алдыңғы екі аяғымен жер тіреп, зерлі мойнын созып-созып қарады.

Сәлден соң Қатшалардың қорлығы ұмтыла бастайды. Таңғы салқынмен аңыздағы ажырыққа тойып алған табын тақырда тапжылмай жатыр.

Бақташының бойы балбырап, ойы бозбала шағына сапар шегеді. Өмірінің тәтті бір кезі. Тәттінің көп тұрмайтыны сияқты лезде өте шыққан бір заман. Көкірегінде көмулі жатқан бір арман. Көмулі жатқан шоқтың үрлегенде қызарғанындай осындайда, оқта-текте сол бозбала шағы бір елес беріп кетеді.

Содан бері де қырық жыл өтіп кетті. Дүниеден көп адам аттанды, дүниеге көп адам келді. Бір кезде конфискеленген

байдың бой жетіп отырған қызының тұсына барып өлең айтқан жас жігіт енді қалтырауық шал болды.

Бірақ ол қылшылдаған жігіт кезінде де қалтырауық еді. Өмір бойы осы кемістіктен азап шегіп келеді. Бозаның бір жорасында әлгі конфискеленген байдың бой жетіп отырған қызының тұсына барып:

Біздің ауыл Бурылдың төрінде отыр

Өзің көрген баяғы жерінде отыр.

Шыныменен көңілің бізде болса

Беу, құдаша, сағат сайын көрін де отыр.

Қарағым-ай!

Қабағың-ай,

Ақ қағаздан аппақ-ай

Тамағың-ай! —

деп шалқыған еді.

Құдаша да құр ауыз емес екен: жеңгесіне қосылып өлеңмен жауап айтты. Сол шумақтың бәрі түгел бақташының есінде қалмапты. Есінде қалғаны соңғы сөзі еді.

...Құдажан, қалтырамай жайыңа жүр...

Жұрт сонда қыран күлкі, мәз-мейрам болып еді-ау. Бақташы кірерге жердің тесігін таппай, боза сүзген тай қара қазанға түсіп кете жаздап еді. Жұбанышты жұрттан таппай, сол бір уыттан іздеп, ісіп-кепкенше іше берді. Жалғыз кемпір шешесі ғана:

— Жұмәлі-ау, Жұмәлі! Құдайдан тілеп алған жалғызым, сенің қолыңды қалтыратып қойған әлгі Сәдірқұл жиен ғой. Кішкентай күнінде асыққа таласып талай ұрып ең. Қолың содан қалтырауық. Оның несіне қапа боласың, — деуші еді марқұм.

Пиджактың қос алақандай көлеңкесі ауытқып, бақташының басына күн түсті. Селдір шашының арасынан шықтай мөлтілдеп шып-шып тер шықты.

— Келіңіз, құдаша, — деді бақташы арақ құйылған қырлы стаканды алға ұсынып, орнынан тізерлеп көтерілген болып. Ебелек түбіндегі кесіртке жалт беруге ыңғайланды. Бақташының

көзінің алды кілегейленіп жұмыла беретін болды. Енді бүкіл денесімен ары-бері теңселіп, аят оқыған қариядай боп отырған соң, қолының майда дірілі білінбей де кетті.

— Апыр-ой, құдаша, алмадыңыз ғой!

Құдашада үн жоқ. Құдаша қазір, бұдан қырық жыл бұрынғыдай, құданың бетінен алмайды. «Қалтырауық» деп кемітпейді. Тамағы «ақ қағаздан аппақ» боп, қырын қарап күлімсірейді. Қыпша белі майысып, бұрымының ұшын тарқатып, қайтадан өріп, арқасынан асыра лақтырып тастап, көзінің қиығымен тағы да күлім қағады.

Бақташы қырлы стаканды төңкеріп тастап, бөтелкені сарқып құяды.

— Келіңіз, құдаша!

Сый аяқты бұ жолы кәдімгідей орнынан тұрып барып ұсынбақ болады. Кесірткенің алқымы бүлкілдегенін қоя қояды. Құйрығы жылтың етіп, ебелектің ар жағына өтіп барып, артына бұрылып қарайды.

Кесірткеге бақташы жақтан қауіп төне қойған жоқ. Ол шөкелеп тұрып барып:

— Апыр-ой, құдаша, — деп қайтадан былқ етіп отыра кеткен.

Қауіп басқа жақтан келе жатқан сияқты. Ту сырттан ат тұяғының дүбірін есітіп, кесіртке таяу тұрған бір түп текесақалдың арасына сүңги жөнелді. Колхоздың қарауылы:

— Бұл адам ба, жын ба? — деп біраз тұрды. Одан соң барып, атын шеңгелге байлап, бұқпалап басып бақташының алдына шөкелеп отыра қалды.

— Алығыз, құдаша, — деді бақташы.

— Келіңіз, құда!

Бақташы көзін бағжаң еткізіп ашып алды. Алдында шыннан адам отырған сияқты. «Қалпақ па, орамал ма? Құдашаға мұрт шығып кеткен бе?»

— Апыр-ой, құдашаның түрі бұл сияқты емес еді ғой, — деді бақташы дауыстап.

Құдашашылын мұның! Әй, құда! Сиыр қайда?

— Е, бәсе, Әбді охранник екенсің ғой. Сиыр... сиыр жусап...

— Бар бол, бар болғыр! Табын тұтас жабылып жүгеріні жайратып жатыр. Жын-шайтаныңмен сөйлесіп сен отырсың. Не жын айналдырды!

Табынның жусап жатқан орнында пырдай болып жас жапалар ғана қалыпты.

Бақташы мастықтан лезде айықты.

* * *

Қарасан келгір! — Бақташы жуан таяқты шиіріп лақтырғанда, ешкібас көк сиыр көзін жұмып тұра қалды. Таяқ тұқыл мүйізге сақ етті. Көк сиыр басын шайқап алып, жүгеріні салдырлата тағы аралап кетті. Аштан өліп бара жатқандай жүгерінің жапырағын жалмап, апандай аузына ілінгенін құлаштай тілімен шалып, ілінбегенін мүйізімен қайырып, жапырып барады. Аттандап Қатша жүр.

— Жайрағыр, Қалтырауық, жайрат менің жаялықтай жүгерімді!

Қыпша бел құдашаның демде бақырауық қисық кемпірге айналып кеткенін бақташы мойындағысы келмейді.

«Әй, Қатша, тілің о баста-ақ ащы еді-ау. Бәрі өзгерді, бірақ тілің сол баяғы удай күйі».

— Қарасан, иттің малы!

Бақташының кемпірі Жұпар колхоздың қарауылы Әбдінің айтқан сөзіне сенер-сенбесін білмей, ернін сылп еткізіп, жер қозғалса қозғалмай, есіктің алдында тұр.

— О, шойлы, аяқ ішетін қу әдетті қайдан шығайған?! Аяқ пенің не теңің?! Құдашашылын, шойлының! Құдашаңмен қатып қалғый!

Жүмәлі бақташы сиырларды жүгеріден әрең айдап шығып, колхоздың көшесін шаңдата қуып келе жатқанда, оған

шаңның арасынан «тамағы ақ қағаздан аппақ» құдашасы тағы елес берді

БАБАНЫҢ ОРАЛУЫ

Өмірі түрен тимеген сайдың қабағына соқаның өткір тісі тірелгенде жер дір-дір етіп ыңырсығандай болды. Бірақ оны ешкім естіген де, елеген де жоқ. Жасына жетпей қарны шеңбірек атып, үрлеген шардай дөңгелене шығып кеткен тапал жігіт, «К-700»-тың гүрілінен асыра айқайлап, тракторшыға:

— Тарт! — деп бұйырды.

«К.-700» гүрілдей берді, жер ыңыранғанын қоймады.

Трактор үшінші айналымға көшкенде, сайдың қабақ тұсынан соқалардың жойқын тісінен найзағайша от жарқылдады: Артынша «К-700»-тың моторы сөніп, үні өшіп қалды. Тракторшы жерге секіріп түсіп, моторға үңілді.

Шетте тұрған қамыс қалпақты, шеңбірек қарын:

— Не болды? — деп зәрлене айқай салды.

Тракторшы үндемеді. «К-700»-тың ішек-қарнын түгел тінтіп шықты. Ешқандай ақау таппады.

— Ей, ақымақ, ана соқаны қара, мүмкін тасқа тіреліп қалған шығар, жаңа от жарқылдады ғой, — деді шеңбірек қарын.

Тракторшы жігіт үндеместен барып, соқаның жарқырауық тістеріне үңіліп көріп, еңкейіп, топырақтың астынан жарты құлаштай жілік сүйектің сынығын алып шықты. Шеңбірек қарын топырақ жұққан сүйекке қолын тигізбей:

— Таста жерге! — деп бұйырды тракторшыға.

Аппақ сынық сүйек жерге түскенде бұрынғыдан бетер ағара түскендей, тіпті балқып бара жатқандай көрінді.

Шеңбірек қарын бұл көрініске аса мән бере қоймай, жалтыраған жап-жаңа қара туфлидің үшкір тұмсығымен әлгі сүйекті теуіп кеп жіберді. Әлдеқайдан бір ыңырсыған үн

шыққандай болды. Сынық жілік сайдың қабағынан төмен қарай сырғанап барып, бір түбіртекке ілініп, тұрып қалды.

Шеңбірек қарын қожайын тракторшы жігітке:

– Неғып сілейіп тұрсың? Отыр кабинаға. Айдай бер! — деді.

Тракторшы тұңғыш рет тіл қатып:

– Трактор енді жүрмейді. Мен қайтамын, — деді.

Қожайын бөтен ит көрген ешкідей ежірейе қалып:

– Қайтқаны қалай? Не оттап тұрсың өзің? Оттама! Отыр! — деп бұйырды.

– Кешіріңіз, мен қайтамын.

– Жындымысың, қайтқаны қалай?

– Тұла бойым қалтырап барады, ауырып қалдым білем, кешіріңіз.

Қожайын одан бетер ешкі көзденіп:

– Кетсең, біржолата құры! Көрінбе көзіме. Сенсіз де адам табылады, — деп жерге былш еткізіп бір түкірді.

Шеңбірек қарынның аты Алақай еді. Сірә, әке-шешесі ол туғанда қатты қуанған болуы керек. Атын ерекшелеп Алақай қойыпты. Сол Алақай өсе келе әжептәуір әкім болып, кейін-кейін бизнес жолына түсіп, кәдімгідей байыды.

Сөйтіп жүргенде жерді жекешелеу деген жарлық шықты. О басында колхозда туып, ауылда өскен Алақай жердің қадірін бір кісідей біледі. Білген соң да су жаңа «Мерседесіне» міне салып, облыс орталығы Жаншуақтан шығып, туған ауыл Сарымсақтыға қарай заулап ала жөнелді.

Ауылдағылар жуан қара туысқанның «Мерседес» мініп келгеніне той жасай жаздап қуанды. Жуан қарын жас туысқан облыстан хат жаздырып алған екен, оған ешкім қарсы келмей жекешеге жер бөліп берді.

Ауылдағы ағайын тоқымдай жерді игере алмай, сілімтігі қалған техника іске жарамай, не жекешеге жер ала алмай, пұшайман халде жүргенде, қаладан келген байекесі бір

колхозды асырайтындай сыбаға алып, сықиып жүрген кезі еді ғой.

Ата-бабаларымыз баяғы-баяғы, бағзы заманда айтып кеткен:

«Кедей бай болсам дейді. Бай Құдай болсам дейді» — деп.

Кедейдің бай болсам деген арманы жөн. Ал, байдың Құдай болсам дегені астамшылық. Бірте-бірте Алақайдың араны ашыла бастады.

Тракторшының аты Сырым еді. Сол Сырым әлгі оқиғадан кейін кәдімгідей кеселді болды. Былай қарасаң, алып бара жатқан ауруы жоқ сияқты. Ауданның дәрігерлері ары қарап, бері қарап, диагнозын дәл басып айта алмастан, «нерв жағынан» деп дәрі жазып берді.

Одан қайран болмаған соң, сол Сырым бақсы-балгерлерді жағалады. Сау да емес, ауру да емес бір ілең-салаң күй. Көбіне тұла бойы зіл қаратас тартады да тұрады. Ешнәрсеге зауқы да жоқ, ештеңеге талабы да жоқ, меңіреу соқпа.

Өмір шіркін сол бір меңіреулікпен өте берер ме еді, қайтер еді, бір күні Сырымның үйіне көрші қырғыз ауылынан кәрі жездесі келе қалсын. Жезде болғанда да Сырымның майданнан қайтпай қалған әкесінің әпкесін алған ғой.

Дастарқан басында шай ішіп отырып, әлгі қырғыз жездесі мұның кеселінің жайын сұрады. Бұл қалай болғанын айтып берді.

Сонда кәрі қырғыз жездесі айтты:

– Әлгі соқа сыңдырған жілікті тауып ал да бұрынғы орнына апарып көміп таста. Мүмкін болса, құран білетін біреуді ертіп апарып, дұға оқытқыз. Құдай сәтін салса, жазылып кетесің. Е, қағылайын, ошентіп арвақтарға құран оқытып эле ғой енді, — деді.

Сол-сол екен, Сырым баяғы сай қабақтағы зиратқа қарай жөнелсін. Сынған жілікті іздемекші. Сынған жілік тобылғының түбіртегіне ілініп қалған.

Көктемде өзі «К-700»-пен жыртқан сай қабаққа барса, сарыала тартып бидай өсіп қалыпты. «Е, Алақайдың қызыққанындай бар екен-ау, мына бидайы бітік шығыпты ғой», — деп қойды ішінен Сырым.

Қасындағы көрші ауылдың молдасы:

— Зират қайда? — деп сұрады.

— Зират осы, қалған тамтығы анау, — деп қамыс басқан төмпешіктерге иегін көтерді. Қолын шошайтып көрсетейін деді де қорықты. Бала күнінде естігені есіне түсті: зиратқа қарай қол шошайтпау керек.

— Астапыралла! — деді молда сұр шекпенінің жағасын қаусыра қысып ұстап.

Бірақ Сырым баяғы тобылғы түбіртектегі таппай әлекке түсті. Түбіртек жоқ!

Сөйтсе Сырымның орнына келген тракторшы Қожайынның тапсырмасы бойынша қабақты сайдың табанына дейін жырттып, бидай сеуіп тастаған екен. Сайдың қабағы жайдақтау еді, әйтпесе трактор құлап кетер еді ғой.

— Ой, араны ашылған атаңа нәлет! — деді Сырым дауыстап тұрып.

Қасындағы молда селк етті:

— Ол не?

— Көрмейсіз бе, құла-дала жер жетпегендей сайдың табанына дейін айырып тастапты ғой. Енді әлгі сүйекті таба алмай тұрған жоқпын ба?

— Иә, раббым! — деді молда.

Сырым сарыала бидайды теңіздей кешіп, ары-бері сандалып көп жүрді. Бір кезде аяғы бір шыбыққа ілініп, құлап қала жаздады. Шыбықты топырақтан тазалап қараса тобылғының бір бұтағы екен. «Соның өзі» — деді Сырым. Бірақ

сүйек көрінбеді. Тобылғы бұтағы жатқан жерді айналдыра аралап, ақтап шықты — сынық жілік көрінбеді. Сірә, соқа жыртқан топырақтың астында қалған болуы керек.

Оны аршу үшін енді күрекпен қазбасаң таба алмайсың. Қазсаң бидайды жапырасың. Бұл – шатақ. Алақай ертең тутаалақайыңды шығаруы мүмкін. Одан сан түрлі бәлені күтуге болады.

Бидайды жапырмай, күректің ұшымен жерді шанышқылай берді. Көрші ауылдың молдасы мына неғайбіл істі көріп, тықырши бастады.

— Уа, Сырым мырза, рұқсат болса, мен әруақтарға арнап дұға қылып, қайтайын. Құдай өзі кешірсін, сүйек табыла ма, жоқ па, мен жұмысымнан қалып барамын, — деді.

— Ықтиярыңыз, — деді де жерді күректің ұшымен піскілей берді Сырым.

Адам баласы, жан-жануар, күллі тіршілік иесі о басында топырақтан жаралған. Өлгеннен кейін тән қайтадан топыраққа айналуы — өзінің тұқиянына оралуы. Жаратушы құдіреттің заңы сондай. Топыраққа айналмай жер бетінде қалған сүйек иесінің жанын күйзелтеді.

Күн ашық-жарықта жоғалған сүйек иесі тірісінде кім болғаны белгісіз. Одан бері жүздеген жылдар өтті.

Әлде мүмкін Сырымның өз бабасы шығар. Кім біледі. Сай қабаққа жерленген кісінің моласын жылдар бойы жаңбыр мен жел мүжіген. Содан, эне, Алақайдың соқасына соғылып, содан кәдімгідей от шығып, жансыз темірді-тракторды тоқтатқан ғой.

Бірақ Құдіреттің бұл нышанын түсінбеген, түсінгісі келмеген Алақай сайдың қабағын табанына дейін талқандап, зиратты таптап өтті ғой.

Сырым түс көрді. Қатты шошыңды. Түсінде алып денелі батыр тұлғалы кісі бұған ескерту жасады: — Менің жілігімді сындырған сен! — деді. — Бірақ сенің кінәң жоқ. Саған зиратты

қират деп бұйырған адам кінәлі. Осыдан сынған сирақты орнына әкеліп қоймаса, ол адамның кінәсі кешірілмейді. Осыны айт! — деді. — Мен бұдан мың жыл бұрын жасап, жаумен шайқаста мерт болған Найзалы деген бабаңмын.

Сұп-суық қара терге малынған Сырым кесірлі байсымақ Алақайды тауып алып, ұлы әруақтың ескертуін жеткізбек болды.

Ақыры байсымақ Алақайды Борандының базарында көріп қалып, амандасты. Қос саусағын ғана ұсынып, өзі сияқты басқа бір шой желкемен әңгімелесіп тұрды да, ақыр соңында әзер бұрылып:

— Ал, не айтасың? — деді зілдене қалып.

— Айтсам, көрген түсімді айтамын. Ана жолғы сынған жілікті тауып, орнына қоймасаң, өзіңе қиын болайын деп тұр.

— Оттама, қайдағы түс? Қайдағы жілік?

— Есіңнен шығып кеткен бе? Зиратсайдағы ше?

— Әй, шешеннің... не оттап тұрсың-ей. Ол атан түйенің жілігі ғой. Адамның жілігі сондай болушы ма еді? Өйтіп сандалма, сандырағың құрығыр.

Сырым біраз тосылыққырап дағдарып қалды да:

— Мейлі, өзің біл. Мен ескерттім. Кейін айтпады деме, — деп қолын бір сілтеді.

Былай шыға бере Сырым ойланып қалды. «Әлгі ақымақ менің шешеме тіл тигізді-ау. Сонда мен неге ыздия қалдым? Ол иттің аузы-мұрнын тойғанынша толтыра неге боқтамадым? Хан базардың ішінде менің сағымды сындырды-ау бұл ит! Бұл сойқанды көріп-естіген жұрт мені ынжық, мырың екен дейтін болды-ау...»

Енді бір сәт түндегі көрген түсі көз алдында көмескілеу көлбеңдеп, ызалы көңілді сабасына түсіргендей болды. Түсімде көргенім Найзалы баба екені рас болса, менің Алақаймен хан базарда қатындарша салғыласып жатқаным кісілікке жатпас еді. Үндемеген үйдей бәледен құтылады. Түсімде көргенім рас

болса, байсымақ Алақайдың жазасын Құдай өзі-ақ береді. Найзалы бабаның түсіме кіргені тегін емес. Әліптің артын баға тұрайын.

Осылай ойлап, Сырымның көңілі кәдімгідей көтеріліп қалды.

* * *

Дәл сол базарда Алақайдың алдынан Адырбайдың «Үш қасқасы» шыға келеді. Алақайдың жүрегі зырқ ете қалды.

Мына заман — қилы заман. Бизнесмендер заманы. Анық-қанығын, рас-өтірігін кім білген, Алақай Адырбайдың «Үш қасқасына» берешек көрінеді. Бизнесіне не болмайды.

Қарсы алдынан шыға келген «Үш қасқадан» тайқып кете алмай, амал жоқ, қол алысып амандаспақ болғанда, «Үш қасқаның» үлкені Бахтияр Алақайдың ұсынған қолын қағып жібереді. Қалған екі інісіне иек қағып қалады. Екі інісі Алақайдың екі қолтығынан ұстап, базардың шетіне алып шығады.

«Үш қасқаның» екеуі Алақайдың екі жағына отырып алып, оны тырп еткізбеді. Ал, үшіншісі машинаның руліне отырып, шай қайнатым мезгіл ішінде Зиратсайға жеткізді.

Алақайды машинадан суырып шығарғанда ол осы көктемде «К-700»-пен қақырата жыртқан мүрделі сайдың қабағын таныды. Егіні орылып сабаны жиналған аңыздың орны сарғайып жатыр.

Жартылай жыртылып кеткен көне зираттың үстіндегі қалың қамыстың сыңсыған ызыңы естіледі. Таудан соққан самалдан тербетілген қамыс сыбызғылар мыңжылдық дәуірдің тарихын тартып тұрған көне қобыз секілді.

Жылда көктемде Тәңіртаудың қалың қары еріп, тасқын болғанда таудың тарғыл малта тастары ылдиға дейін топан сумен ағып келер еді.

«Үш қасқаның» екеуі Алақайды жығып салып, кеудесін басып тұрғанда, «Үш қасқаның» үлкені баланың басындай тарғыл таспен оң аяқтың жілігін шағып жібергенде, Алақайдың тозақтағы даусы шығып, қан аралас жіліктің майы шашырап шыға келді.

Солтүстіктен соққан суық жел түнерген қара бұлттарды түйдек-түйдегімен аунақшытып айдап келеді.

Миллион жылдардың зілдей салмағынан аласарып шөгіп жатқан Қаратаудан әлгі бұлттар оңай асып, Мыңбұлаққа жеткенде алдындағы асу бермес Тәңіртаудан жасқанып, саябырлай бере, жерге тырс-тырс тамшы тамды.

Жілігі сынып, есінен танып, талықсып жатқан Алақай, бетіне тырс-тырс тамған жаңбырдан есін жиып алғандай, көзін ашты. Әуелі көзіне түскені: биік шынар ағаштың жуан бұтағында бұған міз бақпай тесіле қарап отырған сере тұмсық самұрық құс екен.

Алақай зәрей ұшып, орнынан атып тұрайын деп еді, сынған аяғы зар қақсап қоя бергенде, құлындаған даусымен шыңғырып жіберді.

Құдай азап берем десе оп-оңай екен ғой. Әйтпесе, осы Алақай таңертең тұрғанда көңілі кірбіңсіз, шілденің аспанындай ашық еді. «Мерседесіне» мініп Боранды базарға «әләуләйлап» жеткен.

Ойда жоқта, аяқ астынан хан базардың ішінде «Үш қасқа» кездесе кетті. Одан арғы оқиға белгілі. Үш ұйықтаса түсіне кірмес соққыға жығылып, бір аяғының жілігі сынып, терең сайда жатысы мынау...

Алақайдың құлындай шыңғырған ащы даусынан селт етіп, дүр-р сілкінген Самұрық құс кере-құлаш қанаттарын жайып жіберіп, баяу қалықтап, жаралы жанның дәл қасына барып қонды. Бірақ кере-құлаш қанаттарын жиған жоқ.

Жаңбыр енді екпін алып, тасырлата, нөсерлете, селдете жөнелгенде Алақайдың үстіне жайылған қос қанат жаралының денесіне тамшы тамызбай, күркеше үй сияқты болды да қалды.

Алақай үстіне келіп төнген алып құстан зәресі ұшып, бақырайын десе қорыққаннан үні шықпай қалды.

— Қорықпа, – деді Самұрық. — Мен сенің бұдан мың жыл бұрын өткен Найзалы деген бабаңмын. Адам баласы өлгеннен кейін мүлде жойылып кете қоймас. Алланың рахымы түскендері жарық дүниеге басқа түрде қайта оралмақ. Міне, мен мың жылдан соң Самұрық қыран бейнесінде қайта оралдым. Бірақ бір заманда Адам болғанымды ұмытқан жоқпын. Иә. Біраздан бері оң аяғымның жіліншігі сыздап ауыратынды шығарды. Сөйтсе, бұдан мың жыл бұрын менің жау қолынан қаза тауып жерленген сүйегімнің бір жілігін сен трактормен сындырып, лақтырып жіберген екенсің. Енді сол жілік орнына қайтып қойылмайынша, менің аяғым қақсай береді.

— Ол мен емес, тракторшы Сырым болатын, – деді құр сүлдесі күзгі жапырақша қалтырап жатқан Алақай.

— Өтірік айтсаң, күнәң екі есе артады, соқпа өтірікші! Адамдарды алдауға болады. Ал, бәрін көріп-біліп тұрған Аспан-Тәңіріні алдауға болмайды, найсап!

Күн күркіреп, найзағай жарқылдап, нөсер жаңбыр үдей түсті. Бірақ Самұрықтың үйдің үлкеңдігіндей қос қанатынан бір тамшы да өткен жоқ. Алақайдың үсті құп-құрғақ.

— Құдайды да, әруақты алдауға болмайды. Мен сенің бұдан мың жыл бұрын өткен бабаң Найзалы боламын. Сен менің жүдеген, шаялаған, ұсақтап кеткен ұрпағымсың. Сенің сирағыңды сындырған ана «Үш қасқа» да менің ұрпақтарым. Бір кездегі бір атаның балалары енді арада жылдар өткенде бір-біріне жат, бір-біріне жау болған. «Үш қасқаны» сен жаман қорладың. Олардың үлесіне тиген жерді сен «ортақ боламыз» деп өзіңе қаратып алдың. Ал, астық бөлісер кезде олардың үлесін бермей қойдың. Амалы таусылған «Үш қасқа» сенен өшін

алған түрі мынау. Сирағыңды сындырды. Сенікі де иттік. Олардікі де озбырлық.

Нөсер бірте-бірте ақ жауынға ұласты. Төңірек түгел ақ сүтке шомылғандай, айнала бозамықтанып алды. Зиратсайдың қабағынан төмен қарай аққан жаңбыр суы лайланып барады.

Алақайдың сынған сирағы Самұрықтың қанатының астына симай, балағы тұрулі күйінде сыртқа шығып жатқан. Сынған сирақтан аққан қан бұрынғыдай қошқыл күрең болмай, ашаң қызғылтым тарта бастады.

Шалқасынан жатқан Алақай жұмулы көзін ашып алып еді, үстінен зұлпыхар қылыштай болып, Самұрықтың тұмсығы төніп тұр екен. Зәресі зәр түбіне кетті. Көзін қайтадан тарс жұмып алды.

– Қорықпа, — деді Самұрық, — мен сенің көзіңді шұқымаймын. Сенің көзің ашқарақ. Тойымсыз көз. Мұндай көздер тек топыраққа ғана тояды. Тойымсыз болмасаң, ата-бабаңның зиратына дейін топырағын алып машинамен айдатып тастар ма едің?! Сені әруақ атып кетті. «Үш қасқа» деген тек сол әруақтардың елесі. Бірақ шын өкініп, кешірім күнәнді мойындап, Құдайдан тәуба тіле, кешірім сұра. Алланың рахымы мол, шын тілесен, мейірім болар.

– Қойдым, тойдым, енді иттік істемеймін. Тәуба! Тәуба! Тәуба! — деп Алақай үш қайтара тіл қатты.

Жаңбыр толастап, күн ашылды.

Самұрық зау шынардың жуан бұтағына барып қонды.

Алақай орнынан тұрып, зау шынарға қарап, басын иіп тағзым етті.

Самұрық биікте отырып, қалың жауын топырағын шайып кеткен аңыздан ағарып жатқан жіліктің сынығын көрді.

БҰРШАҚ

Бұлдырықтар төсімен сүйіседі. Түйіскені — сүйіскені. Оларда адамдардікі сияқты ерін жоқ қой. Бірақ, олардың аймаласуы адамдардікінен артық. Төсіне төсін түйістіріп, жұп-жұмыр, жұп-жұмсақ мойындарын айқастырып, бірін-бірі қасылағаны, бірін-бірі қанатымен қаусырғаны — бірінің жолында бірі құрбан болып кетуге әзір екенінің нышаны.

Бұлдырықтарда ерін жоқ. Адамдар ғой еріндерімен сүлікше сорып сүйісетін. Бұлдырықтар да тұмсықтарымен сүйкелеседі. Бірақ бұл қызық емес. Аймаласқаны әдемі. Қоразы мен Мекіші.

Қораз бен Мекіш махаббат айын аймаласумен өткізді. Махаббат мекені төскейдегі Қызыл Изеннің жыңғылы еді. Бұрын төскейдің бәрі Қызыл Изен патшалығы болатын. Кейіннен өңкиген дәу трактордың түрені түсті де, қара бұйра топыраққа айналды. Қызыл Изен тек терең өзектің жағалауында ғана жал-жал болып қалды. Жағалауында ғана. Қызыл Изен өзектің ішіне жоламайды. Сірә, Тәңіртаудың селінен сескенетін болар. Көктемде сел өзекті қуалай тасып Изен тұрмақ, тастай қатты Тобылғының өзін тамырымен қопарып, ағызып әкетеді.

Осыдан кейін Қызыл Изенде ақыл жоқ деп айтып көр.

Адамдар мақтаншақ. Жер бетінде ақылды тек біз ғана деп ойлайды.

Сөйтіп дәу трактор бұлдырықтардың кең өрісін тарылтты. Ендігі қонысы жар басындағы жағалау ғана. Қызыл Изен сонда ғана өседі. Қызыл Изеннің бүршігі — бұлдырықтың наны. Оған енді тамақтың тағы бір түрі қосылды. Жыртылған қара бұйра топыраққа күздік бидай тұқымы себіледі. Бұл енді бұлдырықтардың соғымы десе де болады. Рас, алғашында бұл бидайды шоқыған бұлдырықтардың басы айналып, арақ ішкен адамдардай тәлтіректеп, қысқа қанаттарымен жер сабалап, құлап қалып жүрді. Кейін-кейін үйреніп кетті. Әлде тұқым

бидайды умен дәрілеуге адамдардың дәрмені келмей қалды ма, кім білсін.

Енді биыл мына көктемде сол күздік бидай дүркіреп шығып, бас тартып, масақ шығара бастады. Бұлдырықтарға Құдай берейін-ақ деп тұр. Бұйыртса. Балапандары жем шоқуға жараған кезде аңызғаққа жайылып, қысқа дейін домаланып, қомданып-ақ қалады.

Қораз бен Мекіш махаббат айының жемісі — он бір жұмыртқа. Әрқайсысының үлкендігі кішігірім тауықтың жұмыртқасына жетеғабыл. Тауықтікінен кішілеу. Бөдененікінен үлкен. Көгілдір. Секпілі жоқ. Бөдене ғой секпіл жұмыртқа туатын. Содан соң кәдімгі жаушымшық. Жаушымшықтың жұмыртқасын жеген баланың бетін секпіл басып кетеді. Әсіресе, мұрнының үстін.

Бұлдырықтың жұмыртқасы таза көгілдір. Таза жұмыртқа таза махаббаттан туады. О, Қораз бен Мекіш бірін-бірі қалай аймалайды десеңші! Сол кезде олардың қауырсындары шұғыла шашып, кемпірқосақша құлпырып кетер еді. Жайшылықта сұрша құстардың қауырсындары махаббат сәтінде біресе қызғылым, біресе жасылша тартып, енді бірде сарғыштанып, күлгін-көктеніп, аспан түстес көгілдірленіп, сан құбылып, Құдіреттің өзі арнайы көзін қадап тұрғандай, сол көзден сан бояулы нұр төгілгендей, сол нұрға мына бұлдырықтар шомылып жатқандай болар еді.

Ал, шошаңдаған жаушымшықтарда ондай ләззат жоқ. Қауырсындары да құлпырмайды. Қас қағым сәтке шошаң етіп, бірін-бірі умаждайды да, қып-қысқа қауырсындарын қобырата сілкіп-сілкіп алып, екеуі екі жаққа ұша жөнеледі. Бұлдырықтарша ұзақ аймаласып, айналып-толғанбайды. Тебіренбейді. Сондықтан да секпіл жұмыртқалардан өмірі тоймайтын, сарыжиек ауыздарын араңдай ашып, шиқылдайтын ашкөз балапандар шығады.

Бірақ, жаушымшықтар бұлдырықтардан ақылдырақ. Ұяларын үйлердің бұғатына, жапсардағы саңылауларға салады. Жауын өтпейді, дауылдан қорықпайды. Махаббаты сараңдарға Құдай қулықты көбірек береді.

Ал, бұлдырық байғұс әсершіл. Ұясы ашық аспанның астында. Желдің өтінде, неше алуан жаудың бетінде. Оған кім өш емес?! Жылан да өш. Аспанда күні бойы қалықтап, қанаттарын самарқау қағып қойып, көзін жерден алмайтын құстың сүмелегі Құлады да өш.

Аш болса, бұлдырықты бас салуға, жұмыртқасын жеп қоюға Көк бөрі — Қасекеңде арланбайды. Қасекеңе лайықтысы жас құлын немесе құйрығы тегенедей семіз қой емес пе. Жоқшылық шіркін не істетпейді. Бөрі басымен кейде бұлдырық аулауға мәжбүр.

Ал, қазы жеп, қымыз ішіп, кекірік атқан адамдарға не жетпейді? Ермек керек. Қызық керек. Мылтығын шошаңдатып мәшинелерін, мотоцикльдерін тырылдатып, олар да Төскейді кезіп жүреді. Бұлдырықтар бұл кезде жермен-жексен болып бұғып жатпаса — қиын.

Бұлдырық кездеспей, ыза болып, ашу қысқан адамдар аспандағы Құлады құсты ата бастайды. Қанша кеше болса да, Құладыңға да жан керек, қанаттарын жылдам қағып, оқ жетпейтін биікке көтеріліп кетеді.

Құладыңды да ата алмаған «аңшылар» арақты ішіп-ішіп дарылдасып, гүжілдесіп, босаған бөтелкелерді мәреге қойып, патронға таласып, тарс-түрс ата бастайды.

Мылтық атылған сайын жұмыртқа басып жатқан Бұлдырық селк-селк етіп, бұға түседі.

Амалын тауып, адамдардан да құтыларсың-ау... Түлкі жаман. Түлкі сұм күндізді қойып, түнде де тыным таппайды-ау. Қу құлқын не істетпейді. Әйтпесе, тобылығының түбіне иіріле жата қалып, істік тұмсығын бауырға тығып алып, шырын ұйқыға кеткен қандай. Жоқ. Түлкі түнде де жортады. Бұл кезде

бұлдырықтың көп жаулары: адамдар да, жылан да, Құладын да ұйқыға кетеді. Көбісі түс көріп жатады. Түстерінде бұлдырықтың лағыл тастай қып-қызыл, жып-жылы қанын, жұп-жұмсақ, нәп-нәзік, шырын етін көреді.

Солай. Бұл дүние солай жаратылған: шырын болсаң — жеп қояды. Ащы болсаң түкіріп тастайды. Құдай бұлдырықтың етін шырын етіп жаратқан.

Сұм түлкі бұрын бұл шырынның дәмін алған. Бұлдырықтың қып-қызыл, жып-жылы қанынан басы айналып, мас болған. Күйген ағаштың көміріндей, қап-қара, сүп-сүйрік тұмсығына бұлдырықтың үлбірек мамығы жабысып, мұрнын қытықтап, түшкіріп-түшкіріп алатын.

Осы бір асқан асыл шақ есіне түскенде түлкі бәтшағардың сілекейі шұбырып-ақ кетеді.

Бірақ Құдай сақтады. Бұл түннен Қораз бен Мекіш аман шықты.

Алау шапақтанып таң атты. Мекіштің мамық төсінің астындағы он бір жұмыртқа, түн салқын болса да тоңазыған жоқ. Жып-жылы. Он бірдің оны жыбырлағандай болады. Мұны тек Мекіш қана сезеді. Он бірдің біреуі ғана мелшиіп жатады. Ол тіпті жылымайтын да сияқты. Ол тіпті Мекіштің торғын денесіне суық тастай бата бастайды.

Таң ата Мекіш сол он бірінші жұмыртқаны тұмсығымен абайлап итеріп-итеріп, пейіштің қойынындай жып-жылы ұядан шығарып тастады. Ал, Қораз болса, әлгі садақаны ары-бері аударып, ақыры қап-қатты тұмсығымен долдана шоқып-шоқып, жарып тастады. Көгілдір қабыршықтан тарғыл тасқа ірің сияқты жалқық жылжып аға берді.

Сірә, махаббат қалғып кеткен кезде, ықылассыздан, лажсыздан жаратылған жұмыртқа болар. Алаулаған, арман қысқан, асау махаббатсыз жаратылған жұмыртқа аман қалған он тұқымның садақасына татыса болғаны...

Өңкиген дәу трактор Төскейді дарылдай жаңғыртырып, аң-құс, жан-жануардың зәресін алған айдаудағы күздік бидай бас шығарып, дән алып, дүмбіл тартып сарғая бастаған кез. Алла жар болса, бидайға орақ түспекші.

Мейірімі мол Құдай Төскейге рахымын төгіп, күн қызып, айнала төңірек әдемі әуезге толған мезгіл. Бір шөкім бұлты жоқ, көкпеңбек аспан асты жырға толы. Бозторғай біткен аспан астында, зау биікте салбырап тұрып, бозаңдағы көдеден соққан ұясынан көз алмай шырылдап, ұядағы жұмыртқаларын әнменен тербетеді.

Кейбір адамдардан гөрі Бозторғай данагөй. Кейбір келіншектер аяғы ауырлап жүрсе де, жеңілтектігін қоймай арақ ішіп, темекі тартып, шошаңдай ма-ау, билей ме-ау. Баж-баж етіп ән салған бола ма-ау. Алапес диюддың ақырғанындай музыка тыңдай ма-ау...

Есіргеннен ессіз бала туады.

Ал, Бозторғай жұмыртқасын әдемі әнмен әддилейді. Болашақ балапандарына әнді аспанда тұрып үйретеді.

Қораз Изеннің арасынан ұстап алған жап-жасыл семіз шегірткені Мекіштің аузына сала беріп, мойнына үйкеліп, айналып-толғанғанда, жұмыртқалар жыбыр-жыбыр етіп, бұрынғыдан гөрі дәрмендірек қозғалып қойды. Өке мейірімі Ана арқылы жұмыртқаларға да әсер еткендей.

Құдай қаласа, жұмыртқа сауытын жарып, балапан жарық дүниеге шықпақшы. Алла жар болып, аз ғана уақыт бейбіт күн берсе... Сондықтан да Мекішке семіз шегіртке көп керек. Балапан басып шығарған соң Мекіш өз қалжасын өзі тауып жейді.

Мекіш сол сәтті армандап жатады. Сәтін салса, Изеннің дәні де пісетін кез таяу. Перуза тастай жәудіреп Шашыратқы гүл пешек атты. Киікоты мен Көкемаралдың гүлдеуінен Пейіштің иісі аңқиды. Жабайы жоңышқаның жұпары жер бетіндегі

сасықты аластап жатқандай. Бал арасының мереке айы туған шақ.

Бұлдырықпен көрші қонған Сарыала қаз көрінбей қалды. Мейірімсіз оқтан аман болса, балапан басып жатқан шығар. Дуадақтар, сірә, Керегетас ойпанына кеткен болар. Олар да балапан қамымен әуре ғой. Бұлдырықтан гөрі Дуадаққа қиынырақ. Көзге тез шалынады.

Тәңіртаудың Найзакөк шыңының ұшына ілініп қалған таудың жыртық-жыртық ала туындай болып, кепиеті келіспеген бір түкіс бұлт көрінді. Осы бұлттан алғаш секем алған Бозторғай болатын. Өйткені ол биікте-биікте еді ғой. Бозторғай жыры жым болды. Биікте жүрген жалқау Құлады да бір жаққа безіп кетті. Изен арасындағы көк қасқа семіз шегіртке де шырылдағанын қоя қойды. Жылтыңдап одан-бұдан мал тауып жүрген сұр тышқандар індеріне кіріп кетіп, лезде жоқ болды. Өзінен үлкен балықкөзді жайымен сүйретіп келе жатқан Құмырсқа кенет илеуіне қарай жанталаса асықты. Ерсілі-қарсылы шұбырған ақылды Құмырсқалар, енді бәрі илеуге қарай жөңкілді.

Тоқымдай ғана түкіс бұлт Найзакөкті лезде көрсетпей жіберді. Батыс әлемін әп-сәтте жаулап алды.

Бұлдырықтың да құмырсқа ғұрлы миы бар. Күні бойы жем тасумен әуре болған Қораз аяулы Мекішінің жанына келіп жата қалды. Тіпті қып-қысқа қанатымен Мекіштің жұп-жұмыр жонын жаппақшы да болды.

Құдіреті күшті Құдай Бұлдырықтың қанатын неге осыншама қысқа жаратты екен. Несіне аяды екен. Сонау Тәңіртаудың төсінде ұшқан Тастүлек қыранның қанатын бермей-ақ қойсын. Қалбаң-қалбаң еткен Құлады құстың қауырсынын берсе де жетіп жатыр еді ғой. О, Құдай, соншама пәруана, соншама таза, соншама қанағатшыл, махаббатқа мейлінше адал Бұлдырықтан бір қарыс артық қауырсынды несіне аядың?! Ешкімге, еш нәрсеге зәбірі жоқ, зияны жоқ мақұлықты неге мұнша кемтар еттің?! Қанағатсыздан

қанағатшылды айырсаң қайтеді. Жүр ғой анау төменде жатқан ауылда неше алуан айқайлаған тауық қораздары. Тауықтар — тарының құлы. Асыранды, басыбайлы, тәуелді бейшаралар. Ал, қораздары, кердең әрі комағай. Бір қораз бір үйір мекіштердің жалғыз байы. Тойымсыз. Өз үйірі аздай көрші үйірдің мекіштеріне де қызығып, көзі қылиланып, құлқын қағып, қағынып тұрады.

Бір кем дүние. Бұлдырықтың бір кемдігі — қанатының бір-ақ тұтамдығы. Осыны айтып Бұлдырық Тәңірге мінәжат етсе, Көк Аспан оған:

— Тәйт, тәсірсіз! Сен тұрмақ Адамда да қанат жоқ. Қайта сенде бір тұтам болса да тамтық бар. Тәуба қыл! — деп жекіп тастайды.

Кенет Тәңіртау құлағандай, Аспан қарш етіп, қақ жарылып, найзағай от жыландай ирелеңдеп, күн күркіреп азынап қоя бергенде, Бұлдырықтың астындағы Қара Жер дір-дір ете қалды. Жұмыртқалар шошынып, шоршып кетті де бірінен соң бірі жарылып, Мекіштің бауыры шиқ-шиқ еткен балапанға толып шыға келді. Бұрын балапандар жарыққа бір-бірлеп шығар еді, мынауы сұмдық болды. Он балапан бірден шыққанда Мекіш байғұс қайсысының шаранасын тазартарын білмей қатты састы. Мұндай іске икемі жоқ Қораз қорбаңдап, Мекішті шыр айнала берді. Шелектеп құйған нөсерден қорғаймын деп келте қанатын барынша жайып қобыратты.

Шелектеп құйған жаңбыр мына жағдайда жаманат болса да айналайын екен. Артынша Бұлдырықтың өзінің жұмыртқасындай бұршақ ұрғанда Қораз сорлы қысқа қанатымен Мекіштің басын қымтап-ақ бақты. Бірақ келесі сәтте әлгі жұмыртқадай мұз бұршақ өзінің басына тиіп, тарс ете түскенде Қораз екі-үш аунап түсіп, қылжиды да қалды. Қысқа қанат пен бауыр мамығы тып-тығыз-ақ еді, бірақ бармақтай басты Құдай тықыр жаратқанын қарасаңшы.

Мекіш міскін жұмыртқадан жаңа шыққан балапандарын бауыр мамығына басып-ақ бақты. Бұршақ тимесін деп басын тұқшитып, қанатының астына тығып жіберді. Басыңды сақта, міскін, басыңды сақта.

Басын сақтай алмаған Қораз екі-ақ адым жерде қылжиып қалды. Қайталай тиген бұршақтан Қораздың миы шашылып кетті. Оны көруге Мекіштің шамасы келген жоқ. Әлі жалқығы кеппеген балапандарды қалай аман алып қаламын деп жанталасты.

Қораз бен Мекіш бір-бірінсіз тірі жүре алмайтындай. Енді Мекіш сол шығарға ғана жаны бөлек Қораздың жансыз жатқанын көре де алмады. Жөнсіз, жосықсыз сұрапылдың құрбаны болған жан-жолдасын Бұлдырықша жоқтай да алмады.

Бұршақ деген кәдімгі адам жейтін бұршақтың көлеміндей ғана болушы еді. Ал, мынау... бұршақтан гөрі Аспан атқылаған снарядтай бір сойқан болды.

Осы кезде боз-боран бұршақтың арасынан «Уазик» машинасы көрінді. Бұл машинаны Бұлдырық бұрыннан білетін. Дауысынан таныды. Бұрын одан сескеніп, бұғып жататын. Енді сол мәшине өзін, балапандарын құтқарардай, жаныма жақындап келсе екен, бізді құтқарса екен деп тіледі. Тасырлай тиген бұршақтан «Уазиктің» маңдай шынысы шытынай-шытынай тесілуге айналыпты.

Бұлдырықтың тілегі болмады. Машинаның ішіндегі адам сыртқа шықпады. Жайқалып тұрған күздік бидайдың буаз масақтары пышақпен кескендей қырқылып қалғанын көргенде Шағын шаруашылық бастығының көзінен жас селдей ақты.

— А, Құдай, не жаздық саған? — деді мәшине ішінде отырып. — Арқа етіміз арша, борбай етіміз борша болып, мұрнымыздан қан кетіп жүріп, қарызға батып екен егініміз еді, енді не болдық? — деді өксіп-өксіп.

— Бетіне қарап отырған бар байлығымыз осы еді, енді қара қазанға қара су құйып, тас қайнатамыз ба, неғыламыз, уа, Құдай?! — деп аспанға қарап аш қасқырша ұлыды.

Бұршақ лезде пышақ кескендей сап болды. Әлгіде әлем-тапырық тартқан қара бұлт жаны шыға толғатып, жұмыртқадай сансыз бұршақ туған соң, енді ақ мақтадай үлбіреп барып, қалжалап жатқандай, Тәңіртаудың басына арқасын сүйеді.

Қара жолдың бойындағы зират жақтан ақ бу шудалана көтеріліп, адамша тіл қатты:

— Е, бейшара ұрпақ! Құдайды жазғырма. Алдымен өзіңе қара. Адамдарыңа қара, — деді тау жаңғырықтыра күңіреніп. — Құдайды қиналғанда ғана есіңе аласың. Жайшылықта жалынбайсың. Алыстағы Құдай тұрмақ, күнде түбінен өзің өтіп жүрген мына зираттың тұсына сәл тоқтап дұға да қылмайсың. Адамдарың азғын. Арақтан басқа асты тамақ деп білмейді. Қарттарың сақалдарына сүрініп жүріп, сайтанның сідігі сіңген сусынды атасының асындай сіміреді. Жастарың болса бірінің малын бірі ұрлап, қасқырға айналды. Сонда Құдайды не бетіңмен жазғырасың?! — деді.

Шағын шаруашылық бастығы машинаның ішінде мәңгіріп отырғанда Күншығыстан арай қақпа ашылып, сан құлпырып, Тәңіртау мен Арайтаудың арасында Шұғыла көпір тұра қалды. Қораз бен Мекіш ләззат теңізіне шомылғанда қауырсындары осылайша шұғыла шашар еді... Енді сол Бұлдырық Қораз бен Мекіштің жаны Аспанда жай тауып, Кемпірқосақ-Шұғылаға айналып кеткен екен.

Сонда да Бозторғай қайтадан шырылдамады. Тек тынымсыз Құмырсқа ғана илеуінен шығып еді, жер бетінде сіресіп жатқан бұршақ мұздан өз соқпағын таба алмай, ары-бері түртінектеп, аң-таң болып, тұрып қалды. Жылтың көз тышқандар айнала жарылған Бозторғай жұмыртқаларының исін сезіп, бір жағынан көдеде сіресіп жатқан көк мұздан сескеніп, ін аузында шошаңдап тыпырлай берді. Сұм

Тышқанның құдайы берді. Төскей түгел жарылған жұмыртқаға малшынып қалды.

Қара жолдан бұрылып, қираған егіс даласына қарай екі «Джип» жылжып келеді. Шағын шаруашылық бастығы соларды көріп, көзі былаудай болып, алдарынан шықты.

Келгендер Губернатор мен Ояз және олардың нөкерлері екен. Губернатордың екі қолы шалбарының қос қалтасына терең сұғынып кетіпті. Сірә, әлденесі салбырап түсіп бара жатқандай, қолдарын қалталардан шығармады. Шағын шаруа бастығы қос қолын ала жүтіргенде де әлдеқандай асылынан айырылып қалатындай қолдары босамады.

Бұршақ ұрып қиратқан қалың бидайға қарап тұрып, Губернатор:

— Надо же, — деді.

Ояз:

— Апат айтып келмейді деген осы, — деді.

Нөкерлер қырқылып түскен масақтарды теріп алып, дүмбіл дәнді ауыздарына салып, бастарын шайқап-шайқап қояды.

Губернатор бір қолын шалбарының қалтасынан әрең шығарып, масақтың біреуін салмақтап көріп, Оязға:

— Ну, что ж, босқа кетпес үшін бұл жерге тауықтарды әкеліп бағу керек, — деді.

Ояз күлейін деп күле алмады. Шағын шаруа бастығы бет-аузы түтігіп, көзі шатынап:

— Бүкіл облыстан жинамаса, бір ауылдың тауығы тауыса алмайды, — деді.

Губернатор оған сыздана қарап:

— Қандай көмек керек? — деді.

— Бензин керек, солярка керек, кредит керек.

— Егіс сезоны өтіп кетті ғой, ол неге керек?

— Күздік салу үшін керек, пар мен сүдігер үшін...

— Что такое күздік?

Ояз Губернатордың жеңінен тартып қалып, құлағына бірдеңе деп сыбырлады.

Губернатор:

— А, вот оно что, — деді. — Ал, сүдігер деген не бәле?

— Зябь...

Губернатор өзек жаққа қарай беттей барып, Изеннің арасына кіріп кетті. Қос қолын да қалтасынан шығарып, әлгі бір асылы орнында ма, жоқ па дегендей, шалбарының құлпын ашып жіберіп, сәл тұрды да, әлгісін сілкіп-сілкіп, қайтадан шалбарына салып қойды. Сонысы түсіп қалмасын деп қолын тағы да қалтасына сұғып алды. Бұрыла беріп, төмпешіктеу боп жатқан мұзды әдемі туфлиінің тұмсығымен түртіп жіберіп еді, астынан қимылсыз жатқан Бұлдырық көрінді.

— Ей, мынау не? Рябчик что ли? — деп нөкерлеріне айқайлады. Бәрі де елпеңдеп жетіп келді. Нөкерлердің бірі Бұлдырықты келте қанатынан ұстап көтеріп алып еді, астынан жыбыр-жыбыр етіп, шала-жансар балапандар қимылдады.

Губернатор:

— Жаль, жаль, — деді, мына рябчик или куропатка тірі болғанда атып алар едік. Жанындағы Оязға қарап: — а, может тірілері бар шығар, а?

Нөкерлеріне:

— Давай, багажниктегі мылтықты әкел! — деді.

Шағын шаруа бастығы:

— Бүткіл Төскейде тірі Бұлдырық қалған жоқ. Көрмейсіз бе бәрі балапан басып жатқанда қырылып қалды ғой, — деді қабағын қарс жауып.

— Ну, что ж, — деді Губернатор. — Онда бутылкаларды атамыз. Нөкерлеріне қарап, — Ташите, — деп иек қақты.

Губернатордың тілін иек қағысынан түсінетін аңшы тазыдай сумаңдаған нөкерлер арақ аузынан кейде тамшылап, кейде лақылдап ағатын тырна мойын бөтелкелерді лезде жеткізді.

— За упокой души, как ее, Бульдурук, что ли, — деді Губернатор.

Шағын шаруа бастығы теріс қарап кетіп еді, Губернатор:

— Сен не, сенен басқа не переживают, что ли, ал! — деп ақырды. Анау да қырсық екен, ішпей қойды. Жаңа ғана зират жақтан Ақ Будың айқайлап айтқаны әлі құлағынан кетпеген байғұс: «Құдайдың шын қаһарына енді ілінетін болдық-ау», — деп ішіне найзағай оты түсіп кетіп еді.

Нөкерлер босаған бөтелкелерді өзек жиегінде теңкиіп-теңкиіп жатқан тастардың үстіне апарып қаз-қатар тізіп қойды.

— Бытыралы мылтықпен атуға запрещаю, — деді Губернатор. — Жалғыз оқпен алыстан атамыз. Во всем нужна честность и справедливость.

Алыстан атқандардың оғы бөтелкеге тимей кетіп жатты. Не тасқа тиеді, не үстінен асып кетеді. Тастардан от шығады. Шырт ете қалады. Тастың да шыбын жаны бар ма кім біледі.

Ақыры Губернатор бір бөтелкенің быт-шытын шығарды. Оныкі дүрбілі ауыр винчестер еді. Тау басындағы арқарды атуға арналған мылтық.

Губернатордың құрметіне Шағын шаруа бастығынан басқаның бәрі ұлардай шуылдап тост көтерді.

Губернатор айтты:

— Так, не интересно, — деді. — Одан да ана жатқан балапандарды тасқа апарып тізіп қойыңдар. Бәрібір мал болмайды. Чтонибудь живое надо.

Губернатор айтты — орындалды.

Губернатордың дүрбілі мылтығынан бірінші оқ атылғанда аспанда найзағай жарқ ете қалды. Бұлар шуылдасып жүріп байқамаған екен. Аспан қатты түксііп, түнеріп кеткен екен. Кенет тасырлата бұршақ жауып кеп берсін. О, ғажап! Үлкендігі жұмыртқадай бұршақтың түсі қып-қызыл екен. Жерге түскендері әлгіде ғана қызған Күннің жылуынан тез еріп, қанжылым қызғылтым су жылжып аға бастады.

Шошып кеткен Губернатор командасы «Джиптеріне» тез-тез мініп, қара жолға қарай қаша жөнелді.

Жыртық-жыртық әйнегін қып-қызыл қан жуған машинаның иесі әлгілердің артынан қарап, сілейді де қалды. Бәлкім, зұлмат кезең куәсіндей, тасыраң ғасыр ескерткіші ретінде тасқа айналып кететін шығар... Мың жылдан кейін археологтар: «Бұл қай дәуірден қалған?» — деп милары ашитын шығар...

Археологтар кейде мың жыл ары, мың жыл бері шатаса береді. Сонда диплом сатып алған бір академик: «Бұл балбал тас Иисус Христос туылғанға дейін қойылған», — деп соғуы да мүмкін.

ЖАҢБЫРЛЫ ТОЙ

Күні бойы көзі жұмулы тұрған намазшам гүлдің қауашағы ашылып, бақшаның айналасы жұлдызды аспандай жайнап сала берген кезде, думанды жерге Әбдібек те жеткен еді. Әбекең тойға дәу қара ешкіні мүйізінен сүйреп әкелді. Бір қолында той-анаға деген тартуы, бір қолында көне балдақ. Маңдайындағы жыра-жыра әжімнен шып-шып тер шығып тұр. Басындағы киіз қалпағы бір шекелеп қисайып кеткен. Тырысқақ кебенектің азабы аз болмағанға ұқсайды.

Әбдібек бұл тойға қара ешкіні емес, тайдай қызыл қойды әкелмекші еді, Гүлайым көнбеді.

— Байғұс-ау, ертең оқу бітіріп балаң келеді, сонда соймаймыз ба, — деп жолатпады.

Жегжаты қара ешкіге көңілі тоя қоймасын Әбдібек білетін. Бірақ, мұны елеп, шақыру қағазын жіберген соң, қыз ұзату тойына құр алақан баруды ұят көрді де, осы, бір сиырдың сүтін бір өзі беретін дәу қара ешкіге көзі түсті. Ұзатылған қыздың әкесі сыр бермеген болды.

— О, Әбеке, хош келдіңіз! Әп-бәрекелде-е! — десе де, шәушиген көсе беті тыржиыңқырап, шегір көзі өтірік күлімдеп, Әбдібектің құттықтауын жүре тыңдап, алдына екпіндей келіп тоқтаған «Жигули» жаққа елпеңдей басып кете барды.

Әбдібек қара ешкіні мал қора түбіндегі қазыққа өзі апарып байлады.

Мейман көп келді. Дені «Москвич», «Жигули» мініп, осы заманның тұлпарларынан түсіп жатты. Олардың ішінде ешкі жетектеп келген бөтен ешкім болған жоқ. Әкелген сыйлары: телевизор, тоңазытқыш, кілем, ең жоқ дегені электр самаурын. Тіпті қыздың бір жездесі мың сомдық импорт гарнитур сыйлапты деп те сөз тарап кетті.

Намазшам байып бара жатқан мамыр айының аяқ шені. Нау теректер басында құс атаулы той боларын сезгендей у да шу. Гүлдеген жиде тоғай жатқан самал желмен жұпар иісі аңқиды. Қаладан «Волга» мініп келген қалыңдық қыздың жездесі костюмінің омырауын ашып тастап, самалға төсін тосып:

— О, шіркін, мынау керемет қой! — деді.

— Осы біз Кавказ, Қырым дейміз. Нағыз курорт, шынында, міне ғой, — деп жездекейді екінші біреу қостады.

Олар осылайша табиғатты тамашалап тұрып, батыс жақтан ұрлана шыққан тоқымдай қара бұлтты байқаған да жоқ. Тек қара тұмсық, қайқы құйрық сары күшік қана аспанға мұңая бір қарап, аузын ақсита ашып керілді де, күбіжіктеп барып, шынжырын сылдырлатып үйшігіне кіріп кетті. Біреу сояйын деп жатқандай-ақ қара ешкі зарлады. Әлгі шуылдақ шымшықтардың үні пышақ кескендей тыйыла қалды. Оның есесіне ауыл сыртындағы қара су бойынан көк қасқа бақалардың барылдағы күшейе берді.

Құбыла түс лезде түнеріп, аспан кемерінде жарқыл ойнады. Тойлы ауылдың үстіне қара бұлтты жолатқысы келмегендей шығыстан жел қатайды.

Бұлтта айласын асырып, аспанның терістік қапталын көбелей орағытып, тау бөктеріндегі ауылды қоршай төніп кеп қалды.

Той ағасы қолына микрофон алып, меймандарды бау ішіндегі ұзыннан-ұзақ созылған қатар-қатар үстелдерге жайылған ағыл-тегіл мол дастарқанға шақырды-ау.

Құрметті қонақтар төр жаққа баяулатып, мамырлап келе жатқанда, дәл осі сәтті күтіп тұрғандай, тұңғыш тамшы да тырс ете түсті. Артынша-ақ әй-шәйге қарамай, долы жаңбыр ышқына төгіп-төгіп жүре берді.

— Ойбай дастарқанды жабыңдар! — деп шырылдады той иесі.

Қонақ күтушілер тай шаптырым дастарқан бетіне газеттерді, кленкаларды жауып үлгергенше, ботана сел жүрді де кетті.

— Есіл ас рәсуа болды-ау, — деп жыламсырады үй иесі босағадан баспалап қарап.

— Ештеңе етпейді, Сейтқұл құрдас, жақсы нышан бұл. Жер тойса — ел тояр, — деді Әбдібек балдағын сүйеніп жауынға сүйсіне көз тастап.

— Өткінші жауын ғой әшейін, — деп, біреу немкетті айта салды.

Айтса — айтқандай, жаңбырдың тасыр-тұсыры тыйыла қалды. Ықтап тұрған меймандар дастарқанға қарай қайта жамырады.

Қолдан шапқан ақ жонық орындықтар шылқа су болып, жұрт отырар-отырмасын білмей аңтарылып, сәл состысып қалған.

— Ештеңе етпейді, жаздың жаңбыры ғой, — Әбдібек скамейканы шекпенінің жеңімен сипай сүртіп тастап, балдағын үстелге сүйеп, талыстай шалғы мұртын тарамдап қойып жайғаса берді.

Қарақұрым меймандар сырыққа кешке қонақтайтын тауықтайын құрқылдасып барып отырысқан соң, той ағасы

микрофон арқылы дауыстап, жас жұбайлар келе жатқанын хабарлады.

«Жар-жар» магнитофонмен айтылған шақта ақ желеңді қалыңдықпен қара костюмді күйеу жігіт қолтықтасып, қызыл шатырлы үйдің баспалдағынан түсе берген. Қалыңдық құрбылары мен күйеу жолдас жігіттер салтанатпен соңына ерген. Жұрт үдере түрегеліп, қол шапалақтап, қошемет көрсеткен. Төрге орнатылған президиум сияқты дастарқан басына жас жұбайлар тобы барып отырысты. Ол топтың тұсына сымға керіліп, қырмызы кілем жайнаған, сол кілемді әлсін-әлі шалық жел шайқап қояды.

Салт жолымен қыз әкесі сөйлегенде, жұрт орнынан түрегеліп, шыны біткен сыңғырлап, алғашқы тост та алынды. Ендігі сөз кезегі күйеу жігіт жағына тигенде, аспанның бір қабырғасы қақырап түскендей шатыр-шұтыр ете қалды да, суыт жаңбыр командамен атылған оқтай тағы да төпеп берсін. Әркім-әркім бастарын газетпен жауып, қорғаланып көріп еді, ол ілдәга жарамады. Аузына ас жаңа тигенде, маңдайға жаңбыр болып тас тигендей, қонақтар қоғадай жапырылып, үйдің іргесіне, талдың тасасына қарай ығыса берді. Тіпті қырмызы кілемнің тұсы да жалаңаштаңды.

Тек бірінші үстелдің ұшар басында тырп етпей біреу отыр екен. Жаңбырдан қашқандар:

— Той басталмай жатып мас болған мынау кім?

— Сырдың суы сирағынан келмейді-ау өзінің? — деп күлісті.

Ақ орданың орнындай алып дастарқан басында жападан-жалғыз қалған Әбдібек еді. Мас болған түгі де жоқ. Алғашқы тоста аққайнар шампаннан бір ұрттағанда қойған. Ә дегенде олда балдағына қол соза беріп еді, «тәйірі, жаздың жаңбырынан да кісі ешкі құсап қаша жөнеле ме екен!» — деп қайтадан басылып қалған.

Сөйтіп отырғанда, жұлдызды алқа сияқты электр шамдарының біреуі жауын тамшысынан снаряд жарылғандай шарт ете қалды.

Ықтап тұрған қариялардың біреуі күбірлеп: «бісімдә, бісімдә!» деп те қойды. Ал Әбдібекке бұл жарылыс соғыс даласын елестетіп әкелді. Ленинград қорғанысында белуардан шалшық су кешіп, лайсаң окопта, күздің суық жаңбыры мен немістің ыстық оғының астында тапжылмастан бір ай тұрған.

«Сол сұрапылдан аман қалған жанды тап қазір құдай алмас», — деді Әбдібек баудағы жаңбыр сабалаған қойжелкектің жапырағынан көз алмай тесіле қарап.

Бір ауық қара бұлт тесіліп, бірер жұлдыз сығалағандай болды. Жауын саябырлады.

Меймандар босқыннан қайтқан ауылдай қауқылдасып, әркім өз жұртын іздей бастады.

Ақ жонық жабайы скамейкалардың аяқтары ауыр-ауыр салмаққа шыдас бермей былқылдақ сазға батыңқырап бара жатты...

Микрофонға қайтадан тіл бітіп, тойдың шырайы кіре берген.

— Әбеке-ау, жауынның астында отырып қалғаныңыз қалай? — деді қаладан «Волга» мініп келген жездекей басынан әлі де қолшатырын түсірмеген қалпы.

— Әй, шырағым, анауыңнан құйшы тұқымың құрғырды, — деді Әбдібек жауап орнына «экстра» арағын нұсқап. Шынында да, шылқылдаған киімнен қос жауырынның ортасы құрысып, тұла бойы зіл тартып бара жатқан. Жездекейдің арақ құюға шатырдан қолы жуық арада босай қоймаған соң, Әбдібек шишаның аузын өзі ашты.

«Беті майға қуырған бидайдай екен. Соғысқа қатысқан ба? Не жас екені, не кексе екені белгісіз осы қасқа мехнат көрмеген шығар», — деп Әбдібек әлгінің әжімсіз балпық

кейпіне көзінің астымен қарап қойып, бір дәсері стакан арақты тартып кеп жіберді.

Көптен бері татпай кеткен дәмі еді, өзегін таспадай тіліп түсті. Осы арақты тұңғыш рет сонау күзгі сылбыраңқыда окопта отырып ішкен.

Тойға жан кіріп, айнала төңірек гүлдесе бастады. Әбдібек мырс етіп күліп қойды. Окопта алғаш арақ ішкенде, ішінде от ойнап, батпақ ордан қарғып шығып, қақ маңдайдағы төбенің ар жағында жатқан немістерге автоматын кезеніп тұра ұмтылығы келіп кеткен.

Әбдібектің шалғы мұрты селк етіп, бір ұрты тағы бүлкілдеді. Ол да осындай мамыр айында Гүлайымға үйленіп еді. Жиырмаға толар-толмас буыршын жігіт болатын. Маусым айында соғыс басталды. Шілдеде бұл майданға аттанды.

Содан соң белуардан су кешкен окоп... Сонда қалай аман қалған? Қалай ауырмаған? Енді той мына қуанышқа жиналған ағайын өткінші жауынға шыдай алмай, дүркін-дүркін қасқыр тиген қой құсап тұра-тұра қашады.

«Қазіргі адамдар нәзік қой, — деді Әбдібек. — Бұларға не дауа. Сол соғысты көрген мен де бойкүйезденіп барамын ба, қалай? Жаңағы өткен жауыннан жауырыным құрысыңқырап қалғандай».

Ол ешкімге «ал»да демей, «кел» де демей, «экстрадан» дәсері бокал тағы тастап жіберді. Ешкі маңырағандай болды. Дудуман, ызы-қызы дауыстың арасынан қара ешкінің үні құлағына анық шалынды.

«Тұқымың құрымағыр, лағын жоқтап құдай сыйлап тұрау, — деп қойды Әбдібек. — Айтпақшы, Сейтқұл құрдас соны мал ғұрлы көрмеді-ау осы. Сойқан салсам ба екен, тұқымың құрымағырды. Ешкі мал емес пе екен? Ойбай-ау, құдайлардың құдайы Зевстің өзін ана сүтінің орнына ешкінің сүтін беріп асырапты. Сенбесең, біздің Серіктен сұра» деп оқудағы баласын еске алды.

...Окоптың боз-ботана суы сіңген оң аяғын снаряд жұлып кетті. Әлгіде бір тамшы тиіп жарылған шамдай көзінің алды жарқ ете қалды да, сол шамның үңірейген ұңғысындай меңіреу қараңғылық құшағында құлап жатты. Сонан соң мына балдақ пайда болды.

Әбдібек үстелге сүйеулі тұрған балдағын сипалап қойды. Балдақ та бұған сүйенгісі келгендей, шолақ аяғының тұқылына құлай беріп еді, Әбдібек үстелге қайта сүйей салды.

Сөз сөйлеп, тост айтушылар таусылар емес. Толассыз сөз. «Ау, бұл колхоздың есеп беру-сайлау жиналысы ма, әлде той ма? — деді Әбдібек. — Тойдан құр қайтқанша өлеңіңді айт, жаудан құр қайтқанша жаралы қайт. Неге өлең айтпайды мына жұрт?»

- Келесі сөз күйеу бала Әзімбайдың нағашысы Шынайдарға беріледі, — деді микрофон.

Әбдібек селк ете қалды.

— Шнайдер дей ме? Неміс пе? — деп орнынан атып тұра жаздап, балдақсыз екені есіне түсіп, қайта басылды.

— Шынайдар дейді, ақсақал, Шынайдар. Күйеу баланың нағашысы, — деп түсіндірді қарсысындағы жездекей. Сонан соң көршісіне бұрылып сыбырлады: — Ақсақал мас болып қалды. Қайдағы неміс есіне түскені несі?

«Менің аяғымды алып қалған Шнайдердің оғы, — деді Әбдібек сигарет сорып отырып. — Екі елі жоғарырақ кесілгенде екінші группа беретін екен. Отыз жылдан асты, үшінші группадағы мүгедекпін. Екі сантиметрдің арысы не, берісі не? Ал пенсиядағы айырмашылық алшақ... Жарайды, аштан өліп, көштен қалып жатқан жоқпын. Әгәркім, оқ жұлған аяқпен бірге өзім толайым қалсам қайтер едім. Адамға шүкіршілік керек. Мына тұқымың құрымағыр, Сейтқұл ғой, мен соғысып жүргенде, бір көзінің ағы арқасында колхозға бастық болды. Енді осы ауылдың молдасы. Үш жүз адам шақырып, қызын

ұзатып отыр. Менің қара ешкімді қомсынды-ау осы. Сойқан салсам ба екен?»

— Келесі сөз — ауылымыздың қадірлі ақсақалы, Ұлы Отан соғысының ардагері Әбекеңе, Әбдібекке беріледі...

Әбдібек орнынан көтеріле қоймады. Оны біреу аңғарды, біреу аңғармады. Меймандар қызған кез болатын. Әбдібек екі жұдырығына маңдайын тіреген күйі ұйықтап кеткен.

— Әбекең сәл шаршаса керек, — деп айқайлады көршісі жездекей той ағасына.

— Бәсе, бағана жаңбырдан қорықпай жалғыз өзі сілтеп отырысы қиын еді, деп қалды біреу барқырай күліп. Келесі сөз...

* * *

Ол қараторғайдың әнінен оянды. Қолының екі қары ұйып қалыпты. Мойны да сірескендей. Басын көтеріп жан-жаққа қараса — жым-жырт. Болар-болмас шырай шалған бозала, уыз таң. Аспан қылаусыз. Аулақта түсі қуарған ай қалтырап тұр. Тал-дарақ басындағы құстар оянып, құйқылжыта әнге басты. Күйеу жігіт пен қалыңдық тұсына тұтылған қызыл кілем орнында екен. Әбекеңнің іпші жылып қалды. Майдан даласында құламаған ту сияқты көрінді қырмызы мүлік.

Әбдібек сипалап, балдағын тауып алды. Жерге құлап қалған екен. Балдақ оны тастап кетпес. Өле-өлгенше, ақырғы дем таусылғанша бұл балдақ адал серік.

Бір-бір басып, қызыл кілемнің тұсына барды.

— Ту жығылған жоқ, мен жеңілген жоқпын! — деп айқайлағысы келді.

Шарбақ жақтан кешегі өзі байлап кеткен қара ешкі қақсап қоя берді.

ЖҮРЕККЕ ӘЖІМ ТҮСПЕЙДІ

Жазушы Ғалым Ахмедовке арналды.

Автор

Сағын аға екеуіміз сәскеліктен соң серуенге шығамыз.

Сағын аға сәмбі талдан жонған ақ таяғын қолына алады:

— Е, бар болғыр, жүр енді, күн ысып кетеді, аяғыңа жеңіл бірдеңе ки, тауда туфлимен жүре алмайсың, — деп мені мектепке жетектеп апаратын баладай баптайды.

Сағын аға, құдай бұйыртса, енді бір жылдан кейін сексенге келеді. Ал соған қарап, бүкірейген шал екен деп ойлап қаларсыздар. Қайдағы шал? Жігіт ағасымыз деп жүрген біздерден көп ширақ. Өзі бойшаң, сол сұңғақ бойын тіп-тік ұстайды. Екі беті нарттай, мейірімді көздері көзілдірік дегенді білмейді, әлі шоқтай жайнап, күлімсірейді де тұрады, жарықтық. Өмірі ызғар шашып, суық тартып көрген көз емес, көп жасауы, көп жасай тұрып, жігіт қалпында қалуы сондықтан да шығар. Жап-жазық маңдай дөңестеніп барып басының қас-қасына жалғасады. Қарын дегеннен белгі жоқ, жіптіктей.

Бау-бақшаның ішінде, шипа теректердің тасасында тұрған демалыс үйінен ұзай бере жолымыз жалғыз аяқтанып, өрге қиялай бастайды. Сағын аға ұзын таяғын шаңғы тепкендей алға сермей тастап, жауырындары бұлтыңдайды. Анда-санда артына бұрылып қарап, пысылдап келе жатқан маған:

— Таяғыңды алшақ таста, қолыңа салмақ сал, жауырыныңды бүкшитпей жазып жүр, — деп қояды.

Менің шолақ жеңді ақ жейдем терге бөгіп қарая бастағанда, Сағын ағаның маңдайы ғана жіпсиді.

Сөйтп біз қатар-қатар дачалардың тұсынан, қалың-қалың баулардан қаздай тізіліп өтіп, бөгде көзді таң қалдырып (өйткені біріміз Дон Кихот, біріміз Санчо Пансо сияқтымыз) Шыбынсай беткейіне өтеміз. Шыбынсай беткейі жабайы өрікке,

жабайы алмаға тұнып тұрады. Пісіп жеткен жеміс жерге төгіліп, алды шірі де бастаған екен. Айнала алма аңқиды.

Біреулер беткейдің қалың шөбін шауып маялап қойған екен, соның көлеңкесіне барып тыныстаймыз. Пішен иісі жұпар аңқиды. Сай табанында таспадай су ирелеңдеп ағып жатады. Құс біткен құйқылжыта сайрайды.

— І-і-і, — дейді Сағын аға көзі күлімдеп.

Онысы: «қалайсың» дегені.

— Шаршап қалдым.

— Безобразие, — деп қояды ол жазық маңдайлы қасқа басын салмақтай шайқап. — Мен сенің жасыңда болсам ғой...

— Не істер едіңіз?

— О, онда, — әдемі көзін Шыбынсайдың арғы қабағына қадайды. Шыбынсайдың арғы бетінен іздегенін тапқандай, орнынан көтеріле бір қозғалып қояды.

— Баяғыда, сендей кезім... Жоқ, сенен жасырақ кезім, Уфада оқып жүрген шағым... Жә, қашанғы әңгіме, қай-қайдағы еске түседі, керек емес, саған түк те қызығы жоқ, — деп қолын сілтей салды.

— Ойбай, аға, айтыңыз. Айдалада екеуден-екеу үндемей отырайық, әйтпесе. Маған неге қызық болмасын.

Өмірі тұнжырамайтын аялы көздерді сәл-пәл мұң шалғандай болады.

— Сен Уфада болғаның бар ма? — деп маған сол күлімсіреген қалпын өзгертпей бұрылды.

— Екі рет барып едім.

— Е, онда біледі екенсің ғой. Сол Уфаңызға жиырма екінші жылы оқуға бардым. Екі-үш жыл бұрын ғана неше дүркін сұрапыл соққан жер. Колчактың қылышынан қан сорғалап, оны Фрунзе тас-талқан етіп, Орал таудан айдап шыққалы да көп болған жоқ. Ақ Еділдің бойында, Орал таудың бауырында бозбала шағым, өмірімнің ең бір аяулы жылдары өтті. Иә... Оның бәрі көп әңгіме. Өзің білесің, Уфада революцияға дейін Би-ағаң,

Бейімбетті айтам, Биғаң оқыған. Тағы біраз қазақтың зиялылары шәкірт болған жер.

Не керек, менімен бір татар-башқұрт қызы оқыды. Аты Кенже еді.

— Кенже?

— Кенже емес, Әнже. Қазақша «Інжу» дегені. Інжу-маржан ше.

— «Татар-башқұрты» қалай?

— Е, әкесі татар, шешесі башқұрт та. Ондайларды «диптәрләр» дейді. Сен әлі жассың, сұлулықтың қадірін білмейсің ғой. Сұлуды, сұлулықты әлдерің жеткенше жазып та жүрсіндер. Мен де жазғым келеді. Бірақ Әнженің сұлулығын жазуға шамам келмейді. Көркі — көз алдымда, жай сөйлегенінің өзі әсем бір ән салып тұрғандай: әйел біткеннің нәзігі сол шығар. Әлде маған солай көріне ме? Бірақ содан бері талай жыл жасап келемін — ондай әйел затын кездестірген емеспін. Ол әнші еді. Мүмкін, сол жүрек балқытып, өзегінді өртердей ән сиқыры шығар, маған одан басқа әйел жұрты тек жұпыны, Әнженің жұқанасы ғана сияқты көрінетін. Сұлулық дегеннің өзі адамның көзге көрінбес қос қанаты ғой деп ойлаймын. Егер дүние тек сұлулықтан тұрар болса — адам баласы мүтедектіктен, ғаріптіктен, рухани жадаулықтан құтылған болар еді...

Қарсы алдымыздан тырс-тырс етіп жабайы алма үзіліп түсіп, қалың шөптің арасынан домалай алмай, түскен жерінде тырп етпей жата қалады. Дәу кәрі алма ағашының түбінде отырған бейсеубет екі адамды көріп, ала қанат сауысқан әлдеқашан бебеулеп, айнала төңіректің бәріне хабарлап болған. Енді ол Сағын аға әңгімесін сауысқан тіліне сөзбе-сөз аударып отырған сияқты. Сауысқан қауымында сұлулық, махаббат деген ұғым болар-болмас, кім білген, бірақ сауысқандар әр тұстан үн қатысып, қарқылдап тұрып күлгендей де болады.

— «Кәрі неме, махаббатта несі бар?» — дей ме екен. Сағын аға сауысқандардың дарақы у-шуына біраз құлақ түріп болып, әңгімесін жалғай түседі.

— Біз оқып жүргенде жатақханада:

Уфа диләр, Уфа диләр,

Уфаны күрәсәм килә.

Цинтральный урамында

Подружка жүрәсәм килә, —

деп, башқұрт-татардың қыз-жігіттері өлеңдетер еді. Жігіттер айтып бола бере, қыздары:

— Ай юғары, ай юғары,

Айға минәсем килә.

Айға минәп, жирға қарап,

Сизнә күрәсәм килә, —

деп шырқайды.

Тальян гармошка құйқылжиды. Көп дауыстың ішінен Энже үні ерекше құлпыра естілер еді. Энже алыстағы қазақ даласынан келген жігіт жалғызсырамасын дей ме екен, мені өзіне жақын тартып жүреді. Менен гөрі орысшаға жүйрік, сабаққа бірге дайындаламыз. Энже екеуміз бас түйісіп бір кітапқа бірге үңілісіп отырғанымызды көріп, татар жігіттері кәдімгідей қызғаныш білдіретін. Әсіресе скамейкада қатар шүйіркелесіп отырсақ, әлгі Энженің ар жағынан келіп жанаса кетеді.

— Бар инде, — деп Энже жақтырмайды. — Мешайт итме.

— Сен қазақ жігітін ұнатасың ақыры, мен де қазақ, — дейді Ибрагим кенедей жабысып.

— Қайдағы қазақ? — дейді Энже шикіл сары, жирен шаш, көк көз жігітке таңырқай қарап.

— Қазақ, — дейді анау саспастан. — Абай қазақ па — қазақ. Ал оның шын аты — Ибрагим. Мен қазақ, эм Абай, — деп әлгі шірене түседі.

Қыз сыңғырлап күледі:

— Ой, Ибрагим, син Абай түгел, — дейді жігіттің әзілін көтеріп.

Әзіл де болса, мен іштей қызғанатынды, іштей булығып, шиыршық атып отыратынды шығардым. Қыз мені шын

ұнататынына әлі көзім жетпейді. Оның мені іш тартып, сабақты бірге дайындасқаны тек жанашырлықтан ғана болуы да мүмкін ғой. Адамға жаны ашып, көмектесіп жіберуі әлі шынайы махаббат емес те шығар. Ал мен байғұс қызды құлай сүйгенімді сезбей қалдым. Ендігі жерде маған онсыз өмір – құр қуыс дүние сияқты. Өзімше қиял теңізіне малтитынды шығардым. Өзімше Энже – Ғалия-бану да, мен —Халел боламын. Ал Ибрагим – Исмагил жауыз. Рольдерді осылай бөліп, ойша Исмагилмен жекпе-жекке шығып жеңіп жүремін. Оқуымды жақсы бітіріп, Энжемен қол ұстасып елге, қазақ сахарасына қайтамын. Мұндай сұлуды көрмеген елдегі туыстар қуанып, құттықтап, ұланасыр той жасайды. Тойда Энже «Ғалия-бану» әнін шырқайды. Тойға жиналған жұрт жамырай риза болып:

— Ұзағынан сүйіндірсін!

— Бақытты болыңдар! — деп батасын беріп, тілек тілейді.

Әне, «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе» деген сол екен.

Сөйтіп жүргенде Еділ бойында оба ауруы тарапты деген сөз шыққан. «Жұт — жеті ағайынды» деген рас шығар. Алдымен қатарынан екі жыл бұл жақта астық шықпай қалды. Енді ауру тарады. Тағдыр өзі сақтасын, бізге келе қоймас деп қойғанбыз. Кенет Энже ауырып, емханаға түсті. Тағы бір-екі студент обаға шалдықты. Оқуымыз уақытша тыйылып қалды. Сол екі арада елден хат келсін. «Әкең хал үстінде, тез жет!» — депті. Қоштасайын деп Энжені іздеп емханаға барсам, маңайына жолатпайды, не хат та қабылдамайды. «Е, ештеңе етпес, елге барып, қайта оралғанымша, Энже аман-сау айығып кетер, жолығармыз», — деп өзімді өзім алдандырып кете бардым.

Ол кезде көлік қазіргідей ме, жарты ай шамасы жол жүріп жетсем, әкейді жерлеп те қойыпты. Жылау-сықтау. Қашанғы жылай бересің. Тірі адамның тіршілігі бар. Енді Уфаға қайтайын десем, қарт шешей, шиеттей бала-шаға. Үп егіп ұшып кеткелі отыр. Елдегі ағайын, ақсақал-қарасақал жиналып:

— Шырағым, енді әке орнына сен әке боласың. Мына иесіз үйді кімге тастайсың. Қой, оқу дегенді айтпа. Жүр ғой сендей елдің баласы, әліпті таяқ деп білмей-ақ күн көріп жүр. Құдайға шүкір, олардың қасында сен ағып тұрған молда емеспісің...

Ол кезде мендей оқуы бар адам некен-саяқ. Лезде жұмыста табылды. Ауылда мұғалім болып қала бердім. Ол бір мұғалімнің қадірлі кезі еді. Ауыл болып мені алақанына салып, басына көтереді. Шешемнің бақытында шек жоқ: баласы ең құрметті адам болғанына қуанғаннан шалының қасында жоқ екенін де ұмытып кетті. Інілерім, қарындастарым үсті-басы бүтінделіп, аузы аққа жарыды. Қарасам, төрт құбылам түгел сияқты.

Бірақ мен жан-жағым жалаңаш, ызғырық желдің өтінде тұрған сияқтымын. Өзім мұнда, есіл-дертім алыста, Орал тауда. Мен жоқта Әнже ауруынан жазылып, оқуына қайта оралған сияқты. Енді оның жанында шикіл сары Ибрагим отырған сияқты. Адам сағыныштан сандалғанда не болса соған жалбарынғыш: Әнжеге күннен де, айдан да, жұлдыздан да, жерден де, құстан да сәлем айтамын. Ал өзім жете алмаймын, кете алмаймын. Ауруханаға хат жазып едім, жауап болмады. Сірә, хат арқылы да жұқпалы ауру тарап кететін болуы керек. Ибрагимге хат жіберіп едім, о да үндемеді. Оқудың бастығынан да жұбаныш хабар болмады.

Менің сүйретіліп сұлдем ғана жүргенін байқаған ағайын әлденені сезіп, ақсақал-қарасақалды ақылдасып, мені үйлендірмек болды. Ары-бері шатқаяқтап көріп едім, айналайын ағайын тізеге салып басып жіберді. Содан сол жеңгеңмен, өзің білесің, елу жылдай бірге өмір кештік. Оның дүниеден қайтқанына да он шақты жыл болып қалды. Әнже алғашқы бір-екі жыл есімнен кетпей, елеңдетіп, күндіз ойдан, түнде түстен шықпай жүрді де, ақыры ұмытыла берді. Тек оқта-текте жүректі бір шаншулатып, бір күрсіндіріп кететіні

болмаса, бұрынғыдай жан қинағанды қойып, әдемі бір көрген түстей елеске айналған...

* * *

Күн сәскеден өтіп, түске таяп, қызуы асқына бастаған екен. Дермене, жалбыз аңқыған шөмеледен шекшектің, шегірткенің әні жиілей берді. Жабайы алмаға үймелеген аралар ызыңдайды. Қызыл-жасыл көбелектер көлбеңдейді. Осындайда Ғабдол Слановтың:

Қызыл-жасыл, теңбіл көк,

Дүние деген көбелек.

Соны қуып келемін

Маңдайдан терім себелеп, —

деген өлеңі еске түседі.

— ...Содан осы бір жыл бұрын ба екен, «Қазақ әдебиетінде» әңгімем шықты. Ол елден жырақта туып-өскен бір дәрігер қазақ қызының есейгенде ата жұртын іздеп келгені туралы болатын. Оқыдың ба, жоқ па, білмеймін...

— Оқыдым, оқыдым, — деп асыға бас изедім. Әңгіме арқауы үзіліп қалмаса екен деймін.

— I-i-i, — деп Сағын аға менің ықыласыма риза болғандай маған бір қарап алды да, маңайды шолып:

— Безобразие, түс болып қалыпты ғой. Қой, қайтайық. Әңгімені қысқартып тоқ етерін айтқанда былай: Әлгі «Қазақ әдебиетінде» әңгімем жарияланғаннан кейін, шамада, бір айдан соң бір хат алайын.

Конвертіне қарасам: «Қазан» дейді. «От Ихсановой Э.» дегені тағы бар. Хат редакцияның адресіне келіпті де, ондағы жігіттер маған табыстады. Түк түсінсем бұйырмасын. Қазанда қандай танысым бар? Неде болса, деп конвертті ашайын...

Саған өтірік, маған шын, сексенге келген адамның елжіреп, ағыл-тегіл сезім билеп, сол сезімнің селіне шыдай

алмай еңкілдеп жылағаны қиын екен. Баяғы Әнже! Фамилиясы Ихсанова екені есімде жоқ. Сөйтсе, бұл «Қазақ әдебиетін» Қазандағы туғандар да жаздырып алады екен. Менің әңгімем басылған нөмір әлдеқалай Әнженің қолына тиген.

«Сіз сол Сағын Рахметовсіз бе, әлде аттас-фамилиялас басқа біреусіз бе, білмеймін. Әйтеуір, үміт дүниесімен жазып отырмын. Құдайдан сол Сағын Рахметов болғай деп тілеймін. Өйткені сіздің жер бетінде тірі жүргеніңіздің өзі маған үлкен медет болар еді. Арада жүз жыл өтсе де, неге екенін білмеймін, осындай тілек тілегім келеді. Сіз болсаңыз да, болмасаңыз да, Сағын Рахметов деген есімнің өзі маған сонау-сонау алыста қалған, қаһар соғып, қиындықпен өткен, бірақ аса қымбатты жастық шақты еске түсірді. Мен сияқты жалғыздік қарт кісіге жаннаттай жастықшақты еске алудың өзі кәдімгідей нәсіп. Есіңізде ме, Сағын (егер сол Сағын болсаңыз), сіз бек ұнататын «Ғалия-Бануда»:

«Ақ атласым жетпеді,

Күміс қайшым өтпеді.

Он бес жастан ғашық болған,

Ғалия-Бану сұлуым, еркем,

Құдайым нәсіп етпеді, —

деуші еді ғой, сол айтқандай, тағдыр-жазмыш бізді бір-бірімізге нәсіп етпесе де, сол бір сүйікті балғын шақты еске алудың өзі маған зор байлық. Сонан соң алыста бұлдырап қалған жиырма екінші жылдан бері менің басымнан нелер хал өтті, не көрдім, не білдім — оның бәрі ұзақ-ұзақ хикая. Егер шын Сағын Рахметов сіз болсаңыз, осы хатты алысымен өзіңізден бір хабар берерсіз. (Әрине, «Ғалия-Бануды» ұмытпасаңыз, әрине, керек деп тапсаңыз). Әне, сонда мен сіздің нағыз Сағын Рахметов екеніңізге көзім жетіп, тәңірге көп-көп тәубе айтып, сізді тірі сақтаған тағдырға табынып, тағы бір хат жазармын. Сонда бәрін тізермін. Ал әзірге тек «Сизлар яктан искән жилләр белән бер хабар киләрсің ми» деп үміт етуші, ұмытпасаңыз, Әнже Ихсанова».

— Безобразие. Міне, хаттың сипаты осындай. Ауру адамдай мең-зең халге душар болдым. Бозым бозбала шаққа қайта оралғандай, жүрегі түскір тәтті бір сезімнен уылжып қоя берді. Адам қартайса бала болады, деуші еді бұрынғылар. Сол рас, бала болдым ба, деймін өзіме өзім. Бірақ есіл-дертім Энжеде. Қартайғанда қара басты ма, мұнша толқып, топалаң тигендей, аласұрған не деймін. Сөйте тұра енді қазір шамаданды көтеріп, Қазанға жиналғандай боламын. Қой, сандалма, деп тағы өзімді қайраймын.

Содан бір мезгіл қу сезімді тежеп, ақылға салып көріп едім, ақылым айтты: хат жаз деді. Оп-оңай нәрсе, осы ойыма келмей, қаншама уақыт апиын ішкен адамдай дал болдым десеңші. Тіпті айтуға да ұят. Отыра қалып, хат жаздым. Не жазғанымды тізіп қайтейін, ақыр соңында: «Энже, суретіңді салып жібер», — депшін.

Содан күнде таңертең елеңдеп тұратын болдым. Тұра салып пошта жәшікке жүгіремін. Төртінші қабаттан бірінші қабатқа қайта-қайта түсіп-шығу менің жасымдағы адамға едәуір күш болса да, емпеңдеп тыным таппаймын. Бір түсіп, бір шығып, еліріп жүргенімді көрші де байқап:

— Сәке, тыныштық па? — деді.

— Е, әшейін, газет келді ме деп...

— Біздің поштаны қойсаңызшы, газетті өмірі уақытылы әкелмейді ғой, — деп көршім мені әурелеген поштаға айдаладан кіжінеді-ай кеп.

Біреуден өмірі бүйтіп хат күткен емеспін ғой. Сөйтсем, хат күту деген қасірет болады екен. Конверттің ішінде баяғы тірі Энженің өзі құндақталып келетіндей тағатым таусылды. Сол баяғы он жеті-он сегіз жас кезіміз болса, жөн басқа, сексендегі селдір шақта не азап. Сексенге келгендер некен-саяқ, олар енді ақырғы сапарға бет түзеп, тіршіліктің анау-мынау күйбеңіне араласа бермейтін, қызық-шыжықтың базарынан әлдеқашан қайтқан адамдар. Сексендегілер өткен өмірдің қатпар-қатпар

естеліктерінің сеңі бұзылса, соны қызықтап қана өмір сүреді. Қағазға жазылмаған қалың естелікті бір-бір парақтап жыртып алып отқа жағып, соның қызуына жылынып отыруы керек қой сексендегілер. Біздің жаста адамдар төсетінде жалғыз жатады. Қалың көрпе жылыта алмайтын жаурауық жанды естеліктің демімен жылытады. Ол үшін еске алатын өткен шақтың тәтті-тәтті кезеңдері бола қойса ғой. Алдан не күтеді? Ал мен болсам әлденені алдан күтетін болдым. Әлдене болғанда — әлгі хат. Хат келсе, маған жастық шақты жібек бұйдамен жетектей келетін тәрізді.

Баяғыда біз Уфада оқып жүргенде, башқұрттар театрына баратынбыз. Сонда қай спектакль екені есімде жоқ, әйтеуір, біреуінде қалыңдығын сағынған бір жігіт:

— Жырақлардан язған,

Сәлем хатларынны

Күте-күте түземлегем биткас, —

деп жырлайтыны есімде қалыпты. Яғни, «алыстан жазған сәлем хатыңды күте-күте төзімім бітті» дегені ғой. Енді, құданың құдіреті, мен сол болдым. Әдейі пошта бөліміне барып, сондағы бір қыздан:

— Қызым, Қазаннан хат қанша күнде келеді? — деп те сұрадым. Оның айтуынша, көп кешікпейтін сияқты. Салбырап, еңсем түсіп үйге қайтып келсем, жәшікте газет жатыр екен: ала салып сілкілеп едім, көк конверт сусып барып еденге түсті. Жарылып қалатын жаны бар заттай лезде қақшып алдым. Суреті бар ма екен деп саусағыммен сипалаймын. Жұқалау көрінді. Әдетте суреті бар хаттың конвертінде: «Осторожно — фото!» деген ескертуі болар еді, мынада ондай жазу жоқ...

Сексенге келген адамда сабыр-шыдам мол болса керек еді, енді қайда асығады? Жоқ, мен мұны ұмытып, конвертті ашып жіберіп, баспалдақ бойлап оқып келе жатыпшын. Қарсы алдымнан шелек көтеріп төмен түсіп келе жатқан көршімді де көрмепшін. Соқтығысып қала жаздадық.

— Сәке, немене, қалыңдығыңыздан хат алдыңыз ба? — деп қалжыңдайды әлгі.

Сасқанымнан:

— Иә, иә, жо-жоқ, бір жолдастан, — деппін.

Осы жұрттың сұңғыласы бар ма, қайдағы-жайдағы сырыңды біліп қоятын сияқты. Мынау білмеген де шығар, бірақ қалжыңының өзі шын шыққаны таң қаларлық.

Майда әріппен маржаңдай тізіліп жазылған қол сол баяғы Энже қолы. Адамның жасына қарай өңі, бәлкім мінез-құлқы өзгерсе де, жазуы өзгермейді екен. Дүниеде қанша адам бар, бірақ саусақ ізі өмірі бір-біріне ұқсамайтын көрінеді. Сол сияқты жазулары да бір-біріне ұқсамайтын болуы керек. Қалай десе де, мен Энже қолтаңбасын өзге мыңдаған қолдың ішінен таныр едім.

Арада алпыс жылға жуық уақыт өтсе де, мен мына маржан жазудан оның жұп-жұмсақ мақпал үнін естігендей болдым. Жазу сөйлеп тұрған сияқты. Шын сезімнен шыққан жазудың бәрі сөйлейді. Энже хаты тек құрғақ хабар-ошар ғана емес, көкірегі қарс айырылған күрсініс, қысқы күннің батар шағында қызғылтым сәуле шалған ұлпа бұлттардың мұнары сияқты бір нәзік сезім бар бұл хатта. Орман-тоғай, айна көл, жазық даланы қимай қайтқан қыр қаздарының арман аралас қиқуы бар. «Сіз тірі екенсіз ғой, Сағын. Тағдырға мың рақмет. Айналып келгенде өміріміз ұқсас өтіпті. Мен ерімнен, сіз жұбайыңыздан айрылыпсыз. Адамдар осылай адасып жүреді. Өйтпесе мен сізге, сіз маған жар емес пе едік. Ертеде қосыла қалсақ, бақытты болар ма едік, әлде бір-бірімізді жек көріп кетер ме едік — білмеймін. Бірақ өмірдің басында кездесіп, әлдеқалай айрылысып, соңында хат арқылы табысқанымызға да шүкір. Өлгенің тіріліп, өшкенің жанғандай бір заман. Біз бірақ екі жарты — бір бүтін бола алмаспыз. Тым кешіктік. Күн төбеден төмен құлап, ұясына батуға шақ қалды. Ол баста-ақ: Жолымыз айырылған,

Қанатымыз қайырылған.
Біз бірге боларға жоқ шара.

Бізде осындай бір ән де бар. Бізге арналып шығарылған сияқты. Бағбандар әр түрлі сортты жас алма шыбықтарын бір-біріне қиыстырып байлап, будандастыра береді. Екі шыбық бір дене болып бірігіп кетеді. Ал, қу ағаштар біріге ме? Тамырлары жалғасып, тәндері біртұтас бірікпесе, желімдеп жапсырғанмен бола ма? Бізден жасыл жапырақ төгілгелі қашан. Мен сіздің бір сөзіңізге қайран қалдым, Сағын. Сізде әлі бала мінез бар болар. Бозбалалық сезімі сақталған сіз, сірә, бақытты боларсыз. Әйтпесе менен сурет сұрар ма едіңіз. «Әнже, суретіңді салып жібер» дегеніңіз қалай?

Жоқ, Сағын батырем, мен сізге суретімді сала алмаспын. Мен сіздің көз алдыңызда, көкірек көзіңізде, сол баяғы жиырма екінші жылғы қалпымда қалғым келеді. Сіз мені шын жақсы көрсеңіз, сол балғын бойжеткен қыз кезімді жақсы көріңіз. Сол бейнені басқа ештеңемен былғамай, таза сақтаңыз. Он сегіздегі қыз бенен жетпіс сегіздегі қаусаған кемпірдің суретін салыстырып не береке табасыз, не мұратқа жетесіз? Обал емес пе? «Қазанға барғым келеді» депсіз. Маған бола әуре болмаңыз. Біздің жаста ұзақ жол жүру өте қауіпті. Біз енді, алда қанша жарық күн бар, бұйырған уақыт ішінде тек хатпен табысып тұрайық. Маған сол да қанағат. Соған да тәуба. Жер бетінде тірі жүргеніміздің өзі менің жаураған кәрі жүрегімді жылытқандай болды. Соған да шүкір, Мен үшін сол да жеткілікті». Жалпы хат сарыны осындай...

Сағын аға: «Осының, бәрін несіне айтып отырмын?» дегендей маған бір түрлі кінәлі адамдай күле қарап тыйылып қалды. «Осының бәрін айтқызған сен қу ғой» дегендей ме, қалай. Әр адамның сыртқа шаша бермейтін сыры болады. Тіпті еш жан білмей, өзімен бірге дүниеден өтетін сыр да болады. «Алжыған шал» деп ойлады-ау деп, менен қымсынған сыңайы

бар. Менде ондай жымсықы ой жоқ екенін оған қалай сездіріп, қалай сендірем?

— Мынау бір сәулелі мұң екен, — дедім басқа лайық сөз таппай.

«Қазанға барсам» деуіңіз бекер дегім келді де, айтпадым. Шынында да, кемсиген кемпірді бір көру үшін тау асып, тас басып не керек... Артынша өз ойымнан өзім ұялдым. Ол — менің ойым, менің көзқарасым. Ал Сағын ағаның ойымен, соның көзімен қарағанда, қандай боларын мен қайдан білейін.

— Кеше хат жазып жібердім, — деді Сағын аға менің күдігімді сезіп қалғандай. — Сурет салғаннан неге шошыдың, Әнже? — дедім. — Уақыт, көп болса, сенің бетіңді әжімдеген шығар, ал жүрекке әжім түспейді, — дедім.

Міне, мәселе қайда жатыр. Сағын ағаның соңғы сөзі мені ұрып жыққандай болды. Әне, Сағын аға көзімен қарағанда көрінетін сұлу дүние.

— Безобразие, уақыт болып қалыпты ғой, қайтайық, — деп Сағын аға сүйретіліңкіреп барып орнынан тұрды. Таудан төмен қарай еңкедеп келеміз. Білди жолы жылдам. Жол ылдиға жетектеп барады.

КЕЛІНШЕКТАУ САҒЫМДАРЫ

Шілденің күні шаңқай түс болғанда батыстағы Келіншектау сағымданып, үздік-создық қимылдай бастайды. Баяғы байдың ұзатылған қызының көші қайта тіріліп, уап-шуап бара жатқандай.

Байдың қызы ұзатылған ғой. Қыз әкесіне өтініш айтыпты: Менің жасауыма алтын шаңырақты, күміс уықты ақ отау дайындатыңыз. Қазан, ыдыс-аяқ, табақ бәрі де алтын жалатқан күмістен болсын. Төсегімді пілдің сүйегінен жасат. Көрпе-

жастық шытырма шәйі, сусыма жібектен болсын, — деп тағы басқа керек-жарақтың бәрін небір асылдан әзірлеткен ғой.

Жасау мүлкі қырық түйеге артылып, қалыңдық көші шұбатылып жолға шыққанда, кенет байдың қызы көшті тоқтатып, әкесіне:

— Әкетай-ау, біз бір нәрсені ұмытып кетіппіз ғой — дейді.

— Нені, шырағым?

— Итаяқ алтыннан болмады ғой.

Әкесі аттың үстінде келе жатып, қос қолының алақанын көк аспанға қарата жайып жіберіп:

— О, Тәңірі! Бар болсаң, мына көшті тас қыла гөр! — деп, сақалын көзінің жасы жуып, құдіретті күшті Құдайға шын ниетімен жалбарынған екен дейді. Әкенің қарғысы қатты, тілегі тәтті, байғұс қыз келіншек болып келе жатып, лезде бүкіл көш ұзақтан-ұзаққа созылған қаратас болып қатып қалған ғой.

Содан бері Келіншектау аталады. Күндіз оны сағым буып тұрады. Кешке жақын, күн батарда Келіншектау алыстан ерекше ап-айқын көрініп, келбеттеніп, құдіреттеніп кетеді.

Шілденің күні шаңқай түсте ысып, ми айналдыратын тұста, тірі жан кірерге тесік таппай, бәрі де алақандай болса да көлеңке іздейді. Тал түсте көлеңке де барынша қысқарады.

Киіз үйдің көлеңкесі қураған терідей қусырылған жерде келісті ақ ешкі екі лағымен бүйірі бүлкідеп, ыстықтап жатқан болатын.

Күннің ми қайнайтын ыстығанда шекшек шырылдайды. Тірі жаннан белгі берген сол ғана. Басқаның бәрі мүлгіп тұр.

Баяғы-баяғы динозаврлар заманынан бізге талай зауаддан ідалап жеткен кездік бой кесіртке де қызған тастың түбінде ашпақ алқымы бүлк-бүлк етіп, тырп етпей қалыпты.

Келіншектау көшінің үздік-создық қозғалаңдайтын кезі дәл осы шақ. Сағым айнығанда шексіз теңіз толқындатып, сол теңізде Келіншектау жастар көшіндей болып, жүзіп бара жатады.

Жазғы жайлаудағы жалғыз үйде аға шопан Қоңырбай мен жас келіншегі Гүлдерайым екеуі ыстық ерітіп жібергендей, буындары былқ-сылқ болып, жер төсекке құлай кетіп, ұйықтап жатқан.

Жерошақ басындағы сексеуіл үйіндісін көлеңкелеп жатқан сарыала төбет арс ете қалды. Сөйтсе бір УАЗик екпіндеп келе жатыр екен. Екпіні шопанның киіз үйін таптап өтердей. Құдай жарылқағанда киіз үйді жайратып кеткен жоқ. Бірақ оның үйдің көлеңкесінде жатқан ақ ешкіні «бақ» еткізіп басты да кетті.

Қоңырбай сыртқа атып шықса, УАЗик басып өткен ақ ешкі артқы екі аяғын ербеңдетіп, көзі аларып, үзіліп барады екен.

Өлмей тұрғанда бауыздап жіберейін деп пышаққа жүгірмекші еді, машинаның ішінен масаң дауыс гүрр ете қалды.
— Өліп қалғансыңдар ма?!

Ферма бастық Қабылбек екен. Алдымен бастыққа қарай жүгірмегеніне кінәлі болғандай, ақ ешкіні де, пышақты да ұмытып, бастыққа қол қусырып:

— Жәй, нетіп, әлгі пышақ алайын деп...

— Пышағы несі? Оны қайтесің-ей?!... — деді.

Қоңырбай:

— Сіз машинамен басып кеттіңіз ғой, — деп айта алмай:

— Осылай боп қалды ғой, — деп міңгірледі.

— Еһе-е, — деп мекіренді завферма, — жегенге ешкінің еті жеңіл болады, еһе-е...

Өлі ешкінің емшегінен сүті қызғылтым болып шықты. Жас лақ сорлы оны қайдан білсін, солқылдатып еме берген. Қоңырбай лақтарды: — Е, сорлы жетімдер, — деп итеріп кеп жіберген. Сосын үйден пышақ алып шығып, әйеліне айқайлады:

— Әй, Гүлдерайым, таза табақ әкел.

— Оны қайтесің-ей ?— деді Қабылбек машинадан теңселіп түсе беріп.

— Әшейін, нетіп, қанын алайын деп... шыж-мыжға...

— Шыж-мыжың не-ей?

— Не ғой, әлгі әсіп дейме...

— Ә, әсіп де. Прекрасно ғой, ол.

Қоңырбай ақ ешкінің былқ-сылқ еткен басын көтеріп, алқымын «біссімлә» деп пышақпен орып кеп жіберіп еді, қан атқып ақпай, шып-шып шықты да тиылып қалды. Табақ ұстап тұрған Гүлдерайым байына:

— Байғұс-ау, арам өліп қапты ғой...—деп сыбырлағанда Қоңырбай:

— Өшір үніңді! — деп ысылдады.

Қоңырбай ақ ешкінің етін боршалап, тез-тез жіліктеді де, Гүлдерайымға:

— Қуырдақ жасай бер, — деді.

Ақ ешкінің терісіне тұз сеуіп, далада тұрған битонның үстіне жайып қойды.

Теріден енесінің иісін сезген лақтар ақ ешкінің жүні көрінбей қалғаннан бір сұмдықты сезгендей, тұз сепкен жалаңаш теріні жалап-жалап, қосарлана маңырай бастады.

Қабылбек бастық бұл кезде тиегі жоқ домбыраны тыңқылдатып отырған. Ыдыс-аяқ алып, үйге кіріп-шығып жүрген Гүлдерайымның мықынынан мытып қалып, масаң көздерін қысып-қысып қойды.

— Мен ет піскенше мызғып алайын, көрпе төсеп, жастық бере сал-ей, — деді.

Гүлдерайым бастықтың айтқанын істеп, сандықтың үстінде жиналып тұрған көрпе-жастықты ала бергенде келіншектің топ-толық балтырын сипалап қалды. Басы жастыққа тиісімен қор-р ете түсті.

Егіздер енесін жоқтап, зар қағып маңырай бастады. Киіз үйді шыр айналып безектейді. Битонның үстінде жаюлы тұрған тері ыстық күнде тез кебірсіп, тырыса бастады. Лақтар барып,

иіскеп-иіскеп, жансыз заттан түңілгендей зарлана түсті. Оянып кеткен ферма бастық:

– Өшір үнін! – деп ақырып қалды.

Қоңырбай лақтарды үйден әрірек айдап салып, қуған болды. Егіздер аулаққа кетпей, қайтып айналып келе берді, келе берді.

– Өшір үнін!

Қайтып өшіресің? Ауыздарын буып қоя алмайсың, «қоя ғой» дегенді түсінбейді.

– Қайтесіңдер байғұстар, Құдайдың ісі – дейді Қоңырбай далбасалап.

Жетімдер маңырай түседі. Қайдағы Құдайдың ісі! Машинамен басқан Құдайдың ісі емес қой! Жаппаңдар Құдайға жалаларыңды, қатыгез, мейірімсіз адамдар! — деп зарлайды егіздер.

– Өшір үнін!

Бірақ Қоңырбай жетімдерді жұбата алмайды. Лақтар Қабылбектің завферма екенін түсінбейді. Оның бастық екенімен істері жоқ. Лақтарға ене керек. Олардың қарны ашты. Оларға енесінің жып-жылы, тәп-тәтті сүті керек. Лақтар емшегін сорып жатқанда мекірленіп, мейірленіп, бұлардың үстін жалап, аймалап тұратын ана керек!

Ақ ешкі сүтті еді. Тіпті егіздер әбден тойып, қарындары бұлтиып кеткен кезде де, Гүлдерайым одан шай қатыққа сүт сауып алатын.

Жетімдер жылайды. Завферма бір сәт лақтардың дауысын ұмытқандай болды. Өйткені қос шекесі солқылдап, басы қақ жарылардай боп, кетіп бара жатты.

– Әй, Қоңырбай! – деп жуан даусы барқ ете қалды.

Қоңырбай жетіп келді.

– Қабеке не болды?

- Әй бір жұтым арағың бар ма, басым әкетіп барады.

Қоңырбай қатты састы.

- Қабеке үйде арақ жоқ еді...

- Безобразие! – деп бажылдады Қабылбек – аш ана УАЗик-ті. Сонда бір заһар болуы керек.

Қоңырбай үйге қуанып кірді. Багажниктен бір жарым литрлік соп-сопақ бөтелке тауып алған.

– Құй! – деді Қабылбек қырлы стаканды тосып тұрып.

– Қоңырбай лақылдатып-ақ құйып еді, бастық:

– Шүлпілдет – деп барқ ете түсті.

Стакан шүлпілдеді.

Бұл кезде УАЗик-тің ар жағында ақ ешкінің бас-сирағын қытырлата мүжіп, сарыала төбет молшылыққа кенеліп жатты.

Егіздер жылай-жылай сілесі қатып, үйдің көлеңкесінде, енесі жатқан жерде талмаусырап ұйықтап қалды.

Ақ ешкінің қуырдағы да дайын болған екен, Қабылбек күректтей алақандарын ысқылап, жылы-жұмсаққа қолды бір салды дейсің...

– Сен неге алмай отырсың? – деп Қоңырбайға түйілді. Қуырдаққа Қоңырбайдың тәбеті шаппады.

– Ешкі етін жемеуші едім... жел... Ескілікті ауруым... – деп күмілжіді.

– Әй, – деді завферма орасан ой есіне түсіп, – айтпақшы әлгі «шыж-мыж» қайда? Әсіпті айтамын.

– Ой, Қабеке, ол үлкен аспен бірге беріледі ғой, – деді Қоңырбай зәресі зәр түбіне кетіп.

– Құй! – деді завферма.

– Стакан шүлпілдете толтырылды.

– Ал! – деп бұйырды бастық.

Қоңырбай енді уәж айта алмай, екі көзін тарс жұмып тұрып, тартып жіберіп еді, өзегі өртеніп бара жатып «Әлгі әсібін тағы сұрар ма екен?» деп ойлап үлгерді.

– Қатының неге ішпейді? – деп қалды бастық.

– Әй, қатын, кел, шақырып жатыр, – күңк етті Қоңырбай.

Гүлдерайым үйге кіргенде ферма бастық айғыр стаканды тосып тұрып:

- Құй! — деді.

Қоңырбай қолы қалтырап, арақты лүпілдетіп құйып еді, завферма оны Гүлдерайымға ұсынып:

— Амандық-саулыққа алып жібер, — деп қиылды.

Гүлдерайым бетін бұрып әкетіп:

— Мен ішпеймін ғой, ағай, — деді.

— Онда қатының үшін сен ішесің — Бастық стаканды Қоңырбайға ұсынды. Қоңырбай онсыз да дүмбілсіз болып тұр еді, бұл стаканнан кейін өзі де ішімдікке жоқ оқта-текте ұрттап-тататын сорлының үсті-үстіне көмейінен өткен ақ пері аш өзегіне түсіп кетіп, жиюлы жүктің алдына аяқ-қолы былқылдап, аузы қисайды да қалды.

Басекең жас келіншекке қол салды.

— Қойыңыз, ағай, әдепсіз болмаңыз, — деп Гүлдерайым үрейлене жасқанып, шегіншектей беріп, арқасы керегеге тірелді.

Шегінерге жер қалмады. Артта кереге. Алда — «ырқ-ырқ» еткен бастық.

Завферма өңмендеп, құшақтап, бетінен сүймекке ұмтылғанда, байғұс келіншек қырғи бүрген торғайдай, аждаһа көрген көжектей бүрісе беріп, бір сәт босаңсығандай да болып еді... Әлгінің аузынан бір сасық иіс мұңқ ете қалды. Гүлдерайым лоқсып барып, бастықтың омырауына құсып-құсып жіберді.

Қабылбек бастық үстінің бәрі былығып, қолымен сүртпек болғанша, келіншек оның уысынан сытылып шығып, есіктен сыртқа ыта кеп жөнелді.

Белден асып, бір отар қой бері қарай құлаған екен, Гүлдерайым солай қарай жүгірді. Оның соңынан екі жетім маңырап ала ілесті. Бір отар қойдың ішінен егіздер өз енесін іздеп кез-келген қой мен ешкінің емшегіне жармасып жүр. Малда да қатыгездері бар: байғұстарды сүзгілеп, тепкілеп жіберді. Малда да мейірімділер бар: тоқтай қалып, мүсіркегендей болады.

Помчабан Дәрібай Гүлдерайымның алдынан шыққанына таң қалып:

— Тиыштық па, жеңеше? — деді.

Гүлдерайым өксіп:

— Ана қара доңыз... — деп ар жағын айта алмай жылап жіберді. Помчабан жас та болса, тістері түсіп, күнге күйіп, ерте егде тартқан, кейпі кедейлеу, пәс мінез пенде еді.

— Қой жылама, жеңеше, — деп мыжырайған киіз қалпағын түзеп киген болды, — Қазір, қазір оны...

«Қазір, қазір» — дегенде мұның қолынан не келеді? Кім біледі, дегенмен еркек қой әйтеуір....

* * *

Жер бетіндегі мынандай қиянаттан, сорақы, сорлы тірліктен ұялып кеткендей, батып бара жатқан күн қып-қызыл боп, айнала төңірек алаулады.

Күн батар тұстағы Келіншектау ырғалып-жырғалып бара жатқандай көрінді. Көш соңына Ақ ешкі ілескендей, әлдене ағараңдайды. Әлде сағым. Әлде өкініш-үміттер ағысы...

СОЛ БІР КҮЗ

Биікте-биікте шу-шу етіп құрқылтай ұшып жүр. Мыңбұлақтың бір бұлағы — Шоқыбас сайы. Жарқабағы шұрқ тесік: жыбырлаған құрқылтайдың ұясы. Құстар ұяларын тастап қыс болмайтын жаққа кетпекші.

Соны көріп, қыстың келе жатқаны Ноянның есіне түсті. Торы тайдың үстінде күн шуақтап отырса да, аяз қарып өткендей тұла бойы түршікті. Былтырғыдан да ауыр қыс болатынын бала жүрегі күн ілгері сезгендей. Қырық үшінші жылғы қыс естен, сірә, шыға қоймас.

Ноян былтыр желтоқсанда тобан аяқ болып мектепке бара алмай қалған. Тәңірі жарылқағыр, Тимофей шал көтерем өлген өгіздің терісінен шикі шоқай тігіп беріп әбүйір болған. Шоқай су тисе езіліп жүре беретін. Бірақ шұлғауын қалың орап, ілекерлеп мектепке барып қайтуға жараушы еді.

«Биыл қыста өгіздің терісі табыла ма, табылса оны Тимофей тағы тігіп беруге келісе қоя ма?..»

Ноян торы тайдың күзеген жалын сипап осыны ойлады. Тай бұл күнде жуасып қалған. Оттамастан мүлгіп тұр. Ол да бір ойдың шырмауында сияқты. Торы тайдың енесін былтыр әскерге алған. Әскерше киінген екі адам колхоздың бастығы үшеуі келіп жылқы аралап, ішінен бірнешеуін таңдаған. Біреуі осы торы тайдың енесі. Өте еңселі, тұлғалы бие еді, жануар. Әскери адамдар оның тісін ашып көрді. Кеудесін, тұрқын, тірсегін, тіпті құйрығына дейін сантиметрлеп өлшеді...

Торы тай енді енесін сағынатын болу керек, анда-санда адамша күрсінеді.

Қазір жылқы сайдың табанында жайылып жатыр. Бұрынғыдай сусыма емес. Көлік малы көп ойқастауға жоқ. Қамыттан мойны босаса болды, төрттағандап басын оттан алмайды. Жылқы жылжып өткен сазда пырдай боп жас тезек қалады. Сайдың қабағынан қарағанда, ойпаңда қаптаған қасқалдақ қонып отырғандай.

Шөп қатайған, гүл семген. Көбелек қалтаңдап көп ұшады. Бірен-саран қалған теңгежапырақтың қызғылтым гүліне тұрақтамайды, шырын шықпаған соң, тез-тез ұшып кетеді.

Сәмбі талдың жапырағы үн-түнсіз үзіліп, бастауға қалқып түседі. Енді бір сәт сарғайған жапырақтан қайнардың мөлдіреген қара суы көрінбей қалады.

Ноян тау жаққа қарады. Тауға таяуда белуарына дейін қар түскен. Соны көріп, өзінің жалаң аяқ екенін тағы да есіне алды. Ноян әскердегі ағасына хат жазып қойған, бірақ қалтасында жүріп тозды. Хаттың соңында ағасынан бір бәтеңке

ала келуін өтінген. Ал хатты қайда жіберерін білмейді. Ағасы соңғы хабарында әзір хат жазбай қоя тұрыңдар, белгі өзімнен болады, жаңа адресімді айтып жазамын деп еді, жарты жыл өтті, содан бері дерек жоқ.

Кенет, керемет! Ноянның көктен іздегені жерден табыла жаздады.

Сай басындағы қара жолдан бозаңдатқан шаң көрінді. Үсті жабық үш арба қаз-қатар тізіліп, адамдары азан-қазан әндетіп, көшпелілер келіп, сазға аттарын доғарды.

Алдыңғы арбадан кеспелтек келген дударбас кісі секіріп түсті де: — Оһо, деді. Қызыл етікті аяғымен көгалды жерді теуіп-теуіп шірене қалды. Жылқының пысқырығынан басқа дыбыс естілмеген сайдың іші лезде хан базардай гуледі.

Тек он үш-он төрт жастағы бота көз қызғана басқаларға қосылыңқырамай оқшау тұрып, қолындағы қобдишаны ашты. Ішінен қалақтай қобыз шығарып алды. Ноян оның скрипка екенін білмеуші еді. Бағанадан бері көшпелілерден бойын аулақ ұстап, шет тұрған. Шашы өрілмей иығына сусып төгілген, алабажақ көнетоз көйлек киген кішкентай қыз скрипканың иығынаи егімен қысып алып, нәзік саусақтары майысқанда, Ноянның тұла бойынан ыссы бір толқын жүгіріп өтті. Еріксіз тебініп еді, торы тай бір-бір басып таборға жақындай түсті.

Басқа күйбің қу тіршілікте қыздың ісі болмады. Кең дүниеде өзі және скрипкасы ғана тұрғандай, өз ойынына өзі елітіп, баяу ғана көзін жұмды.

Ноян мұндай музыканы бұрын естіген емес. Таудың басындағы күміс тәжді алтын нұрға малып күн шығып келе жатқанда, соның шапағынан оянған дүние-әлемнің ән салғанындай, айлы тыныш түнде жалғыз бұлбұлдың таңдай тақылдатқанындай.

Бала бәрін ұмытты. Өткен қысты да, келер қысты да, жалаң аяғын да, апасының іңір қараңғысында қызылшадан титықтап әрең жетіп, үні бітіп, таңдайы кеуіп, бір жұтым шалап

сұрайтынында, бригадирдің: «Айналайын Ноян, бүгін мектебіңе бармай-ақ, жылқы бақ» деп жалынатынын да — бәрін-бәрін ұмытқан.

«Ақырзаман осы шығар, — деді бір кез Ноян өзіне-өзі. — Апам айтушы еді: ақырзаман боларда жердің жүзінен сиқырлы ән жүріп өтеді. Оған ілескендер қайтып жер бетіне оралмақ емес. Ол сиқырдан ешкім де аман қалмайды екен деп. Сол осы болар».

Бір мезгіл бала осы көшпен ілесіп, алысқа кеткісі келді. Тек ұдайы мына музыка ойнап тұрса ғана. Бірақ кешке үйге қызылшадан ерні кезеріп келетін апасын, оған шалаптық айран қалдырмай ішіп қоятын інілерін ойлады.

Көшке ілесе алмайды. Мына музыка көрген түстей. Түсте де осындай бір ғажайып шақтар болады.

Оның ойын дударбас кісі бөліп жіберді.

— Иә, жігіт, — деді судай қазақша. — Кімнің баласысың?

— Шахаманның.

— Әкең жоқ қой?

— Жоқ. («Оны қайдан біледі?»)

— Ағаң әскерде ғой?

— Әскерде. («Оны қайдан біледі?»)

— Мен білемін сенің ағаңды. Ол — нағыз батыр. Көрсем сенен сәлем айтамын. Астыңдағы тайыңды сатасың ба?

— Сатпаймын: Бұл колхоздікі.

— Әй, ақымақ-ақымақ. Мен білмейді дейсің бе. Әрине, сенің әкеңнен қалған тай емес. Мұндай тайы бар адам жалаң аяқ жүрмейді ғой.

Ноян аяғын қоярға жер таппай, торытайдың қолтығына қыса түсті.

«Қыз естіп қойды ма?» — деп қысылды.

Дударбас жабық арбаның ішінен бір пар бәтеңке алып келіп, тайдың шоқтығына іле салды.

— Мә. Білемін, қиналып жүрсің. Ағаң келеді соғыстан. Бұдан да жақсы бәтеңке ала келеді. Мынау да жаман емес. «Рабочий». Талай қыста тепкілеп киіп шығасың.

— Сенбей тұрсың, ә? Тегіннен-тегін қайтіп аламын деп тұрсың ғой. Азаматсың. Сенде ондай күдік қалмасын. Бір қамыт әкеп бере ғой. Иә кәдімгі аттың мойнына кигізетін қамыт. Білесің ғой қайда жатқанын. Кәзір арбакештер аттарын шығарып, түстікке кетті. Барып, аласыңда қайтасың. Жан баласы көрмейді де,білмейді де. Бар шап! Сенбесең, бәтеңкені ала кет!

Ноян қызылша жаққа қалай шоқытып бара жатқанын білмей де қалды. Қызыл изен, тас мияның арасынан бір топ бұлдырық пыр-п етіп ұша жөнелді. Сары ала күзде қызылша даласы тым жасыл боп жайқалып жатыр. Аршылған тәтті тамырлар семіз қойдың құйрығындай теңкиген. Аттары шығарылған арбалар қаңтарулы. Жан баласы жоқ. Тек жапырақтан құрт терген зымыран шымшықтар ғана шиқ-шиқ етіп ұшып жүр.

Арбакештер жапырақ астына жасырып кеткен қамыттардың бір ілінгенін Ноян тай үстінен көкпарша жұлып алып, постромкесін салаңдатқан күйі салпылдап кері шапты. Тұяқ астында қызылша жапырағы қаршылдады.

Соғыс жылдарының соры қалың аттарының тері сіңіп, қолқаны атқан қамытты жылқышы бала дударбас кісінің алдына шиырып ұрды.

— Кет, енді бұл жерден! — деді Дударбас.

Мұнысы қиын болды. Баланың осында қала тұрғысы келіп еді. Шашы өрімей иығына төгілген скрипкашы қызға қарай бергісі келіп еді. Бірақ қызыл етікті:

— Кет! — деді. Бұрынғыдай емес, жауыға қарайды.

Қолында бәтеңке келе жатқанын Ноян былай шыққанда аңдады. Ескі, ескі де болса қайысы қалың «рабочий» бәтеңке. Қыстың уайымынан құтылғандай еді, бірақ еш қуанышы

сезілмеді. Біреуді өлтіріп, аяғынан сыпырып алғандай суық көрінді.

Көшпелілер апыл-ғұпыл жинала бастады. Сайдың тасынан қалаған ошақтың оты бықсып, жұрты қалды. Қара жолдан боз ала шаң шұбатылып шағын табор батысқа қарай тартып отырды.

«Кешке үйге келгенде, апам бұл бәтеңкені қайдан алдың десе, не демекпін?»

«Қамытты арбакештер қазір-ақ іздеп жатқан шығар?»

Апасы айтушы еді: «Біреудің сабақты инесін алушы болма! Ағаң алыста от пен судың арасында жүр. Біреудің бір нәрсесіне тиіп, ағаңның ақ жолына жаман ырым жасама!» — деп.

Соны қалай ұмытқан! Мына сасық бәтеңкеге бола ағасына мысықтілеу тілемек пе!

Ноян тайдың басын бұрып, көштің соңынан шоқырақтатты. Жырым балақ, жалаң аяқ қалпында қара жолдың шаңын аспанға бұрқ-бұрқ көтеріп, кесілте шапты. Тайдың құлағының түбі жіпсіп, танауы делдиіп, демі парылдап, қос аяқты сілтей салды. Жол жағалай шоқ-шоқ өскен ақ ши теріс аққан өзендей сағымданып ол қалды. Тау жаққа көзі түсіп кетіп еді: қадау-қадау мұзарт шоқылар шоқаң-шоқаң етіп өзімен қатарласа жарысып бара жатқандай екен.

Дударбас отырған алдыңғы арбаға теңесе бере, ауылдағы көкпаршы шалдарша әлгі бәтеңкені шатырдың ішіне атып ұрды. Дударбастың көзі бағжаң етті.

— Ағатай, қамытты қайтып бер, — деді оған Ноян арбамен жағаласа шауып келе жатып. — Көлік тұрып қалатын болды, ағатай. Қызылша тасылмай қалатын болды, ағатай. Қамытты қайтып бер!

— Ақымақ! — деді дударбас жарау аттардың божысын қағып-қағып уқалып. — Несіне қорқасың, қорқақ!

— Арба тоқтап қалады, ағатай!

— Ақымақ! Қорқақ!

Жабулы арбаның ішінен скрипкашы қыздың өрілмеген сусыма қара шашы көрінді. Қыз әлсіз жіңішке қолдарымен арбадағы дәу қамытты тырмыса тартып, лақтырып жіберуге әрекет қылды. Дударбас артына бұрылып, божыны бір қолына жиып алып, бір қолымен кішкентай қызды бүріп ұстап, арбаның түкпіріне итеріп кеп жіберді. Жанында жатқан ұзын қамшыны ала салып, үйіріп-үйіріп, Ноянға қарай сілтеп кеп қалғанда, мылтық атқандай сарт ете түсті. Торы тай оқыстан оқырынып қап, жалт берді. Ноян жалп етіп қара жолдың қалың топырағын құшақтай құлады. Аузы-басы топыраққа толып, ұзынынан түскен күйі аяқ-қолын жинай. Ызамен булығы шыққан жастан топырақ шыланды.

Тозаң тұтқан кірпігінің арасынан керуен көрініс тізбек-тізбек өтіп барады. Жалаң аяқ қар кешкені... Апасының шалап жоқта есіктің көзіне отыра қалып, қара сулы тостағанды қызылшаның топырағы тоздырған күс-күс қолымен безгек қысқан адамша ұстағаны... Қызылша артқан арбалардың станцияға қарай сықыр-сықыр жылжығаны... Арбакеш келіншектердің ұйқысыраған жуас күзді әддиілеп, әлдеқандай сағынышты ән салғаны... Жалғыз арбаның жапырақтар арасында қамытсыз, жүре алмай жетімсіреп қалғаны... Күрдек-күрдек қызыл изен арасынан пыр-пырлап бұлдырықтар ұшқаны... Соғысқа кеткен енесін есіне алып, торы тайдың көз жұмып тұрып ішін тартатыны... Бәрі-бәрі көшпелі көрініс.

Бір ғана скрипка тартқан қыз иығына сүмбіл қара шашы төгіліп, жанары жәудіреп Ноянның көз алдында тұрды да қойды.

ҚЫЗ БЕН БОТА

— Самолет! Самолет! — деп қыз теңіз жағалай жүтірді. Қанаты жоқ, қанаты болса ұша жөнелгендей.

«Самолетке қарай шыннан ұшып кетіп жүрмесін» дегендей еспе қызыл құм қыздың аяғынан тартты.

— Самолет! Самолет! Мені ала кетпейсің бе, а? — деді қыз тоқтай қалып. Жалаңаяқ тобығынан құм сусыды.

Жарған дарбыздың жартысындай шырайлы күн теңіздің шетіне жайлап барып қонған кез еді. Теңіз бойлап бұдан бұрында талай самолет ұшқан. Қыз бәріне де әлгі сөзді айтатын. Бірақ оның арызын самолеттердің ешқайсысы ілтипатқа алған емес.

— Мені алысқа ала кетпейсің бе, а? — деді тағы да. Бұ жолы тек сыбырлап айтты.

Самолетке айқайла не, сыбырла не — бәрібір.

Жоқ, бәрібір емес екен! Ол айқайдан гөрі сыбырды жақсы естіді-ау, сірә. Самолет шұғыл аударылып, бір қанаты жалт етіп жоғары көтеріліп қыз жаққа бұрылды.

Қыз аң-таң қалып біраз тұрды. Тұра қашты. «Өзің шақырып, өзің қашқаның қалай?» дегендей қызыл құм оның кішкентай аяқтарына жармасты. Құм оның көкорай шалғын көк шөбіндей еді. Баланың аяғын аймалағандай, жып-жылы жұмсақ тиетін. Құм түнде ғана салқын тартатын. Қара түннен қорыққандай бойынан жылуы қашатын.

Қызылқұмның теңізге барып сұлаған шебінде теңбіл көк теңге жапырақ өспейді, жабайы жоңышқаның гүлі жайқалып, иісі сені елітпейді. Онда қызыл алма ұрықтамайды. Осы бір себепті де, жайқалған көгал дүниенің қызметін өзі атқарғысы келетін сияқты-ақ. Құм да жел жапырған шалғындай желбірейді. Құм тіпті кей-кейде сыңсып ән салғандай да болады.

Қыз малтығып, етпетінен құлады. Қызыл ленталы тұлымшағы селтең етті. Иір мойнына қыздыкіндей қызыл лента байлаған бота жалт беріп, тапырақтап тұра қашты. Ботаның аяғы ұзын еді. Құм кедергі бола алмады.

— Мені тастап кеткенің бе? — деді қыз ботасына өкпелеп.

Анадай жерге самолет келіп дөңгелек аяғын тіреді. Қап-қара дауыл бұрқ етті. Самолет секеңдеп біраз жүріп, бері бұрылды. — Е, шыннан менің шақырғанымды естіген екен ғой, — деді қыз құмға бір аяғымен тізерлеп тұра беріп.

Самолет гүр-гүр етіп бір нәрсе айтпақшы болған сияқты еді, қона бергенде тамағына құм кіріп кетті ме, қақалып қалды да — тоқтады.

Ұзын бойлы ұшқыш жерге түсіп:

— Амансың ба, айналайын! Атың кім? — деді.

— Менің атым — Раушан, — деді қыз.

— А-а-а. Сен, шынында да, Раушансың, — деді ұшқыш.

— Сіз мені біледі екенсіз ғой, — деді Раушан.

— Білмегенде ше, — деді ұшқыш.

— Менің самолетті шақырғанымды сіз қайтіп естіп қойдыңыз?

— деді Раушан.

— Самолетте бәрі естіліп тұрады, — деді ұшқыш.

— А-а-а, — деді Раушан. — Білдім-білдім.

— Нені?

— Басқа самолеттегі ағайлар естісе де тоқтамайды екен ғой.

— Жоқ, Раушан. Олар тоқтар еді, асығады ғой, — деді ұшқыш.

— Сіз ше?

— Мен бүгін асықпаймын. Оның үстіне, сен шақырдың, — деді ұшқыш қалтасынан үлкен қып-қызыл алма алып беріп.

— Сіз мұндай алманы қайдан алдыңыз? — деді Раушан қып-қызыл жемісті жеуге қимай сипалап.

— Ол алыста өседі. Алатау деген жерде өседі, — деді ұшқыш. — Барасың ба, алып барайын.

— Ол жақта мұндай алма көп пе? — деді Раушан, егер көп болса, мынау алманы жеп қояйын деп.

— О, көп болғанда қандай! Ағаштың басында сыңсып тұрады. Онда парк те бар. Өзің сияқты балалар әткеншек тебеді, кәдімгідей пойызға мінеді. Балмұздақ қандай десеңші!

— Онда барайын, аға, — деді Раушан.

Бұлардың қасына Раушанның әкесі келді. Амандасып, жөн сұрады.

— Мына Раушан шақырған соң келдім, — деді ұшқыш.

— Рас, көке, рас. Мен шақырдым, — деді Раушан.

— Онда үйге жүгір. Мамаң шай дайындасын, — деді көкесі.

Раушан жүгіре жөнелді. Құм аяғына оралған жоқ.

— Нөкіс қабылдамай қойды. Онда қалың тұман, — деді ұшқыш.

— Аралға қайтуға бензин аз.

— Қонғаның жақсы. Қонақ боласың. Біз мына Қызылдың құмына жаңадан орнап жатқан қой совхозымыз. Мен осындағы пошта бастығымын, — деді Раушанның көкесі.

Үлкендер шай ішіп, Қызылдың шекер қауынын жеп жатқанда, Раушан өзінің ботасымен қоштасты.

— Сен жаңа мені тастап қаша жөнелдің ә, ботақан, — деді Раушан.

Бота кінәсін мойындағандай, үп-үлкен көзін тайдырып әкетті.

Көрерсің, ертең ерте мен де сені қалдырып, самолетке мініп кетемін, — деді Раушан. — Алмасы көп, гүлдері көп, тауы биік, балмұздағы көп қалаға барамын. Сен бармайсың.

Енді бота мөлдір бұлақтай тұнық көзін кең ашып таңырқай қарады.

— Сені алып жүруге болмайды. Сен самолеттен қорқасың ғой,

— деді Раушан. — Әлгінде тапырақтап қаша жөнелмей, ұшқыш ағаймен мен құсап амандасқаныңда, ол сені де самолетке мінгізетін еді.

Бота иір мойнын төмен салбыратып, күрсінгендей болды.

— Жарайды. Бұртимай-ақ қой. Мүмкін, ол сені де мінгізіп алар. Онда бірге ұшамыз, ал енді ұйықтайық. Таң аздаңда тұрайық — деді Раушан.

— Ол үйге кіргенде, үлкендер дастарқан жинап, төсек салып жатыр екен.

— Раушан, таңертең жүреміз ғой, — деді ұшқыш.

— Иә, мен ұйықтап жатқанда кетіп қалмайсыз ба, — деді Раушан.

— Мен сені оятамын, — деді ұшқыш.

— Шын көріп, таңертең жылап бәле болады ғой, — деді мамасы.

— Баламысың деген, қызық көріп тұр ғой, — деді папасы.

* * *

Ұшқыш алдаған жоқ. Ұрланып ұша жөнелмеді. Асықпай шай ішіп аттанды.

— Ал, Раушан, дайынсың ба? — деді ол.

— Ботаны да ала кетуге болмай ма? — деді Раушан.

— Ботаны дейсің бе? Ой, әттеген-ай, ботаға орын жоқ. Және ботаның барғысы келмейтін шығар о жаққа. Тағы бір оралғанда ботаны да ала кетейік, — деді ұшқыш.

— Онда мен келесі жолы ботамен бірге ұшайын. Сіз алдамайтын ағайсыз. Сіз қайтып келесіз, — деді Раушан.

Сөйтіп ол ботасына Қызылдың тәтті қауынының қабығын берді. Бота қабыққа тимей, Раушанның қолын иіскеледі. Аспаннан қараған ұшқышқа бота Раушанның қолын сүйіп тұрғандай көрінді.

МЫҢБҰЛАҚ

Есік алды изен бе, жусан ба екен,
Гүлдерімен белімді бусам ба екен-ай.
Өтіп кеткен басымнан жиырма бесті,
Қос ат алып соңынан қусам ба екен-ай...
Желбір жекен,
Желін жүрген далада,
Біз бір бөкен-ай...

Есі дұрыс адам әлдеқашан басынан өтіп кеткен жиырма бесі соңынан қос атпен қуа ма екен?

Құдай бұйырса, Жаппарқұл биыл жетпіс беске толады. Сонда «басынан өтіп кеткен жиырма бестен» бері елу жыл, яғни жарты ғасыр өткені ғой. Ал, Жаппарқұл болса, «қусам ба екен» дейді. Елу жылдан кейін. Қуса бұрын қайда қалған? Жалпы, қос ат тұрмақ, зымыран ракетаға мініп қусаң да өтіп кеткен жиырма бес жеткізе ме екен?

Онан да адам бір жерін қысып, өткенге салауат айтып, алдағы күндердің тілеуін тілеу керек қой.

Жаппарқұл мұны әбден біледі-ақ. Ақылға салса ең дұрысы осы. Бірақ ақылға ықтияр бермей кететін бір дүлей күш бар адам бойында. Оның шын ойы не екенін адамдардың өздері де біле бермейді. Біреулер сезім дейді. Біреулер тылсым күш дейді. Сірә, мұның шын атын бір Құдай болмаса, ғұлама ғалымдар да біле бермейді-ау, сірә.

Ақылың бір жақта, аты жоқ күш бір жақта. Жаппарқұл «қойшы соны» деп тұрады да, Ескі қыстау жаққа қалай кетіп бара жатқанын өзі де білмей қалады.

Саусақтары айқасқан екі қолы бөксесінде, бойы тіп-тік боп, оқтау жұтқандай серейіп бара жатады. Ескі қыстау — бұл елдің бұрынғы мекені. Бұл өлкені жұрт Мыңбұлақ дейді. Бұрын әр сайдың бойында бес-алты үйден ата-ата еді, бертінде көше деген шықты да, ел ежелгі жұртын тастап, қаздай тізіліп, тың жерден көшесі бар қоныс салды.

Ескі қыстаудың саудыраған қаңқадай дуалдары ғана қалды да, бірте-бірте олар да мүжіле-мүжіле құлап бітті.

Ескі қыстаудың қаңқаларын қашан құлап біткенше жабайы құстар мекендейді. Әсіресе, байғыз бен жапалақ ұяға жарып-ақ қалды.

Жалғыз-жарым адам түнде Ескі қыстау жолымен жүргенде тұла бойы үрейге толып, зәресі ұшып, жаны

мұрнының ұшына келгендей болады. Байғыз сұңқылдап жылағанда, баяғыда бұл жалған дүниеден өтіп кеткен әруақтар тіріліп келіп, тіршіліктегі ұрпақтарын жоқтап, зарлап отырғандай әсер қалдырады. Ұрпақтары жаңа қонысқа жайғасқанын түсінбей, тып-типыл жоқ болғанынан шошынғандай, таң атқанша сұңқылдайды-ау байғыз жарықтық. Өне, осынау Ескі қыстауда түнде байғыз сұңқылдаса, күндіз Жаппарқұл үнсіз жылайтын заман туды. Қос аты — қос аяғы. Өткеннің елесін қуалаған пәруанаңыз осы кісі.

Жетпіс бес деген айтуға қандай жеңіл болса, зуылдап жетіп келетіні де тез екен. Әрине, бұл жасқа жеткен де бар, жетпеген де бар. Шүкір де, Жаппарқұл, шүкір де.

Ал, енді сол жетпіс бесіңіздің есте айрықша қалатын бекеттері бар ма? Әлде Түріксібтің басындағы бір-біріне егіздің сыңарындай ұқсас бекеттердей есте сақталмайтын әйтеуір, бір елестер ме?

Көбі сондай екені айдан анық. Ешкімнің өмірі күнде қызық, күнде той емес қой.

Ал, ара-тұра арасында Айдың қылтиып жаңа туғанындай ерекше есте қалар кезеңдер болады. Сондай кезеңнің бірін Жаппарқұл айрықша армандайды, есінде ерекше сақтайды. Ол кезең есінен шыққан күні Жапекең де жапалақтай жалп етіп құлайды да, өмірден өте шығады. Жалп етіп құлап қалмас үшін де Жаппарқұл Ескі қыстауға күнде таңертең жаяу кетіп бара жатады.

* * *

Өздерін ақылдымыз, есі-басымыз дұрыс деп жүргендердің түйгені бойынша, Жаппарқұл есалаң. Әйтпесе есі дұрыс адам айдалада елсіз қалған ескі жұртқа күнде таңертең қызметке бара жатқандай қатесіз кетіп бара жата ма?

Өздерін ақылдымыз деп жүргендерді Жаратушы Қүдірет бір нәрседен мақрұм қалдырған. Олардың кеудесінде махаббат оты баяғыда сөніп қалған.

Ал, Жаппарқұлдың кеудесінде сол оттың қозы әлі бар, жылуы кетпеген. Кейде тіпті жел үрлеген шоқтай жайнап, жастықшақтың гүлі қайтадан ашылғандай болады. Өне, бұл адамның бақыты, шалықтаған шағы. «Махаббатсыз дүние тұл» демей ме ұлы ақын.

Бірақ дәурен өтіп кетті. Тек безгек қысқандай кәрі жүректің өртене беретіні болмаса, баяғы дәрмен қайда... Ал, сонда бұл Жаппарқұл қос ат мініп, кімді қумақшы? Кімді сағынады. Нені аңсайды?

Сол түні Ай сәулесі жалбыз басқан қайнар бұлақта жылт-жылт етіп ойнап тұрып еді. Бұл екеуінің ләззатты қуанышына ортақ болған көлбақалар қойдай шулаған.

Бақалар оркестріне қосылған қылқобыздай болып шекшек шырылдады. Осы бір әдемі әуезді бұзып Ескі қорған жақтан байғыз сұңқылдайды. Жылауық. Талмай жылайды. Шаршамайды. Білетіндер айтады: Байғыз ғашық жарын шақырып отыр — дейді. Кім біледі, болса болар.

Дүние қуаныш пен реніштен құралған. Байғұс байғыздың тілін біз қайдан білейік. Бекер жек көреміз.

Таң алдында Шолпан жұлдыз басқа жұлдыздардан ерекше жарқырайды. Өне, сол уақта сәмбі талдар арасынан бұлбұл сайрай бастайды.

Таңғы салқында бір-біріне жабысып, бір-бірін жан жалынымен, жүрек жылуымен қаузап тұрған екі жастың махаббатына арналған гимн, бұл әуен. Бұлбұлға көкек қосылып, шырқағанда алаулап таң атып келе жатады. Таң алдындағы махаббат құрметіне, шығып келе жатқан Күн құрметіне бүкіл арша тоғай, сәмбі талдар, қарлы шыңдар, сарқырама сулар қошемет көрсетіп, күллі әлем құлпырама бояуға бөленді.

Қайтайын десең жар қиын, — дейтін сәт дәл осы шақ.

— Қойшы, енді таң атып қалды, жұрт көріп қояды, қайтайықшы, — дейді құшағындағы Айсұлу.

— Көрсө көрсін, батып бара жатқан Ай көрсін, шығып келе жатқан Күн көрсін. Көрсін бүкіл Әлем! Айсұлу менің жарым екеніне куә болсын барлығы, — деп айқай салды Жаппарқұл.

— Бұйыртса, десеңші.

— Енді бұйырмағанда не қалды?

— Сен кетіп бара жатырсың...

— Кетсем, қайтып келемін.

— Бұйыртса десеңші...

Жаңа шығып келе жатқан арқалы күнге Айсұлудың алтын сырғасы шағылысып жылт-жұлт ете қалып, терең сайдың қабағынан ары асып барып, көрінбей кетті.

* * *

Қайтып келуді Құдай бұйыртуын бұйыртты-ақ. Жаппарқұл екі жылдан кейін әскерден қайтып оралды. Келе сала осыдан екі жыл бұрын соңғы рет Айсұлумен қоштасқан терең сайға барды. Сайды қалың қамыс басып кетіпті. Қайнар бұлақ көрінбейді. Сайдың терең қабағына дейін соқамен жыртып тастаған екен, қыста боран, жазда дауыл топырағын суырып, бұлақ көздерінің бәрін қалың шөп басып қалыпты. Жаппарқұл үйден күрек, кетпен әкеліп, қайнардың көзін қаза берді, қаза берді. Суалған көзден қызылкүрең лайсаң шығады да., қайтадан тартылып қала береді. Қайтадан лайсаң батпақ басып қала береді. Лайсаң батпақпен арпалыс таусылмайтын күреске айналды.

Сөйтіп, Жаппарқұлдың өтіп кеткен жиырма бесті соңынан қуатын қос аты Күрек пен Кетпен болды.

Қайнар бұлақ баяғыдай бұрқылдап, майда құмды қайнатып жатса, әйтеуір бір бақытқа кенелетіндей көрінді де тұрды.

Бұлақ көзі бітелгені — Өмірдің таусылғаны сияқты жаман ырым. Жаппарқұл түнде түс көрді. Ояна келе көрген

түсін есіне алып, қуанып қалды. Аядай ғана қайнар бұлақ шалқып жатқан көлге айналып кетіпті.

Мұны Жаппарқұл жақсыға жорыды. Бірақ күн шықпай Ескі қыстауға асыға жетіп еді. Ешқандай көлді көрмеді. «Құдайдың мені өңімде алдағаны аздай, түсімде де тәлкек қылды-ау» деп қорланды Жаппарқұл. Көл орнына көлкіген құрақ-қажыс қара қоға таудан соққан таңғы самал лебімен толқын-толқын тербетіліп тұр екен.

— Бұл қай қорлығың, Құдай?! — деп Жаппарқұл Тәңіртаудың ақбасты апайтас шыңдарына қарап, қолын жайды.

Жергілікті өкімет Тәңіртау аңғарынан ақ көбік шаша, атыла ағып жататын асау өзенді бұғалықтап көк бетон құбырға құрықпен айдап құйып, «табиғаттан бермесін тартып алған».

Сол кезде осындай бір сорақы сорлы ұран шыққан. Асау өзен бұғалықталды. Колхоздың қызылшасын суғарды. Өкімет қантқа қарық боп қалды.

Әне, сол кезден бастап Мыңбұлақ көздерін жұмды. «Тыңды бағындырушылар» Мыңбұлақтың мыңдаған тамырын қиып тастады. Қан тамырлары қиылған қайран да қайран Мыңбұлақ көз жұмбағанда қайтеді?!

Жаппарқұлдың «бұл қай қорлығың» деген зары Құдайдың құлағына шалынды ма, кім біледі, әйтеуір сол көрген түстен кейін үш күн, үш түн қатарынан нөсерлетіп, жаңбыр жауып, Тәңіртау аңғарындағы Плотина-бөгеттің ірі қанаты жапырыла құлады. Құбырға симай жатқан су, ылдифа қарай тасқындай жөнелді.

Асау өзенді бұғалықтамаққа аудан бар күшін салды. Су дес бермеді. Бұрынғы орынға тартып, жер асты жүйелерін тауып, Мыңбұлақ мың жерден атқылап ала жөнелді.

Батпағын Жаппарқұл күндіз-түні аршып тазарта алмаған Қайнар бұлақ бір сәтте жанартау атқылағандай аспанға шапшыды да, артынша зәмзәм мөлдіреп сала береді. Қайнап

жатқан құм арасынан бір сәтте жалт-жұлт етіп алтын жүзік көрінді. Қайтадан көміліп кетіп, жарқ етіп қайта шығады.

Осылайша бір жарқ етіп, бір батып кетіп, ары-бері ұмтылған Жаппарқұлдың қолына ілінбей-ақ қойды.

— Иә, Алла, бұл қай мазағың? — деп назаланды әбден әуре болған пенде күйініп кетіп.

Ну қамыс сылдыр-сылдыр етіп, арасынан атты әйел көрінді. Кексе тартқан ұзын етек. Аң-таң қалып, тіпті әрі-беріден кейін үрректеп тұрған Жаппарқұлға тіл қатты:

— Аллаға назаланба, Жаппар аға, — дегенде Жаппарқұл бұрынғыдан бетер састы. Адам ба, Пері ме? Айдалада қайдан жүр?

— Танымадың-ау Жаппар аға, — дегенде әлдеқайда алыстан-алыстан таныс дауыс естілгендей болды — Әрине, арада алпыс жыл өтіпті, аз емес қой. Ұмытар уақытың болды.

Жаппарқұл ақбоз ат үстіндегі әйелге қолымен көзін қалқалап тұрып, ұзақ қарады да:

— Жаным-ау, шынымен сенбісің? — деді.

— Иә, Құдай, қуат бере гөр, таныды мені, шын таныды, — деп әйел аттан сырғып түсті.

Бір-біріне құшақ жая ұмтылды. Құшақтасып көрісіп, бір-бірінен ажырай алмай, арада өткен алпыс жылдың есесін қайтарғысы келгендей, кәрі жүректері дүрсілдеп, сол дүрсілмен өткен жылдардың өксігін тауысардай, екеуі де безгек жанша қалтырап қалды.

— Баяғы бұлақ бітеліп қалып еді, көзін ашып жатырмын, — деді Жаппарқұл аузына басқа жөнді сөз түспей. — Айтпақшы, бір алтын сақина қайнаған құммен бірге шығады да, қайтадан жоқ боп кетеді. Соны ұстай алмай...

— Уа, құдіреті күшті Құдайым, ол баяғы сен сол түні менің саусағыма салған сақина ғой!

— Ол қайдан есіңе түсіп тұр?

— О, Жапекем, ол ұзақ әңгіме... Әуелі оны қайтадан сүзіп, ұстап алайық...

Кішкентай ғана жанартаудан атқылап жатқан ұлпа құм арасынан алтын сақина жалт ете қалады да, қайтадан тереңге сүңгіп кетеді.

Сан рет сүңгіп, сан рет жарқ етіп шықты. Бір кезде Жаппарқұл оны құммен қоса уыстап алып шықты-ау, әйтеуір.

Екеуі кезек-кезек қарап таң қалысты. Алпыс жылға жақын уақыттан бері құм вулканмен бірге атқылап жатқан алтын сақинаға құм қиыршық қынадай жабысып қатып қалыпты. Әйтсе де, дін аман. Қаншама жыл құм ысқылап жарқырай түскен сияқты, ашыла түскен сияқты.

— Жаппар аға, бұл құдайдың бізге берген нышаны. Екеуміз енді бірге болады екенбіз.

Бізді о басында ажыратқан дүлей тағдыр... — деп Айсұлу сақинаны саусағына салып, қолын ары-бері аударып көрді. — Сені әскерге әкеткен күннің ертесіне мен осы бұлақ басына келіп, өткен түннің өлшеусіз ләззатын емірене еске алып, жападан-жалғыз қалғанымда, сайдың қабағына бір машина келіп, кабинадан үш еркек қарғып түсіп, ай-шайға қаратпай, аузыма шүберек тығып, үшеулеп, мені әлгі машинаға тығып, үшеулеп, мені әлгі машинаға көтеріп салып, жүрді де кетті.

Ел арасында гу-гу өсек тарады. Айсұлу жүріп жүрген жігіті әскерге кеткен күннің ертесінде бұрыннан айттырып қойған жеріне қашып кетіпті деп шығарды.

Бұл хабар, әрине, саған да жетті. Болары — болды, бояуы сіңді. Ол олай емес, былай еді, деп кімді сендіре аласың, кімнің аузына қақпақ қоя аласың. Болған іске болаттай берік бол, деген. Әділдігін бір Құдай өзі біледі. Мен не дейін...

Жаппарқұл өртенген өзекте шала қалған түтінді күшпен шығарғандай терең күрсінді.

— Өткен-өтті, кеткен-кетті, Айсұлу. Баяғыда өтіп кеткен сол бір арайлы таңды соңынан қос ат алып құсам ба, деуші едім. Өмір

бойы жете алмадым, енді, міне, өзің келдің. Келген қадамыңа гүл бітсін, Айсұлу. Мен сені алпыс жыл бойы күттім. Құдайдың мұнысына мың да бір шүкір... Айсұлу жаным, сен шалыңнан айырылдың, мен кемпірімнен айырылдым. Жаман ба, жақсы ма, ұрпақ сүйдік. Олар өсті, олар біздің жалғасымыз. Екеуімізге енді не қалды? Құдайдың бұйыртқаны болар. Өмірдің көбі кетіп, азы қалды. Біздің бір-бірімізге қояр кінәміз жоқ. Мә, сал мына сақинаны саусағыңа. Бұл Алланың әмірі.

Жаппарқұл Айсұлуды қапсыра құшақтап, алпыс жылдың есесін бірақ алғандай, алқымынан ұзақ иіскеледі.

НАХАЛ ТОРҒАЙЛАР

Көктем шыға бұл өлкеге жылы жақтан ең алдымен наурызкөк пен қарлығаштар ұшып жетеді. Сағынып, асығып келетіні соншалық, кейбір жылдары алдамшы ауа-райының қаһарынада ұрынып қалып жатады.

Көктем жап-жақсы, жайдарман болып тұрып, кейде лезде суық соғып, үсік шалады. Ерте гүлдеген өрік, алша деген мәуе ағаштар үсікке ұрынып жеміссіз қалады.

Наурызкөк пен қарлығаштар да сондай.

Жыл құстары... Шіркін, солардың туған жерге, атамекенге деген ынтызарлығын жаратқан құдірет адамдарға да бұйыртса ғой. «Ит тойған жеріне, ер-азамат туған жеріне» тартып тұратын қасиет қайда?..

Сонымен, көктем сайын жыл құстары туған жеріне қайтып оралады. Құстардың бәрі ұя салып, жұмыртқалай бастаған кезде...

* * *

Көшенің орта шеніндегі мая жон ақ үйден еңгезердей қабасақал қартаң кісі далаға шыға беріп:

— Астапыралла! — деп қалды.

Дүниенің бәрі: үйдің төбесі, есік алдындағы сарайдың төбесі, өрік пен алма ағаштың бұтағы, көшедегі электр сымы — бәрі-бәрі самсаған сары тұмсық, ақтөс, қараторғайдан көрінбейді.

— О, Құдай, көрсетпегенің осы ма еді? Әй, Тайшық, қайдасың, жүгермек, мылтықты әкел бері!

Дударбас Тайшы құйқасын аша алмай, керіліп-созылып:

— Не, көке? Мылтықтың оғы жоқ.

— Дәрілеп әкел, ойбай!

— Дәрі таусылған.

— О, атаңа нәлет, бәрін құртып болғам десеңші.

— Не болды сонша? Жау шапты ма?

— Шапты жау? Жау шапты! Көрмей тұрсың ба? Көзіңді шел басып қалды ма? Қара!

Тайшық көзін уқалап, жан-жағына қарады. Толып кеткен бейтаныс торғай! «Қап, бытыралы мылтық болар ма еді?» деп өкінді. Жерден тас алып, өріктің бұтағында жыпырлап отырған шақырылмаған бейтаныс қонақтарға лақтырып еді, шақ-шақ етіп, екі-үш торғай ұшқансыды. Басқалары тырп еткен жоқ.

— Бізге тас лақтыратын мынау кім? — дегендей шетінен шақылдап, шуылдап қоя берді.

Үйшігінде бүктетіліп, тұмсығын аяқтарының арасына тығып жатқан кәрі төбет бөтен дыбыстарға құлақ түріп, керіле түрегеліп, үйшігінен шықты.

Итті көрген бейтаныс торғайлар шетінен шақылдап, шуылдап ала жөнелді. Тіпті иттің үйшігіне шығып алып, тепсініп-тепсініп, саңғып кеткендері де болды.

Мұны өз көзімен көрген үй иесі жерден тас алып лақтырып, алақандарын шапаттап, «кіш-кіш» деп айқайлап көрді. Оған айылын жиған торғайлар көрінбеді. Көк түйнек болған өрік пен алманы жабыла шоқи бастады.

Райым ақсақал тағы да тас лақтырды. Бөгде торғайлар шақ-шақ етіп тағы да шулай жөнелді.

Күнде электр сымына қонақтап отыратын қарлығаштар лезде көрінбей кетті.

— Атаңа нәлет, мынау бір жауыз торғайлар, — деп Райым ақсақал жерден тағы тас ала бергенде бір топ торғай зу етіп, қарттың дәл мұрнының астынан ұшып өтті.

Райым маса қуғандай екі қолын ербеңдетіп:

— Кет, жоғал, жын-пері! — деп айқай салды.

Тайшық одан-бұдан тас жинап жүр еді, енді бір топ «жын-пері» оның басынан ары-бері ұшып өтіп, басына саңғып-саңғып кетті. Тайшық былғанған басын сипап еді, алақанына былжырақ бірдеңе жабысты да қалды. Оны жерден түйежапырақ жұлып алып, сүртіп еді, алақанына сия жұққандай кетпей қойды. Мүңкіген иістен Тайшықтың басы айнала бастады, шыдай алмай құсып-құсып жіберді.

Үйден Қабылан атты қара мысық шығып, керіліп, созылып еді, жауыз торғайлар әзірейіл көргендей жабыла у-шу болды да қалды. Қара мысық бір-бір басып, қой қораның үстіне қарғып шығып еді, торғайлар улап-шулап, таяуда тұрған зипа терекке барып қонды. Бейтаныс сұмырайлардың шақылдаған у-шуына қарамай, қой қораның бұғатындағы шымшықтың ұясына жақындап еді, келімсек торғайлар дүр-р етіп көтеріліп барып, кенеттен қара Қабыланға оқтай атылып шүйліккенде, батыр мысық қос құлағын жымыйтып, аш күзендей бүгіліп, тістерін ақситып, ырылдап тұрып, «пысс» деп пысқырып жіберіп, торғайларға атылғанда, жауыздар лезде көтеріліп қара мысықтың төбесіне аспаннан жауған жаңғақ-бұршақтай тасырлап тиіп, біздей өткір тұмсықтарымен төбесін тесіп жібере жаздап, шоқыды-ай келіп...

Көптің аты көп, жабылып кетсе жаман екен, қара Қабылан есі шығып, кірерге жер таппай, қораның төбесінен жерге секіріп түсіп, үйге кіріп, төсектің астына кіріп кетіп, қараңғы жерде бүк түсіп жатып қалды.

Жауыз торғайлардың басқыншылығынан кейін ауылда қарлығаш, шымшық, наурызкөк атаулы көрінбей кетті. Әркім-әркім мылтық атып байқап еді, оған жауыз торғайлар түк те қыңған жоқ, қайта өршелене түсті.

Жеміс-жидек көктей солды. Ел-жұрт далаға ет, құрт жаюдан қалды. Даладағы қазан-ошақтың басында қарауыл тұрмаса, тамақ пісіру қиындады.

Бұрын: «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді», деуші еді, сөйтсе мына жауыз торғайдың қасында ит байғұс имантаразы екен.

Жауыз торғай, қазан қақпақсыз болса бір жөн, қақпағы болса да саңғып кетеді. Әрі десе саңғырығы удай, жусан да кетпейтін жабысқақ. Тамаққа араласса, адамды улайды. Мұндай сұмдықты бұрын-соңды естіп-білмеген ел күйзеліп кетті. Тіпті үйлерін тастап көшпекші де болды. Бірақ көшкенде қайда барады? Олар жеткен жерге жауыз торғай да жетпей ме екен?

Қашып-пысып, қуғын көрген құс баласы құла далада бас қосып, бұл зауалға не амал?—деп ақылдасты. Ұясынан айырылған Үкі бәйбіше ақылман ғой, сол айтты:

— Қырғи келмей, бұл жауыздардан құтылмаймыз, — деді.

— Ойбай-ау, Қырғи келгенше қай заман! Қырғи қыркүйектің соңын ала тары піскенде келеді, оған дейін сорымыз сорпа болып қайнамай ма, — деп шырылдады Қарлығаш.

— Қырғи қазір Аспантаудың аржағында. Оған хабаршы жібермесек болмас, — деді данышпан Үкі.

— Кімді жібереміз сонда, — деп қоқиланды қызыл айдарлы Қораз. — Мен-ақ барар едім, ұша алмаймын.

— Көк Кептер, қайдасың? — деді Үкі күндіз көзі көрмейтін болған соң жан-жағына сығырая қарап.

— Мен мұндамын, — деп Көк Кептер суырылып алға шықты.

— Ал, Көк Кептер, — деді сонда ақылман Үкі, — жағдайды өзің көріп-біліп тұрсың. Бұл жаққа Қырғи тез жетпесе, бәріміз де

қырыламыз. Мына жауыз торғайлар тұқымымызды тұздай қылатын болды. Балапан да баса алмай қалдық. Жұмыртқадан жұрдай болдық. Жауыз торғайлар туғанымызды туғандай жеп қояды. Жалмауыз айдаһардан да жаман болды. Момын халық үшін бұл бір жұт заман болды. Осыны, Көк Кептер, сен тез Аспантаудан асып барып, Қырғиға жеткізбесең, бәріміз қырыламыз. Дүниені түгел жауыз торғайлар билейді. Сонда олар Қырғиға да дес бермей кетуі мүмкін. Көк Кептер, саған аманат. Тез жет!

— Көк Кептер! Көк Кептер! — деп құс атаулы шулағанда аспан асты күңіреніп кетті.

Сонда Көк Кептер:

— Ақ жол тілеңдер маған! — деп Аспантауды бетке алып ұша жөнелді.

* * *

Райым отағасы лезде қартайып сақал-шашы аппақ құдай болды. Көзінің алды көлкілдеп, кіреукеленіп, тіпті іріңдеп, әудем жердегіні көруден де қалып бара жатты.

Бірақ құдайдың құдіреті, келімсек, басқыншы торғайлардың тілін демде үйреніп алды. «Шақ-шақ» етіп, солармен сөйлесетінді шығарды.

Қатардағы үйдегі қарт құрдасы Сәрсен бірде Райымның келімсек басқыншылармен құстарша сөйлесіп отырғанының үстінен түсті.

Жазған-ау, мына жауыздардың тілін үйреніп алғансың ба? — деді көршісіне үрке қарап, оқшиып тұрып.

Райым оған:

Шақ-шақ, шыр-р-р, — деп үн қатып еді, Сәрсен көрші шошып кетіп:

— Астапыралла! — деп бір адым кейін шегініп кетті.

Сол кезде Зифа терек басында, телеграф сымының үстінде тізіліп отырған басқыншы торғайлар пыр-р етіп көтеріліп, сәл биіктеп барып, Сәрсен көршінің төбесіне шүйіле

құлап, шоқып-шоқып өткенде, Сәрсен көрші кірерге тесік таппай Райым құрдасының құшағына құлай берді. Райым Сәрсенді жерге құлатпай құшақтап тұрып:

— Шақ! Шақ! Шыр-р-р! деді.

Сонда есеңгіреп қалған Сәрсен көрші де:

— Шақ! Шақ! Шыр-р-р! — деп лезде қайталады.

Сол — сол екен, басқыншы торғайлар бір-бірінен сүйінші сұрағандай өздерінше шүйіркелесіп, телеграф сымына, алма ағаштың бұтақтарына, Зифа теректердің басына қайта барып қонақтады.

* * *

Құдайдың құдіреті, сиырлар бұрынғыша мөңірейді.

Қойлар бұрынғыша маңырайды.

Есектер бұрынғыша ақырады.

Қораздар баяғыдай шақырады.

Иттер бұрынғыша үреді.

Жылқы кісінейді.

Темірұста Иванның шошқасы қорсылдайды.

Тек қарлығаштар көрінбей кетті.

Наурызкөк көрінбей кетті.

Кәдімгі шымшық жоғалды.

Қараторғай сайрағанын қойды.

Көкек те көзден таса болды.

Есесіне айнала түгел — жауыз торғайлар. Бір-бірімен:

— Шақ! Шақ! — деп сөйлеседі.

Құдайдың құдіреті шығар, сиырлар баяғысынша мөңіреп, қойлар маңырап, есектер ақырып, тауықтар шақырып жатқанда, адам байғұстың тілі лезде өзгеріп шыға келді. Өзгермеске лаж болмай қалды.

Мысалы, маубас Тайшық қазақшалап:

— Әке, әке, — деп еді, табан астында бір топ жауыз торғай төбеден садақша атылып келіп, Тайшық есінен танып құлап түскенше шоқи берді, шоқи берді. Байғұс бала қолдарын

ербеңдетіп, қорғанып-ақ көріп еді, пішту, қайта жауыз торғайлар бұрынғыдан да көбейіп кетіп, бір көзін шоқып, ағызып түсірді.

Содан Тайшық бала қашан:

— Шақ! Шақ! Шыр-р-р! — деп тіл қатқанша соққы үстіне соққы шүйіле берді.

Содан жауыз торғайлар Тайшықты ортаға алып, төбесіне де, иығына да қонып алып, ал кеп шұрқырасты, ал кеп шырылдасты.

Сонда Тайшықтың бір көзінен қан ағып тұрып ұққаны, жауыз торғайлар былай дейді:

— Осы ауылда әлі біздің тілімізде сөйлемейтіндер бар. Сен соларды көндір — біздің тілімізде сөйлесін. Әйтпесе, бәрінің көзін шұқып ағызып жібереміз. Сен енді полицай боласың. Көнбеген адамды ұрып-соғып, көндіресің. Абақтыға қамайсың. Ал, біз сенің әрбір сөзіңді, әрбір қимылыңды қалт жібермей қадағалап отырамыз. Түсіндің бе? Шақ! Шақ! Шырр-р-р?

Сол заман Тайшықта бір көзінен қан тамшылап тұрып:

— Шақ! Шақ! Шырр-ы-ы-ыр? — деді.

* * *

Содан Тайшық жауыз торғайлардың полицайы-жендеті болып шыға келді. Ауылдағыларды жауыз торғайлардың тіліне үйрете бастады. Адамдардың көпшілігі жауыз торғайша шақылдай жөнелді.

Тек Кенжегүл кемпір ғана Тайшықты жерден алып жерге салды:

— Жуадай солғыр жүгермек! Енді мені төрімнен көрім жақын шағымда тілімді бұрап шүлдірлетейін дедің бе, қара жер тартқыр!

Тайшық не істерін білмей, сасқанынан:

— Шақ! Шақ! Шақ! Шақ! — дей берді.

Бәрін бақылап тұрған жауыз торғайлар қаптаған қалың ара құсап, Кенжегүл кемпірге лап қойды.

Мұндай сұмдықты күтпеген тәуіп кемпір:

— Айқой, Алас! Айқой, Қалас! — деп екі қолын ербеңдетіп, зікір салып, ойнақтап, би билеп көріп еді, торғайлар сәл тосылып, таңқалғандай болып, бірақ лезде қайта лап қойып, кәрі кемпірді есінен тандырып тастады.

Есінен танып құлаған кемпірдің жаназасын шығаруға қамданғандай, нахал торғайлар қара құрымдай қаптап, тал-дарақ бұтақтарында, телеграф бағаналарында тұтасып отыр еді, кенет Кенжегүл көзін ашып алып, жан-жағына алақ-жұлақ қарап:

Сұбыхан Алла, Сұбыхан Алла

Ләйләһа илилла, Ләйләһа илилла! — деп орнынан атып тұрып, алқаракөк аспанға қос қолын жайып жіберіп, алыстағы Аллаға жалбарына бастады.

Бірақ Алла неге алыста? Алла әркімнің жүрегінде. Шын тілесен — өзіңнің кеудеңде ғой.

Нахал торғайлар әуелі Кенжегүл кемпірдің бұл зікіріне түсіне алмай аң-таң болып, аңтарылып қалды. Өзара шұрқылдасып, құрқылдасып, мына кесірлі кемпірге не амал табамыз деп кеңесіп отырғанда, кенет Тәңіртау жақтан лезде дауыл соғып, биік бәйтеректер басы жерге жеткенше иіліп, жапырақтар жамырап, найзағай Алланың қамшысындай ирелең қағып, жарқылдады.

Ағаш басында, телеграф сымында сығылысып отырған нахал торғайлар ұйпа-тұйпа болып естері шықты.

Күркіреген күн жаңғырығымен аралас Көк кептер даусы шықты:

— Қырғилар!

— Қырғилар!

Найзағай оты боп жарқылдаған алыстан жеткен Қырғилар екен.

«Қырғилар нахал торғайлармен соғысқа аттаныпты» дегенді естіп, Қаршығалар да қарап жата алмады.

«Біздің қарап жатқанымыз ұят болар» деп Тұрымтайлар мен Жағалтайлар да дүрмекке қосылғанда нахал торғайлар кірерге жер таппай, «есің барда еліңді тап» деп, бұрынғы келген жақтарына тырқырай қашқан екен дейді.

НӨСЕР

Самолет таңғы бесте ұшады. Аэропортқа самолет ұшардан бір сағат бұрын жету керек. Ереже солай. Бұл үшін түнгі үште ұйқыдан тұрып, жолға шықпаса болмайды. Түнгі үште аэропортқа экспрестен басқа көлік жүрмейді. Экспрестен қалып қоймау керек.

Ақиқат түнде төсекке жатар алдында осыны қайта-қайта ойлап еді. Сондықтан шығар, оның ұйқысы мазасыз болды. Түрлі-түрлі түстер көрді. Ол Күншуақ қаласы мен Боранды станциясының арасында жүретін жолаушылар пойызының ревизорынан жас күнінде жаман қорқушы еді. Каникулға шығып, жүрегі алып-ұшып, көптен сағынған үйіне асығып бара жатқанда, билетсіз Ақиқатты тікірейген жез мұртты, дөп-дөңгелек сары көзді, қалың қабақ ревизор бұра бастырмай, тамбурда тұрған жерінен ұстап алып, қатты қысушы еді-ау.

Міне, мына түнде сол жез мұртты, дөңгелек сары көзді ревизор түсіне кірді. Бір мезгіл ревизор үп-үлкен мысыққа айналып, Ақиқатты бір аяғымен басып ұстап тұрып, папкасынан айып қағазын суырып жатты.

Ақиқат осы түстен оянып кетіп, жол жүретіні есіне сап ете қалып, сағатқа қарады. Ала көлеңке үйдің ішінде кішкентай қоңыраулы сағаттың фосфорлы жасыл тілі жарқырап түнгі бірді көрсетті. Кішкентай сағаттың жарқыраған жасыл тілі томпаңдап жүгіріп бара жатты.

— Ақантай, неге ұйықтамай жатырсың? Әлі ерте ғой, — деді Ақлимаш ұйқылы-ою еріне қарай аунап түсіп. Терезеден түскен ай сәулесінен ақ маңдайы көрінді. — Сені мен ешқайда да жібермеймін, — деді жас келіншек буынсыз ақ білегімен жігіттің мойнынан қапсыра қатты құшақтап алып.

Жұбайының жүрегінің астынан бірдеңе бұлк-бұлк етіп бұлқынып-бұлқынып қалғанын Ақиқат анық сезді.

— Есіттің бе, Ақантай, есіттің бе? — деді келіншегі сыбырлап, бейне бір әлгі бұлқынған нәрсе қатты сөйлесе әлдеқандай қашып кететіндей-ақ. — Әне, әне. О да саған кетпе деп жатыр. Сені о да мен құсап құшақтап алмақшы боп кішкентай қолын созып жатыр.

Ақиқат жауап орнына Ақлимаштың албыртқан ернінен ұзақ сүйіп, көзін тарс жұмып, үндемей жатты.

Бұлар осыдан бір жыл бұрын үйленіп еді. Редакцияның ақ бас, бірақ жаны жас суретшісі бұлардың тойға шақыру билетін өзі жасап, астына: «Ақлимаш, Ақиқат» деп жазып еді. Содан бері бір-ақ жыл өтті.

Бұл жылдың бір күнінен бір күні жақсы еді. Ал енді осылардың бәрінен ерекше бір күннің жақындап қалғанын сезді қазір Ақиқат. Ол мұны бұрын да сезген. Сондықтан таяу уақыт ішінде үйден ұзап кетпегеуе бекіген.

Бірақ кейде тілші уақытты емес, уақыт тілшіні билеп кететін кездер болады. Осыдан бір апта бұрын Қарағандының «Жарық жұлдыз» шахтасында жасалған дүниежүзілік рекорд екі-үш күн өтпей ескіреді. «Жарық жұлдыздықтарды» «Жанартас» шахтасының кеншілері басып озады. Күні кеше Теміртаудың мартенінен Еламан Байғазиев болатты не бары алты сағатта балқытып алса, бүгін Рудныйдың Сарбай руднигінде экскаваторшы Сұңқар Мұзбалақов бір күнде үш күннің нормасын орындайды.

Ақиқат осының бәрінде болып, оларды газет оқушыларына таныстырар еді.

Ал кеше Ақиқатты редактор шақырып алып:

— Командировкаға дайындал. Қазір барып билет ал. Түнделетіп жүріп кет. Тың өлкесіндегі «Сарбаздар» совхозында бір комбайнер «ЖВН-10» жатқасымен бір күнде 145 гектар бидай орыпты. Елден бұрын жет. Очерк алып кел! — деді. — Бүгін бейсенбі, жексенбі күнгі номерде шығатын болсын!

Ақиқат:

— Мен қуана-қуана барар едім, бірақ Ақлимаш... — дей беріп еді.

— Ештеңе етпейді. Ақлимаш ақылсыз емес. Сенің жұмысыңа кесір болады деп ойламаймын. Менен сәлем айт оған, — деді редактор.

Ақиқат тағы ұйықтап кеткен екен. Ақша бұлттардың үстінде зымырап ағып жүрген «ЖВН-10» жатқасын көрді. Селк етіп оянып орнынан тұрды. Ол тұрып бара жатқанда, келіншегінің бүйірі бүлк-бүлк ете қалғанын тағы сезді. «Кетпекетпе, жібермеймін!» деп бұлқынғандай еді болашақ адам.

Ақлимаш та оянып кетті. Оның сүмбіл шашы сусылдап тоқ беліне төгілді.

— Тезірек орал, Ақантай, — деді ол күйеуінің қалтасына газетке орап піскен ет салып тұрып.

— Ұшып барамын, ұшып қайтамын, Ақлимаш. Сен уайымдама.

Ол сұр плащтың қалтасынан газетке ораулы етті білдірмей былай алып қойды да, оның орнына блокноттарды тықпалады.

— Сен еш нәрсені уайымдама, Ақлимаш. Мен ұшып барып, ұшып қайтамын.

Ақлимаш есіктің алдына орамал жамылып шығып, баспалдақпен төмен түсіп бара жатқан Ақиқаттың соңынан қарап тұрды.

Ақиқат төменнен жоғары қарап, қол бұлғады.

— Мен тез ораламын. Үйге кір, тоңып қаласың...

Ол көршілерді оятып алмайын деп, аяғын абайлап басты. Тып-тыныш түнде гранит баспалдақ сонда да тық-тық етіп дыбыс білдіріп тұрды. Өне, астыңғы этаждағы жетінші пәтердің есігі ақырын ашылып, ар жағынан Полина әжей бұрыл шашты басын сұғып қарады.

— А-а, Ақиқат-жан, сен екенсің ғой. Тағы да командировка ма? Ақлимаш жалғыз қалды ма? Менің ұйқым келмейді, Ақиқат-жан. Баспалдақпен біреу келе жатқанын естіп, бұл кім болды екен деп едім. Оһ, қу кәрілік-ай десеңші. Ал сендерге не жоқ. Ұйықтап, рақаттанып жатпайсыңдар ма, жассыңдар! Жылы төсектен шығып... Жә, жолың болсын! Кәрі басым мылжыңдап барады екенмін ғой.

— Қайырлы түн, әжей!..

Подъездің серіппелі есігі Ақиқат шығар-шықпастан сарт жабылып, қайтадан тым-тырыс бола қалды. Жетпіс алты пәтерлік үлкен үйдің ең жоғарыдағы бір терезесі ғана жарқырап тұрды. Шам сәулесін көлеңкелеп, шашы омырауына төгілген әйел қол бұлғады. Жоғарыға шалқая қарап Ақиқат да қол бұлғады.

— Ұшып барып, ұшып келемін, — деді ол ішінен. Түн ішінде дауыс шығарып айқайлауға болмайды ғой. Оның сыбырын естіп қойғандай, Ақлимаш бас изеді.

Қала ұйқыда болса да, көшелер жап-жарық. Асфальттар жалтырап жатыр. Көшенің ұзына бойына тізілген светофорлар түнгі иллюминациядай ойнайды. Көше бойы біресе жап-жасыл моншақ тағынады, біресе ол сарғайып барып, қып-қызыл боп құлшырады.

Бұл уақытта бір машина көрінбесе де светофорлар қалғып кетпей, қалтқысыз жұмыс істеп тұр. Ал тас арықты қуалай аққан салқын су светофорға бағынбайды. Біреу қытықтағандай сылқ-сылқ күліп, сылдырап барады.

Тротуар жағасындағы бұғы мүйіз үлкен еменнің түбінен біреулер қараңдағандай болды. «Түн жамылған бұзықтар болып

жүрмесін» деп Ақиқат ә дегенде сескеніп қалды. Сол сәтте басына басқа бір ой жарыса келіп, өзінен-өзі ұялды. Емен түбіндегі екеу сүйісіп тұр екен. Ойда жоқта түн ішінде тротуарда сақ-сақ басып, көше тыныштығын алып келе жатқан адамнан қайта солар қымсынғандай болды.

Аэропорттың алдында үлкен плакат ілулі тұр; шляпасын қолына ұстаған сұлу жігіт жұртты Қырымның оңтүстік жағалауларына шақырады. Оның өзінде самолетпен ұшуға кеңес береді. Әрі арзан, әрі жылдам, әрі ыңғайлы дейді.

«Жоқ досым, біз Қырым жағалауларына бара алмаспыз. Алыстағы Арқалық даласынан егін орып жүрген «ЖВН-10» машинасын көргенше асықпыз. «ЖВН-10-ның» кереметін газеттің жүз мыңнан астам оқушысына айтып жеткізгенше асығулымыз» деді Ақиқат плакатқа ішінен жауап қатып.

Көк мұхиттың байлаулы тұрған кигіне ұқсас самолет моторын от алдырып гүр гүр етті. Тып-тыныш түнді селт еткізіп азынаған дауысқа асқар тау бұрылып қарағандай болды. «Ақлимаш естіді ме екен» деп ойлады Ақиқат.

* * *

Обком комсомол секретары Нариман Мауқаев жолдас пианистке лайық салалы саусағымен ұзын шашын қайта-қайта қайырып тастап, үн қатпастан біраз отырып қалды. Оның аузынан шыққан сөз бір жаққа ұшып кетпесін деп қауіптенгендей Ақиқат Көрегенұлы секретарьдың жүзіне қадала қарап отыр. Секретарьдың аузынан шыққан бір ғана сөз арқылы өзінің тағдыры шешілетіндей болып отыр.

— Апырай-а, — деді Нариман жолдас енді сүйріктей саусақтарын сындырардай сыртылдатып, астыңғы жұқалаң ернін апшақ күрек тісімен сәл тістеңкіреп. — Машина құрғыры болмай тұр-ау. Менің машинама осыдан бір сағат қана бұрын

«Рақат» совхозынан оралып еді. Шоферге бүгін сен боссын деп жіберіп едім.

Секретарь оң жағында тұрған телефонға бұрылмастан қол созып, трубкасын ұстап тұрып, қайта қойды. Тағы көтеріп, тағы қойды. Секретарь телефонның трубкасын көтереді. Сонда Ақиқат Көрегенұлы «Сарбаздар» совхозына міне-міне жетіп қалғандай болады. Секретарь трубку орнына қоя салады. Сонда Көрегенұлына «Сарбаздар» совхозы алыстап бара жатқандай көрінеді. «Ұшып барып, ұшып келемін» деп еді ол Ақлимашқа.

— «ЖВН-10» рекордының біздің газет үшін қасқалдақтың қанындай қажет екенін түсінсеңіз, маған шын көмектескен болар едіңіз, — деді Көрегенұлы.

— Түсініп отырмын, Ақиқат, түсініп отырмын, бірақ шофері түскір түні бойы жол жүріп, ұйықтамап еді. Жастыққа басы тисе, енді тиген шығар, егер көнсе, шақырып көрейік, — деп секретарь тізесінің тұсындағы кнопканы басып-басып қалды.

— Катя, тез жүгіріп барып, Сазанбайды шақырып келе ғой, — деді Нариман көмекші қызға.

— Қырсықтау еді, келе ме, келмей ме, — деп кінәлі адамдай күлімсиреді Нариман көмекші қыз шығып кеткен соң.

* * *

— «Сарбаздар» совхозына дейін жүз сексен километр, — деді Сазанбай қалың қабағын түкситіп. Оның шала ұйқылы көзі қанталап, қызарып тұрды. — Машинаны заправитъ етіп алмаса болмайды. Жолдың жартысына дейін ғана асфальт, онан әрі грейдер кетеді...

Қанбай қалған ұйқының ашуы мен тынымсыз тілшілерге деген ызасын машинаның дөңгелектерінен алғысы келгендей шофер үлкен аяғымен баллондарды жағалата теуіп-теуіп шықты. Ақиқат ішінен желі шығып кетпесе екен деп тілейді. Ол

Ақлимашқа «ұшып барып, ұшып келемін» деп еді. Егер дөңгелектің желі босап кеткен болса, онсыз да сіркесі су көтере алмай тұрған шофер жүрісті кешеуілдете берер деп қорықты.

Сазанбай дәл ұшында қара меңі бар етжеңді кесек мұрнын дәу жұдырығымен езгілеп уқалады.

– Алдама мені, алдама! — деді ол ақырып, өз мұрнын өзі ұрып қанатардай. — Бүгінгі тойдан қалдық қой.

– Сәке, ол қандай той еді? — деді Ақиқат шоферден, «ГАЗ-69» қала сыртына ойнақтап шыға бергенде.

Шофер Ақиқаттың бетіне алара бір қарап алды да, қос қолымен рульді қыса түсті. Машина ышқынып-ышқынып, орғи жөнелді. Спидометрдің тілі дірілдеп 90 мен 100-дің арасында тұрып қалды. Ақиқат астанадан ала келген «Аромат» сигаретінің біреуін Сазанбайға ұсынды. Шофер асфальттан көз жазбай отырып, сигаретті оң қолымен алып аузына салды.

– Бүгін туған бөлемнің үйлену тойы еді, — деді ол сигаретті қызған пропқадан тұтаңдырып. — Кешке дейін жетсем жеттім, жетпесем тойдан қалдым.

– Кешке дейін қайтып оралайық, тойдан қалмайсыз, — деді Ақиқат. — Ұшып барып, ұшып қайтайық.

– Әй, білмеймін, тілшілердің тіршілігі бітпеуші еді, оны-мұны деп жүріп аласыз ғой.

– Жоқ, Сәке, барамыз да қайтамыз.

Айдалада таспадай асфальт жолдың үстінде асығып келе жатқан осы екі адамның әлгі сөздерін естіп қойғандай, солтүстік батыс жақтан шудаланып бұлт шықты. Асығыс адамдармен қалжыңдасқысы келгендей, «сеңдерді біраз әуре етейін» дегендей, аспанды торлап жайыла берді.

Шофердің енді-енді жадырайын деп келе жатқан қабағы мына бұлтпен бірге қайта түйілді. «Асфальтта ештеңе етпес-ау, бірақ грейдерге шыққанда әкемізді танытпаса!» деп Сазанбай аспанға сабырсыздана қарады.

Спидометрдің тілі «100» деген цифрдың үстінде қалшып тұрды.

Машинаның әйнегіне алғашқы тамшылар тамған кезде, алдыдан грейдер шоқтығы да көрінді. Жаңбыр әйнекті сабалап-сабалап үдей түскен кезде, зауза қоңыздың кірпігіндей екі сыпыртқы жылаған шынының парлаған жасын ысқылап сүрте бастады.

Жолдың үстін лайсаң су мен шөпілдеген сансыз ақ көбікшелер басты.

От лақтырып ойнаған бұлт арасынан түскенін, жоқ әлде шелектеп жауған нөсерден пайда болғанын кім білсін, әйтеуір, жол үстінен біреу шыға келіп, машинаның қарсы алдынан қолын керіп тұра қалды. Адамдар асау атты қамалап ұстағанда осылай қолын керіп, «так-тактап» тұра қалушы еді. Мына ғайыптан пайда болған жанда сондай инстинкт бары байқалды. Әйтпесе адам ағып келе жатқан машинаны қолын керіп тоқтата ала ма!

«Бассаң басып кет, әйтпесе тоқта!» — дегендей еді жанынан безген адамның үрейлі ұсқыны.

— Әй, қырсық-ай, осы жұрт үйінде отырса қайтеді мына жауыңда, — деп бетін ара шағып алғандай тыржитып шофер тормозға жармасты.

Машина тірі шлагбаумға тіптен таяп қалды.

Аспаннан жаңбыр емес, шелектеп ақ арақ жауғандай, «ГАЗ- 69» сол арақтан құтырына мас болғандай, рульге әрең көніп арқырап келе жатқан. Спидометрдің сүйрік тілі 90 мен 100-дің, арасынан қыбыжықтап шықпай қойған.

Енді кенет берілген тормоздан дөңгелектердің білезік темірлері шыңғыра шикылдап, машина екпінін баса алмай, алда міз бақпай тұрған адамның тұмсығының астына барып бір-ақ тіреді.

— Есің дұрыс па, жоқ па? — деп ақырды шофер сұқ саусағымен өзінің шекесін аяусыз тоқылдатып.

— Ес қалмады, қарағым, — деді машинаның есігінен қармана ұстап, қолы дір-дір еткен егде қазақ. Есіктің жақтауынан бүріп ұстағаны сонша, қасқыр тарамысты қайратты қоңырқай қолының саусақтары қайың ағаштың қатты бұтағындай ағарып кетті.

Машина жүріп кете ме деген қаупі зор көрінеді. Күреңіткен бетін жаңбыр сабалайды. Сом иекке шыққан бурыл сақалы Микельанджело мрамордан қашап салған Моисейдің сақалындай салаланып белуарына түседі. Тарам-тарам сақалды қуалай аққан аспан суы жаңбыр емес, мына бурыл самайлы адамның алақандай қаршыға көзінен парлап аққан ыстық жас сияқты.

— Мына кіші Жыланшықтың бойында жалғыз үй отырған Қуаныш» совхозының шопаны едік, қарағым, — деді қара ши барқыт камзолы сығып алғандай су болған адам шоферге емес, Ақиқатқа қарап. — Атым Далабай деген болады. Әйелім әл үстінде жатыр. Босана алмай қиналып өліп кететін болды. Бұдан бұрын үш баланы өлі туып еді. Оны зорманнан көріп едім. Құдайдың күдіреті де деп едім. Енді екі жыл болды, зорман аулап, Қарынбайдың қалың малын қырғанды қойдым, аңшылық кәсіпті тастап, қойға кірдім. Ендігі еңбегім адал, жазығым жоқ, құдай берсе баланы енді берер деп едім. Тағы да масқара болып қалам ба, әкетай. Қалаға жеткізіп сал әйелімді! «Ақлимаш қандай халде?» деген ой Ақиқатқа үрей ала келді. «О да қиналып жатпаса игі еді!»

— Түсің аппақ шүберектей болып кетті ғой, әкетай. Шын жаның ашығаны рас болса, бұр машинаңды. Бұдан бұрын бес машина тоқтамай кетті. Енді кешіксе, анау бейшара әйелдің үзіліп кететін түрі бар, — деді Далабай Ақиқатқа.

— Ақсақал, біз асығыспыз, әуре болмаңыз! — Сазанбай рульдің ортасындағы сигналды басып-басып қалды. Нөсер шуылына араласып сигнал даусы құлаққа қанжардай қадалды. — Мына

кісі өкіметтің тапсырмасымен «Сарбаздар» совхозына асығып барады, бас бұруға мұрша жоқ!

– Әкетай-ау, біз де өкіметтің адамымыз ғой! — деп Далабай машинаның есігін қос қолымен қыса түсті. Темір тұлға сол қысуға шыдамағандай тұла бойы тітіркеніп, дір-дір етіп тұрды.

– Ақсақал, ішке кіріңізші не де болса. Жауынға малынып болдыңыз ғой, — Ақиқат есікті кері ашты.

– «Түсі жылыдан түңілме» деген еді, әкетай. Иман жүзді бала екенсің бөбектерің бар ма? — деп кірді машинаға малмандай болған Далабай.

«Бөбектерің бар ма?» дейді. Оған Ақиқат не десін. Бар ма, жоқ па? Ақиқаттың бөбегі өзі жоқта дүниеге келіп те қалған шығар. Әлде Ақлимаш та мына шопанның жұбайы құсап азап шегіп жатыр ма? Ұшып барып, ұшып келем деп еді-ау Ақиқат. Ақлимаш қазір өзінің Ақантайын бір көруге зар болып жатқан шығар. Дәл қазір мына Далабайдың әйелін машинаға отырғызып, қалаға кері қайтып, бүгіннен қалмай самолетке мініп, астанаға жүріп кетсе қайтеді? Редакция мұның очеркін күтіп отырған жоқ па! Жексенбі күннің макетінен үш жүз жол орын бөліп отырған жоқ па! Оларға не бетін айтып барады?

Ақиқат әрі-сәрі болып отырғанда, шофер Далабайға қарап:

– Кәне, ақсақал, түсіңіз, бізді ұстамаңыз, асығыспыз! — деді. Мұрнын тағы да умаждап-умаждап уқалап қойды.

– Қой, әкетай, жылатпа мені, — деді Далабай Сазанбай мен Ақиқатқа кезек-кезек жаутаңдап қарап.

– Сәке, бұр машинаны... — деді Далабайдың көзіне көзі түсіп кеткен Ақиқат.

– Есіңізде болсын, мен енді Нариман Мауқаев тұрмақ оның ар жағында тағы бір дәу бұйырса да, мұнда қайтып оралмаймын!

— деді шофер.

— Сенің қайтып келмейтініңді өзім де білемін.

— Көсегең көгерсін, әкетай шырақ... — Далабай сөзін айтып болмай өксіп жіберді.

«ГАЗ-69» «Сарбаздар» совхозына жетпей грейдерден шығып, лайсаң қара жолға түсіп, кіші Жыланшықтың бойына қарай кетіп бара жатты.

* * *

— И-а-а, Бабай түкті шашты Әзиз, — деді көрпе жамылып, бір қолымен керегеден ұстап, бір қолымен ала шұбар сандыққа жармасып, көгерген ернін тістелеп тұрған әйел шаңырақтан аспанға алара қарап.

Оған жауап ретінде Бабай түкті шашты Әзиз аспаннан от қамшысын шарт-шарт еткізіп:

«Қарыстыр жағыңды!» — дегендей болды.

— Иа-а-а, аруақ! — деді толғақ қысқан әйел даусы жарықшақтанып.

Оның сонда көрген азабынан аруақтардың да жаны шошып, бұлтың ара-арасымен тым-тырақай қашып, гүрілдеп-сарылдап алыстап бара жатқандай болды.

— Ей, жазған, Күлше-ай, аруақтың басын ауыртып қайтесің. Тұр! Өлмегенге өлі балық жолығып, машина келіп қалды. Бол жылдам, әне-міне дегенше роддомға апарып салады. Жарық дүниеден әлі татар дәм-тұзың бар екен Күлше! — Далабай жұбайына қыжым пальтосын кигізіп, қолтығынан көтерді.

— Осы жұрт космос корабльдері заманында да дінге сенгенін қоймайды, — деп күңк етіп, Сазанбай да әйелдің бір қолтығынан демеді.

Машинаға төңкеріліп әрең кірген Күлше бейне бір ән салардай даусын созып:

— Байғұс-ау, малды кімге тастайсың? Мына алай-түлей боз боранға тапсырасың ба, ит-құсқа тапсырасың ба? — деді.

— Апыр-ай, естің шыққаны сонша, мал ойда болмапты ғой, қайттім! — Далабай жыңғылдан соққан қорада жауыннан ығып тұрған қойға қайта-қайта қарады.

— Мен қалсам қайтеді, Күлше? Бір құдайға тапсырдым, онан соң мына балаларға тапсырдым. Апарып салар роддомға.

Әрине, Ақиқат пен Сазанбай апарып салады. Ақиқат кешкі самолетке билет алады. Ол Ақлимашқа «Ұшып барып, ұшып қайтамын» деп еді ғой. Ақлимаштың да ай-күні жетіп қалып еді. Қиналып қалмаса қайтсін...

— Ойбай, жолда бірдеңе боп қалса, танымайтын бала-шағаның алдында айра-жайра... — Күлше көзін тарс жұмып, ернін қымқырып басын шайқады.

— Енді қайттім! Әшейінде тыным таппайтын завфермамен зоотехник те мұндайда келе қоймайды. Малды кімге тастадым!

— Далабай жауынға жон арқасын тосып тұрған қойға қарады. Қысы-жазы бір тұяқ, шығындатпай, шырылдап жүріп өсіріп еді, шынымен есіл еңбек ит-рәсуа болғаны ма. Далабай совхоз орталығынан келетін қара жолға қарайды. Жауын буалдырынан Жыланшықтың жер қабағы қарауытып көрінеді. Келе жатқан жан жоқ. Далабай жалтақтайды. Біресе әйеліне қарайды, біресе мың қаралы қойға қарайды. Оның бұрыл басы бұрылған сайын, Микельанджело Моисейдің сақалындай шуда сақалы желкілдейді.

— Ой, қу маңдай, болсаңшы, қиналды ғой және-е-ем, — деген жарықшақ даусы шығады Күлшенің.

Қазір бұл ерлі-зайыпты екеуінен де гөрі Ақиқат қатты қиналған сияқты. Ол өзі машинадан қалай түскенін білмей қалды.

— Отырыңыз, ақсақал, — деді Далабайға. — Малыңызға мен қарай тұрайын.

— Күнім, күнім! Күнді бұлт жасырды ма десем, қасымда екенсің ғой! — Далабай даусы дірілдеп буын-буыны босағандай машинаға әрең мінді.

— Есіңізде болсын, мен қайтып оралмаймын, — дейді Сазанбай мұрнын тағы да уқалап.

— Келмейтініңді білемін, Сәке. Сені мұрның алдамаған екен. Тойдан қалмайтын болдың! — деді Ақиқат.
Машина жауын буалдырынан көрінбей кетті.
Адамдардың достығын көре алмағандай қара бұлттар күңіреніп, долданғаннан бірін-бірі сарт-сарт сабалады.

САРЫАЛА ҚАЗ — ФЕНИКС

Қара қарғалар қарақұрым болып топ-тобымен ұшады. Ала қарғалар да жалғыз-жарым жүре бермейді.

Жылы жаққа ұшар алдында қарлығаштар телеграф сымына тізіле қонып алып ұзақ сырласады.

Жылы жаққа қарай тырналар үш бұрыштанып алып, улап-шулап ұшып бара жатады.

Қорғалжыннан қайтқан қоқи қаздар да топтасып ұшады. Жабайы үйрек-қаздар да ұйымшыл.

Тіпті жауыз торғайлар да топ-тобымен жүреді. Ал сарыала қаз неге жалғыз?

Ай-қасқа атқа мініп, Тәңіртауды бетке алып бара жатқан мен жалғыз. Төбемнен ұшып бара жатқан сарыала қаз жалғыз.

Әлде қанаттарының сусылы, әлде мұңды үн сарыны — сарыала қаз ұшқан биіктен бір аянышты үн шығады.

Айнакөл — Көксай аңғарының төрінде, шамада үш мың метр биіктікте.

Шығысында — атақты Манас шыңы.

Жылқышы Асқар, орманшы Мұрат және мен үшеуіміз үш атқа мініп, Айнакөлге жеттік-ау, әйтеуір.

Көлдің түбіндегі тастар көрініп жатыр. Соған қарап: «Е-е, таяз екен ғой» деп қалуың мүмкін. Қайдағы таяз, түйе бойламайды. Түбінен тастар көрініп жатқаны — көлдің соншалықты мөлдірлігі, періштенің көз жасындай тазалығы.

Көлдің арғы шеті әрең көрінеді. Екі жақтан: Шығыс пен Батыстан аспан тіреп тұрған шыңдардың арасын жалғастырып тұрған кезең бар екен. Ұлан бел десе болғандай. Мұз құрсаңған.

Биік-биік шыңдардан құлаған үлкенді-кішілі сулардың тоспасы сол.

Айнакөл — сол тоспаның астынан шым-шым шығып жатқан айдын. Егер осы тоспа болмаса, бүкіл су лақ етіп төменге бірден құласа, біздің Мыңбұлақты әлдеқашан су шайып кетер еді.

Табиғат шебер. Тоспа, тоспа — саты-сатымен құлаған су аса жойқын емес.

Бұған дейін мен көрген көлдер мен теңіздер жер деңгейінен төменірек жатыр еді. Оларда жаға, жағалау деген болар еді. Егер өзен яки теңіз жағадан шығып, арнасынан асып кетсе, ондайда:

— Ойбай! Тасқын! Топан су қаптады! Ақырзаман! — деп адамдар алжасқандай алақ-жұлақ етіп, естері шығып кетер еді.

Ал, мына айдын жер бетінен ең жоғары, тым биікте, тау басында, шыңға жақын жатыр. Жатысы жайдарлы. Алқынған ештеңе жоқ. Тасқынның, топан судың елесі де жоқ. Тек қатар тұрған қос шыңның арасын бөліп жатқан кезеңнен соққан жібек самалдан көлдің бетінде қаз таңдайлы майда толқын бірін-бірі қуалап ойнайды.

Сол үлбіреген майда толқынға қарсы алты балапан қатар жүзіп барады. Олардың үстінде, биікте Сарыала қаз нәзік үнмен жалынышты кейіпте шырылдайды.

Бізге қарай жақындай түсіп:

— Қайтыңдар! Не бар сендерге?! Балақайларды қорқытпаңдар! Қайтыңдар, — дейді.

Үні нәзік. Көп болса, үйректің үлкендігіндей. Реңі сарыала. Қанаты да қысқалау. Сөйте тұра, егер біз көлге жақындай берсек, төбемізден шүйілетін түрі бар. Өте өжет.

Тіпті қамшымен салып кеп қалсаң жететін жерге дейін жақындайтынын қайтерсің. Бірақ біз қамшы сілтемедік. Бейбіт адамдар екенімізді білдіруге тырыстық.

Балапандар едәуір алыстап кеткенше Сарыала қаз алдымызды кес-кестей берді. Қаздың жалынышты үні:

— Кетіңдер бұл арадан. Бұл жер адамдар мекендейтін орын емес. Бұл араны Құдай бізге бұйыртқан. Тиіспеңдер, кетіңдер, — деген кейіп танытады.

Балапандар алдыдан соққан майда толқындармен арпалысып, алыстап барады. Жалғыз жанын пида қылып, жанталаса қорғаған анасы болмаса, бейшара алты балапан тым қорғансыз.

Сарыала қазды шырылдата бермейік деп біз жағалаудан кейінірек кетіп, аттардың ауыздығын алып, тұнып тұрған шалғын көкке қоя бердік. Алуан-алуан хош иіс гүл-майсаны төсеніп, жантайып-жантайып жата кеттік.

Теңіз бетінен үш мың метр биіктікте адам тез шаршай ма деп қалдым. Лезде ұйқым келді. Бірақ Сарыала қаздың шырылдаған даусы әлі естіліп тұр еді.

Кенет күрс еткен мылтық даусы шықты да ұйқым шайдай ашылды. Орнымнан атып тұрдым. Қасымдағы серіктерім де үрпиісіп түрегелді.

Сол-сол екен, мылтық даусы тағы да күрс етті. Көл үстіндегі шырылдап жүрген Сарыала қаз аспанда селк еткендей болды да, отқа оранып-өртегіп төмен құлдилап берді.

Мылтық екінші рет атылған соң барып, ап-ашық күнде найзағай шартылдағандай болып, аспан тіреген шыңдардан төмен қарай үйдей-үйдей тастар домалай бастады.

Біз жаққа қарама-қарсы қабақтан қалбаң етіп көрінген атты адамды жоғарыдан домалаған сандықтай тас ат-патымен қоса көлге тулақтай қылып лақтырып кеп жіберді. Көлдің суы аспанға шапшыды.

Төбеден құлаған сусыма тастар едәуір толастамай, сәлден кейін барып, сатыр-сұтыр басылды. Көлдің беті тынши қалды.

— Мұндай биіктікте мылтық атуға болмайтынын білмейтін қандай адам? — деді орманшы Мұрат.

— Ажал айдаған байғұс қой. Әйтпесе, балапан қорыған жалғыз Сарыала қазда несі бар, — деді жылқышы Асқар.

— Сарыала қаздың балапандары көрінбес пе екен? — деп көл бетін тінти қарап мен тұрмын.

Ештеңе көрінбеді. Төбеден құлаған түйе тастар да, Сарыала қазды атқан адам да ат-патымен зым-зия. Былай қарасаң көлдің түбі көрініп жатыр.

Ал, түйені түгімен, кемеңі жүгімен жұтатын түрі бар.

Түсініксіз құбылыс: көлдің түбіндегі майда тастар көрініп жатыр.

Ал, таудан домалап түскен түйедей тастар көрінбейді.

Әлгі мылтық атқан адам ба, пері ме, ол да көрінбейді.

Астыңдағы аты да жоқ.

Қанаты қатпаған алты балапаннан белгі жоқ.

Сол балапандар үшін басын оққа байлаған, балақайлары үшін шыр-пыр болып, бізге:

«Қайтыңдар!» деп жалынған Сарыала қаз із-түзсіз.

* * *

Сарыала қаз бен оның қанаттары қатпаған алты балапанының жаназасына Айнакөл айналасындағы аң мен құс біткен түгел жиналды.

Тау басына бұлттар үйіріліп, аспан асты түнеріп, қараңғы тартып, шарт-шұрт найзағай ойнап, нөсер жауын долдана, ышқына сиіп-сиіп жіберді.

Нөсер сәл-пәл басылғанда, жартастың текшесінде тұрған Теңбіл барыс ақырды:

— Біз осынша кең дүниеге симай қалғандар емеспіз. Бізді сидырмады. Содан кейін тапқан жалғыз панамыз — Тәңіртаудың ұшар басы еді. Жауыздың оғы бұл жерге де жетті. Бірақ жауыз жазасын алды. Құдірет оның жазасын берді. Ал, енді Құдірет бізді қашанғы қорғай береді. Құдай: «Сақтансаң, сақтаймын» деген. Сондықтан біз өзімізді ұйымдасып қорғауымыз керек! — Осыны айтып Теңбіл барыс текше таста отырған ұлар құсқа мойын бұрып:

— Сен қалай ойлайсың, Ұлар ханым? — деді.

— Мен де сендей ойлаймын, Барыс мырза, — деді Ұлар ханым.

— Адамдар айтады: «Ұлы тауға шыққан бар ма? Ұлар етін жеген бар ма?» деп. Өйткені біздің етімізді жеген адам ең қауіпті деген кеселден жазылады. Осыған бола біздің тұқым өте аз, тіпті құрып барады.

— Ал, Құлжа мырза не айтар екен? — деді Теңбіл барыс ыңырана сөйлеп.

Сансыз сақиналы иір-шиыр мүйізін бір сілкіп тастап, апайтөс Құлжа күйіс қайырып жатқан жерінен асықпай түрегеліп:

— Біздің адамнан басқа жауымыз жоқ, Барыс мырза, — деді. — Бір жау болса Сіз өзіңіз болар едіңіз, Барыс мырза, бірақ сіз біздің ақсақ-тоқсақ, ауру-сырқауымыз болмаса, басқаларымызға тиіспейсіз. Құдай сізге нысап берсін. Ал, енді біздің осы мекеніміздегі жалғыз Сарыала қаздың тұқымы үзілді. Әлде мүмкін Жаратушы құдіреттің рахымы түссе, тұқымы үзілмес те, кім біледі, — деп Құлжа қайтадан күйіс қайыра бастады.

Алдына арқарлардың Құлжасы түсіп кеткеніне намыстанып, шытынап тұрған Таутеке шыдай алмай, алдыңғы аяғының тұяғымен текше тасты шекіп-шекіп жіберіп, ай мүйізді басын шайқап-шайқап қойып:

— Барыс мырза, кешіріңіз, менен де бір ауыз сөз тыңдаңыз, — деп бақылдады. — Осы өкімет біз сияқтыларды қорғайтын мекеме құрды деп еді, бірақ алдымен бізді аңдып ататындар сол

мекеменің адамдары ма деген күдігім бар, бақ-бақ-бақ... Ал, бейшара Сарыала қаздың Құдай иманын берсін, бақ-бақ-бақ...

Теңбіл барыс: — Тағы да кімде қандай пікір бар? — жан-жағына таңдана қарап қойды.

Қоңыр аю қорбаң-қорбаң етіп алға шықты:

— Егер Сарыала қаз шыннан өлген болса, өлігі су бетіне қалқып шығар еді. Мына мен көлдің бетіне тесіле қарап-ақ тұрмын, ешқандай белгі жоқ. Оның жаны аспанға ұшып кетті. Құдай бар болса, Сарыала қаздың тұқымы үзілмеуі тиіс. Мен солай ойлаймын, — деп қорбаңдап барып орнына отырды.

Теңбіл барыс жартастан төменге қарай үңіліп, текше тастардың үстінде шоқиып-шоқиып отырған көк қасқырларды көрді.

— Сендер мұнда қайдан жүрсіңдер? Мұндай биікке көтерілмеуші едіңдер ғой, — деп қасқырларды жақтырмағандай сыңай танытты Теңбіл барыс.

Қасқырлардың көкжал арланы:

— Ол рас, Теңбіл барыс, біздің мекеніміз төмен, ылди жақта. Бірақ мылтық асынған адамдардан көбінесе қорлық көрген біз, қасқырлар әулеті боламыз. Биікте осындай аң-құстардың құрылтайы болып жатыр дегенді алақанат сауысқаннан естіп, біз де барып тыңдайық деп келіп едік. Ешкімге зиянымыз жоқ. Бейбіт мақсатпен келдік, — деді алпауыт Арлан.

— Бұл жиын биік шыңның маңайын мекендейтін аң-құстардың марқұм Сарыала қаздың жаназасына арналған қаралы жиыны, — деп Теңбіл барыс тастардың текшесінде тұрып қасқырларға ескерту жасап қойды. — Осындай қиын-қыстау сәтте Көк Бөрі атаның балалары қорқаулығыңды істеп жүрмесей болғаны, әйтеуір.

Көкжал Арланның желке жүні тікірейіп, Теңбіл барыстың мына ескертуіне намыстанып қалды:

— Ол не дегенің, Теңбіл барыс мырза, Көк Бөрінің балаларын «қорқау» деп қорлама. Біз де, өзің сияқты байтақ даланың

төсінде мың-мыңдап жорытқан ақбөкендердің ауру-сырқауын ғана қанағат тұтып күн көрген халықпыз. Бірақ бір кезде біз өзіміз асырап өсірген адамдар есірді. Шыққан тегін, киесін ұмытып кетті. Ақбөкенді қырып салды. Бізді де аспаннан «вертолет» деген бәледен атып, азайтты.

Адамдардың малын жесең жегеніңді желкеңнен шығарады.

Сонда не істейміз? Қайда барып күн көреміз, Теңбіл барыс?!

Қабырғадан қойылған қаһарлы сұраққа Теңбіл барыс не деп жауап берерін білмей, жаны күйзелгендей ыңырана берді.

— Обалың адамдарға, — деді ақыры Теңбіл барыс. — Адамдардың ақылы қысқа, бір кезде Көк Түріктердің түп атасын қасқырлар асырап, содан тұқымы өсіп кеткенін ұмытып кеткен. Көк Бөрі Көк Түріктердің киесі ғой! Соны олар қалай ұмытады? А, мүмкін адамдарға Құдай ақыл-сана беріп, мейірім бұйыртып, ақбөкендерді енді қыра беруіне тиым салып, дала киіктерін қайта көбейтер...

Көк бөрілердің арланы аспанға қарап тұмсығын көтеріп: — Уа, Теңбіл барыс, айтқан сөздерің Жаратушы Құдіреттің құлағына шалынсын! — деп озаңдата ұзағынан ұлығанда шың-құздар жамырай жаңғырықты.

* * *

Аспан астын күңіретіп Арлан ұлығанда, біздің аттарымыз құлақтарын тікшитіп, оқырынып, тіпті біреуі үрейлене сиіп-сиіп жіберді.

* * *

Осының бәрі өң мен түстің арасында өткендей таңғажайып көріністер болды.

Әлде мен үш мың метр биіктікте өкпеме ауа жетпей қиналып, ұйықтап қалдым ба?

Үш салт атты жоғарыдан төмен түсіп, ылдилап келе жатырмыз.

— Осы мен әлгінде ұйықтаған жоқпын ба? — деп сұрадым қасымдағы Асқар мен Мұраттан.

— Жоқ, — деді Мұрат орманшы бетіме таңдана қарап.

— Аздап қана көз шырымын алған сияқтысың... Әлгінде біз аттарды отқа қойып, көгалдың үстінде қисайып жатқанда, — деді Асқар жылқышы.

— Аң-құстардың құрылтайы болған сияқты, — дедім мен күмілжіп.

— Аң-құстардың құрылтайы болушы ма еді? — деп таң қалды Асқар жылқышы.

— А-а? Қайдағы құрылтай? — деп сұрады Мұрат орманшы.

— Е-е, түсім екен ғой, — дедім мен ыңғайсызданып.

— Қандай түс көрдің, айтсаңшы, — деді Асқар.

Мен көргенімді түгел айтып тізіп бердім.

— Міне, қызық, — деді Асқар жылқышы.

— Болса — болар, — деді Мұрат орманшы. — Өйткені Сарыала қаз аспаннан отқа оранып, көл үстіне шырылдап түскені рас.

— Үйдей-үйдей тастар құлады ғой, әйтеуір, — деді Асқар жылқышы.

— Сарыала қазды атқан адам ат-патымен суға құлағаны да рас. Бірақ бәрі көрінбей кетті, — деді Мұрат орманшы.

— Мұның бәрін мен де көрдім, — дедім мен. — Ақ Теңбіл барыс бастаған жиналыс... түсім болды ғой сонда.

Асқар мен Мұрат үндемей бетіме қарады. Дәл осы кезде төбемізден Сарыала қаздың таныс даусы естілді.

— Мынау сол ма, басқа ма? — деді Асқар.

— Дәл өзі! — деді Мұрат орманшы.

— Қалайша? — деді Асқар жылқышы.

— Бұл — Феникс! — деді Мұрат орманшы.

— Ол не тағы да? — деп сұрады Асқар жылқышы.

— Өртенсе, күлінен қайта тіріліп кететін сондай әулие құс болады, — деді Мұрат орманшы.

— Естімеген елде көп, — деп басын шайқады Асқар жылқышы. Сарыала қаз төбемізден шырылдап ұшып, бізді аңғардың аузына дейін шығарып салды. Жападан-жалғыз.

СОҢҒЫ НӘСІП

Кейде үрейлі, кейде аянышты сол бір ызың. Түсі ме, өңі ме? Әйтеуір, әлгі ызың шаршаған миын шаққаны рас. Ұйқылы-оюу, яки өлі мен тірінің арасында жатып ол әзірейілінің әніндей ызыңның иесі кәдімгі Жабайы ара екенін сезді. Сыртта, терезенің үстінде бұғат ағаштың жапсарында күлдіреген күйіктей боп-боз ара ұясы тұрар еді. Сапагерей сол ұяға кіріп-шығып, әлдеқалай қарбалас, қыбыр-жыбыр тіршіліктің қамында сапырылысып жататын алтын бауыр араларға аса зер сала қоймайтын. Адамның мекеніне жақын жүргісі келетін жәндіктер бар. Ара ұясын үйдің сыртына салса, қарлығаш тіпті үйдің ішіне салып алады. Қарлығаш тіпті сол үйдің жиен баласындай еркелеп жүреді.

Ал, Жабайы ара... Кім біліпті. Қорқыныштылау ма, қалай. Мына сарнап қалған сары бауыр сол сырттағы ұядан әлдеқалай үйге кіріп кеткен саяғы болды.

Сапагерей орнынан тұрып барып, терезені ашып, қаңғыбас заржақ Жабайы араны сыртқа шығарып жібермекке бір талпынды. Ояуында оқып жатып қолынан түсіп кеткен газетті шиыршықтап, сонымен ұрып алмақта болды. Басын көтере берейін деп еді, басы бас емес, шойын екен. С्याқ етіп жастыққа қайта құлады.

Көзін жұмып жатып, жымыып қойды. Сәске түсте Мырзагерей екеуі тоқсандағы Досан қарттың көңілін сұрай барғаны есіне түсті. Ағаш төсегінде аппақ құдай әдемі жатқан

Досекең Сапагерейді көріп, оның қызулау екенін байқаса да, еміреніп, бір кездегі жұлындай жүгермектің соңғы кезде есіріп жүргенін ұнатпаса да, бұл жолы кәдімгідей көңілі босады. Сапагерей оған әлі бала сияқты ғой, қолынан ұстап, сипалап, көпке дейін босатпады.

— Жасың ұзақ болсын, мені ұмытпасаң, — деп сыбырлады. — Атаңның аты ерттеулі тұр. Тағдыр тартылып, талқан таусылған шығар. Мен сенің марқұм әкеңмен түйдей жастымын ғой. «Жорға мінген досынан айырылады, көп жасаған құрдасынан айырылады» деген. Рас екен: көп арпаның ішінде жалғыз бидай мен қалдым. Енді етек-жеңді жинап жатырмын. Мен олай-бұлай болып кетсем, абиырман аттандыруға көмектес, соңғы тілегім...

Досекең одан әрі сөйлей алмай ентигіп, үні бітіп қалғандай еді.

— О, оны уайымдама! — деп Сапагерей құрдасынша қойып қалды. — Өлсең — терең қазып, тепкілеп көлеміз. Балаларың сараң болмай, жыртысты дұрыстап берсе, өзіңе арнап тұрып арақ ішем...

Досан қарт кенет қайратына мінгендей даусы қатқыл шығып:

— Атауыңды іш, дуайпат! Кет! — деді.

«Барып кешірім сұрасам ба? — деді өзіне-өзі қазір Сапагерей. — Шал кәдімгідей көңіліне алып қалды, ә».

Ол ойы лып етіп сөне салды. Тілі аузына сыймай таңдайына жабысып жатыр екен. «Осы мен бармын ба өзі» дегендей бет-аузын сипалап көрді. Бір кездегі нарттай дидарлы өңді долы ұрғандай, күлгін тартыпты. Өз қолы өз денесін сезіңкіремей, саусағы үсіген картопқа тигендей әсер етті. Жүрегі сәл үріккендей болды. Бірақ қорқыныш одан арыға ұзаған жоқ. Тек бір аңсар барын біледі: бір саптыаяқ сыра. Яки бір жұтым қызыл шарап болса, шіркін... Баяғыда өзі сияқты бір бейбақтың осылай бір қиналып жатқанда айтқаны есіне түсіп, мырс еткен болды:

— Ел қайда, Есіл қайда, Нұра қайда?

Ақ қайда, қызыл қайда, сыра қайда?

Таңертең бас ауырып жатқаныңда,

Қатының хал қалай деп сұрамайды, ә! —

деп міңгірледі. Жаңылмай айтқанына өзіне-өзі сүйсініп, өзіне-өзі сұқтанып жатты. «Тура біздің қатын!» — Жаңалық ашқандай таңданып, таңдай қағайын деп еді, тілі желімденіп қалған екен.

Түндегі жанжал еміс-еміс елес берді. Жаңылдың түнде айтқанының бәрі түгел есінде жоқ. Тек: «Атауыңды іш!» — дегені мына жабайы араның ызыңымен аралас естіліп тұрған сияқты. Оның үстіне бүгін сәскеде әл үстінде жатқан Досан қарт та: «Атауыңды іш», — деді.

Сапагерей терезені сабалап, ызалана ызыңдап жүрген алтын сары жабайы араны жастықпен ұрып өлтірмекші болып ұмтылып еді, жастық алысқа ұшпай, кереуеттің жанына құлады.

«Атауыңды іш!» — дегені, әйтеуір, «айналайын» дегені емес. Оны Сапагерей тұспалдайды. Бірақ «Атау» дәл не екенін Сапагерей ғана емес, Сапагерей тұстастардың көбі пайымдай бермейді. «Әй, көк соққыр!» — деген бірдеңе сияқты. Көктің не екенін де олар бағамдай алмас. Көктің — аспан екенін, аспанның — космос екенін, космостың — құдірет екенін, көк тәңірі содан барып өрбитінін олар қайдан білсін. Оның бәрі ескі наным ғой. Исламнан да ескі. Ол Сапагерейдің өзінен санағанда жүзінші атасының тұсында туған наным. Жүзінші атасы заңғар аспанға көзін көп тігер еді. Күндіз көкпеңбек сол заңғар күмбез түнде мақпал қара тартып, жұлдыздардан сансыз алқа тағынар еді. Сапагерейдің жүзінші атасы мақпал қара аспандағы жұлдыздарға қарап, сол жұлдыздардың әр жағында не бар екен деп қиналар еді. Не бар екенін біле алмай, өзінше: аспан қаптаулы, алтын шегелермен шегенделген күмбез деп иланатын. Ал күмбездің ар жағында не бар екеніне ақылы жетпей титықтайтын.

Алтын бауыр ара терезені сабалайды. Мына тымырсық ауалы үйден шығып кетіп, дала кезгенді, қызғылтым гүлді

жоңышқа алқабына жегуді аңсайды, Бұл үйге қара басып қалай кіріп кеткені белгісіз, даланың жұпар иісті гүлдерін, сылқ-сылқ күліп, күміс қоңыраудай сылдырап аққан бұлақ жағасындағы күлгін бас жалбызды, гүлі алқадай жарқыраған гүлқайырға қонып алып құйқылжыта сайрайтұғын сары торғайды сағынды. Сағынды да, мына жауыннан айғыздалған терезе шынысын бытшыт етпек болып, тарс-тарс сабалады, даусы ызалана шығып, ызыңы күшейді.

«Ара екеш араға дейін маған жау» — деп қорланды Сапагерей. Колхоз бастық бір ай бұрын жұмыстан шығарды. Кеңсе қызметкері еді, маскүнем деп шығарды. Басқарма құрамында бұған ара түсіп жаны ашыған ешкім болмады. «Неге?» — деді Сапагерей қамығып. Сөйтті де, Жабайы араның ызыңына қосылып, ыңылдап:

— Бір тентек ел ішінде жүрмей ме екен,

Соңыма неге түстің бәрің бірдей? —

деп әуенге салып көріп еді, үні шықпады, ішінен айтты. «Ара екеш араға дейін жау. Адамдар арадан өткен», — деп күллі әлемге өкпелеп, іргеге қарай аунап түсті. Содан өзегі өртеніп бара жатқандай болды да:

— Су... — деді. Тілін таңдайынан айыра алмады. Үнін ешкім естімеді. Жаңыл сабағына кеткен болар. Бөлменің есігін біреу тырмалағандай болды. «Мысық па?» деді. «Жоқ, Ербол ғой».

— Ербол! Су, су! — деп қырылдады.

Тілі әлі жөнді шыға қоймаған Ербол әкесінің түрінен, қырылдаған үнінен қорқып, апыл-тапыл қаша жөнелді.

«Соңыма неге түстің бәрің бірдей... Ербол да жек көреді».

Жабайы араның ызалы ызыңы күшейе түсті. Терезенің ар жағында жарық күн бар, қызылбас жабайы жоңышқа бар. Үйдің іргесіндегі берекесіздеу селдір-селеу күнбағыс та гүлдеп тұр еді. Жабайы ара соларды зарыға сағынды.

Жабайы ара терезе шынысын кеудесімен ұрып сындырардай тарс-тарс соғылды, ақыры тұмсығы тасқа тиген

көксерке балықтай есеңгіреп біраз тыншыды да, енді саңылауды басқа тұстан іздеуге әрекеттенгендей, үйдің ішін айнала ұшты. Төсекте жатқан адамның тұсынан бір иіс сезілгендей болды да, әлгінің бет-аузын тұспалдап ары-бері зу-зу ұшып өтті. Сапагерей сескеніп қалып, халсіз болса да қолын ербеңдетті.

— Атаңа нәлет, не іздеп жүр? — деп ызасы келді. Осыдан аяғын басып, орнынан тұрар күн туса, терезе сыртындағы жабайы ара ұясын тас-талқан қылуға ант етті.

— Ошағыңды ойрандамасам! — деді. «Шаңырағыңды ортаңа түсірмесем» деп айта жаздап, арада қандай шаңырақ бар дейсің деді ме, айтпады. Сапагерей сауатты болса да, дәл сонда Жабайы арадан артық сәулеткер-архитектор жоқ екенін зерделеп жатпады. «Тіп-титтей болып дап-дардай кісіні қорқытады, ә?» — деп таңдайын қақпақшы еді, тілі ажырамады.

Бір мезгіл ол Жабайы араны аяп та кетті. «Оның орнында өзім болсам қайтер едім?» — деді. Өзінің «масханада» жатқаны есіне түсті. Әсіресе темір төсекке белдікпен таңып тастағаны қорлық. Баяғыда баланы бесікке солай таңып тастаушы еді. Сонда Сапагерей темір төсекті арқалап тұрып кете жаздап жұлқынған. «Бұл не деген қорлау!» деп айқайлаған.

Ал мына Жабайы ара абайсызда мұның бөлмесіне камалып қалыпты. Айырмашылық бар, әрине. Араны Сапагерейдің үйіне ешкім зорлап кіргізген жоқ. Ал сауықтыру бөлмесіне Сапагерейді сол жолы зорлап кіргізген...

Жабайы ара ашулы. Далаға, қызыл жоңышқаның гүліне жеткісі келеді. Қызыл жоңышқаның гүліндей шырын жиһанда жоқ. Сапагерей арзан қызыл шарапты қандай жақсы көреді, жабайы арада қызыл жоңышқаның шырынын сондай аңсайды. Екеуі де сағынышты, екеуі де ынтызар.

Жабайы ара Сапагерейдің бетіне төніп, ызаланып, ызыңдап тұрып алды. Сірә, қонбақшы. Сапагерей қорқып кетіп, әлсіз қолын ербеңдетті.

Есік сықырлады. Саңылаудан Ербол сығалады.

— Ербол, су, — деді Сапагерей.

Саңылау табылғанын сезген жабайы ара есікке қарай ызыңдап кетіп бара жатыр еді, бала қорыққаннан есікті жаба қойды. Ара есіктің жақтауына сарт соғылып есеңгіреп қалды ма, жым-жырт Солды.

Сәл уақыт өткен соң, жабайы ара қайтадан гөй-гөйіне басты. Гөй-гөйлеп жанталасып жүрген жабайы ара емес, дәл өзі сияқты көрінді Сапагерейге.

Түнде қай уақытта келгені есінде жоқ. Бірге болған Мырзагерей еді. Ол қайда? Мынадай жан қысылғанда неге келмейді? Неге бір жұтым сыра бермейді? Терезені ашып, жабайы араны шығарып жіберсе қайтеді?

— Ербол, жабайы араны шығарып жіберші...

Есітпейді. Нәресте ғой. Терезені аша да алмайды.

Жаңыл сабағынан қайтатын уақыт болса екен. «Атауыңды іш» десе, дей берсін, әйтеуір, сусын берер еді. Кешікті. Мені ойламаса да, Ерболды ойласа қайтеді?»

Сапагерей судан, сырадан басқа тағы бірдеңе іздегендей біраз сіресіп жатты. Не? Нені іздеді? Әлдене жетпей тұр? Не?

Ойлап-ойлап әрең тапты. Жабайы ара ғой! Ол неге тынши қалды? Неге ызыңдамайды! Әлде саңылау тауып далаға шығып кетті ме?

Жабайы араның үнсіз қалғаны Сапагерейді қатты алаңдатты. Бұл бір жұтым сыраның аңсарынан да қатты батты. Қиналып жатып, күшеніп жатып, оң жамбасына аударылды да, аяқтарын жерге салбыратып, еденге тіреп көрді. Кәдімгідей тіреледі. Содан бірте-бірте бойын билеп, орнынан тұрмаққа әрекет жасады. «Жабайы ара неге үндемей қалды?»

Тікесінен тұра бергенде басы айналып, көзі бұлдырады. Бұлыңғыр бұлдыр арасынан пештің үстінде ақ кесе сылаңдап көрінді. Әне, сусын! Бір-бір басып ақ кесеге қол созды. Е, түннен қалған қызыл шарап қой! Бағанадан бері бұл қалай ойға келмеген? Басы бас емес, айтпесе осыны да ұмыта ма екен? Көп

қиналғанның бір рақаты бар. Ақ кеседегі қызыл шарап. Оған қолы бір тисе — патшалықтың керегі жоқ! Патша да одан бақытты бола алмас.

Сапагерей көзін тарс жұмып, ақ кесені қос қолдап тұрып тартып жіберді. Тұла бойы балбырап, іші-бауыры елжіреп, ішіне рисалат нұры енгендей еміреніп, жаны жай тапқандай еді, кенет өңеші тыз ете қалды. Әлдене тырнап өткендей болды. «Жарықтық шарап та шағатын болған ба?» деді де қойды. Енді лезде өңеш өртені бастады.

«Спирт пе?» деп күдіктенді. Тынысы тарылды. Ауа жетпей, алқымын ұстаған қалпы терезені ашпақ болды. Тұтқасын таба алмай, шынысын жұдырықпен ұрып сындырды. Ішке леп кірді. Бірақ тыныс ашылар емес. Енді мүлде буындыра бастады.

Терезе салдыр етіп сынғанда, Жаңыл мектептен қайтып келе жатыр еді. «Мас болып, Мырзагерей досымен төбелесті ме, немене?» — деп тұра жүгірді.

Жүгіріп кірсе, Сапагерей терезе түбіне құлаған екен. Әлдене деп қырылдады, естілмеді.
— Ойбай, кім бар? — Жаңыл жүгіріп көшеге шықты. Асығыс Ерболды қағып кетті. Бала шырылдап қалды.

* * *

Жаңыл дәрігерді ертіп келгенде, Сапагерей баяғы бір сымбатты сері шағына қайта оралып, беті бал-бұл жайнап жатыр екен.

* * *

Кейінірек экспертиза ажалдың сырын ашты: хирург жігіт Сапагерейдің өңешінен жабайы араның, әуелі бір қанатың,

содан екінші қанатын, мыжылған денесін алып шықты. Бұл хабарды естіген Досан қарт:

— Ой, әттеген-ай, «кеше көрген — бүгін жоқ, опасыз — дүние боқ». «Атауыңды іш» деп бекер қарғадым ба, ә? — деді.

СУСАМЫР

Су таситын сары машинаның әлі қарасы көрінбей, тек даусы естілуі мұң екен, қой біткен қосаяқтап, ұлардай шулап, әлгі көліктің алдынан жамырай шықты. Дөңгелектің астына түсіп кете жаздап, кес-кестеп машинаға жол берер емес.

Осындай сұмдықты Бұзаубақ сонау бір «ақмылтықтың» қысында көрген. Ақ тажалдың ортасында азықсыз қалған малға самолетпен шөп тасып, аспаннан дестелерді құмалақтатып тастаған кез болған. Сонда қой баласы самолеттің даусын адамнан бұрын естіп, аспаннан түсетін азыққа ауыздарын тосып, аңырап тұратын.

Қазір қыс емес, көктемнің соңы, жаздың басы. Соның өзі «ақмылтықтан» кем соғып тұрған жоқ...

Су таситын машинадан зоотехник Жалау қамалаған қойдың үстінен секіріп әрең түсті. Бұзаубақ бұрын ұдайы алдынан шығып, жарқылдап амандасып, зоотехник жігіттің келгеніне қуанып қалушы еді. Бұл жолы бұлттай аунақшып бөтен мінез танытты. Киіз үйдің ту сыртына шығып алып кетпеннің сабына сүйеніп, түстікке қарап қатышты да қалыпты. Әдеттегі ізетті жоқтағандай зоотехник аңырып біраз тұрды да, ақыры Бүзекеңе қарай беттеген. Таяққа сүйенгеннен секем алып: «үй-іші аман ба екен» деп те шошыды.

— Бүзеке, тыныштық па?

— Қайдағы тыныштық? — деп Бұзаубақ Жалаудың бетін қайтарып тастады.

Қозы қарны шығып, жасына жетпей әукесі салбырай бастаған Жалау не дерін білмей тұғжындап қалды.

Шалдың көзі құтырына қызарып, қайыстай беті түтігіп, кезерген ерні қақ-қақ айырылып, қаны шығып тұр.

Айтса айтқандай, іші қабысып солықтаған қаракөл қой машинаны айнала қоршап алып, ып-ыссы темірдің өзін жалап, тілі қарылып жатыр екен.

Шопыр бала цистернадағы жылып кеткен суды шлангімен науаға құйған кезде, ындыны кепкен мал бірін-бірі таптап, ылғалға лап қойды.

Ит-құстың ашқарақтығы мына қойдың қомағайлығының ширегінен де келмейді екен. Бірінің қанын бірі ішетін түрі бар. Киіз үйдің іргесіндегі бидонды қаңғырлата сүйретіп Биғайша келеді.

— Әй-оу, шырағым, таусылып қалмай тұрып мынаған да құй. Әдірәм қалғыр, мал-мал деп өзіміз өлеміз бе.

Шофер бала шлангіні бидонға бұра бергені сол еді, астауға басы жетпей жатқан шетқақпа қой атаулы енді бұған тап берді. Бидонды құлатып, аяқбасты етіп, Биғайшаны таптап кете жаздады.

— Құдай сыйлады ғой, мына топалаң келгірді! — деп шопанның әйелі қоршаудан әрең шықты.

— Ана құдық қурап қалды, — деді Бұзаубақ зоотехникке көк цемент құбырдың үстінде үнсіз қалған моторды нұсқап. — Бұл жерден қоныс аудармасақ болмас.

— Басқа жер мәз боп тұрған жоқ, — деді Жалау жүдеу жауап қайырып. Өзге отарларға да су тасып жеткізе алмай машақат болдық қой.

— Апыр-ау, Асау тартылғалы бері жердің пейілі де тарылды. Бір тамбай қойған құдайдың күні мынау. Бұлты түскір төніп-төніп келеді де, жаумай безеріп тұрып алады. Піскен сыздауық сияқты пәлені жуалдыз сұғып, жарып жібергің келеді.

— Тіліңді тигізбе-ей, байғұс, құдайдың құдіретінде нең бар, — деді Биғайша бидонды сүйреп келе жатып.

— Шілде түспей жатып шөлге тап болдық. Алты ай жаз осылай арысақ, қыстың қаһарына қайтып шыдаймыз? Мұны ойладыңдар ма? — деп, Бұзаубақ зоотехникке ажырая қарады.

— Су құрдым болды. Асау қайда бұл? Қай жалмауыз жұтып қойды? Адам-ата, Хауа-ана жаралғалы бері ағып жатқан өзен өртеніп кетті ме, не зауал келді? Айтсаңшы, оқыған күшіксің ғой.

— Ой, Бүзеке-ай! Соноу Сарқыраудың тұсынан тоған салып буып тастаған жоқ па? Соны да білмейсіз бе?

— Е, буып тастағаны несі? Құдая құдауанда құдіретіңе құлдық! Жотаның елі ол тоғанға қой тоғыта ма сонда?

— Жоқ, қызылша суарады, ойбай, темекі! — деді Жалау да күйініп.

— Қызылша бұрын да өскен. Асаудың суы жотаға да, ылдига да жеткен. Ендігінің қызылшасы обыр боп кетпесе, осыдан он — жиырма жыл бұрын жотаның елі қызылшадан алдына жан салмаған. Бірақ ылдиды судан жұтатпаған.

— Қайдам, — деп күңк етті зоотехник көзі кіртііп.

— Сонда қойдан қызылша қымбат болғаны ма? — деп Бұзаубақ тыйылмады, — Айтшы, сен оқыған күшіксің ғой? Ана директордан сұрайын десем, көре алмай жүрмін. Біздің жаққа ат ізін салғанды қойды. Мүмкін, сол білер!.. Айта бар оған: не тауға, не құмға көшпесек, мұнда отырып көңіміз қурап қалар. Адамың да, малың да тулақ болар.

Бұрынғыдай желтоқсанда туған қозыны сойғызып, көлеңкеде шәниіп жатар жағдай жоқ. «Отыр, қазан көтерейік» деп үй иесі ниет білдірмеді.

— Мекебайдың отарына да су жеткізбесек, олар да қаңсып отыр, біз қайтайық, — деді Жалау.

— Мына бала бізге кешке дейін тағы бір қатынамаса, әлгі әкелгендерің ана жұт келгірлердің жұмырына жұқта болған жоқ, — деп қалды Биғайша.

Машина бұралаңдап, өлген арыстанның терісіндей сардаланың жолына түсті. Киіз үйдің іргесінде тілі салақтап, бүйірі солқылдап жатқан Сырттан бұрынғыдай арсылдап, машинаны әудем жерге шығарып салуға жараған жоқ.

Киіз үйдің туырлығынан қаңсық иісі шығады. Бұзаубақ іргеде отырып, бидоннан құйып алған бір шәугім суды шүмегінен ұзақ сіміреді. Көзінің алдынан өзен тасып келе жатқандай көңілі алаң.

* * *

Бұзаубақтың түсіне түнімен су кіріп шықты.

Бірде телегей-теңізге батып бара жатады. Батып бара жатса да қорықпай әлгі судан іше береді. Не су таусылмайды, не мұның шөлі қанбайды.

Бірде айдын көлдің жағасына жығылып, суға мойнын қанша созса да, жете алмай ындыны құрыды.

Бірде топырақ тоғанның бір шеті жырылып кетіп, содан қашқан суды бекіте алмай қара сорпа болады.

Ол, шынында да, бастығырылып барып, алқынып оянды. Жүрегі дүрс-дүрс етіп, тулап тұр екен. Тілі таңдайына жабысып қалған, әрең қимылдайды. Іргедегі флягті басына төңкере, түбіндегі бір қасық сумен таңдайын жібітті.

Маусымның қысқа таңы сібірлеп атып келе жатқан. Меңзең меңіреу күйде едәуір отырып қалған. Кенет ұйқыдағы миға бір ұйтқыған ой түртпек салып, сілкініп түрегелді. Іргеде ішін тартып тұрған атын ерттеді. Әлдеқалай керек болар деп тақымына кетпен қыса садды.

Мұның қыбыр-қыбыр тіршілігіне оянып кеткен Биғайша ат үстіндегі күйеуін көріп:

— Байғұс-ау, қайда? — деп шошып қалды.

— Малға әзір бол, мен көп ұзамаспын, судың хабарын білем де қайтам, — деп Бұзаубақ шабдар атын тебініп қалды. Биғайша: «е, бастықтарға барып, машинамен таситын суды көбейт демекші екен ғой» деді де қойды.

* * *

Бұзаубақ тартылып қалған өзеннің табанына түсіп, сапарға шықты. Өзен емес, өзінің қаны тартылып қалғандай, соның емін іздеп, тәуіптің ауылына бара жатқан сияқты.

Бұрын түйе бойламайтын биік кемерге лықси соғып, маңғаздана ағатын қара көк дарияның аңғарымен келе жатқанына сенбегендей жан-жағына қарай береді.

Сондай бір жайсаң судың болғаны түсте емес, өңде еді. Бұзаубақ есіне алды. Ол әлі қырықтағы қылшылдаған шақ еді. Бұл — ферма бастығы, Ермолай — зоотехник, арадан қыл өтпес дос болатын. Екеуі де аңшылыққа құмар, екеуі де сері мінез, даланың ақбөкеніндей, аңғал да адал, мәрт жандар еді.

Асаудың осы бір өңірлері нар қамыс, ну жыңғыл, қорыс тоғай болатын. Қырғауыл шіркін парылдап ұшқанда, қамыстан өрт лаулағандай жыртылып-айрылушы еді-ау. Қасқалдақпен шүрегейден судың айдындары қалың сиыр табыны жусап кеткен тепсеңнің тезегіндей, пырдай боп жатар еді. Кейбір жылдары оңтүстіктен оралған аққулар солтүстікке бет алып, сонау Қорғалжын көлдеріне бара жатқан сапарда осы Асаудың иірімдеріне бір дамылдап өтетін.

Бұзаубақ пен Ермолай аңға шыққанда, бір жолы қорыстың арасынан есектей қабан кездесіп, бұларға тұра ұмтылғанда, Бұзаубақ әдейі қаша жөнеліп, Ермолай аттың үстінен қабанға қарғып мініп, құлағынан тұқырта басып тұрып: — Бұзаубақ, сал пышақты қолтықтың астынан! — дегені бар. Бұзаубақ қабанға қанжар салуға сескенсе де, досының халін ойлап, қос өкпеден көк болатты салғаны рас.

Шым-шым, шымырлап аққан ағыл-тегіл судан су перісі шыға келетіндей, балықтар шоршып ойнап, ана жерден, мына жерден шеңбірек атқылап жатар еді-ау. Қайда сол қайран балық? Су кеткен соң қызғыш та кетеді, қызғышпен бірге қыдыр да кеткен сияқты.

Енді қазір қабан тұрмақ даланың ең сұмырайы соқыр тышқан да көзге түспейді. Өрт жалап өткендей, нар қамыс та жоқ, жыңғыл, шеңгел де жоқ, ну тоғай қорыс та жоқ. Өмірі су көрмегендей өзеннің табаны тақырайып, тас маңдай боп жатыр. Ермолай досы да кәрі бураның басындай қауқайып, қартайды. Өзен суалған соң, бұрынғы кең бидайық Шабындықта қотыр қойдың жабағы жүніндей жүдеп тозды. Шабындықты шайтан алды екен деп, совхоз қой баққанын қойған жоқ. Енді сол қыруар малға алыстағы таулы өлкеден барып азық дайындайды.

* * *

Асаудың арнасын қуалап отырып, шаңқай түстің әлетінде Мақпал дейтін ауылдың қарасын көрген. Шеткі бір үйге жақындап:

— Кім бар-оу? — деп еді.

Бірақ өз даусын өзі естімеді. Үні шықпай қалған екен. Аттың дүбірін естіп, үйден бір кекселеу әйел шығып, шошыңқырап қалды. Шабдар аттың үстінде түсі өрт шалған ағаштың қабығындай түтігіп, ернінен ақсор шығып кезерген қартаң кісі отыр екен.

— Бір жұтым су, бәйбіше, — деп сыбырлады Бұзаубақ.

Әйел үйге жүгіріп кіріп, бір кесе ағарған алып шықты.

— Су, — деді Бұзаубақ қырылдап.

— Су дейсіз бе? О құрғыр жылып кеткен. Мақпалкөл тартылғалы бері, ауыз суға ұяттымыз, отағасы.

Бұзаубақ кеседен талмап бірер жұтты, содан соң ыдысты басына бір-ақ көтерді.

— Уһ! — деп демін алды. Үні шығайын деді.

— Аттан түсіңіз, қария.

— Жоқ, жарқыным, мен жүрейін. Мен бір жоқ іздеп жүрген жолаушы едім. Әлгі Асауды матап тастаған тоған алыс па?

— Сарқыраудың аузында ғой. Әлі көп жер, — деді бәйбіше. Аттының тақымына қыстырған кетпенге көзі түсіп: «мұрап болар» деп қойды.

«Е, Мақпалкөл де таусылған екен ғой» деді былай шыға бере Бұзаубақ. Алдынан шалқып жатқан айдын дария елес берді. Бұзаубақтың жүрегі тарсылдап, болдырған шабдарды тебіне түсті. Егер су болса, шабдар жануар ентелей түсер еді, құлықсыз. Адамнан ат сергек болғаны ғой, әлгі құрғыр сағым боп шықты. Сортаң тартқан, бетіне тұз болып зәрі шыққан Мақпалкөлдiң табаны екен.

Бұзаубақ сортаңды кесіп өтті.

Кеуіп қалған ұйық табанның бетіне біреу құмшекер сеуіп тастағандай, тұяқ асты қышырлайды.

* * *

Ақшам туып, ымырт үйірілгенде, Бұзаубақ алқа-салқа тас ауыз аңғарға келіп кірді. Күндізгі дозақтан кейін, жаннаты жайлауға, пейіштің төріне шыққандай тымырық тынысы ашылды. Мөдiреп аққан бір құлақ су да көрінді. Балқыған күмістей сылдырап аққан асылды көргенде, шабдар әуелі оқырынып, онан соң кісінеп-кісінеп жіберді. Ауыздығы алынбай, алдыңғы аяқтары цирктің су тәңірісіне тәжім еткендей дiр-дiр егіп бүгіліп барып, салқын суға көріктей желпілдеген тұмсықты тығып жіберді.

Бұзаубақ жылқы айуанның ауыздығын алмақшы еді, шабдардың басы қатып қалған екен, илікпеді. Өзі шабдарды ұялтқысы келгендей әдеп сақтап әуелі қолын жуды, аузын шайды. Содан кейін барып суды алақанымен сүзіп алып жұта бастады. Оған мейірі қанбаған соң, екі қолымен мақпал мүк

басқан жерді тіреп, етпеттеп жата қалып, зәмзәмді сіміре берді, сіміре берді.

Әлден уақыттан соң шабдар басын сілке көтеріп алып ауыздығын шылдырлатты, езуінен сарылдап су ақты. Жағадағы сәмбі талға, қоңыр бас қара қоғаға бір ауық қарап тұрды да, бәрін талақ еткендей суға қайтадан төнді.

Бұзаубақ жалбыздың иісін енді сезді, кеңсірігі ашылайын деген екен, көзінен бырт-бырт жас шығып кеткенін байқады. Жерде жатқан кетпенді көтеріп алды. «Енді сенің кезегін келді» дегендей әлгінің жүзін бармағымен байқап көрді.

* * *

Тоған дегені оның ұғымындағы тоған болмай шықты. Үстінен екі-үш машина қатарынан өте беретін, етегі анау-мынау қырқаның бөксесіне бергісіз, кішігірім тау сияқты сұп-сұр бетон. Әлдеқашан батып кеткен күннің әлі де байымаған сәулесі салтанаттырған айдын теңіз жарқ етіп қарсы алдынан шыға келді. Көз жеткісіз, ұшан — ұлы мұхиттай.

«Бәсе, — деді Бұзаубақ плотинаның үстінде тұрып. — Асау сорлы топырақ тоғанға қалай бұғалықталады деп ем-ау». Тақымындағы кетпеннің сабын сипады. Мына тас қамалдың алдында дәрменсіз екеніне көзі жетіп, ұзақ күнге көрген жол азабы есіне түсіп, бір түрлі күйреп қалды. Діттеп келген шаруасы шарасыз болып шықты. «Кетпенмен жырып әкете беретін әуіттің суы ғұрлы көргенім қалай бұл мұхитты», — деп өзіне-өзі налыс айтып, қатты қапаланды.

Плотинаның дәл ортасындағы мұнара үйдің ішінде қарауыл бар еді. Мына іңір қараңғысында тас тоған шетінде ербиіп тұрған салт аттыны көріп, мылтығын асынып тысқа шықты. Керзі етігінің тақалы өкшесі тас жолға сақ-сақ тиіп, бір-бір басып, аяңдап Бұзаубақтың жанына жеткен. Телегейден көз алмай жанары жасаурап тұрған қарт кісіге сәлем берді.

— Ассалаума-әлейкум, ақсақал!

— Әлейкум ассалам, шырағым! Қай баласың?

— Біз осы судың қарауылы боламыз. Өзіңізге жол болсын?

— Мен бір жоқ қарап жүрген жолаушы. «Жоқ қарап жүрсе, тақымындағы кетпені несі?» — деп қойды жар қабақ, қошқар түмсық кексе жігіт.

— Қайдам, бөгде мал көзіме түскен жоқ, — деді қарауыл. — Сарқыраудың елінен бұрынғы заманда ылдидан жылқы айдап қашатын бірлі-жарым жырынды шыққаны рас. Бұл күнде қалды ғой бәрі. Ел тойынды, неғылсын бөтен малды.

Қарауылдың аты — Әліпбек екен, жаман жігіт көрінбейді. Бұзаубақты аттан түсіріп, үйшігіне алып келіп, шай берді.

Шай ішіп, жан кірген соң, шекесінің қырыс-тырысы жазылып, Бұзаубақ та шешілейін деді. Әліпбек әңгімешіл екен, одан-бұдан жөн сұрап, өзі де өткен-кеткен жайлардан астын-үстін айтып отырды да бір уақытта:

— Ақсақал, мынамен қалайсыз? — деп төсегінің астынан бір шөлмектің мойнын қылтитты.

— Ой-бой! Ондайдан біз қалғалы қашан! Заманында кәрлен кесемен ішіп едік бұл итіңді. Ермолай дейтін орысым болды. Екеуміз бір отырғанда бір шырт-пыртын сіміріп алып, түк көрмегендей тұрып кете беруші едік. Шырт-пырттың не екенін білесің бе? Осының үш литрлігін «шырт-пырт» дейді. Енді қалды бұл көк соққан, — деп Бұзаубақ мырс етіп күліп қойды. Әліпбек шыныдағыны екі стаканға бөліп құйып:

— Ішпесеңіз де алдыңызда тұрсын, — деп біреуін Бұзаубақтың алдына сырғытты.

— Жолыңыз болып, жоғыңыз табылып, алдыңызға жылқыңызды салып, ауылға әндегіп қайтуыңыз үшін, — деді Әліпбек стаканды көтеріп, екпіндете түсіп.

— Қайдам, қарағым, әйтеуір, айтқанын келсін, — деді Бұзаубақ тебіреніп кеткендей елжіреп.

— Е, мен бір ақыл айтайын, — деді Әліпбек айғыр стаканды төңкеріп салған соң. — Бүгін осында түнеңіз, ақыры қайда барасыз мына түнде. Таң ата атқа қоныңыз да, Борандының базарына тартыңыз. Осыдан екі-үш сағаттық жер. Ертең — күн жексенбі. Құда қаласа, жылқыңыз мал базардан табылады. Осы айтқаным келсін десеңіз, мынаны алып тастаңыз.

Әліпбек стаканды Бұзаубақтың аузына тосып тұрып алды.

Судың күйігі бар, жолдың азабы бар, әлдекім тақыр жерге отырғызып алдап кеткендей өкініш бар — бәрі қосылып Бұзаубақты қамалағандай болды да: «Құдай өзі кешірсін, ақ сапар үстіндегі адам едім, діңкелегенім басылар», — деп Бұзаубақ ыдысты қолына алды...

Пешіне көсіп-көсіп көмір тастаған ескі паровоздай, Бұзаубақ екпін ала бастады. Мына бір мың болғыр меймандос жігіттің ықыласына ықылас білдіргісі келіп, қойнынан жыртық әмиянын шығарып, бір қызыл қағаз суырып Әліпбекке ұсынды:

— Жақын жерде магазин бар шығар, мына сұмның бір-екеуін әкел. Ақыр ауыз былғаған соң баяғыдай шырт-пырт болмаса да, біраз ермек қылайық.

— Е, разьездің буфеті түні бойы істей береді бізде, — деп Әліпбек те орнынан ылдым-жылдым қозғалды. — Бұған енді балықтың сорпасы керек. Бізде не көп, балық көп. Әй, бір балдай қылып пісірмесем... Атыңызды отқа тұсай келейін.

Әліпбек көп кешіккен жоқ. Темір пешке оттық салып, қазан асты. Төменге түсіп, бұрыннан құрулы тұрған ауды сүзіп, бір шелек ірімшіктей алтын сазан алып келіп, тазалап қазанға салды. Бірер түйір картоп қосты, пияз бен қара бұрышты да ұмытқан жоқ. Кеуіп қалған лавр жапырағы бар екен, қазанға оны да тоғытты. Қара май сіңген шпалдың жаңқасы шатырлап, маздап жанып жатты.

— Ал, ақсақал, енді бұл сорпадан ішкен де арманда, ішпеген де арманда. Әбден былбырап піссін. Маңызы шықсын. Мен барып

суды ағытып келейін, деді Әліпбек қолын орамалға сүртіп тұрып.

— Суды ағытқаны қалай? Ағытқанда ол қайда барады?

— Қайда барушы еді? Темекіге барады. Айтпақшы, сіздің жақта темекі өспейді ғой.

— Е, шырағым, біздің жақта ештеңе өспей тұр ғой, — деп Бұзаубақ Әліпбекпен ілесе шықты. Әліпбек сала құлаш кілтпенен жардай темір қақпаны бұрап көтергенін көрді. Жардай қақпа бірер қарыстай ғана көтерілгенде, қарауыл кілтті суырып алып: — Бір ауданның қызылшасына бүгін түн осы суда жетеді, — деді.

Плотинаның екінші жағынан ақ көбік шашып, бұғалықтан босанған су буырқанып, бұрқ-сарқ қайнап жатыр екен. Күркіреген үні адамның даусын басып кетті.

Енді үйшікке кіріп, балықтың сорпасын сораптай соғып, екі шөлмек арақты да тауысып қойды.

Әжік-күжік әңгімемен отырғанда, Әліпбек тілі күрмеліңкіреп, көзі қылиланып барып, төсегіне құлап, зіл ұйқыға батты да кетті.

Бұзаубақ та мас болды. Қисайып ұйықтағысы келді. Бірақ көкейінен тікен кетпей, миына қадалып тұрғандай түрткілеп маза бермейді. Көрінген машинаның алдынан шапқылап шығатын сусамыр қойлары көз алдына келді. Арам өлген малдың қатқан терісіндей қаудырап жатқан Асаудың арнасын көрді.

— Неге, не үшін қызылша қымбат, мал арзан? Тәттіге бола, ылдидағы ұшан-теңіз дала неге қу тақырға айналмақ? Дала тақырланса, ар жақта бұғып жатқан дуайпат құмның араны ашылып, сусыз жерді жаулап алмай ма? Су сақтап тұрған даланы құм көшіп, жаулап алса, оны қайтып мың жылда да аршып ала алмайсың. Соны неге ойламайды бұл ел? Құдайдың суы тартылып қалса бір сәрі, қолдан суалдырыппыз ғой. Мына

теңіз бәріне де жетпей ме? Ойға да, қырға да, қойға да, қызылшаға да?

Қорылдап ұйықтап жатқан Әліпбекке қарады. Тас бұзылып, тау құласа да оянар емес. Жастығының астынан шеті шығып жатқан кілтті көрді. Қол созып еді, орнынан қозғала алмады. Буын жоқ, бүкіл дене дел-сал, тек қана миында бір тікен тұр. Сол ұйықтатпай отыр. Кілтке тағы да ұмтылды. Қозғала алмады. Бастығырылғанда осындай хал болар. Тұншыққан, ышқынған сияқты. Бұзаубақ үш ұмтылып орнынан әрең тұрды. Жиылмай қалған аяқ-табақ, стакан-шөлмек қаңғыр-күңгір, салдыр-гүлдір сапырылысып жатты. Аяғын қанша абайлап басайын десе, сонша шалынып, әр нәрсені құлатып, өзі де құлап қала жаздап, Бұзаубақ Әліпбектің жастығының астындағы кілтке әрең жетті. Сауысқанның құйрығынан қауырсын суырғандай-ақ, білдірмей алмақшы еді, онысы болмай, кілтке қолы тие шалқалап барып құйрығымен шоңқиып отыра кетті. Бір қараса тоқпақтай кілт қолында тұр. Әліпбек оянбақ тұрмақ, кірпігінде қимылдатқан жоқ.

Бұзаубақтың миындағы тікен бұрынғыдан бетер тереңірек қадала түскендей, шыдай алмай, қолымен жер тіреп жатып орнынан тұрды.

Ол қолымен қабырғаны сипалап, тәлтіректей басып, темір қақпаның қасына келді. Аспанның қайда екенін білмей адасты. Аққұла асқабақтай ай менен шүпірлеген сары балапан сияқты жұлдыздар самсап аяғының астында жатыр. Жоғары қарап еді: онда да сондай сурет елестеп кетті.

Бір уақыттан соң барып, Бұзаубақ өзінің шалқар дариядан бір сынық сүйем ғана жерде тұрғанын пайымдады. Сескеніп, сәл шегінді.

Алагеуім ай сәулесімен құлпырып ойнаған мың-миллион майда толқын Бузаубаққа жер әлемді қаптап келе жатқан қаракөл қой құсап көрінді. Маңыраған қой даусынан аспан асты, жердің үсті күңіреніп, ахиреті ақыр заман табалдырығында

тұрғандай. Бұзаубақтың аза бойы қаза болып, бурыл шашы тікірейіп бара жатты.

— О, сусамырмен ауырған дуайпаттар! — деп Бұзаубақ қақпаның бұрандалы құлпына зілдей кілтті қалай салғанын да байқамай қалды. Миына қадалған тікенді суырып алатын қысқыштай көрінді. Темір кілтті құлаштай айналдырып бұрған сайын, әлгі тікен миынан суырылып шығып бара жатқандай жаны жай таба бастады.

Енді бір есін жиып қарағанда, бүкіл теңіз төңкеріліп келіп, жердің астындағы түпсіз оппаға өкіре құлап бара жатқанын аңғарды.

«Мұным қалай болды?» — деп қорқып қалғанда, қолындағы ауыр кілті, әлгі оппаға күмп беріп құлады да кетті. Суға түсірмей қағып алайын деген ниетпен оқыс еңкейе бергенде, белдеу темірден қолы шығып кетіп, алқам-салқам бойын билей алмай, кесілген теректей теңселе баяу аударылып, құлап бара жатты...

Бір сәт санасы сәулеленген қас қағым ішінде ол Асау бойындағы жайқалған нуды, Қорғалжынға барар жолда қонып өтетін аққуды, су перінің қыздарындай шоршып ойнайтын алтын сауыр ақ сазандарды, жағада жусап жатқан үйір-үйір жылқыны, қора-қора қойды, қоңыр бас раң аралас кең бидайықты, жабайы қабанға қарғып мініп бара жатқан Ермолайды көргендей сезінді.

Тікені суырылған миы сұққылап ауырғанын қойыпты. Таудай толқындарды жұтып жатқан түпсіз оппаның ортасында тіс шүкитын аршаның жаңқасы ғұрлы салмағы жоқ Бұзаубақ, санасы тағы бір жарқ еткен сәтте, жағадан шабдар аттың кісінегенін естігендей болды да, қол қармар, тұяқ ілінер бір қарайған іздемек еді, долы күш ырық бермеді.

Шабдар аттың орнына оны ақжал аждаһа толқындар қақпақылдап, тереңіне бір батырып, бір шығарып, ылдидағы

қойлы ауылға Асаудың кеуіп қалған арнасымен арқырап алып ұшып бара жатты.

Үкілі қамыс, балауса құрақ, бұйра жыңғыл. Арасында парылдап ұшқан қырғауыл. Шымырлап, толықсып аққан қара көк өзен. Шоршып ойнаған сары сазан. Жағалай қонған қойлы ауыл. Соңғы рет Бұзаубақтың көз алдында осы бір сұлу сурет тұрып қалды.

ТӘУЕКЕЛ ТОЙ

Аталас ағайыны Төкеннің үйіне Керімқұл жетіп келді. Жүрісі алқын-жұлқын. Терлеп кетіпті.

— Байғұс-ау, тыныштық па? Әлде қатының ұл тапты ма? — деді төсекте сырқаттанып жатқан Төкең.

— Ұлды таба-таба қартайды ғой. Енді сол ұлдардың үлкенін үйлендірмекшімін.

— Әй, әлгі Нүркенің бе? Ол әлі студент емес пе еді?

— Е, студенттің шыбығы сыздамай ма екен? Он үшінде отау иесі деген. Кәзір жиырмаға келді.

Ағайыны ойланып қалды. Өзінің әкесі жарықтық Құттыбекті баяғыда он үшінде-ақ үйлендірген екен Есей бай. Мына Керімқұлдың әкесі Қарағұл мен Есей бай бір атадан — Тоқсанбайдан туған.

«Мұныкі де дұрыс-ау, — деп қойды ішінен ағайыны. — Адам бейшараның ғұмыры қысқа, жүзге келсе де аз ғой. Қарға екеш қарға да үш жүз жыл жасайды дейді. Менің Ботаханым отызға таяды. Әлі бойдақ. Жоқ, бұл Керімқұлдікі де дұрыс бір жағынан».

— Тойды қайда өткізбексің? Үйіңде ме?

— Жоқ, — деді Керімқұл шоқ басып алғандай шошып кетіп. — Үйге кім сыяды? Мен бес жүз адам шақырамын.

— Не дейді? — деп жайшылықта сабырлы Төкең жастықтан басын көтеріп алды. — Бес жүз ағайын, жегжатты қайдан таптың?

— Таптым. Мына жағы — Жасылкент, мына жағы — Мәуелі. Сен сияқты үйде омалып отырып алмаймын. Үш облысты аралап жүріп, ағайын, құда, жегжат — бәрін таптым. Тоқсанбай бабамыздан тараған үрім-бұтақтың өзі жүзден асады. Біз өніп-өскен тұқымбыз ғой. Енді сол үрдісті ары қарай дамыта беру керек емес пе? Әрі десе той шашырап кеткен туыстың басын біріктіреді. Ей, Төке, бұл той деген дәнекер, біле білсең.

— Байғұс-ау, қарға тамырлы қазақта не көп, жегжат көп. Санай берсең, мыңнан асады. Маған десең, мың адам шақыр. Бірақ ақшаны қайдан табасың? Әлде баяғы Есей байдың Қыршынды тауына тығып кеткен алтынын тауып алдың ба? — деп Төкең күйіне бастады.

Күйінбей қайтеді, бес жүз адам ең кемі екеу арадан бір бөтелке арақ ішеді. Басқа ішіп-жемін айтпағанда. Бес жүзіңе сонда, шамамен, екі жүз елу бөтелке арақ-шарап керек.

— Былай өзі, есебін шығардың ба? Калькулятор деген болады.

— Ой, Төке-ай, — деп Керімқұл сасырдың сояуындай қолын бір-ақ сілтеді. — Бес жүз адам әрқайсысы ең құрығанда бес мыңнан теңге әкелмей ме? Қайта, менің есебім бойынша, ресторанның төлемінен артылып, өз қалтамда қалады.

— Ау, сонда сол тойға шақыратын ағайынның бәрі бай деп ойлайсың ба?

Керімқұлдың сояудай сидан қолдары ербеңдеп кетті. Құрықтай мойнының тамыры білеуленіп:

— Байы да бар, бақуаты да бар. Сорлы емес. Мысалы, ана Жасылкенттегі Жеңіскүлді ал. Үш баласы үш фирма ұстайды. Бір келіні банкир. Жеңіскүл өзіміздің жиен қарындасымыз ғой. Жақында Лондонға барып қайтты. Меккеге қажылыққа барып келген. Ол үшін бір мың доллар, пішту, шемішке шаққан ғұрлы

емес. Соның өзі-ақ ресторанның жарты ақысын атқарады... — деп екіленіп, екпіндеп барып әрең тоқтады.

Бір-екі жас үлкендігі бар, майдангер немере ағасы Төкең қатты ойланып, басын ұстап, отырып-отырып:

— Қайдам, — деді. — Қай ресторанды алмақшысың?

— Қай ресторан болушы еді — «Аспантау»! Қаладағы ең мықтысы сол.

Төкең басын шайқады.

* * *

Зеңбірек көшесіндегі «Аспантау» рестораны шаһарға көрік беріп, шырайын кіргізіп тұратын бірегей ғимарат. Алды-арты зипа терек, жасыл шырша. Кемеліне келген раушан гүлдің хош иісінен бас айналып, ішпей-жемей масаң тартқызғандай. Іргесінен Талас өзенінің бір саласы ағып жатыр. Өзенді жағалай тігілген қызыл-жасыл шатырлардың астында сыра ішіп, кекіріп отырған адамдар. Сексеуілдің шоғына қақталған кәуаптың иісінен сілекейің шұбырғандай.

Күндізгі ыстықтың аптабы қайтып, өзеннен жаныңды жай тапқызар леп ескенде, алғашқы қонақтар келе бастады.

Сидаң бойлы, сіріңке қоңыр реңді, бұрыл шашты Керімқұл ақ костюм, ақ көйлек, қара галстук тағып алып, егде тартқан жасына қарамай, ұшқыр аттай лыпылдап, жайраңдап, құрметті меймандардың алдынан шығып, аймаласып, құшақтасып, құрмет көрсетіп- ақ жүр.

Кейбір сәті — өзен жағасында кәуап пісірген жерді торып, әркімнің аузына жаутаң-жаутаң қарап, құйрығын бұлғаңдатып, көздері мәлие қалатын, өмірі бүйірі томпаймайтын, сұрғылт сидаң қаншықты көзге елестеткендей.

Құшақтасып, құтты болсын айтқан адамдардан болар-болмас көз қараспен әлдене дәметкендей кейпі бар.

Алыстан:

— Ассалау-ма-ға-лей-кум! — деп дауыстай сәлемдесіп, ақсаңдай басып, майдангер жездесі Төрегелді келді. — Той құтты болсын, Керімқұл шырағым!

Керімқұл екеуі тос түйістіріп, ұзақ құшақтасты. Жездесінің ішкі төс қалтасы томпақтау екен. Керімқұлдың бүйрегі бүлк етіп, мол дүниеден дәм етіп қалды. Жездесі бір қолымен бурыл шоқша сақалын сипалап, бір қолын ішкі қалтасына салды.

— Шырағым Керімқұл, жаман жезденнің тойыңа қосқаны осы. Сенен аярым жоқ. Пензионердің бергенін азырқанбассың. — Осыны айтып Төрекең кіршеңдеу томпақ конвертті Керімқұлдың қойнына сүңгітіп жіберді.

Риза болған Керімқұл қаншырдай шағын шалды құшырлана құшақтады.

— Жанашырдың жақсылығы осындайда сыналады, жездеке. Баяғыда әпкемді қалыңмалсыз алып кетіп едің. Мына бергенің соның есесі ғой деймін, — деп Керімқұл жездесін қағыта күліп алды.

— Оның рас. «Ер мойнында қыл арқан пірімес» деуші еді. Мойнымдағы қарызымнан құтылдым-ау деймін. Енді риза шығарсың. Әпкеңнің қалыңын енді дауламассың.

Қаншырдай қара шал қутыңдай күліп, аяғын сылти басып, басқа кісілерге қарай бұрылды.

Қазақтың тойы әзіл-қалжыңмен жарасымды. Қонақтардың алды сол қалжың көркімен қауқылдасып, өзен жағалай өскен сүмбіл шаш өрімталдың көлеңкесіне топтана бастады.

Ала көңіл Керімқұл жездесі беріп кеткен конверттің ішінде қанша барын біле алмай, білгісі келіп қипақтап, жұрт көзінше ашып қарай алмай, оңаша шығып та кете алмай, тышырши берді.

Таластан бөлініп аққан ботана су сылқ-сылқ күлді.

Жақындағы жегжаттан біраз дәмесі бар еді. Бірақ бұл қаланың қақатұяқтары, биттің қабығынан биялай тоқыған әккілер жарытпады. Көбісі бір-бір уыс гүл ұстап келді.

— «Ата дәстүрін білмеген албастыпар, — деді ішінен Керімқұл, — қай қазақ бұрын тойға гүл ұстап келуші еді? Гүл дегенің кәдімгі шөп. Аш сиыр болмаса, мұндайды мал да жемейді. Бірер күннен кейін өрт шалғандай бүрісіп, қарайып қурап қалады. Көп қабатты үйден шығарып, қоқысқа тастап құр бекер әуре боласың».

Сөйтіп сырты бүтін, іші түтін болып тұрғанда, ресторанның алдына шаң-шаң болып бір грузовик тоқтады. Шофердің қасынан қоңқақ мұрын, тыртық тақыр бас, балуан тақілеттес, гүржиген біреу түсіп, шоферға:

— Кузовты аш, — деді екпіндей сөйлеп. Шофер кузовтан төрт аяғы шандулы бір қойды түсіріп жатқанда, әлгі дәу Керімқұлды бас салып құшақтап, құтты болсын айтты. Бұл сонау Ойпаңбелдегі нағашы Сарыбай көкпаршы еді.

Керімқұл дәудің құшағында тұншығып бара жатты. Дәу терлеген екен. Теке сасықтан демі тарылып, мұрнын басайын десе қолы босамай, пұшайман болды. Ақ костюмге қара май жұғып қалғандай:

— Оу, нағашы, босат енді, — деп бұлқынды.

— А, жиен, тойың құтты болсын. Сенен немді аяйын, тойыңа құнан қой әкелдім, қабыл ал, — деп күркіреді Сарыбай.

Құйрықты қазақы қой екен, Керімқұл ішінен: «Он мың болып қалар» деп есепке салды. Ораза кезі болса, бағасы одан да жоғары көтерілер еді, бірақ Ораза айы әлі алыста.

Керімқұлдың ішінде ызғар. Іші үілдейді. Шақпақтың боранындай. Жұрт алдында көңілді көрінген болады. Бірақ көңілі түскір аласапыран. Тыпырши береді. Адамдар оны өзінің алақұйын, алыпқаш мінезіне балап қойды. Қаланың шетінде тұратын базаршы Күләй қарындасы қазақбайшылап леген

көтеріп келіпті. Онысы бірер уыс өрік-мейіз, бірер уыс бауырсақ, бірер уыс арзан кәмпит.

— «Осыларды да бауыр, жанашыр дейді-ау, — деп күйінді Керімқұл. — Атаңа нәлет саудагер. Жұмыртқадан жүн қырыққан иттер. Бұларды туысқан деп несіне шақырдым?»

Ендігі үміті, ендігі зарыға күткені — Жеңіскұл. Жасылкенттен жеткенше біршама алыс жер. Кешігіп жатқан шығар. Керімқұл кешкі аспанға қарады. Қаланың аспаны тозаңданып, сұрғылт тартып тұр екен. Аспаннан ақ періште бейнесінде Жеңіскұл ұшып келіп, той тобына топ етіп түсе қалатындай, аспаннан алтын жаңбыр жауатындай жаутаң-жаутаң қарады.

Керімқұлдың ауылынан шыққан әнші, облыстық филармонияның артисі, аталас болып келетін Сәтек серіні той иесі тамада боласың деп шақырған. Бадырақтау бақа көз, бұйрабас Сәтек сері Керімқұлға:

— Қонақтар тұрып қалды. Бастамаймыз ба, көке, — деп сыбырлады.

Керімқұл оны танымай қалғандай бір түрлі таңдана қарап барып, лезде есін жиып:

— Кісілер келіп болған жоқ. Сен ән салып, домбыра тартып, жұртты алдаңқырата тұр, — деді.

— Көке, өзіңіз айтқан соң екі әншіні ерте келіп едім, әрине ақысын жемейсіз ғой.

Күйіп тұрған Керімқұл:

— Миды ашытпай қоя тұршы, — деп тағы да аспанға қарады. Аспаннан алтын артып келе жатқан керуен көрінбеді.

Керімқұл мына кешкі қапырықтың өзінде жаурағандай қалтырай бастады. Той емес, әлдекімнің жаназасын шығарып жатқандай түтігіп кетті. Бірер конверт түскен қалтасын сипалай береді.

Ол конверттердің ішінде қанша ақша жатқаны белгісіз. Жұрттың көзінше санай алмайсың ғой. Былайырақ шығып,

туалетке кіріп кетіп санап алайын десе, оның ретін таппады. Санағанда алтын мен күміске қолы малына қалмайтынын көңілі түскір сезеді. Жездесі берген томпақ конверт болмаса... Қырғыздан темекі тасып, соны стакандап сатып жүрген майда саудагерде қай бір ірі ақша болады дейсің. Бұл заман — сигарет заманы. Баяғыдай газетке орап шылым тартатындар бар дейсіз бе. Сигаретке қанбайтындар болмаса...

Су бойында бақалар бақылдай бастады. Олардың бақылдағаны әлдекімдердің сақылдап күлгені сияқты боп естіледі. Даладан бақалар да безіп кетіп, қалаға келген бе? Несі бар мұнда?

Ауылдағылар қалаға қарай ағылып жатыр. Олардікі, бәлкім, жөн шығар. Ал, бақаға не жоқ? Оларға да жұмыс табылмай қалған ба? Өне ана бір бала жүр адамдарды жағалап. Шашы өсіп кеткен. Сірә, үшінші, төртінші сыныптың баласы-ау. Үсті-басы подвалда түнеп шыққандай мыж-мыж. Әркім-әркім сол баланың өзіндей мыж-мыж болған жыртық-жыртық үш теңгелік, бес теңгелік бірдеңелерді берген болады да, әлгі көзі мөлиген міскінге тура қарауға дәті шыдамай, теріс айналып кетеді. Жас баласы қайыр сұраған елдің тойы да жарасымсыз шығар.

Бала Керімқұлға жақындап келді. Той иесі екенін қайдан білсін. Шырттай ақ киінген соң бардам мырза деп қалған шығар. Үні шықпай, ерні ғана жыбырлап, алақанын ашып та жаймай, алақанға салғанды түсіріп алатындай, қолын қусыра созады. Күйіп тұрған Керімқұл:

— Кет, әйда! — деп бұрылып кетті.

Шырыштай болып тап-таза киінген үлкен кісіден мынандай сөлекет сөз есітемін деп ойламаған жас бала жүрегіне қалмақтың оғы тигендей қатты назаланып қалды. Қайыршы болма. Қайыршы болсаң — арсыз бол. Мың түрлі адам бар — мың түрлі мінез бар. Соның сорақыларына мән бере берсең, жауқазыныңнан жайрайсың.

Бала көше бойындағы зипа терекке арқасын тіреп, жүрелеп отыра кетті. Әлгі жекуді көтере алмай қалды. Әлдекім тұмсығынан тепкен күшіктей ішінен қыңсылады.

Дәл осы сәтте алды-арты жарқылдаған, пошымы бөтен, өңкигендеу бір машина келіп, тура қайыршы баланың қасына тоқтай қалды. Сөйтсе бұл көлікті «Джип» деп атайды екен. Шомбал шопыр қарғып түсіп, асыға басып, артқы есікті ашты. Ай мен күндей жарқ етіп, ар жақтан бір әйел алтын білезікке білегі толы қолын соза беріп еді, шомбал шопыр, қап-қара қолымен алтындаған ақ білектен ұстап, әлгі ханымды сүйемелдеп жерге түсірді.

Керімқұл мойнына іштей алабұршақ салып, Алладан тілеген Жеңіскұл осы еді. Көк терекке сүйеніп, бүкіл әлемді жек көріп отырған қайыршы бала орнынан атып тұрды. Жеңіскұлдің жүрегіннің тұсынан құлпырма күн шыққандай әлдене жарқ ете қалды. Оның не екенін бала түсінген жоқ, тек көзі қарыққандай болды.

Жеңіскұл табанын жерге тигізерін не тигізбесін білмей перламутр туфлиінің өкшесімен ғана тұрып қалды. Қасиетті Әулие-Атаның көшелері күнде сыпырыла бермейді ғой, сәл шаң-топырақтау еді. Әттең Керімқұлдың есіне келмегені-ай, әйтпесе Жеңіскұлдың жолына кілем төсеп тастауы керек еді ғой.

Керімқұлдың сидаң сирағы шегірткенің серпініндей ыршып кетіп, жиен қыздың қасына бір-ақ қарғып жетті. Бара бас салып құшақтап, жиенінің бетінен ары да сүйді, бері де сүйді.

Женіскұл қанша қарсыласса да болмай, өліп кетердей өңмендеді. Шіркінде сезім болсашы, өзінше жағынамын дегені. Оны Жеңіскұл жақтырмайды. Өйткені Жасылкенттің «Арулар залында» үш сағат отырып жасатқан прическасы, макияжы құрыды ғой. Сілекейден беті айран жаққандай айғыз-айғыз болып қалды.

Керімқұлдың арынын әрең басып:

— Немене, нағашы, тегі... жүдә сағынып қалғансыз ба, — деді жыламсырап. — Тойыңыз құтты болсын! Тойыңызға қосқан скромный тарту, — деп туфлиі түстес перламутр сөмкеден бір конверт алып, нағашысына ұстата берді. Құтылдым ба, құтылмадым ба дегендей, бұрылып ала жөнелді.

Керімқұлдың кеудесіне күдік кірді. Конверт жұқа, «скромный» деп жиен қыздың өзі айтты. Соңғы үміт осы жиен қызда болатын. Әлде доллар шығар деп жуатты өзін. Әрине, доллар. Жеңіскұл теңгені не қылсын. Доллардың қағазы жұқа, бағасы қалың. Шымалдай жұрттың көзінше, конвертті ашып қарай алмай көзімен көріп, қолымен ұстап, саусақпен шытырлатып санай алмай, көңілі сенбей, қатты қиналды. Туалетке кіріп кетіп, санамаққа тағы батылы бармады.

Әлгінде ғана Керімқұл Жеңіскүлді құшақтап, құшып-құшып сүйген жерге қайыршы баланың көзі қайта түсіп еді, көзін шағылыстырып, әлдене тағы жарқ еткендей болды. Талдың түбінен былай шығып сол жарқылдаққа жақындады.

Бұл кезде той бастаушы айқайлап жұртты ресторанның ішіне шақырған.

Бала барып топыраққа шала батып жатқан әлгі жылтырауықты алып, алақанына салып көрді.

Жеңімен шаң-топырағын сүртті. Алақанында күн күлгендей болды. «Алуаға апарып берейін» деп қалтасына сала салды. Алуа қарындасы еді, өзі сияқты киімі жоқтан мектепке де бара алмай қалған. Шешесі екеуі бүгін базар жаққа кеткен. Сірә, Алуа да базарда әркімге алақан жайып жүрген шығар. Қайыршы қызға әсем тана не керек деп, бала судың жағасында, ақсақ иттің қасында тұрып, қалтасындағы жылтырақ затты өзенге лақтырып жібергісі де келді. Алуаның кір-кір жамау көйлегіне жараспайтын да шығар.

Қалтасынан шығарып, күнге тосып, қасындағы ақсақ иттің көзіне шағылыстырды. Ит шошып түсіп, шойқаңдай басып, әрірек барып отырды. Итке гауһартастың керегі жоқ.

Онан да анау кәуап, сыра сіміріп отырғандар бір түйір ет лақтырса, сол олжа. Кәуап шайнап отырғандарға мәлие қарайды. Қаңғыбас иттің көзінде адам түбіне жетпес тұңғиық терең мұң болады.

Той қыза бастаған тұста алғашқылардың бірі саналып, Жеңіскүлге сөз берілді. Тойбасы да құйқылжытты-ау:

— Түп-түқиянынан бері асыл затты, ақсүйек, тектілердің тұяғы, ай мен күндей ажарлы, жүрген жері құт-береке базарлы, қазақ әйелдерінің эталоны десе де болғандай Жеңіскүл ханымға сөз кезегін аса бір құрметпен ұсынамын!

Мұндай қолпаштаудан кейін жиналған жұрт бәрі де Жеңіскүлге жаппай қол шапалақтап, бәрі де соның аузынан алтын төгілетіндей, сілгідей тынып, назар аударды. Мұндай мол ықыласқа масаттанған Жеңіскүл өзіне қадалған сол көздерді құлағындағы, мойнындағы, омырауындағы меруерт, лағыл, гауһар тастармен қарықтырмақ болып, жан-жағына бұрылды.

Жайшылықтағы гу-гу әңгіме, абыр-сабыр қимыл, жүріс-тұрыс сап тыйылды. Шымылдық тұтылған төрдегі жас жұбайлар орындарынан атып түрегеліп, генерал көрген солдаттай қалшия қалды.

Жеңіскүл ән салатын халық артистеріндей алтын-гауһары жарқыраған жұдырығын аузына тақап, бір жөткірініп алды да тарғыл-тарғыл ащы дауыспен сөз бастады. Жәмпеңдеген тамада микрофонды аузына тосты.

— Ардақты нағашым Керімқұл, — деді Жеңіскүл, — тамағын тағы да кенеп. — Менің аяулы анам Әсемгүлдің ағасы... — Осы арада даусы дірілдеп бара жатты. — Анам тірі болғанда осы тойға өзі қатысатын еді-ау, — деп барып, жарқ-жұрқ еткен шағын сөмкеден аппақ бәтес орамалын алып, көзін сұрткендей болды. Оған сол қимылдан бетіне қалың жағылған опа омырауына түсіп, жұтап қалғандай көрінді де, әлгі орамалмен кеудесін сүрте беріп... мелшиді де қалды.

Сөйлей алмайды. Кенет тілі күрмелгендей. Албыраған ақсары жүзі қуқылданып, боп-боз болып, тіпті көгістеніп бара жатқандай көрінді.

Жан-жағында, қарсы алдында отырғандар, бүкіл зал үрпийіп, не болғанын біле алмай дал.

Жеңіскүл омырауын қайта-қайта сипалай берді. Еденге қарады. Одан үңіліп, үстелдің астына қарады. Одан микрофон ұстап мелшиіп тұрған тамадаға қарады. Көк-жасыл-сары көздері зәрленіп:

— Сен алған жоқсың ба? — деп зірк етті.

Ана байғұс сасқалақтап:

— Ойбай, апай, нені ? — деп ыршып түсті.

— Мына омырауымдағы бриллиант тананы.

— Ойбай, апай, не деп тұрсыз, тана көрсем, мені тана тұрмақ өгіз ұрсын!

— Жаңа маған микрофон ұсынғанда қолың омырауыма тиіп кеткендей болған...

— Тана деп тұрғаныңыз не тана ол?

— Бриллиантовые подвески на пятьдесят тысяч долларов! Ақымақ!

Көк-жасыл-сары көздері енді ақшиып бара жатты. Тамада шын сескеніп, кейін шегінді.

— Ұстаңдар ананы! Нағашы, ана сұмырай қашып кетпесін! — деп баж-баж етті Жеңіскүл.

Тойдағы жұрт орындарынан өре түрегелді.

Керімқұл жан ұшырып, не қыларын білмей, тозақтың отына түсіп кеткендей:

— Әй, жетпегір, алсаң бере ғой, әшейін ойнап алған шығарсың, — деді тамадаға.

— Әу, көке, не деп тұрсыз, неғылған бриллиант? Мә, қара! Тінт!

— деп тамада екі қолын екі жаққа жайып жіберді.

Сонда Жеңіскүлдің қарсы алдында отырған жуантық қазақы қара кемпір:

— Ау, Жеңіскұл қарағым, мен бағанадан бері сенің шашыңдағы, құлағыңдағы, мойныңдағы, білегіңдегі, саусақтарыңдағы алтын, гауһарларыңның бәрін сан қайтара санап шықтым. Екі көзім сенде. Бірақ омырауыңнан гауһар тана көрген жоқпын. Көрсем оны да қызықтар едім ғой, — деді.

Салиқалы кемпірдің сөзі салмақты шықты.

— Тойдан той көріп жүріп, мұндай концерт көрген жоқпын, — деп қарқылдады әлдекім. Жұрттың бәрі үстерінен зіл қаратас түскендей, қауқылдасып, күлісіп, орындарына қайыра жайғаса берейін деп еді...

Жеңіскұл қайта қозды. Үні тарғылданып:

— Әй, нағашы, — деді. Орнынан былай шығып, Керімқұлға қарай кетіп бара жатып, артына қайта бұрылып, орындықтың арқалығына іліп қойған перламутр сөмкесін ала салып, Керімқұлға ымдап: сыртқа шық дегендей ишара жасады.

Ресторанның дәлізіне шыға бере:

— Нағашы, мен сізді жұрт көзінше ұялтпайын дедім. Тойыңыздың шырқы бұзылмасын десеңіз, беріңіз! — деп қатқыл бұйыра сөйледі.

Керімқұлдың көзі шарасынан шыға жаздады.

— Нені, байғұс-ау?

— Нені, нені? Бриллиант тананы!

— Шырағым, шалықтап тұрсың ба? Бірләнт деген бәлені қашан беріп едің маған?

— Жаңа мен машинадан түскенде мені неге құшырланып құшақтады десем, омырауымдағы тананы алып қойған екенсің ғой. Бер, бере ғой енді, мен ешкімге айтпай-ақ қояйын.

Керімқұл не дерін білмей, тілі байланып мелшиді де қалды.

Бұл кезде жұрт ошарылып қалмасын деп, тамада жігіт анекдот соқты.

— Бір өзбек, бір орыс, бір қазақ болыпты. Үшеуі де арманшыл екен. Өзбек: шіркін, Айға барып, базар ашсам дейді. Орыс: орасан арақ зауытым болса деп армандайды. Қазақ: әйелім ұл

тауып, шілдеhana тойын жасасам; одан сәл өте бере бесік тойын жасасам; одан өте бере тұсаукесер тойы болса; одан өте бере сүндет тойын дүркіретсем; одан өте бере мектепке барған тойын, мектеп бітірген тойын; академияға түскен тойын, оны бітірген тойын өткізсем. Содан соң үйлену тойын бес жүз адам шақырып шуылдатсам... Не керек, қазақтың арманы: той, той, той.

Жиналғандар қотыраш қана қол шапалақтады.

Әлден уақыттан кейін Керімқұлға тіл бітіп:

— Мүмкін, сен машинадан шыға бергенде, мен сені нетіп... құшақтаған жерге түсіп қалған шығар, — деді.

Жеңіскүлдің шатынап тұрған тарғыл көзінен үміт оты жылт етіп:

— Жүр, онда қарайық, — деп есікке беттеді.

Дала күңгірттеніп, іңір сөніп бара жатқан кез екен. Қаланың көшелері қап-қараңғы. Ресторанның алдына ілінген жалғыз шамның жарығы бозалаң. Ал, өзен бойындағы сыраhana әлі гуілдеп жатыр. Бақалар да той тойлағандай мәз-мейрам. Олардың бриллианты жоқ, сондықтан жанжал да жоқ. Рақат теңізінде кезек-кезек ән салады.

Алагеуім қараңғыда не іздеп мандырасың. Нағашы-жиен бір-бірімен сағыныса көріскен жерді Жеңіскүл перламутр-седеп туфлиінің істік тұмсығымен ары түрткіледі, бері түрткіледі. Седеп туфли әбден шаң-топырақ болды. Жеңіскүл оны да елеген жоқ. Бриллиант табылса, туфли садақа, оның тұмсығымен кеніш қазуға да пейіл.

Жаңдарына сержант погонды милиционер келді:

— Не іздеп жүрсіздер?

— Бағана осы жерге бриллиант танам түсіп қалыпты, — деді Жеңіскүл омырауындағы тананың орнын сипалап тұрып, жыламсырап.

Неге екенін кім білсін, оған осы милиционер мейірімді періштедей көрінді.

— Бағана болғанда қай сағатта? — деп милиционер уақыт дәлдігін талап етті.

— Сағат кешкі сегізден өте бере... — сөзге араласты Керімқұл.

— Одан бері бұл жерден сан-сапалақ адам өтті, бәрі соқыр емес қой...

— Айналайын, өзің бір иманды бала екенсің, көмектесіп жіберші, жаным, — деп Жеңіскүл әлгіге жата кеп жалбарынды дейсің.

— Оу, өзіңіз қызық екенсіз, сонда мен қайдан іздемекпін? Мүмкін, мына тойға келгендердің біреуі алған шығар.

— Онда қайтеміз, той тарқамай тұрғанда, солардан сіз сұрап, нетіп, тергеп, тінтіп... — деп күмілжіді Жеңіскүл.

— Не деп кеттің, ойбай, — деп Керімқұл баж ете қалды. — Тойға шақырылған қонақтарын Керімқұл милиция шақырып тінткізіпті деген масқараға қалдырмақшымысың мені?!

Бұл кезде қонақтар да біртіндеп сыртқа шыға бастаған. Оларды алдарқатып анекдот айтып, артистерге ән салдырып, жұртты ұстап тұруға тырысқан тамаданың жаңдалбасынан да ештеңе шықпады. Жұрт тарай бастады.

Керімқұлдың:

— Ау, ағайын, бұларын қалай, шыдай тұрмадыңдар ма. Кәзір қыздырамыз. Той қызығы алда, — деп әркімнің алдына бір шығып, елпеңдегені де ешкімді тоқтата алмады.

— Басқа ешбір тойда болмаған қызыққа баттық, рақмет, — десіп қайырылмай кете барды.

Тамада келіп, Керімқұлға:

— Аға, ана артистер ақы талап етіп жатыр, — деп еді, Керімқұл шарт кетіп:

Ой, әртістеріңнің... — бақырып жіберді.

Ресторанның завзалы келіп:

— Той тез тарқады ғой, бізге де жақсы. Қолымыз ерте босайтын болды. Давайте, рассчитаемся, — деді.

Керімқұл, амал жоқ, ішке кіріп, қалталарындағы конверттерін ақтара бастады. Жездесі берген ең қалың конверт қолына алдымен ілікті. Конверт қамырмен желімделген екен, желімі оңай ажырай қоймаған соң саңылау тесікке саусағын сұғып, кіршең конвертті дар еткізді.

Жүрегiнiң аздаған дiмкәсi бар едi, сол құрғыр шаншып-шаншып алып, артынша сыздап қоя бердi.

Конверттің іші тола шылым орауға арналған газет қиыңдылары. Арагiдiк арасында кiлең бiр теңгелiктер. Бiр тiлiм ақ қағазға:

«Керiмқұл қайным!

Той құтты болсын.

Пенсионер шалдың кәсiбiнен табылған табыс осы. Риза бол.

Жездең Төрегелдi»

деген қисық-қыңыр жазуды оқыды да, орындыққа сылқ етiп отыра кеттi.

ТОРТАЙ ШАЛДЫҢ ЕСЕГІ

«Басқа бәле тiлден» деген рас екен. Кейiн жаны мұрнының ұшына келгенде Тортай шал:

— Е, Құдай, маған тiл берiп қасқайтып қойғанша, неге мылқау қылып жаратпадың?! — деп жылаған көрiнедi.

* * *

Шiлденiң ыстығына соғыстың от-жалынының қызуы қосыла ма екен, әйтеуiр сол жаз қазан қайнатар ыстық болды.

Алапат аптапқа шыдай алмай ернi тiлiм-тiлiм жарылып, қанталап кеткен Тортай шал реңi қызыл шырайлы, негiзi сары кiсi едi. Сондықтан да аузын орамалмен таңып жүредi.

Тортай шал молотилканың тойымсыз өңешіне бидайды бау-бауымен лақтырады. Қарамай иісі аралас шаң-тозаң қарт кісінің қасы-көзін, аузы-мұрнын тұтып қалады.

Аузы-мұрнын танып алған ақ орамалды лезде тозаң тұтып, кіршең тартады.

Тортай шал бүгін Көк әңгіні қырманға өзі мініп кетіп еді. Дүниеде өзінің малы өзіне бұйырмағаны жанға қатты батады екен.

Көк әңгі, арам да болса, Тортайдың өз малы ғой. Сол есек мына егін орағы басталғалы бері иесінің тақымына тимейтін болды.

Ал ауыл мен қырманның арасы едәуір алыс жер. Қарт кісі жаяу жеткенше, кәдімгідей енгігіп қалады. Қисықбас бригадка: — Айналып кетейін Арқанбай-ау, мен жұмыстан қашпаймын ғой. Айтқаныңды істеп, айдауында жүрейін, тек менің есегіме тимеші, әкетай шырақ, жұмысқа жаяу жету маған тым ауырлау, — деп еді.

Қисық бас Арқанбай пұшық маңқылдап ала жөнелді:

— Әй, кәкбас, кәзір соғыс екенін сен білесің бе? Білсең, неге әрәм есегіңді аяйсың, ә? Есек тұрмақ, әдәмдәр өмірін қиып жатқанда, сенің есегің кімнің шікәрәсі, ә? Сәбет Одәгінә жеңіс тілеудің орнына, зиян ойләйсің, ә?

Арқанбай бригәт Тортай шалды осылай бір ықтырып алғалы бері Көк Әңгі элеваторға бидай таситын балалардың тақымында кетті.

Шаңқай түсте, күн шекеден шығып өтіп бара жатқанда, қырмандағы тіршілік сап тиылады. Тортай шал мая түбінен төбе сияр көлеңке тауып, маяға арқа тіреп, мүлгіп отыр еді, бір жұмсақ леп бетін шарпығандай болған соң, бағжаң етіп көзін ашып алса, қарсы алдында мұны иіскелеп, Көк Әңгі тұр екен.

Орнынан кирелеңдей түрегеліп, Көк Әңгінің мойнынан құшақтай алды. Тура бір қан майданда жүрген жалғыз ұлы Нұртай қайтып келгендей, көңілі босап, көзіне жас оралды.

Осыны сезген Көк Әңгі көлеңкеде қисайып көз шырымын алып жатқан кемпір-шал, қатын-қалаш, келін-кепшік, бала-шағаларды шошыта жаздап, озаңдата бір ақырды дейсің! Көк Әңгі бұ жолы ішін тартып, үзіп-үзіп ұзақ ақырды.

Бұл ақырыста, қайдан да болса, Көк Әңгінің әжептәуір арызы бар еді. Күндіз-түні арқасынан бидай артқан қап түспей, Борандының элеваторына барып-қайтар жол қасіреті, өзінің өзегі талғанда, үстіндегі баланың басқа балалардан қалмайын деп, басы-көзін сабалап, қамшының астына алатын қорлығын айтып, арыз шаққаны еді бұл.

Тортай шал Көк Әңгінің бұл арызын түсініп қойған сияқты. Есектің қысқа жалын тарақтап, кекіліне жабысқан тікендерін тазартып, жауыр бола бастаған арқасын сипалап, тым-тым мейірленіп кеткендей еді.

Осыны көріп, кейбіреулер күлді. Енді біреулер күрсінді.

— Қайтсін байғұс, жалғыз баласынан хат келмей, көңілі жарым боп жүр ғой, — деп есіркеген болды.

— Баласы аман-есен келіп, келін түсірсе, кемпірі екеуі қолдарын жылы суға малып, жандары жай таппас па еді. Енді ғой, шідденің ыстығына шыдай алмай, еріні жарылып, қанап кетіпті, қарашы, әне, — деп бір қатын есегінің үстін тазалап жатқан Тортай шалға саусағын шошайтты.

Сонда Тортай шал Көк Әңгіні маяның тасасына байлап қойып, қос уыс бидай алып, есектің алдына салды.

Бұл кезде суырылған бидай салынған қаптар дайын болып, басқа есектерге артыла бастаған.

Тортай шалдың Көк Әңгісіне мініп жүрген Жақаш бала ұйқысынан оянып, алақ-жұлақ жан-жағына қарап, өз есегін таппай қалды.

Бәле содан басталды.

Басқа балалардың бәрі аузы тігілген қаптарды есектеріне артып алып, енді Арқанбай бригадтің «командасын» күтіп тұрған. Есекке артылмаған жалғыз ала қап қалды. Көк Әңгіден

айырылып қалған Жақаш бала жан ұшырып жүгіріп жүр. Көк Әңгіні іздеп жүр.

Сөйткенше болмай Арқанбай бригадта астындағы шолақторыны алқындырып жетіп келді.

— Неғып тұрсыңдар? — деп ақырды балаларға.

— Жақаштың Көк Әңгісі қашып кетіпті, — деп шу-шу етісті балалар.

— Қашып кеткені несі? Ана маяның ар жағында тұрған кімнің есегі?

Жабыла жүгіріп барса — Көк Әңгі!

Тұсауы шешіп, Жақаш Көк Әңгінің жауырын істік ағашпен шұқылап ала қаптың қасына келді.

Сонда Тортай шал көлеңкеде отырған жерінен серейе түрегеліп, Көк Әңгінің ноқтасына жармасты.

— Арқасының жауыры асқынып кетті, қаны шығып тұр. Хайуанда да жан бар ғой, обал қайда? Есегімді бермеймін.

Көк Әңгіні жетектеп бара жатқан жеріне Арқанбай бригадта қуып жетті.

— Әй, шал, қоқаңдамай, бер есекті! Жұмысты тоқтатпа! Әрбір минут қымбат. Жауды жеңуге қосқан үлесің осы ма сенің? Сен немене, пәшістерге жақпысың, ә? — деп қайдағы бәле-жаланы жаудыра бастады.

Сонда Тортай шал күйініп кетіп, аузы-мұрнын таңып алған ақ орамалды жұлып тастап, тілім-тілім ернінен қан шығып:

— Әй, Арқанбай, обал қайда? Арқасын көрмейсің бе, жауырдан қызыл еті ырсып кетіпті ғой, — деді.

Ашуға булығып сөйлегеннен жарылған ерні қақ-қақ айырылып кеткен жерінен шып-шып шыққан қанды күректей алақанымен сүртті.

Арқанбай қисық басы қалтаң-қалтаң етіп, ақырып қалды:

— Әй, сен, кәкбәс, сен пәшіссің! Сен жәудән жәмәнсің. Оттәмә! Бер есекті!

Сонда Тортай шал отыра қалып:

— Е, Құдай! Не менің көк есегім өлмеді, не өкімет құрымады! — деп жерді тоқпақтады.

Сол-сол екен, Арқанбай шолақторы атқа қарғып мініп, Тортайға қамшы үйіріп:

— Әх, пәшпәсі Енді шініңді айттің, — деп қырмандағы жұртқа айқай салды:

— Естідіңдер ғой бәрің?! Өкімет күрімәді деді ғой, деді! Қуә бол! Осыны айтып Арқанбай шолақторы атқа қамшыны басып-басып қалып, ауданға қарай шаба жөнелді.

* * *

Арада сүт пісірім уақыт өтті ме, өтпеді ме — қырман басына екі жирен жеккен трашпенке аспаннан түскендей топ ете қалды.

Артынан шолақторыны тепеңдетіп Арқанбай бригад жетті.

— Міне, мынау, — деді Арқанбай молотилканың аранына бау-бау бидайды лақтырып тұрған Тортай шалды саусағын шошайта көрсетіп.

Сақылдап тұрған молотилканың үні өшті. Тортай шал көйлегінің жеңімен маңдайының терін сүртіп, трашпенкедегілерге қолын созып амандаспақшы еді, шошақ шапке киген милиционер оның қолын қағып жіберді:

— Атың кім?

— Атым Тортай, — деді шал аузын таңған шүберекті төмен түсіріп. Қақ-қақ жарылған ерні қанталап тұр екен.

— Сен тұтқындалдың, — деді милиционер, — отыр арбаға!

— Не үшін? — деді Тортай шал, ашыған ерінің саусағымен сипалап тұрып.

— Оны ауданға барғанда білесің, — деді бұған дейін сүзеген бұқаша тұқшиып үндемей тұрған екінші милиционер.

Қырмандағылар трашпенкені қоршап үймелеп қалды. Әлгі «сүзеген бұқа» — Тараңдар! Не бар?! — деп ақырып жіберді.

Жиналып қалғандардың ішінен ұзын бойлы, бір көзі қысыңқы, ақсақал кісі бір адым ілгері шығып:

— Әй, шырақтарым, ешқандай жазығы жоқ бұл бейшараны қайда алып барасыңдар? Төбесінен күн өтіп, аузынан қан кетіп, тозаң жұтып, өңеші кеуіп, ...төрінен көрі жақын шағында мұны несіне әурелейсіңдер, шырақтарым? Күнәсі болса, кешіріп, бір ашуларыңды бізге қиыңдар. Өтінеміз, — деді Рахым ақсақал.

«Сүзеген бұқа» Рахым ақсақалды кеудесінен итеріп: «Назад! Назад!» — деді.

Екеулеп жатып Тортай шалдың қолын артына қайырып байлап, трашпенкеге көтеріп мінгізді.

Қатын-қалаш, бала-шаға шу етті:

— Арқанбай, обалы саған!

— Жазаңды құдай берсін! — деп қалды.

Қарғыстан қорыққан Арқанбай бригадт милиционерлерге бірдеңе дейін деп еді, сірә, Тортай шалды босата салыңдар деді ме, еліріп, едіреңдеп алған милиционерлер Арқанбайдың өзін итеріп-итеріп жібергенде, дап-дардай бригадттың өзі үюлі жатқан бидайға шалқалай барып құлап түсті.

* * *

Борандының түрмесі аудан орталығының шет жағында, терең сайдың жарлауыт жағында еді. Айналасын биік дуалмен қоршаған. Дуал үстін тікенек сым темірмен өрнектеп тастаған. Сыртынан қарағанда сәнді көрінеді. Сырын білмегендерге сұлу сияқты, сырын білмегендер: «ішінде не бар екен?» деп қызығатын да сияқты. Сырын білмегендер...

Айында, жылында Борандының базарына бір барғанда Тортай бұл түрменің жанынан өшіп бара жатып,

пендешілікпен: «іші қандай болды екен?» — деп ойлаушы еді. Мұның ойын құдай сезіп қойды ма, «түрменің ішін көргің келсе — көр енді» деген бе, абақтының ішінен бір-ақ шықты.

Үсті тікенек сым темірмен өрнектелген дуалдың ішіне кірген соң, қолында найзалы мылтығы бар басқа бір шошақ бөрікті ішкі түрменің бала басындай дәу қара құлыбын сояудай ұзын кілтпен салдыр-сұлдыр ашып, темір есікті шиқылдатып керіп тастап, Тортай шалды табалдырықтан ары қарай итеріп кеп жіберді. Лезде есік қайта жабылды да, абақтының іші күңгірттеніп кетті. Тортай әденеге сүрініп барып, құлап түсті. Сөйтсе еденде сұлап-сұлап жатқан адамдар екен.

— Бұл қайсың-ей? Кімсің өзің? — деді жақтырмаған дауыс.

— Тортаймын. Мыңбұлақтан.

— Е, Тортай, саған не жоқ? Сен де халық жауымысың?

— Білмеймін.

— Білмесең, білесің әлі.

Бұл Тобышықтыдағы Сәуірбай деген кісі еді.

* * *

Екі күн, екі түн нәр татқызбады. Бір қасық су да бергізбеді.

Екі күн, екі түннен бері жеке камерада. Камераның төрт бұрышы, төрт қабырғасы бар, әрқайсысы төрт қадамнан. Босаға жақта «параша» дейтіні бар. Дәретханаң сол.

Бірақ екі тәулік бойы нәр татпаған адамға дәретхананың не қажеті бар?

Камераның құлыбы сақыр-сұқыр етті де, есік ашылып, сиырдың емшегіндей шошақ бөрікті сырықтай біреу:

— Тірімісің? Шық! — деп бұйырды.

Айдауылдың алдына түсіп берді.

Ұзын дәліздің ең шетіндегі қарамен қапталған есіктің алдына келіп тоқтады. Есік ашылып, ішке мылтықтың ұшымен итеріп кіргізді. Итермесе де кіреді ғой. Бірақ түрме қорлау орны. «Түрме — түзету орны» деген сөз бекер. Абақтыға түскеннен гөрі, тозаққа түскен жеңілірек.

Төрде түстері көрдей суық үшеу отыр екен. Кейін білді, бұларды «тройка» дейді екен. «Тройка» азаматтық сот емес, әскери сот. Мұнда аса қауіпті адамдарды соттайды.

Ортада отырған қасқабас таңқы мұрын шойқара:

— Фамилия?! — деп арс ете қалды.

Қапелімде не сұрап тұрғанын түсінбей, Тортай:

— А-а? — деді.

— Фамилия, оңбаған, әкеңнің аты кім?

— А, әкемнің аты Сартай...

Үшеуі де қарқылдап күлді.

— Бұлар түгел жылқы болып кеткен, деді Қасқабас. — Ха-ха- ха, әкесі Сартай, өзі Тортай, ха-ха-ха. Яғни, хайуан. Сондықтан да өкіметті жек көреді, өкімет құрымай ма дейді. Ей, Тортай Сартаев, айтшы қане, өкіметті неге жек көресің? Өкіметтің құрығанын неге тілейсің?

Өзегі талып, аштан бұралып тұр. Әрі мұны ұйықтатпай, қайта-қайта ұрып-соғып қалжыратқан. Енді тікелей қойылған сұрақтан қалай жалтарып шығарын білмей, шыбын жаны шырқырады.

— Айналайындар-ау, мен оны әдейі айтқан жоқпын ғой. Ашу үстінде абайламай қу ауыздан шығып. кеткен сөз де. Соны да сөз деп... — Тұтқын осылай шатасты. — Ә, оңбаған, сөзін қарашы! — деп қаһарлана қалды Қасқабас, таңқы мұрын. — Бұл өзі бізді кінәлап тұр ғой... «Соны да сөз деп» дейді. Әй, сүмелек, бұл сөз емегенде, немене? Өкімет құрымады дедің ғой, дедің! Сен жауыз, өкіметтің қас жауысың! Сен бізбен соғысып жатқан

фашистердің тілеуқорысың! Айт, қандай байланысың бар сенің фашистермен?

— Қарағым-ау, қайдағы байланыс?!

— Қарай гөр, оңбағанның мүләйімси қалуын. Сенің майданға кеткен балаң не деп хат жазды?

— Ойбай, құдай, баламнан хат алмағалы үш ай болып қалды. Хабар-ошар жоқ!

— Ал үш айдан бұрын хат алып тұрдың ғой. Сонда не деп жазды?

— Ойбай, айналайын, бұрынғы хаттарының бәрін әлгі кемпір белінен шуда жіппен буып, сандықтың аузын құлыптап сақтап отырған жоқ па? Мені босата ғой, айналайын, өзім барып алып келейін. Өздерің оқып көріңдер.

— Ақыл үйретпе бізге! Оқимыз ба, оқымаймыз ба — өзіміз білеміз.

— Ақыл үйретіп не бар, айналайын, хаттарды әкеліп берейін дегенім ғой...

Қасқабас есіктің көзінде қақшиып тұрған айдауылға:

— Әкет мынаны! — деп шалт бұйырды.

Айдауыл Тортай шалды мылтықтың істігімен арқасынан итеріп-итеріп алып кетті.

Қасқабас оң жағындағы мен сол жағындағы отырған серіктеріне кезек-кезек қарап:

— Не істейміз? Алдырамыз ба әлгі хаттарды, деп сұрады.

Шашын сиыр жалағандай жып-жылмағай етіп тараған, құшық шеке біреуі:

— Соған әуре боп, елді шулатып жүреміз бе? «Өкімет құрымады» деп айтты ма — айтты. Оны өзі де мойындады. Уақыт өткізіп не керек? Менің ұсынысым — жиырма бес жыл. Екінші дудар бас бұл ұсынысты қолдады.

Сонымен «тройканың» шешімі бойынша, Тортай Сартаев жиырма бес жылға сотталып кете барды.

Тым болмаса үйінде жалғыз қалған кемпірімен де қоштастырмады.

Елу жыл бойы төсекте басы түйісіп жататын, жанының жартысындай болып кеткен жары Жәмила құмшекер қосқан бір дорба талқанын арқалап, жаяу-жалпылап Борандының түрмесіне жетіп, шалымен жолығуға рұқсат сұрамай ма. Сөйтсе:

— Аты-жөні кім? — дейді шошақ бас қарауыл.

Өз күйеуінің атын өмірі атап көрмеген байғұс басы не деп түсіндірерін білмей:

— Біз Мыңбұлақтанбыз ғой, Нұртайдың әкесі ғой, — дейді Жәмила кемпір.

— Әй, кемпір, Нұртайың кім? — дейді кезекші қарауыл.

— Ойбу, құдай-ай, енді не десем екен? Әй, шырағым, менің майданға кеткен жар дегенде жалғыз ұлым Нұртайды білмейсің бе? Соның әкесі ғой мына абақтыға қамап қойғандарың, жазықсыздан-жазықсыз бейшараны.

— Аты, фамилиясы кім? — деді ашуланып кезекші қарауыл.

— Айттым ғой, Нұртай шырағымның әкесі деп.

— Өз аты? Өз фамилиясы? — деп долдана бастады кезекші қарауыл.

— Ойбу, құдай-ай, енді қайтіп айтамын. Әй, шал-ау, айтсаңшы атыңды! — деп айқайлап жіберді Жәмила терезелері білектей темірмен торланған, деңкиген үлкен үйге қарап.

Темір тордың ар жағынан ешкім үн қатқан жоқ.

Жәмила Борандыға барарда тәуір деген киімін сандықтан алып, кимешек киіп, күндік салып шығып еді. Ақ үйден шыққан Қасқабас, елден келген кемпір екенін киімінен байқап қалып, қасына жақындап:

— Кімге жолығайын деп едіңіз? — деп сұрады.

— Мыңбұлақтағы кісі ғой, — деп күмілжіді Жәмила.

— Ә, әлгі Тортай Сартаев па? — деді Қасқабас.

— I-i-i, дәл өзі! Мен атын айта алмай тұр едім, — деп Жәмила кемпір қуанып кетті.

— Е, кемпір, қайта бер ауылыңа. Тортай Сартаев жиырма бес жылға кесіліп, кеше ғана этаппен Әулие-Атаға айдалды. Одан ары қайда жіберетінін біз білмейміз, — деді Қасқабас.

Жәмила оқыстан оқ тиген адамша селк ете қалып, қолындағы қоржынын жерге қоя салып, байы өлгенін естігендей дауыс қылып:

— Елу жыл отасқан қарағым-ау, желдің өтінде, жаудың бетінде жүрген Нұртайымның көкесі-ау, сені қай қиырға алып кеткен бұлар?! Ойбай! — деп қара жерді тоқпақтап отыра кетті.

Мұндай қылықты күтпеген Қасқабас қарауылға қарап:

— Қақпадан шығарып жібер! — деп бұйырды.

Қарауыл найзалы мылтықпен арқасынан итеріп-итеріп түрменің шекарасынан шығарып жіберді.

Сөйтіп отырғанда теміржол бойындағы элеватордан қайтқан арбакештер мен есек бригадасының қарасы көрінді.

«Қой, бүйтіп отыра бергеннен Тортай қайтып келмейді. Онан да мыналармен бірге ауылға жетіп алайын» деп Жәмила көйлегінің етегін қағып, қоржынын көтеріп, орнынан көтеріліп, қара жолдың жиегіне барып тұрды.

Алдыңғы арба тоқтай қалып, оған Жәмила мініп жатқанда, оны танып қойған Көк Әңгі озаңдата бір ақырды дейсің. Ішін тартып қайта-қайта ақырды. Үстінде отырған баланың қамшымен бастан сабалағанына елең қылмай, Жәмилаға жақындай беріп, тағы бір ақырды. Арбаға жақындап, жанына келген Көк Әңгіні Жәмила жалынан сипап:

— Иең кетті. Иеңді алысқа айдап әкетті. Соны сезіп тұрсың ғой сен байғұс, — деп көзіне тағы жас алды. — Саған бола соттап жіберді иеңді. Иең Тортай сотталды. Өзім болсам он екі бала

таптым. Қу шешектен бәрі қырылып, жалғыз ұл Нұртай қалып еді, оны да әскерге әкетті. Енді хабар-ошар жоқ. Әкесі де, баласы да көз көрмес, құлақ естімес алыста. Ордалы үйде омалып жалғыз қалдым, — деп зарлады Жәмила.

Көк Әңгі арбадан қалмай, қатар жүріп, Жәмиланың аянышты зарын тыңдап, пысқырып-пысқырып қояды. Кім біледі, ол бәрін де түсінетін шығар, ол өзінің Тортай есімді қайырымды иесінің жақсылығын ұмытпаған шығар. Арпа мен сұлыдан қос-қос уыс жем беріп асырағанын хайуан да болса есінде сақтаған шығар.

* * *

Тапа тал түсте аупарткомның үйі аю тиген араның ұясындай гу-гу, у-шу быжынады да қалды.

— Не болды? Не болды? — деп сұрасты бір-бірінен.

Сөйтсе Мәскеу-Алматыға, Алматы-Әулие-Атаға, Әулие-Ата-Борандыға жеделден де жылдам телефон соғып, телеграмма жіберіпті:

— Совет Одағының Батыры Тортаев Нұртай бара жатыр. Құрметпен қарсы алыңдар! — деп.

Хат-хабар келмей, дерексіз кеткен Нұртай Тортаев сөйтіп ашық күнгі найзағайдай сарт ете қалды.

Ауданның басшылары жиналып:

— Батырды қалай қарсы аламыз? — деп бастары қатып, асып-сасып жатқанда, аудандық партия комитетінің үшінші хатшысы, яғни идеология жөніндегі хатшы Естай Әмірбеков кенеттен мүлде басқа проблеманы көлденең тартып, өріпкіген көңілді су сепкендей басқаны ғой:

— Әй, жолдастар, Батырды қарсы алу қашпас. Ал әкесінің жағдайын қалай естіртеміз?

— Е, әкесі қайтыс болып па еді? — деп бірінші хатшы елең етті.

— Жоқ, ойбай, өз ажалынан қайтыс болса бір жөн ғой! Біздің құрметті «тройка» Батырдың әкесін «халық жауы» деп жиырма бес жылға айдатып жіберген жоқ па?!

— О, қу Құдай! Не дейді тағы да? – деп бірінші хатшы шошып кетті. – Әй, не үшін?

— О жағын «тройканың» өзінен сұрау керек.

Бірінші хатшы қанға тойған қандаладай тырсылдап, тарс жарылайын деп:

– Шақыр онда «тройканың» бастығын! — деді.

Оған елпең ете қалған ешкім болған жоқ, өйткені о заманда «тройканы» шақырып алуға аупарткомның қауқары жетпейтін. Керек десең, «тройка» аупарткомның өзінің әңкі-тәңкісін шығарар еді.

Амалы құрыған Бірінші телефонның құлағын бұрап-бұрап, «тройканың» бастығы Қасқабаспен тікелей өзі сөйлесті. Осылай да осылай, ауданымыздың абыройын арттырып, атағын шығарған геройымыз келе жатыр. Ал сендер болсаңдар, қайдағы бір есекке бола, оның шал әкесін соттап жіберіпсіңдер! Ертең не бетімізді айтамыз? Ертең ол әкесі туралы Сталин жолдастың өзіне телеграмма жіберсе не боламыз, а?

«Тройканың» Қасқабасы қорықпаса да, қобалжыды. Бірақ несіне қобалжиды? «Өкімет құрымайды» деді ме, деді. Мұны айыпталушының өзі де мойындаған. Ал совет әділет мекемесінің бастығы Вышинскийдің өзі баяғыда-ақ «Айыпталушының өз кінәсін мойындауы — әділ соттың салтанаты» — демеп пе еді?

«Так что, біз әділ шешім қабылдадық», деп Қасқабас өзін-өзі жұбатқан болды. Бірақ іші-бауыры қалтырай берді.

Қасқабас қарап қалмай, дереу облыс орталығына телефон соқты. Ондағы бастығына осылай да осылай, біз жиырма бес жылға соттап жіберген Сартаев Тортай дегеннің Нұртай дейтін баласы Совет Одағының Батыры атағын алып, елге келе жатыр. Үлкен шатаққа қалмас үшін сол Сартаев Тортайды ебін тауып, еліне қайтарсақ қайтеді? – деді.

Облыстағы бастық дереу сұрау салып еді, сөйтсе Сартаев Тортай Қарағандыға айдалып кеткен болып шықты. Қарағандымен хабарласып еді, Сартаев Тортай Шерубай шахтасында деген дерек алды.

Шерубай шахтасы — Қарағанды қаласының батыс жақ, Ұлытау беткейінде еді.

Қарағандының басшылары Шерубай шахтасының терең түкпірінен жеті қат жердің бетіне суырып шығарып алды.

Жердің бетіне шығарса, Сартайұлы Тортай көрден шыққандай екен. Жылтыраған екі көзден басқа бет-аузының бәрін қап-қара көмірдің тозаңы тұтып қалыпты.

Борандының соты асыра сілтеудің «атаманы» шығар. Әйтпесе онсыз да төрінен көрі жақын көрі адамды жиырма бес жылға соттай ма?!

Қарағандының өкіметі Тортайды моншаға апарып, бір қабат терісін сыпырып алардай ысқылап жуындырып, сақал-мұртын бастырып, үстіне инеден жаңа шыққан жейде-дамбал, жаңа костюм-шалбар кигізіп, қасына екі қарауыл қосып беріп, пойызға мінгізіп, Борандыға қайтарды.

* * *

Құдайдың құдіреті, Мыңбұлақ басындағы қырманда, шілденің аптап ыстығында Тортайдың қақ-қақ айырылып қаны шып-шып шығып тұратын еріні Шерубайдың шахтасына түскелі бері қанағаны тыйылды. Бірақ оның есесіне ернінің қақ-қақ айырылып кеткен сызаттарына көмірдің нілі сіңіп, қара жолақ, қара қасқа із қалды. Қанша жуса да, кетпейді.

Соғыстан герой болып, бір аяғынан айырылып қайтқан баласы Нұртай әкесін Борандының стансасында көргенде:

— Көке-ау, ерніңе не болған? — деп сұрады.

— Е, шырағым, бұл көкең көрден шығып тұрған жоқ па! Несін сұрайсың? Бұл Құдайдың құдіретінде шек жоқ қой. Құдай маған сені бермегенде, Сен Құдай абырой беріп, герой болмағанында, мен қайта тіріліп, жер бетіне шығар ма едім, шықпас па едім, бір Алла біледі. Құдайдың мұнысына шүкір, Нұртайжан! Сен борап тұрған оқтың арасынан аман шықтың, мен жеті қат жердің астындағы көрден қайта тірілдім...

Осы сәтте ақ жаулығы желбіреп, вокзал басына Жәмила да жеткен екен.

— Айналайындар-ау, өлгенім тірілді! Сөнгенім жанды, Құдай-ау, енді мен өле кетсем де арманым жоқ, — деп шалы мен баласын құшақтап еңіреп жібергенде, тіпті вокзал басында тұрған Қасқабастың өзінің көзінен жас шығып кетті.

Жәмила апыл-ғұпыл телеграф бағанасына байлай салған Көк Әңгі паровоздан да асырып, ақырып-ақырып жіберді.

ТҰЙЫҚ ШАРБАҚ

Тауық күлге аунағанды тәуір көреді. Ал қазір бұрынғыдай есіктің көзіне шығарып тастай салатын күл жоқ. Қазір жұрт баллонмен тасып газ жағады, үй жылытуға көмір түсіріп алады. Көмірдікі қайран баяғы тас мияның, яки қызыл жантақтың күлліндей болмайды екен.

Тауық енді топырағы бусап жатқан огородқа үйір.

Мейрамбүбі тауық ұстайды. Асырамас еді, күнде таңертең тракторшы баласы Жұмажанның сеткесіне пісіріп салып жіберетін үш-төрт жұмыртқасын олжа көреді. Әйтпесе «тауық асырағанды қой» деп көрші қайнысы Жаппас оу баста-ақ ескерткен. «Құс асырағыш екенсің, — тор шарбаққа қамап ұста» деген. Ал өзі тауық тұрмақ, қаз бен түйеқұсты да асырайды. Бірақ олар қысы-жазы ауладағы кір тор шарбақта қамаулы. Зоопарктегі сияқты.

Мейрамбүбі қайнысына:

— Көзің құрысын, — деді. — О заманда бұ заман тауықты қамап баққанды кім көрген, — дейді. — Сен бір күні тауықты аяғынан арқандап қой дерсің.

Жаппас Мейрамбүбімен салғыласып жатпайды. Огородына түскен құсты кесекпен қадап-қадап ұрып, шекарадан асыра қуып тастайды.

Мейрамбүбінің тауықтары қатты жәбірленіп, иесіне мұңын шаға байбалам сала қақылықтап қашып келе жатады. Әсіресе қызыл қораз өңеші жыртылғанша қақсайды.

— Қап, қараң қалғыр-ай! — деп үйден Мейрамбүбі шығады. Сонда барып жәбір көрген асыранды құстар зарлауын бәсеңдетіп, ішектерін тартып барып, жай бейбіт құрқылға көшеді.

Екі үйдің жерінің арасы бір құлақ суы бар арықпен бөлінген. Арықтың арғы беті, бергі беті қаз-қатар нау теректер. Балақ жағын атыз бөліп тұрса да, аспандап алған бас жағы бұтақтары айқасып, жапырақтары жамырасып, тұтасып кеткен. Сол дүлей нуда жаушымшық пен жабайы кептердің, тоқылдақ пен көк қарғаның сансыз ұясы бар.

Алты ай жазға көк терек пен қара ағаштың тәкашпар басы азан-қазан құс базары.

Арықты бойлай, ағаштардың етегін ала арасына бұзау кіріп кетсе көрінбес түйежапырақ пен шырмауық, шытыр, меңдуана өседі. Мейрамбүбінің тракторшы баласына жұмыртқа туып беретін тауықтар бастығы қызыл қораз болып, күн ысығанда, сол түйежапырақтың арасына кіріп, көздері ақшелденіп, рақат түс көріп ұйқыға кетеді.

Өздерінің бір тұтам өміріне шақталып берілген құс ұйқыдан кейін, тауықтар тағы да тамақ пен борпылдақ топырақ жорығына шығады. Неге екені белгісіз, арықтың арғы жағына өш. Мейрамбүбінің механизатор баласына колхоз кесіп берген

жиырма бес сотық жер жетпегендей, Жаппас жағына жаудай тиеді.

Жаппастың жиырма бес сотық жерінде нелер жоқ! Мәуелеп тұрған алма мен алша, алмұрт пен өрік. Тіпті екі түп жаңғақ та әкеп отырғызып еді, түйе сияқты неме екен, әлі жеміс бере қойған жоқ. Ал шие мен құлпынай әлдеқашан пісіп, сабағынан үзіліп түсіп, тауық шоқығанға уылжып шірі бастаған.

Картоп күлігін гүл ашып, түбіндегі ақ сары бас құрт төңкеріле семірген кез болатын. Тауық шіркін осыған өлердей өш.

Қызыл қораз темірдей тұяқтарын картоптың түбіндегі топыраққа салып-салып жібергенде, жер соқа жыртқандай болады да, ар жағынан ерінген, манаураған ақ сары бас құрт асықпай аударылып түседі. Қызыл қораздың сондағы дүрдигенін көрсеңіз: бөтегесі Алатаудың бөктеріндегі шеңберленіп, қыт-қыттап мекиендерін шақырып алады. Тойып болған соң ақ мекиендер топыраққа жата қалып шомылады-ай келіп.

Әне, бәле содан шығады.

Бір күні Жаппас арықтың өз жақ бетіндегі ағаштарды аралатып тікенекті сым темір жүргізіп тастады. Арасынан тауық тұрмақ торғай өте алмастай жиі тартты. Мұндай темірмен Жаппас өз жерінің бұрын көше жақ бетін, түстік бетін және сайға барып тірелетін батыс жағын тұтас қоршаған болатын. Рас, Мейрамбүбі жеңгесінің үйімен шектесетін терістік жағы ғана тікен сымсыз еді, енді о да тарс бекітілді. Тек екі үйдің арасын жалғастыратын жалғыз аяқ жолдың арықты кесіп өтетін жері ғана ашық қалдырылды. Жаппас жерінің төрт бұрышындағы жалғыз ашық жер осы ғана. Әйтпесе көше жақтағы биік дарбаза үнемі сырықпен тіреулі тұрады. Ертеңді-кеш өріске мал шығып, өрістен мал қайтқанда ғана сықырлап ашылады.

Жаппас көршінің үйіне қарай шығатын әлгі бір жалғыз аяқ жолды да бітеп тастамақшы еді, ойланып біраз тұрды да оған қолы батпады. Кішкентай үш баласы үйректің балапанындай тізіліп сол жолмен Мейрамбүбі апасының үйіне баратыны есіне түсті. Кемпір кішкентай балақайларды жаны қалмай жақсы көрер еді. Өзіне әлі немере біте қоймағаннан ба, әйтеуір, әлгі Жаппастың мұрынбоқ балаларының асты-үстіне түсіп бәйек болар еді, шығарға жаны басқа, әйтпесе өзі туғаннан кем көрмес.

Тракторшы баласы әлі үйленбей жүр. Жұмысқа ерте кетіп, кеш келеді, оған:

— Әй, айналайын, біреудің қызын тұлымшағынан сүйреп әкелер күнің бола ма, жоқ па? — деп қояды.

— Пәлі, апамды-ай, — деп күледі тракторшы баласы. — Қазіргінің қыздарында тұлымшақ жоқ та. Қазір — прическа.

— Е, пришешіңмен қатып қал, — дейді кемпір теріс айналып, Жаппастың балаларына қазанжаппа пісіріп беріп отырып. Бүкіл қырық үйлі көшеде қазанжаппаны жалғыз Мейрамбүбі ғана пісіреді. Мейрамбүбінің тауықтары Жаппастың огородындағы сары бас құрт пен шұбалшынға қандай өш болса, Жаппастың балалары Мейрамбүбінің қазанжаппасына сондай құмар.

Балалар қазанжаппаға тыңқия тойған кезде, Мейрамбүбі оларға арша күбіні күрпілдетіп пісіп-пісіп көже құйып береді. Арша күбі осы үйде Мейрамбүбі көрші қырғыз ауылынан осы қазақ ауылына келін боп түскенде бар еді. Ал Мейрамбүбінің енесі Ақтолқын жарықтық нұрың пейіште шалқығыр, айтар еді. Бұл арша күбі осы үйге мен келін боп түскенде бар еді деп. Бұл күбіден мына отырған балақайлардың бабалары ас ішкен, Мейрамбүбінің ертерек қайтқан шалы мен мына көрші Жаппастың әкесі бір туған. Бұларды кексе кісілер Таубас әулеті дейді. Бұдан жүз жыл бұрын өткен Таубастар, жаның жәннатта болғырлар, осы арша күбіден ашымал ішкен.

Сол бабаның асына, құданың құдіреті, осы заманның ұрпағы болса да, мына Жаппастың жамандары әбден құмар. Мейрамбүбі айтады:

— Менің жамбасым бір күні жерге тигенде мұны сендерге кім істеп береді, — деп қояды. Оны балалар уайымдамайды. Қазір қарны тойса болды.

Қарны тойса болды, үйректің балапанындай балпаң басып тізіліп, жалғыз аяқ жолмен қызыл шатырлы үлкен үйге қайтады. Енді осыдан кешке дейін, қызылшадан шешелері келгенше қарындары ашпайды. Ал Жаппастың бұларға қарауға мұршасы жоқ. Түнде қамбаға қарауыл, күндіз «Запорожецін» қоңызша тоңқаңдатып, алма, алқоры тиеп базарға жөнеледі. Одан кейде ерте, кейде кеш келеді. Малының өтуіне қарай.

Соны көріп Мейрамбүбі өзінің тракторшы баласына:

— Әй, айналайын, тым құрымаса ана Жаппас ағаңнан үйренсеңші. Астыңда тракторың бар, құдайға шүкір. Анау алма деген шіріп жатыр. Тіпті тауықтар да шоқығысы келмейді. Мұрнын шүйіріп, қасқа сиыр да жемейді. Не қыламын мен оны? Артып апарып, тым болмаса шай-қантқа айырбастап әкелсеңші, — дейді.

Оған баласы көнбейді.

— Шай-қантқа менің тапқан еңбекақым да жетеді, — дейді.

— Апыр-ай, кежегең кейін тартып тұратыны-ай, сенің. Мынау ағаңның әрекетін неге көрмейсің? Оның да жері сенің жеріңдей-ақ қой, ала-құласы жоқ. Жылда қып-қызыл ақша жинап алады. Ал біздікі ит-рәсуа боп далада қалады. Онан да осы мәуені сатып, Жаппас құсап бір легковой алсаң, сені мөңкіп-мөңкіп тастап кететін бе еді? Әй, түкке икемі жоқ, болбырым-ай.

— Легковой не керек, трактор тұрғанда, — деп баласы кемпірді өршелендіре түседі.

— Е, тракторың бар болсын, жүрісі жаман. Адамды селкілдеткенде ішек-қарның түсіп қала жаздайды. Майдай жұп-жұмсақ легковойға не жетсін!

Кемпір қайтсін, о да армандайды. Балам бір машина сатып алса дейді, келін түсірсе дейді. Содан жаңа құдаларды шақырмақшы. Сонда құдаларды әлдекім құсап салдыр-күлдір жүк машинаға мінгізіп әкелмей, Жұмажан легковойымен тасыса, қандай мәртебелі болар еді дейді.

Өстіп бір өзінше тәтті қиялдың құндағында арша күбіні ысқылап жуып отырғанда, бір жаман дауыс шар-шар ете қалды. «Тауықтың балапанын қарақұс ілді ме», — деп далаға ытқып шыққан.

Сөйтсе, өзінің қызыл қоразы. Шарбақтың ар жағында Жаппас тұр. Ұрысын ұстап алып, екі борбайын екі жаққа дар еткізіп айырып-ақ жібергені. Өлген қоразды сөйтіп Мейрамбүбінің үйіне қарай лақтырды-ай кеп. Сонда ол қызыл қанаты жалпылдап, бейнебір аспаннан от түскендей алаулады. Өтештен айырылып жесір қалған ақ мекіштер ойбайды салып, жоқтау айтып жатыр.

— Ә, сорлы дүлей, жазаңды Жұмажан берсін, — деді Мейрамбүбі, жалғыз ұлын асқар тауға балап. — Кешке, тірі болса, келер. Торғай тоқ еткеннен күннің көзі байланғанша колхоздың тірлігін істеп, тырнағымен жер тырмалап жүрген жұмыскердің жалғыз шешесін көрінген саудагер жәбірлесін деген заң жоқ, қараң қалғыр. Тілсіз мақұлықтың шатын айырып. Шатың айырылып, тапқаның талапай болғыр.

Жаппас ләм деп жақ ашқан жоқ. Үйінен өткір балта алып шыққанына, жалғыз аяқ жолды жуан-жуан тақтаймен биіктетіп, тарс бекітіп тастады. Енді тышқан жорғалап өтетін жер қалмады.

— «Менен кінә жоқ», — деді Жаппас. Сөйтіп қайтадан «Запорожецті» айнадай ғып сүрткілей бастады. Көкшіл сырын жалтырата бензинмен ысқылады. Станцияға түсте келетін жолаушы пойызына алма, жұмыртқа алып шықпақшы боп, жолға дайындалған.

— Бірақ әлігібір жағдай жайбарақат көңілін лайлап, ойын бөле бірді. Өзінен-өзі дегбірі кетіп, әлденесін ұмытқан адамша үйге бір кіріп, бір шықты. Ойсыз, мағынасыз жан қалтасын сипалай берді. Шалбарының артқы қалтасына салып қойған сигаретке қолы тигенде барып, темекі тартқысы келетінін ұқты.

Фильтрсіз, мыжылған арзан сигареттің біреуін алып тұтатқанда, тұңғыш рет қолы қалтырады. Соған ыза болғаны, қою түтінді ішіне аямай қарпи тартып, жанып тұрған шырпыны сұқ саусағымен бет алды шертіп жіберді.

«Шығасыға иесі басшы» деген... Шылым тұтатып болған соң, отын үрлеп өшіріп, өлі шырпымен тісін шұқып қойып, көк түтіннің иісіне, дәміне елтіп отырар еді. Бұл жолы шертіп жіберем деп, шерменде болды. Әлгі шырпы шертпектен шыр етіп барып, Жаппастың оң қол жағында тұрған машинаның үстіне түсті. Бәрі қас қағым сәт, «Запорожец» лап етіп, сиқыр ойнағандай, лезде отқа оранды. Машинаның жанында тұрған қара шелектегі бензинге бір жапырақ от жаны бар мақұлық құсап өзі қарғып түсті. Бұрқ еткен жалын ұмар-жұмар дөңгеленіп аспаннан бір-ақ шыққан.

Жаппас бір сұмдықтың болғанын іші сезді, бірақ не екенін ұға алмайды. Әуелі жалпылдап қанатын қаққан қызыл қораз сияқты да көрінді. Әлдебір сары ала топырақты үйірген құйын сияқты да көрінді. Мұндайда діндар болса:

«Бісмідә, бісмідә», — дер еді, бірақ ол аузына түспеді. Ұйықтап жатып бастырылыққандай демі бітіп, көзі шатынап біраз тұрды да:

— Ойбай! — деп келте қайырды. Үні шықпай қалды. Оны өзі де сезді. Содан соң барып:

— Ойбай! — деп бар даусымен барқырап қоя берді.

Осындай жаман дауыстан жаны шошынғыш қазақ үйде бар тірі жаны далаға толайым топырлап шыққан.

— Өрт! Өрт! — десті.

— Жаппастың үйі өртеніп жатыр.

Күрегін, кетпенін, сырығын ала, тұра-тұра жүгіріскен. Кәне, ішке кіре алсашы. Биік қызыл қақпа ішкі жағынан сырықпен тіреулі, ағаш-ағаштың арасы тікенек сым темір, шеңгелмен бекітулі.

— Әй, сорлы, аш дарбазаңды!

— Қақпаны аш!

Жаппастан жауап жоқ. Арсылдап, шынжырын салдыратқан ит үреді. Бұ кезде от маяға шапшыған. Тор шарбақтың ішіндегі тауықтар шарылдап, үйрек-қаз үрейлене қаңқылдады. Алауына адам жолап болмас орасан оттың түтіні биік тал-дарақтың басын орады. Ондағы сыңсыған ұя, сансыз шымшық қызылшақа балапаны қақалып, құс дүниесі күйзелді. Жұрт қақпаны аша алмай, не тікен шарбақтан аса алмай «ал-ал» деп жүргенде, Мейрамбүбінің есіне ең алдымен қазанжаппа жегіш балалар түсті. Жаны қысылғанда атам заманда ұмытып кеткен қырғызшасы аузына түсіп:

— О, қоқи, қантем!? — деді.

Тікенек темірлі арықтың бойын жағалай жүгіріп жүргенде, тәңірі жарылқап, таңертең өзі жоңышқаның үстіне жайып тастаған қызыл ала текеметке аяғы шалынып сүрініп қалды.

Ала салып текеметті тікен шарбақтың үстіне лақтырып, кемпір басымен әлгі биікке жас балаша қарғып шықты.

Ашыған бидай көже ішкіш батырларың қашып шығарға тесік таппай, олар да шарбақтың ішінен айнала шырылдап жүре екен. Есі кеткенде үшеуі үш жаққа қашып, Мейрамбүбі оларды әрең ұстап алып, қолына іліккенін шарбақтан асыра лақтыра берді.

Мейрамбүбінің текемет көпірін көрген адамдар бұ кезде ішке қарғып-қарғып түсіп, жандалбаса әрекетпен әуре. Балағы күйіп, сирағы сидіған Жаппастың бет-аузы үйтілген. Көзі алақ-жұлақ, айдалаға қарайды. Енді бір кез оттан опырылып түсіп,

гүрс құлаған қызыл қақпаға қолын шошайтып, ыржың-ыржың етіп күлді.

Көз алдында қызыл қораз қанатын жалпыдатып тұрғандай, көзге көрінбес әлденені қолымен жасқай берді.

ҰЗАҚ КОМАНДИРОВКА

Тауға қараған балконға жаңбырдан бұрын жел жетті. Көшедегі жасыл ағаштар тыпырлап-ақ қалды. Әлгінде ғана жайнап тұрған шашыратқы гүлдер лезде көкшіл көздерін жұмды.

Сонда құлағы қалқиған сары бала:

— Арыстан аға, мен папаммен бірге тауға барғанмын, білемін, — деді.

Соны растағандай дәу басын изеген кезде, жіңішке мойны әлгі басты әрең көтеріп тұрғандай еді.

Сары баланың үлкен қой көздері жасына жетпей ойлы сияқты. Күлсе — ықыластана күледі де, екі езуі қалқан құлақтарына дейін жетеді. Ақсиып ірі-ірі аппақ тістері көрінеді.

— Білемін, білемін, білемін, — деп арық қолдарымен балконның жақтауын шапаттап айқайлап жіберді.

— Нұрлан, не болған саған? — деп шешесі балконға бас сұғып қарады.

Жел үдей түсті. Иілген ағаштың бұтақтары электрдің жалаңаш сымына тиіп кеткен сайын, шатыр-шұтыр, жарқ-жұрқ ете қалып, уыс-уыс ақшыла шоқ шашырайды.

— Енді балконда отырмай-ақ қойыңдар, үйге кірсеңдерші, — деді менің әйелім.

— Рас, — деді Нұрлан маған, — папам мені тауға алып барған.

— Сонан соң сәл ойланып тұрып: — Бірақ ол қаша-ан, бұдан жүз жыл бұрын еді, — деді.

— Соқ өтірікті, — дедім мен шыдай алмай. — Өзің бес-ақ жастасың. Қайдан жүз жыл бұрын болсын?

Бала мені мүсіркегендей дәу басын қисайтып біраз тұрды да:

— Ой, Арыстан аға, жүз жыл дегенде — жүз жылдың өзі емес қой, — деді. Бет әлпетінде: «соны да түсінбейсің бе» деген нышан бар.

— Әй, Нұрлан! Ағаның мазасын алма, — деді анадай жерде динам үстінде отырған Жанна.

— Менің мазамды алған жоқ, сен назар салмай отыра бер, — деймін баланың мамасына.

— Жанна, саған не болған, өз бетінше отырған баладан айналып кетпейсің бе, — деп әйелім түсті араға.

* * *

Үйдің ішін үнсіздік жайлады.

Балалармен тіл табысуға орашалақ адам едім, кішкентай мейманды немен алдандырарымды білмей дағдарып отырғанымда, қобдишадағы түрлі темір-терсек, значоктар есіме түсе кетті. Жерден жеті қоян тапқандай, жүгіріп барып қобдишаны қолтықтап қаштым.

— Мінекей, біздерде мынадай бар, мынадай бар, — деп Нұрланның алдына нешебір жалтырауықтарды жайып салдым. Далада бұрқ-сарқ күн күркіреп жатты. Онда ісіміз жоқ. Бала мәз, соған мен де мәз.

Ойдан-қырдан жиналған әлгі значоктардың бір уысын Нұрланға сыйладым.

— Рақмет, — деді ол ересек адамша. — Мен значок жинап жүрмін. Тіпті менде әлі папам әкеп берген значоктар мен шетелдік шақалар да бар.

Мен көңілденіп, мырзалығым ұстап кетті де, ВДНХ-ның қола медалін қоса бердім. Кішкентай мейманым медальді ары қарап, бері қарап, тіпті титтей алақанына салып, салмақтап көрді де, өзіме қайтып берді.

— Мұны алмаймын, Арыстан аға, — деді. — Мұны сіздің өзіңізге сыйлаған. Маған алуға болмайды.

— Сыйлаған емес, Арыстан ағаны наградтаған, — деп баланың қас-қабағын аңдап отырған мамасы сөзге араласты. Соны айтып, қара көйлегінің тар етегін тартқылап, сирағын жасырмақ боп қысылып отыр.

— Нагдраттаса тегі жақсы, — деді Нұрлан сөзін салмақтап. Шәушиген бетіндегі үлкен аузы томпайып шыға келді. — Менің папамды да наградтар еді, оның да осындай медалі болар еді...

— Нұрлан! — деп мамасы айқайлап жіберді. — Қарыса ма жағың сенің, қарыспай ма! Сөйлеме дедім ғой мен саған. Жүр, киін, қайтамыз.

— Жанна, саған не болған, — деп әйеліміз екеуіміз өре түрегелдік. — Далада жаңбыр құйып тұр!

— Оһо, — деді бала үлкендерше, — жаңбыр деп осыны айт. Мама, мама, қазір папам командировкадан кеп қалса қайтеміз? Ол үйге қайтіп кіреді? Су-су боп қалады ғой.

Мамасы бұл жолы ынты-шынтысымен жауап беріп жатыр:

— Нұрлан, сен жолы ме едің, папаңның өзінің кілті бар ғой, командировкадан біз жоқта кеп қалса, өз кілтімен ашып алады үйді. Әй, бірақ келе қоймас. Келетін уақыты бола қойған жоқ...

Бала күрсінді. Әлгінде ғана өзі қызығып, құныға қараған значоктар жайына қалды.

Кенет алақандай көздерінен от ойнап, ақ сары жүзі бал-бұл жайнап:

— Арыстан аға, менің есіме енді түсті. Сіз білесіз бе, папам мені стадионға алып барғанда тура осындай жаңбыр жауған. Стадионда футбол болды-ау деймін. Ұмытып қалыпшын. Жүз жыл өтті ғой... — деді.

Мені тағы сенбес дегендей бетіме қарады:

— Жүз жыл дегенде, шыннан жүз жыл екен деп қалмаңыз. Баяғыда дегенім ғой. Сонда папам менің үстіме газет жапты.

Бәрібір үсті-басымыз су-су болды. Со жолы мен ауырдым-ау деймін. Есімде жоқ, жүз жыл өтті ғой.

— Нұрлан, не айттым мен саған, Арыстан ағаның мазасын алма дедім ғой, — мамасы тағы да ашулы көзбен баланы атып өтті.

Әйеліміз екеуміз оны тағы тарпа бас салдық:

— Жанна, нең бар, тыныш, адам құсап әңгіме айтып отырған балада. Мұндай ақылды баладан айналып кету керек қой. Кел, Нұрлан!

Үлкен аузы томпая қалған Нұрланды өзіме тартып, бауырыма қыстым. Бір жақсы жері, бала кекшіл де, шолжаң да емес. Лезде жадырай салып, қойныма қойып кетті.

Баланы бауырыма басарымды бассам да, бір түрлі себепсіз сезімнен қысылып барам. Бала ұп-ұзын арық саусақтарымен иығымды сипалады. Күрсініп қойды. Бір бәленің боларын сезгендей менің де тынысым тарылды. Ап-арық ұзын саусақтар жағымды жағалап, бір күннің ішінде өсіп қалған сақалымды сипалай бастады. Тостағандай түп-тұнық көздер бетіме кірпік қақпай тесіле қарап қалған. Сидаң саусақтар жылжып жүр. Соқырлар әлденені іздегенде, әлдекімді танығысы келгенде осылай сипалайды. Менің беті алаулап, тұла бойым бір қызып, бір суып, қалшылдатып барады. Егеудей сақалды ары-бері ақырын ысқылап көрді де, бала:

— Қытығың келмей ме, Арыстан аға? — деді.

Жанна бүк түсіп, булығып отыр. Менің әйелім де шыдамады.

— Сіздің шашаңыз қара екен, папамдікі, ұмытпасам, сарғыш еді... Солай ма, мама?

Жауап орнына мамасы енді дауыстап жіберді.

Әйеліміз екеумізде үн жоқ.

Жападан-жалғыз қалған бала ақыры шыдай алмай:

— Мама, кешір, мен сенен сұрайын деген жоқ едім, бірақ папамның шашы қандай еді — ұмытып қалыппын. Жүз жыл өтіп кетті ғой, — деді

ШЫРШАНЫҢ ЖЫРЫ

(Мультфильм үшін)

Мен өліп тірілген шыршамын. Кішкентаймын.

Тауда туыпшын. Қалай туғанымды, қалай жаратылғанымды мен білмеймін. Мүмкін, мені бір игі жан шыбықтан шаншыған шығар. Мүмкін, Алып Атаның жаңғағынан жаратылған шығармын.

Алып Ата дегенім — дәу шырша. Оның үлкендігі сонша, бұтақтары мен қылқандарынан аспан көрінбейді. Мен соның іргесінде өстім ғой.

Алып Атаның түр-түсі көгілдір, тіпті ұшар басы бұрыл тартып кетеді. Көп жасағанынан болар.

Оның айналасында өскен жалғыз мен емес. Мен сияқты балапан шыршақайлар көп болатын. Есімде қалғаны: біз өскен алаңқайлардың астында өзен гүрілдеп жатады. Оның өзен екенін мен қайдан білейін. Алып Атадан сұрадым:

— Алып Ата, анау бір тынбай сарқырап жатқан не? — деп.

Өйткені Алып Ата бәрін көріп тұрады ғой. Өйткені ол Аспанның өзін тіреп тұрады ғой.

Алып Ата:

— Ол өзен деген болады, Шыршақай, — деді.

— Алып Ата, өзен деген не? Ол бізді жұтып жіберетін сияқты. Қорқамын. Гүрілдейді.

— Қорықпа, Шыршақай. Өзен деген су болады. Аспаннан жаңбыр жауғанда сенің инедей қылқандарыңа моншақтай жылтыраған тамшылар ілініп қалады. Әне, анау төменде жатқан қаланы көрдің бе? Рас, түтіннен анық көрінбейді. Сол қалада адамдар тұрады. Олар су болмаса өліп қалады. Мына өзен соларды асырайды.

— А-а, — дедім ойланып.

Жаңбыр жауғанда қылқандарыма ілініп қалатын інжу-маржан тамшылар есіме түсті. Менен басқа шыршақайлардың үстіне де інжу-маржан ілініп қалады.

Күн шындардан асып шыға келгенде, сол тамшылар жақұттай жарқырайды.

Шіркін, сонда Тәңіртау тұтас ән салады. Ол ән інжу-маржан тамшылардың қоңыраулатқан жыры сияқты. Жаңбыр тез басылады. Күн тез ашылады. Әлгінде жаңбыр нөсерлетіп, төгіп-төгіп өткенде тына қалған кішкентай әнші құстар қайтадан құйқылжытып, мың құбылтып Тәңіртау үшін әуенге бөлейді.

Қызыл-сары, жасыл-көк көбелектер бірін-бірі қуалап асыр салады. Бал араларының бағы жанады. Еңлік гүліне қонып алып, шырынын сорып, құнжындағанын көрсең...

Ал, еңлік гүлінің шырынынан шыққан бал өлгенді тірілтеді, ауруды жазады, кәріні жасартады, — дейді Алып Ата. Алып Ата айтса, рас болғаны. Өйткені бұл Тәңіртауда одан көп жасаған шырша жоқ.

Тауда не жиі — жаңбыр жиі. Күн жадырап тұрып, кенет қара бұлт үйіріле қалады. Лезде найзағай жарқ-жұрқ етіп, күн күркірегенде Тәңіртаудың өзі дір-дір етіп, теңселіп кеткендей болады. Біз, кішкентай шыршақайлар тау құлап, бізді басып қалады екен деп қорқамыз.

Алып Ата:

— Қорықпаңдар, шыршақайлар. Кәзір бәрі басылады, — деп қояды.

Нөсер кезінде лағын ерткен Елік бике елең-елең етіп, Алып Атаның түбіне келіп тығылады. Өйткені Алып Атаның түбі жып-жылы ғой. Киіздей қалың қылқандарынан тамшы өтпейді. Айналасы текемет төсеп тастағандай жұп-жұмсақ. Жүз жыл бойы түлеген қылқандардан жаралған мұндай төсек патшаларда да жоқ қой!

Аққу мамықты төсекте жатқан патшалардан мына балалы Елік бике мың есе бақыттырақ. Жаңбыр толастағанда

Елік бикенің лағы маған жақындап келіп, қылқандарымды иіскелейді. Қылқандарымның инедей ұшы тұмсығын қытықтайтын болуы керек, кегжең етіп басын тартып алып, мөп-мөддір жәудір көздерін маған төңкеріп:

— Неге қытықтайсың, мен сенімен ойнағым келеді, — дейді. Сөйтіп, алдыңғы аяқтарын аспанға көтеріп, би билей бастайды. Маған:

— Кел, бірге билейік, — деп қиыла сыбырлайды. Мен билегім-ақ келеді, бірақ орнымнан қозғала алмаймын.

Сонда Алып Ата аспандап тұрып:

— Әй, балақай, әурелеме Шыршақайды. Шыршалар билеуге жаралмаған. Шыршалар жүре алмайды. Құдай солай жаратқан. Біз бір орында туамыз, сол жерде өле-өлгенше тұрамыз. Шыршалар қаңғыбас емес, — дейді. — Шыршалар жүре алса, бәрі жан-жаққа қаңғып кетіп, мына тау жалаңаш қалар еді.

Сонда лақтың енесі:

— Оның рас, Алып Ата. Шыршалар өз мекенінен ешқайда кетпейді. Өйткені сендердің жауларың жоқ. Ешкім тимейді. Дүниеде қорғансыз жаратылған мына біз, еліктеріміз ғой, — дейді: — Айнала бәрі жау: қасқыр да, барыс та, әне анау қалықтап жүрген бүркіт те. Бәрінен де адам жаман. Жаныңа жақындамай-ақ өлтіре салады. Алыста тұрып-ақ түтін түкірсе болды — өлеміз де қаламыз. Сондықтан бізге аяқ керек. Бізді аяғымыз асырайды.

Енесі лағын жанына шақырып алады. Мен қимамаймын. Еліктің лағы жанымда тұра берсе екен. Әңгіме айтса екен деймін. Өйткені ол көп біледі ғой. Бұл тауда ол көрмеген жер жоқ. Бәрін біледі. Ілесіп кеткім келеді, бірақ жүре алмаймын.

Ене елік Алып Атаға қарап:

— Рақмет, Алып Ата, жаурағанда панасың, адасқанда ақыл айтар данасың. Шыршақайларың аман болсын. Жаңбыр басылды. Күн ысыды. Киікоты мен көкемаралдың шығы ұшты. Мен мына лағымды отқа апарып, тойдырайын, — дейді. — Бұл

байғұстың әкесі де жоқ. Қайда сандалып жүргенін білмеймін. Адамдардың түтін түкірігінен, теңбіл барыстың азуынан аман болсын, жүрген шығар. Қыстың қара суығында, текебұрқақта бір-ақ жолығамыз. Аз күн қызық дәурен сүреміз. Сол біздің көрген күніміз. Қош, рақмет.

Алып Ата:

— Сау бол, Елік бике, — дейді. — Бірақ сен жаңа шыршалардың жауы жоқ деп қатты қателестің. Шыршалардан гөрі сендер, еліктер, әлдеқайда бақыттысыңдар. Желмен жарысасыңдар, тастан тасқа секіресіңдер, сәтін салса, жауларыңнан құтылып кетесіңдер. Ал, бізде аяқ жоқ. Ешқайда қаша алмаймыз. Адамдар әсіресе шыршақайларға өш. «Жаңа жыл» деген бірдеңелері бар. Қақаған қыстың қақ ортасы. Ол неғылған Жаңа жыл? Не көктемнің басы емес, дүн-дүние жаңаратын. «Жаңа жыл» дейді де шыршақайларды балтамен шауып қырып салады. Алысарға дәрмен жоқ.

— Шыршақайларыңды Құдай жаулардың балтасынан сақтасын, Алып Ата, — дейді Елік бике кетіп бара жатып.

— Рақмет, Елік бике, келіп тұр. Жоғарыдағы Ұлардың халі қандай екен? Төмендегі Кекіліктің жағдайы жақсы ма? Соны біле кел, — деп қалады Алып Ата.

Алып Ата еліктерді жақсы көреді.

— Момын жаратылған жануар, — деп аяйды. — Арқар мен Таутекенің тым құрыса мүйізі бар. Анау-мынау қасқырға алдырмайды. Ал, Елік бике байғұста о да жоқ қой. Мүйізі әлсіз. Әлсізді аяу керек.

Ал, мен ойлаймын: біз де әлсізбіз ғой. Бізді кім аяйды? Бізге қарағанда, біздің аталас ағайынымыз Арша бек бақуат. Арша әр түрлі: жайылып жататыны болады. Біз сияқты үшкірленіп, аспанға шаншыла өсетіндері де болады. «Жаңа жыл» деген жаудың Аршада шаруасы жоқ. Біз ғой желдің өтінде, жаудың бетінде тұрған. Осыны ойласам зәрем ұшады. Алып Ата жаңа Елік бикеге бар шындықты түгел айтқан жоқ.

Шыны сол: адамдар шыршақайларды ғана балталамайды. Алып Ата сияқты ірі шыршаларды да шабады. Рас, шыршақайлар сияқты жаппай емес, ірілердің ең биігін, ең сұлуын таңдайды. Оны «Патша шыршасы» деп атайтын көрінеді. Оны мен қайдан білейін, Алып Ата айтады ғой:

— Мені де әлдеқашан кесіп әкететін еді, Құдай жарылқағанда, мен сұлу емеспін, әрі десе кәрімін. Қарқарадай төбе қылқандарым ағарып, өрт шалғандай ала-құла сарғайып кеткен, — деп.

Мен сонда армандаймын: жарқабақтағы бақа-терек сияқты қисық-қыңыр болып өссем екен деп. Сұлулығың өзіңе сор. Сұлулық — Құдайдың сыйы дейді. Бірақ сиынары жоқ сұлулық қорғансыз. Қорғансыздың күні құрысын.

Адамдар айтқандай, «бесіктен белім шықпай» жатып уайымшы болдым. Өйткені қыр астында қыс тұр. Одан кейін «Жаңа жыл» дегені келеді...

Теректер мен үйеңкілердің, қайыңдардың жапырақтары сарғая бастады. Мұндай мезгілді адамдар «күз» дейді екен. Ал, «қыс» дегені түскенде теректер, үйеңкілер, қара ағаштар жапырақтарынан тып-типыл айырылып, қаңқа боп қалады. Тек біз ғой қысы-жазы жап-жасыл боп тұратын. Біз неге теректер сияқты болмадық екен. Сонда қыршынымыздан қиылмас едік.

Сол күні қар жапалақтап жауды. Күллі дүние ақторғын жамылып, бұл әлемде ешқандай жаманшылық болмайтындай, бәрі де аруланып, күнәдан пәк тазарып, кір басқан жер бетіне періштелер келіп қонғандай, керемет жұмақ орнағандай еді. Періштелер келсе, әзірейілдер жоламайтын шығар. Алып Ата солай дейді. Өйтпесе періште кім, әзірейіл кім, мен қайдан білейін.

Алып Ата да адасады екен. Айтқанының бәрі алтын емес. Дүниеде көп жасаса да, оның да білмейтіні көп. Періштелер дегеніміз, ақ жамылған қарақшылар екен. Ақыры балтасын алып жетті.

Алып Атанын айналасындағы бұлдіршін шыршаларды балталап, қылқандай қырқып тып-типты етті.

Сонда Алып Ата:

— А, Құдай! Жас жеткіншекті алғанша, мына кәрі қақбас мені неге алмайсың?! — деп күңіренді. — Айналам тақырланып, жападан-жалғыз қубас болып қалдым ғой. Енді ертегімді, жырымды, сырымды кімге айтамын, — деп зарлады.

Қарақшылар оның зарын елең қылған жоқ. Бізді дәу машинаға тиіп алып, қап-қара түтін басып тұратын «қала» дегеніне қарай ағыза жөнелді.

Балта шапқан діңімнен жылай жылжып сол ақты. Сырқырап ауырғанда жанымды қоярға жер таппаймын.

Адамдардың топастығы: шыршада жан жоқ деп ойлайды. Жан болмаса мен осынша күйзелем бе? Сол адамдардың өздерін балталап, аяқтарын жілігінен шауып тастаса қайтер еді? Бірақ олар да дүние-дүние болып жаратылғалы бірін-бірі балталап-ақ келеді ғой. Өздерін өздері. Оларды бір шырша балталаған жоқ. Өздерін өздері. Өздерін өздері аямаған, шыршаны аяп неғылсын.

Алып Ата айтушы еді:

— Жан-жануар, түрлі мақұлықат, өсімдік біткен екіге бөлінеді, — деп. — Бір парасы жыртқыштар, бір парасы момындар. Сонда Аллатағала ақылды етіп жаратқан адамдар да жыртқыштар тобына жатқаны ғой.

Дүниеде мейірімділерден мейірімсіздер көп болса, ол дүние қайғы-қасіреттен көз ашпайды.

Мені бір биік үйге алып келді. Адамдар қызық: үйлерін неғұрлым биіктете беруге тырысады. Тәңіртаумен таластырғысы келе ме екен. Бірақ Тәңіртаумен теңесу қайда-а-а.

Адамдар өтірікші болады екен. Мені иығына салып көтеріп келе жатқан Қабасақал өзіне кездескен кісіге:

— Базардан сатып алдым, — деді.

Мен:

— Сенбеңіз, мені балталап шауып алды, — деп едім, ешкім елең қылған жоқ. Сірә, шыршақайлардың тілін бұлар түсінбейтін болуы керек.

Қаусар ауа жұтып өскен мен байғұс мына қаланың ауасынан жүрегім айналып, құсқым келді. Адамдар бізде жүрек жоқ деп ойлайды. Білмейді ғой.

Қабасақал мені үйіне кіргізіп, креш ағашқа діңімді сұғып қойды. Балта шапқан жарам бұрынғыдан бетер сырқырап ауырғанда, жанымды қоярға жер таппай жыладым. Бірақ шыршаның жылағанын адамдар сезбейді.

Қабасақалдың балалары бар екен. Мені айнала қоршап: «елочка, елочка» деп қуана айқайлайды. Бұтақтарыма неше түрлі жылтырақ бірдеңелерді іліп тастады. «Елочка в лесу жила» дей ме, бірдеңелерді айтып ән салады. Қол ұстасып мені айнала береді, айнала береді.

Үйлері ыстық екен, тұншығып, ыстықтан терлеп, әрең шыдаймын.

— Аяғым ауырды, — деп жылаймын.

Бірақ ешкім менің жылағанымды естімейді. Құлақтары бітеу ме, білмеймін. Әйтпесе, біз шыршалар бір-бірімізбен сыбырлап сөйлескенде бәрін анық есітеміз ғой. Тым-тым, нәзік, өте сазды, үлбірек сезімді үнді естуді Құдай адамдарға бұйыртпаған.

Балақайлар мені айналып, айналып, түннің ортасына дейін шүлдірлесті де, ақыры бастары айналды ма — бәрі тырайып, тырайып жатып қалды.

Адамдардың балақайлары қызық болады екен: жатып ұйықтайды екен. Ал, біз болсақ, тікемізден тік тұрып-ақ ұйықтай береміз ғой.

Осылайша, шамада бір аптадай уақыт өтті. Енді маған ешқайсысы назар салмайтын болды. Балақайлар да айналмайды. Мені мүлде ұмытып кеткен сияқты. Мен өкпелеп қалдым. Адамдар айнығыш болады екен-ау, дедім. Тез жанығып,

тез суып қалады екен. Жақсы көрсен — ақырына дейін жақсы көр.

Бір күні Қабасақал менің бұтақтарыма ілінген жылтырақ ойыншықтарды: жансыз қояндарды, бұлбұлдарды, әтештерді, тағы басқаларын сылдырлатып, сыпырып алып тастады. Әрқайсысын мақтаға жеке-жеке орап, бір қағаз қорапқа салып қойды. Аяғымдағы кіреш-ағаш кебісімді де шешіп алды.

Сөйтті де, өзімді көтеріп, балкон дегеніне шығарып, биіктен-биіктен төмен қарай тастап кеп жіберді. Жүрегім тас төбеме шығып, қорыққаннан көзімді тарс жұмып алдым. Адамдар ойлайды: бізде жүрек жоқ, көз де жоқ деп. Білмейді.

Ұшып келем, ұшып келем, бір уақытта қалың қарға түсіп, қисайыңқырап барып қадалдым да қалдым. Сөйтсем ол биік үйдің кіре беріс сыртқы есігінің үстіндегі қалқан-қалпақ екен. Биіктен үстімізге бірдеңе түсіп кетпесін деп адамдар кіреберіске қалқан-қалпақ жасап қояды екен.

Тағы да болса қалың қарға түсіп жаным қалды. Тақырға түскенде талқаным шығатын еді.

Есімді жиып алған соң: «Бұған да шүкір» дедім. Ашыған капуста, арақ сасыған ыстық үйден гөрі, мынау ауасы түтін-сасық болса да дала ғой, әйтеуір.

Мені көпке дейін ешкім байқаған жоқ. Өйткені адамдар тұқшиып төмен қарап жүреді. Алтын тауып алатындай жерден көздерін алмайды. Аспан дегенді білмейді. Бастарын көтеріп аспанға бір қарамайды. Адамдар аспанға жиі-жиі қараса мейірімдірек болар еді. Бірақ бұл қалада аспан дейтін аспан да жоқ. Түтін тұмшалап тұрады.

Мені алдымен шымшықтар көрді. Кәдімгі жаушымшықтар. Оларды кейбіреулер: «воробей» дейді екен. «Ұрыны ұр» дегені болса керек. Шымшық байғұс ешкімді тонап та жатқан жоқ. Адамдар қызық: өз ұрыларын ұстап алып ұрса да жарар еді. Түйені түтімен, кемені жүгімен жұтып жатқандар

жетеді ғой. Бейшара, қысы-жазы мекенін тастамайтын, өз отанына пәруана берілген момын, әлсіз құсты ұры дейді.

Шымшықтар маған үйір болып алды. Таудағы құстар сияқты бұлар да шыршалар тілін біледі екен. Тек адамдар ғой өздерінің тілдерінен басқаны түсінбейтін.

Шымшықтар шиқ-шиқ етіп:

— Қайдан келдің?

— Қалқан-қалпаққа қай қабаттан түстің? — деп сұрайды.

Мен болған істің бәрін айтып бердім. Олар мені аяп, Қабасақалға ашуланып, өздерінше шу-шу етті.

Менен:

— Не керек, жаурамайсың ба? — деп сұрады.

— Жоқ, жаурамаймын. Тек аяғым сырқырап ауырады. Жарасы жазылмай қойды, — дедім.

— Олар:

— Қар кеткен соң аяғыңды балшықпен емдейміз, — деді.

— Қар кәзір мені тіреп тұр ғой. Еріп кетсе, құлап қалмаймын ба? — деймін.

— Құлатпаймыз!

— Құлатпаймыз! — деп шулады шымшықтар.

— Аяғыңның айналасына топырақ үйеміз.

Кәдімгідей үміттеніп қалдым. Аяғымның қақсап ауырғаны да азайып деді.

Ақыры күн жылып, қар ери бастады. Мен бір жағыма қисайып, құлайын деп те қалдым. Астымдағы сұр бетон жалаңаштанып бара жатыр. Қап-қатты.

Әне сонда шымшықтар аяғымның айналасына балшық, топырақ таси бастады. Олар бұрынғыдан да көбейіп кетті. Сірә, басқа аулалардың да шымшықтарын асарға шақырған болуы керек.

Енді шымшықтарға қараторғайлар қосылды. Қараторғайлар шымшықтардан гөрі үлкенірек қой. Қаланың қараторғайлары.

Қарғалар жаныма жоламай, аулақтан бақылап отырады. Ақыры олар да істің мән-жайын түсініп, жүн-жұрқа аралас балшықты тұяқтарына уыстап алып, төбемнен төмен қарай тастайтынды шығарды.

Алыстан-алыстан, Африкадан арып-ашып жеткен наурыз-көктер де қарап қалмады. Олар да шымшық сияқты кішкентай. Ол бір арамдығы жоқ, тілеуқор құс қой. Тіпті кептерлер де қаптап келді. Мысыр кептерлері де қарап қалмады.

Сөйтіп астыма едәуір төбешік үйілді. Мен енді құламайтын болдым. Балта шапқан жарам да қақсағанын қояйын деді. Тұла бойым исініп, тамырларыма сол жүгіре бастады. Біздің сөліміз — адамдардың қаны сияқты ғой. Сөлі барда ағаш дүниесі оп-оңай өле қоймайды. Сөлі біткенде ағаш қурайды, өледі.

Ақыры астымдағы тас бетон шытынай бастады. Балта шапқан жарамнан тамыр өсіп, бетон жарықшағын кеулеп, тереңдей берген сияқты.

Сөйтіп тоғыз қабат үлкен үйдің қалқан-қалпағының үстінде мен жайраңдап, қайтадан құлпыра бастадым. Шымшықтар мені ұмытқан жоқ. Бұтақтарыма қонып, қылқандарыма тұмсықтарын үйкеп, мені аялап, мәпелегендей болады. Тіпті Мысыр кептері менің бұтағыма ұя сала бастады. Мысыр кептері дүниедегі момын құс. Бұтағына құс ұя салған ағаш — зәһарсыз, мейірлі ағаш.

Мені адамдар да байқай бастады. Сұп-сұр бетонның үстіне өсіп тұрған бұл не керемет деп таңғалып, таңдайларын тақылдатты. Қабасақал сонда мақтанып:

— Бұл менікі ғой. Оһо! Қалай, ә! Келер Жаңа жылда үйге қайтып апарамын, — деп кеңк-кеңк күліп алды.

Бірақ, «бұйырса» деп айтпады. Айтқанда, бәлкім, мені тағы да балталап шауып, үстіме әлем-жәлемін іліп, ит әуреге салар ма еді, кім біледі.

Астымдағы сұр бетон әбден шытынап, о да топыраққа айнала бастағандай еді. Негізіне тартқан шығар. Дүн-дүниенің негізі топырақ қой.

Бірде түні бойы жаңбыр жауды. Жердің бетін сел алып кетті. Таңертең жұмысқа асыққан адамдар қалқан-қалпақтың астына тұра қалып, қолшатырларын ашып, су кешіп, бүрсеңдеп кетіп бара жатты.

— Оho! — деген дауысты бірден таныдым. Бұл Қабасақал еді. Қалқан-қалпақтың астында шылымын тұтатып біраз тұрып қалды. Шылым тартқанын түтіннің иісінен білдім.

Бір кезде қалқан-қалпақ күтір-күтір ете қалып, гүрс етіп жерге құлап түсті. Мен де құладым. Есім ауып көп жатыппын.

Бір уақытта бульдозер деген келіп, бетон сынықтарын, олармен қоса мені де қоқыс машинаның үстіне лақтырып-лақтырып тастады.

Есім сәл-сәл кіре бастағанда байқасам: адамдар у-шу. Әлдекімдер бақырып жылап жатыр. Сірә, Қабасақалдың әйелі, балалары-ау дедім. Жөнді көре алмадым. Өйткені машинаның қорабында, бетон сынықтардың астында қалдым ғой.

Машина жүріп кеп берді. Қайда бара жатыр — білмеймін. Сірә, қаланың сыртына апарып төгетін шығар. Сонда мен ол жерде тағы да тамыр жая аламын ба, жоқ па — болжаусыз. Бәлкім мен де, Қабасақал да топыраққа айналармыз. Өйткені бәріміздің негізіміз топырақ қой.

АМАНАТ

Ауыл сыртында автобус тосып, жападан-жалғыз ербиіп тұр едім, бір кез тық-тық дыбыс шықты. Таңғы алагеуім арасынан осылай қарай келе жатқан адам көрінді.

Жұлдыздар әлі шақшиып тұр. Таң атып келеді-ау деп именетін емес. Тау жақтан бойды қарыған леп бар. Ұйқысын қимай тұрған адам лезде ширыққандай шымыр, салқын.

Жаңа келе жатып бір арыққа сүрініп кетіп жығылып қала жаздап едім, мынау қайтер екен деп тұрмын. Таяқ әлгінің алдын орағытып жерді тінткілеп келіп, арыққа тік төмен шаншылғандай болды. Адам қалт тұра қалды. Оң аяғын аспандата көтеріп барып, атыздан абайлап өтіп алды.

Сонда білдім — Мүсілімхан екен. Арыққа мен сүрініп, Мүсілімхан аман-сау өткеніне таң қалып тұрмын.

Қайран Мүсілімхан! Екеуміз кездеспегелі қай заман. Мені таныр ма екен, танымас па екен? Демімді ішімнен алып, тына қалғам. Арықтан өтіп алған соң жерді тінткілеп біраз тұрды да, тура маған қарай қаздаңдады.

«Қараңғыда қалай жол тауып келеді?» деп ойладым. Бірақ оған күн, түн дегеніңнің айырмашылығы жоқ екені есіме түсті.

— Кім де болсаң — бір сәлем!

Барқыраңқыраған баяғы даусы. Өзгермепті!

— Тілің жоқ па? Неге үндемей тұрсың-ей! Ә, арам! Молдабектен саумысың!

Оның кірпік қақпайтын көздері аспандай қарап, аузы аңқайып, жақындап кеп қалды. Иіс тартқандай, делдиген танауы жыбырлайды. Таяғын салмақтап, оңтайланып келеді. Баяғы бала күнімізде, осы Мүсілімхан келе жатқанда үндемей алдап тұрып, құйрығынан түртіп қалып тұра қашушы едік.

— Ә, арам! — деуші еді Мүсілімхан таяғын шыр айнала жасқап. Бұл дөрекі ойынға әсіресе Молдабек деген құрдасымыз құмар болатын.

Аяғында керзі етік, үстінде қара пальто, басында жөндем құлақшын. Көктем шығып келе жатса да, қысқа лайық киім.

Мен тағы біраз «жасырынбақ» ойнамақ боп тұрып, Мүсілімханның әкесі қайтыс болғаны кенет есіме түсті де, ойынды тез доғардым.

— Амансың ба, Мүсілімхан!

Беті маған, көзі аспанға қарап тұрып:

— Ой, Барсхан бауырым! — деп мені іздеп, қолын алдына созды. Амандасып тұрып арқамнан қақты!

— Ой, Барсхан бауырым! — деді тағы да, езуі жиылмай.

— Әкейдің қазасы қайырлы болсын!

Ол езуін тез жиып алды. Әкесінің қайтқанын жаңа естігендей аңырып, меңіреу халде біраз тұрды.

— Терең қазып, тепкілеп көмдік жәкемді, — деді кенет сампылдап. — Жәкем енді апатайым екеуі қосылып, ана жайда құдайдың қойын бағып жүр. Апатайымды соңғы кезде қайта-қайта айта беруші еді, түсіме көп кіретін боп жүр деуші еді, жәкем жарықтық. Сөйтсем, соған аттанайын деп жүр екен ғой.

Автобус аялдамасына ақ жаулық салған әйелдер, түлкі тымақ киген шалдар жақындай бастады. Бағанағы арыққа бір-бір сүрініп:

— Құдай-ай, осы колхоздың жолы-ай! — деп келе жатқандарға сәлем бердік.

— Е, Мүсілімхансың ба? Айналайын, Жәкеңнің жасамаған жасын саған берсін.

— Мынау қай бала? Е, Барсхансың ба? Айналайын. Қашан кеп қалдың? Жаман шешеңді бір көріп кетейін дегенсің ғой. Жаман шешең көзайым боп қалған екен ғой.

— Енді қайтып бара жатыр екенсің ғой. Әйтеуір, қайда жүрсеңдер де аман болыңдар.

— Аман ердің аты шығар.

— Қайда жүрсеңдер де жолдастарың қыдыр болсын!

Кішкентай сары автобус келді. Жабылып мініп алдық. Тау бөктерлеп шыққан жолмен әне-міне дегенше Борандыға да кеп қалдық. Жолаушылар қаптарын, қоржындарын көтеріп

базарға асықты. Бізді ұмытып кеткендей, қоштасқан жоқ. Әлде өзіміздің ауылдың балалары ғой, қайтып оралады ғой деді ме...

* * *

Мүсілімхан екеуміз Күншуаққа жүретін автобусқа ауысып міндік. Күншуаққа дейін жолымыз бір. Одан ары Мүсілімхан Шуылдаққа, мен — Алматыға тартамын.

Мына автобус әлгі ауылдан мініп келгендегіден үлкен. Орындықтары шалқайма, жұмсақ. Мүсілімхан екеуміз қатар отырдық. Таяғын ірге жаққа тығып, жау алып кететіндей бөкसेсімен басып отырды. Кәдімгі қызыл күрең алша таяқ. Несіне сонша алтын, күміс орнатқан балдақтай ардақтады деп онысын ерсі көріп қалдым.

Автобус Борандының көшелерімен бұралаңдап біршама жүрді де, «Ташкент — Алматы» трассасына шықты. Енді жүрісі ширап, солтүстік-шығысқа бет түзеп, айт жануар, шүү деді. Өне-міне дегенше, көзді ашып-жұмғанша, Терісаққан өзенінің көпірін дүбірлетіп өте шығып, Қаратау бөктерін қиялай тартты. Алатау қапталдасып оң қол жақтан жарысып барады.

— Біздің Айнабұлақ көріне ме? — деді Мүсілімхан. Сөйтіп автобустың терезесін жеңімен сүртіп қойды. Кім үшін сүрткенін түсінбедім.

— Көрінеді. Ақсайдың аузынан шығып жатқан екі айыр жол сияқты. Екі көше көрінді.

— Алыста қалған шығар, жарықтық.

— Алыста қалды. Үйлері көрінбейді. Тек тал-дарағы қараяды.

Үйлердің көрінбегені қапа қылғандай тұнжырай түсті. Екі ұрты салбырап, кірпік қақпайтын көздері қимылсыз. Оң қолымен алша таяқты сипап қойып, беті маған, көзі айдалаға адасып тағы да:

— Алатауды бұлт бүркеп тұрған жоқ па? — деді.

— Бұлт жоқ. Күн шыжып келе жатыр. Алатаудың басы жарқырап барады.

Мүсілімханның екі езуі қайтадан екі құлағына жетті.

— Маған Ұлтай айтып еді, бұдан биік тау жоқ деп. Жарықтық, жатыр десеңші жарқырап.

— Ұлтайың кім?

Мүсілімханның жүзін бұлт басқандай лезде тұнжыр тартты. Екі ұрты қайтадан салбырап кетті.

— Ұлтай менің әйелім еді ғой, — деді.

— «Еді ғойың» қалай? Кәзір қайда?

Әлдекімді ұрып жібергісі келгендей алша таяқты құшырланып қысып-қысып қойды.

— Ауылға айында-жылында бір-ақ келесің, оның өзінде өз үйіңе ғана бір түнеп қайтадан қайқайып отырасың. Әрине, онан соң ауылдың жаңалығын біле бермейсің. Мен Шуылдақта жұмыс істеп жүргенде үйлендім. Не жұмыс дейсің бе? Біздің қолдан не келуші еді, артельдің жұмысы. Ботинканың бауын жасаймыз, шампанның тығынын жонамыз, сондай ұсақ-түйек, бірақ, әйтеуір, жұртқа керек. Арамтамақ емеспіз, бір жақсы жері. Тапқан нанымызды ұялмай жейміз. Ұлтай да сонда істеген. Екеуміз қосылған соң қол ұстасып елге бардық. Жәкем қуанып кәдімгідей той жасады. Бірақ бізді қайтадан Шуылдаққа жібермей қойды.

— Сен сыртта жүргенде, тыныш ұйықтай алмаймын. Көз алдымда бол. Өле-өлгенше, көзім жұмылғанша, саған көз болуға тырысайын. Түнде жатсам түрлі-түрлі түс көріп, сен суы ліпідеген терең әуітке түсіп бара жатыр екен деп, айқайлап шошып оянам. Қал осында, — деді.

— Құдай қос көрсе, немере сүйермін...

Жәкем жарықтық Ұлтайды туған қызынан артық санады. Ұлтай бес-алты ай өткенде аяғы ауырлады. Бәлекетім көжеге тойып қалыпты сөйтсем. Жәкем жарықтық қуанып, келінін алақанына салып аялап, үйдің бар тірлігін өзі істеді-ау.

Содан бір күні... Е, несін айтасың, Барсхан бауырым, түлен түртті ғой бұ адам баласын. Кәдімгі Молдабекті өзін білесің ғой. Аузына атасақал біткенше сол баяғы қу жындылығын қоймады ғой. Кейінгі кезде көрдің бе өзін? Ұқсамасаң тумағыр, ел айтады, өзін: құдды тарттырған текедей деп. Әйтпесе мен қайдан білейін.

Содан бір күні... Үйдің жанындағы сайдан тірнектеп жүріп биеге деп жоңышқа орып үйге келе жатсам, Ұлтайдың ышқынған даусын естимін:

— Жіберіңізші енді, не болған сізге! — дейді. «Япыр-ау, шыннан Ұлтай ма?» — деп қалт тұра қалғам.

— Сүп-сұлу боп, өзі шотыр, өзі соқыр соны қайтып сүйесің, — деді біреу.

«Ә, бәлем, Молдабексің-ау», — дедім.

— Әй, Молдабек, ә арам! — деп тұра кеп ұмтылыпшын. Екеуі екі жаққа қашса керек, әлгі дауыс естілген жерде орнын ғана сипалап қалыпшын. Сөйтіп ем, анадайдан Молдабек мені мұқатып былай деді:

— Хат жаздым, қолыма алып, ой, дәуіт-қалам,

Ұлтай-жан, ішіндегі-ау менің балам.

Сүт беріп, қаймақ беріп, ой, асырап бер,

Болғанда қара табан өзім алам, әкку-ай...

Қара жер теңселгендей болды. Дауыс шыққан жаққа қарай темір таяғымды қадап кеп ұрдым. Тимеді, өйткені Молдабек жыңды енді арт жағымнан келіп:

— Ішің күйсе, тұз жала,

Сыртың күйсе, домала, — деді...

* * *

Ол оқыстан басын кегжең еткізді де, әлдеқайдан тың тыңдағандай, дыбыс шығармай қалды. Бетіне енді туралап қарап едім, самайын ақ шала бастапты. Шешектен қалған дақтар тереңдей түскен. Жаңбыр жауса қақ тұрғандай. Ақ

басқан көздер қалайда сірескен шелді тесіп шығардай бір тынбай аунақшиды.

— Немене тесіле қалдың? Танымай отырсың ба? — деді жұлып алғандай.

Мен сасқанымнан:

— Оны қайдан білдің, көріп отырсың ба? — деппін.

— Деміңнен біліп отырмын.

— Жә, одан ары не болды?

— Не болушы ед? Жәкем жарықтық мені кішкентай күнімде арыққа, шұқырға түсіп кетпесін деп жетектеп жүруші еді ғой. Содан мен әлгі ашумен әйелді қуып жібергеннен кейін жәкем:

— Мүсілімхан-ау, мен өлмейді дейсің бе? Мен өлгенде сені кім жетектеп жүреді? Сені сонда жетектеп жүретін адам анау келінмен бірге кетті ғой. Тауып кел, алып кел! — деді.

— Бармаймын. Керек болса, өзі келсін, — деппін.

— Жәкем мені ұрады деген үш ұйықтасам ойымда жоқ. Оң жамбасымды ала бірдеңе сарт ете қалды. Жылан шаққандай атып тұрдым.

— Бармаймын. Өлтірсең де бармаймын, — дедім қасарысып.

Тағы ұрар деп бұға бердім, бірақ ұрмады. Е, Барсхан бауырым, енді сол жәкемді мына дүниені алты айналып айқайласам да таппаймын. Сондағы мені ұрған таяқ мынау. Әкемнің көзі... Шуылдақ жақтан Ұлтайды іздемекпін. Одан табылмаса Күркіреудегі төркініне барамын. Мүмкін, мүлде басқа жаққа кеткен шығар. Әйтеуір, тапқанымша іздей беремін...

Күншуаққа жеттік. Мүсілімханмен қоштастым.

— Аман бол, есендікпен кездесейік, Барсхан бауырым, — деп шақырайған күнге қарап таяғын қолтығына қысып тұрып, қолымды сипалады.

Енді бір сәт ол алша таяқпен алдын тық-тық түрткілеп, су кешкен адамша аяғын көтере басып бара жатыр екен.

Сол қолын да алға соза береді. Сол қолынан бұрын жәкесі жетектеп жүретін. Соған дағды алып қалғандықтан шығар, құр бос ауаны қармап барады. Әлде сол қолы жоқ іздеп жүр ме екен?..

ТЕКЕБҰРҚАҚ ШОЛАҚ ШОПАН МЕН АҚСАҚ АРЛАН

Алыстан талықсып жеткен сарқылмас сарын. Ғарыш әуені. Жалған дүниенің күйбеңінен басқа, асқақ үн.

Тәңіртау басына сонау терістіктен, Мұзды мұхиттан шаршап-шаддығып жеткен ызғарлы сұр бұлттар келіп қонақтағанда ақшулан Абадан үңгіртастың үстінде шоқиып отыр еді.

* * *

Жаңа шыққан Күнге гимн. Има Сұмак орындайтын сұрапыл, шырқау биікке көтерілетін ән. Әлем ышқынған сәт.

Керегетас қыстауына ылдидан жаңа көшіп келген шопандар қойларын қорадан шығарып, өріске беттеген шақ. Күзгі күн бұлт арасынан бір көрініп, бір көрінбей кететін таңғы мезгіл.

* * *

Қазанған күйі «Көкіл».

Шеткі қорадан шыққан отардың соңынан салпы қарын торы атқа мінген шошақ бөрікті шопан Абаданға таныс сияқты көрінді.

Абадан оған сұп-суық көздерін сұқтана қадады. Тіпті шоқиған орнынан тұрып кетіп, ақсаңдай басып, жақпар тасты тасалап, әлгі торы ат мінген шопанға қадала қарады.

* * *

Тыва сарын. Өңеш өлеңі.

«Соның өзі», — деді ішінен Абадан.

* * *

Тыва (ұрыңқай) сарын. Өңеш өлеңі.

Шопанның оң қолы шолақ. Шолақ қолдың жеңін белдігіне қыстыра салыпты. Торы аттың тізгіні де, найзадай ұзын таяғы да бір-ақ қолда. Сол қолында.

* * *

Қыл қобыз. Ұлыма дыбыс.

Қақпақ тас. Түсі қызыл-күрең. Асты қуыс. Қуыстың аузында түсі суық, көздері ызғары көкшулан Құртқа қасқыр алдыңғы аяқтарын көсіліп жатыр.

* * *

Алты айлық үш бөлтірік. Айнала ірілі-ұсақты қаңқа сүйектер. Бөлтіріктер аш. Бұралып жатыр.

Қақпақ тас астындағы үңгірдің аузы айнала ағарған қу сүйектер. Кекіліктің қауырсыны. Қызыл суырдың тулақ терісі. Мүжіле-мүжіле сиқы кеткен қойдың басы мен жіліктері.

* * *

Ғарыш сарын. Әлем астан-кестен сыман.

Өзі ақсақ, өзі аш Абадан буда-буда бұлттарды қуалаған күнбатыс желіне қап-қара тұмсығын тосып, ауаны ұзақ ііскеледі. Әлденені сезгендей, оң жамбасы шойнаңдап барып, орнынан тұрды.

* * *

Батыстың желі қуалаған буда-буда бұлттармен араласып бір ерекше иіс келе жатқандай сұп-суық қара тұмсығын желге қарсы ұмсына төседі.

* * *

Құрманғазы. Күй «Көбік шашқан».

Қасқырлар ұялаған қақпақты жартастың асты терең қуыс. Төменде ақ көбігін аспанға атып асау өзен ағып жатыр.

* * *

Күркіреп жатқан, ақ көбігін аспанға атқан асау өзеннің арғы беті дүлей орман. Зипа бойлы терек, үшкіл арша, арасында жемісі уылжыған долана мен зірік, пісігі әбден жеткен алтынсары шырғанақ, қызылкүрең итмұрын — бәрі-бәрі

араласып, айқасып, арасынан адам өте алмайтындай сарыала ну орман.

* * *

Орманның ылди жағы алаңқай. Айнала дөңкиіп-дөңкиіп жатқан түйе тастар.

* * *

Орман арасынан бір топ тауешкі шыға келіп, алаңқайға шоғырланды. Әуелі жан-жағына қарап, тосырқап қалғандай болды. Адам-қасқырдан, төрт аяқты арлан қасқырдан зәрезап болған тауешкі «екі шоқып, бір қарауға» мәжбүр.

* * *

Абадан қасқыр қақпақ тастың үстінен бәрін де көрді. Көрді де құдай өзі айдап келген «олжаға» қызығып қыңсылап-қыңсылап жіберді.

* * *

Қақпақ тастың астындағы құртқа қасқыр мен жас бөлтіріктер құлақтарын тікшите қалды. Орындарынан атып-атып тұрды.

* * *

Жарапазан. Ауыл балалары.

Ораза айы. Ылдидағы ауыл адамдары ақшам шағында Нәпіл қойшының үйіне жиналған. Ауыл молдасы дұға оқыды. Дастарқан басында отырғандар енді әр түрлі әжік-күжік

әңгімеге кіріскен. Үй иесі Нәпіл қойшы оң қолының жеңі салбырап, сол қолымен шоқша бурыл сақалын сипалап, уыстап қойып отырған. Құрдасы Қияс тиісті:

— Әй, Нәке, Абадан арланнан оң қолыңды қашан даулайсың?

Нәпіл:

— Онда Абадан арлан менен артқы оң аяғын даулайды.

Қияс:

— Оң аяғын атқаның рас па өзі?

Нәпіл:

— Рас. Жақында Үңгір тастың үстінен көрдім. Қойды қорадан шығарып, өріске беттеп бара жатқанда көрдім. Жар басында шоқиып отыр екен. Менің мылтығым жоқ екенін сезіп серейіп орнынан тұрды. Бір аяғы жоқ. Жүрегім су-у-у ете қалды. Қадалып қарады да тұрды. Мен де қарадым. Көздеріміз бір-біріне түйісті де қалды. Абадан тиіскен жоқ.

* * *

Құрманғазы. «Көбік шапқан».

Аспан тұтас түнеріп, қар аралас жаңбыр жауа бастады. Жартас астындағы өзен өрепкіп, өршеленіп кеткендей болды.

* * *

Қияс:

— Әй, Шолақ батыр, онда ол ата жауыңды ұстау оңай ғой, бір аяғы жоқ болса...

Нәпіл:

— Ұстамаймын. Атпаймын.

Қияс:

— Неге?

Нәпіл:

— Ол киелі қасқыр.

Қияс:

— Сені шолақ қылған жауың киелі ме?

Нәпіл:

— Ол маған шапқан жоқ. Үріккен аттан өзім құладым.

Қияс:

— Аттан талай құладық, еш жеріміз сынған жоқ. Жүрміз
ғой, аяқ-қолымыз аман-сау.

Нәпіл:

— Жазым болса, быламыққа тіс сынады. (Дастарқан басы.
Әр түрлі әжік-күжік әңгіме. Бәрі намазшам намазына тұрады.)

* * *

Жаңбыр азайып, қар қалбалақтап қалың түсе бастады.
Арғы беттегі тауешкілер сұлбасы әрең көрінеді.

Ғарыш сарын.

Абадан үш аяқтап орнынан тұрып, жартасты жағалап
төмен түсе бастады. Соңынан көкшулан Құртқамен серейіп-
серейіп үш бөлтірік ілесті. Ақсақ Абадан өз қаншығына үміт
артқандай, Құртқаға бұрылып қайта-қайта қарай берді.

* * *

Тауешкілер шоғырынан екі теке бөлініп шығып, екеуі екі
жаққа шегініп кетіп, кері бұрылып, бір-біріне қарсы шапқанда,
мүйіздері шақ-шұқ соғысып, арасынан от шыққандай болды.

* * *

Бөрілер өзен жағасындағы қалың шырғанақтың арасынан
бұл шайқасты бақылап ұзақ тұрды.

* * *

«Көбік шашқан».

Таутекелер соғысы көпке созылды. Осы екеудің қайсысы жеңеді — сол ана үркердей шоғырланып тұрған ұрғашы ешкілердің жеке-дара қожасы болып қалады. Ұрғашыларында таңдау жоқ. Мына екеудің қайсысы жеңімпаз, соның «харамында» қалады.

Аш бөрілер толқынмен жарысып, тілдері салақтап, тажалды суға сүңги жаздап, амалы құрып, айла таппай, алқына көсіледі.

* * *

«Кісен ашқан».

Жанқияр арпалыстан соң аптығын басқан Жеңімпаз теке бір қора ешкілердің алдымен ірілерін таңдап, шетінен асыла бастады. Әлде үрей, әлде қызығу сезімдегі жас шыбыштар шолақ құйрықтарын шошаңдатып, шыжбаңдай берді. Бірақ өреше тәртібін ешқайсысы бұзбай, болар іске тәуекел деп мойын ұсынғандай.

* * *

Баяғы-баяғы бағзы замандағы зілзалада шыңнан құлап түскен зіл тастарға толқын соғып, ақ көбік аспанға атқылайды. Сол тастардың біріне кексе теке тіреліп, кептеліп қалды. Дөңкиген тастың тасасында иірім пайда болған. Есектей текені сол иірім ұршықша айналдырды.

* * *

Жеңімпаз теке аузынан сілекей ағып, алқынып-ақ қалды. «Харамды» қорашалаған күйде тастап, тарғыл-тарғыл жартастың қуысына кіріп кетіп, төбедегі қатқан қара қабыршықты қомағайлана жалай бастады. Бұл бойға қуат беретін тастың селі еді. Миллиондаған жылдардан бері беріш болып қатып қалған қара қаспақ. Мұны біреулер мумие дейді.

* * *

Судағы түйетас пен асау өзен жағасы онша алыс та емес — оншақты қадам. Абадан қасқыр үш аяқпен жүзе алмайды. Абадан мен Құртқа бір-біріне қарайды. Көз қараспен-ақ бір-бірін түсінеді. Құртқа бұлт басқан аспанға қарап, тұмсығын көтеріп, Тәңірге жалынғандай ұлып-ұлып жібереді. Өзеннің бұлқына аққан ағысына қарсы жағадан қарғып түседі. Бір сәт ақ көбікке көміліп, көрінбей кетіп, түйе тастың тұсына жете бере қайта қалқып шығып, иірімде шыр айналған текеге азуы ілінеді. Жағаға сүйреп шыға бергенде алқынған толқын Құртқаны да текені де жаңқа құрлы көрмей ағыза жөнеледі.

* * *

Тарғыл тастың қап-қара қаспағын жалап-жалап алып, Жеңімпаз теке қорашаланып тұрған ешкілерге мекірене шапқылап қайта оралды. Шыжбыңдап тұрған шыбыштарға қарай айбаттана қарғиды.

Ыңырсыған күй сарыны. «Көбік шашқан».

Ақ көбік атқан толқындардан Құртқа қасқыр мен жеңілген теке бір көрініп, бір батып кетіп, қайтадан қылаң етіп, қайта

көрініп, асау ағыстың ырқынан құтыла алмай, әлі ағып кетіп барады. Жағадағы Абадан ұшаяқтап, жан ұшыра қуалайды. Суға қарғып түспекке әлденеше ұмтылады. Бірақ бата алмайды. Артынан бөлтіріктер құлдыраңдап жүгіреді.

* * *

Нысапсыз Жеңімпаз теке кексе ешкілерді тояттандырып болып, жас шыбыштарға кезек-кезегімен асыла береді. Ләззатқа бөленген ешкілер пысқырынып, бір тұтам құйрықты шыжбыңдатып, табиғат орнатқан тәртіпті бұзбай, қорашаланған шеңберден шықпай, Жеңімпаз жұлқар текенің ырқына көніп тұра береді.

* * *

Асау өзен тар шатқалдан алқынып, кеңістікке шыққан соң жайықтай жайылып, жайсаң жайдары қалыпқа түседі. Аспанға атылған ақ көбік те жоқ, түйенің өзін ағызып әкететін тентек, асау мінезі де жоқ, жаяу бүлкекке түседі. Өне сол кезде Абадан суға үш аяқтап қарғып түсіп, текені алқымынан алып, жағаға қарай сүйрейді. Бөксе жағынан Құртқа итереді. Жағадағы бөлтіріктер шыдай алмай, олар да өзенге қарғып-қарғып түсіп, бәрі жабылып қаумалап жатып, құрбан болған текені жағаға алып шығады.

* * *

«Көбік шашқан». Әлсіреген сәт.

Он екі ешкіні ұрықтандырып болған Жеңімпаз бұрынғы арынынан арылып, қалжырай бастады. Әдепкі әдетіне басып, ешкілердің біреуіне асыла беріп, тәлтіректеп кетеді. Мұны

сезген ешкілер шеңберден шығып, қораша тәртібін бұзып, бастарын көтеріп, қалжыраған Жеңімпазға мөлие қарасып, пысқырынып, аңырып тұрып қалады.

Жеңімпаз теке жартас астындағы үңгірге, төбеде қатқан қара қаспаққа жетуге зар болып, орта жолда сүрініп кетеді.

* * *

Күн күркіреген, найзағай жарқыл ойнаған сәт.

Жағаға жабыла сүйреп шығарған текені бөрілер қарнын жарып жіберіп ішек-қарнын, өкпе-бауырын, жылы-жұмсағын қан-жынымен аралас қомағайлана асап-асап қылғытып жатты.

Текенің ішін кеулеп болған соң бөрілер біраз тыныстап, ашқарынға түскен олжаны көтере алмай, енді жаңа түскен жұқалаң қарды қарпып-қарпып жұтып, қисайып-қисайып жата кетті.

* * *

Қар да, жел де сап тиылып, жарқырап күн көрінді. Тәңіртаудың қарлы асқар шыңдары күнге шағылысып, күміс жалатқандай жалт-жұлт етеді.

Қасқырлар сәл тыныстап алған соң, текенің қалған денесін жабыла сүйреп, өз мекендері Қақпақ тасқа жеткізуге әрекет жасады.

* * *

Әлгі бір алай-дүлей бұрқақтан кейін аспан шайдай ашылып, көгілімжай бір керемет нұрға бөленді. Тіпті ар жақтағы жақпар-жақпар, құж-құж тастардың, жаңа түскен келіншектей ақ жамылған Зипа шыршалардың бәрі-бәрі

сызылып, сыңсып тұрғандай... Арғы беттен бергі бетке қарай қалықтап ұлар ұшты. Қарны кеуек текені жабыла сүйреп зорыққан қасқырлар, тау жаңғырта қақылықтаған ұларға назар да салған жоқ. Сұлап-сұлап жата кетті.

* * *

Орманы жоқ, шыршасы жоқ жалаңаш шыңдар тым-тым асқақтап кеткендей кекірейеді.

* * *

Има Сумак. «Күнге табыну гимні».

Тек асау өзен ғана бұрынғыша өрепкіп, гүрілдегенін қояр емес.

* * *

Опасыз дүние сарыны. Бәрі де өткінші.

Арғы беттегі алаңқайда ұрықтанған, махаббат сайранын тойлаған ешкілер аумин, ізім-қайым жым-жылас жоқ.

Әлгіде ғана барлығы құлдық ұрып, бастарын иіп, «ләббай, тақсыр», деп тұрған ешкілер енді Жеңімпаз текені жалғыз тастап кетіпті. Арғы бетке Ақсу-Жабағылыға асып кеткен ешкілердің соңынан ілеспек болған Жеңімпаз теке бөкесі салбырап, бір аттап, екі аттап, сілесі қатып, сілекейі шұбырып, жата кетеді. Өкпесін алға сүйрейді, тұра алмайды.

* * *

Өлесі болған Жеңімпаз текені қақпақтастың үстіне шыққан Абадан жазбай таныды. Бір тұрып, бір жығылып, кирелеңдеп

қалған Жеңімпазды көріп, Абадан төменде ыйқы-жиқы құлай кеткен ұяластарына ырылдап белгі берді.

Абадан ырылдаған қаһарлы дыбысын адам тіліне аударғанда, шамада былай естіледі. Бір тойғанға мәз болып кергімеңдер. Алда қатал қыс бар. Тіске басатын тышқан табымай ашығасыңдар әлі. Бізге қор жинау керек. Ылдидағы ауылдың малын алу қиындап кетті. Бәрі сақ кәзір. От шашатын мылтықтары бар. Малың алдырмайды. Шәуілдек иттері де көп.

— Сонда неғыл дейсің? — дегендей Құртқа қасқыр Абаданға ызғарлана қарады. Қарындары шеңбіректтей болып тойған бөлтіріктер қисалаң-қисалаң етеді. Мөлшерсіз тойған да мас.

Сонда Абадан айтты:

— Әне, анау арғы бетке қараңдар. Сүйретіліп, тұра алмай жатқан текені көрдіңдер ме? Жеңімпаз теке сол!

* * *

Қанша тояттап, қарындарын көтере алмай жатса да, Құртқа мен бөлтіріктер орындарынан ұшып-ұшып тұрды.

— Текелер нысапсыз, — деді ішінен Абадан, — біз де өлмей жүрміз жалғыз қатынмен. Текелерге обал жоқ.

* * *

Құртқа сұңғыла ойлы ғой.

— Жеңімпаз теке көп қатынға ие болмағанда, біз аш қалатын едік қой. Мына байғұсты, — деп жарылып, жайрап жатқан жемтікті меңзеді. — Жеңімпаз теке суға құлатпағанда — күніміз не болар еді... — деді.

* * *

Жеңімпаз теке кеудесін сүйрегенмен бөксесі көтерілмейді. Тарғыл жартастың қуысындағы қатқан қара қаспаққа —

мумиеге жетуге ынтызар. Жетсе — бөксесін көтеріп жүруге, Ақсу-Жабағылы жатқан беткейге жетуге жарап қалар еді.

Тауфихсыз жәлептер мұны жалғыз тастап кетті. Еркек сорлының пешенесіне осы үлес бұйырған. Ұрық шашады, ұрпақ қалдырады. Өз басын құрбандыққа шалады.

* * *

Ыңырсыған «Көбік шашқан».

Асау өзеннен төтесінен өте алмайды. Абадан бастап, жемтікті сүйрелеп, Қақпақтастың астына кіргізіп тастап, қасқырлар қайтадан ылдилап, өзеннің жайқуат, жайық жеріне жетіп, арғы бетке өтті. Арғы жағаға шығып, дүр-дүр сілкініп алып, өрге қарай шапшыды.

* * *

Жеңімпаз текенің үстінен қалбиған дәу қарақұс шыр айналып қалықтады да жүрді. Мол олжадан о да дәмелі. Жеңімпаз теке қимылсыз қалған сәтті күтеді. Әне, сонда тышқан аулағыш құладын құс текенің ең алдымен көзін шұқып жемекші.

* * *

Құртқа бастаған топ Жеңімпаз теке жатқан жерге жақындаған сайын ала қанат сауысқан жан ұшыра шықылықтап жағадағы қалың жыныс тоғайдың әр бұтағына шошаңдап ұшып-қонып, шыжбыңдай берді.

* * *

Абадан өрге қарай ұшаяқтап жүруден қалжырап қалды. Құртқа қасқыр артына қарайлай береді. Ал, бөлтіріктер

өршеленіп, едіреңдеп кетіпті. Алда тағы да молшылыққа кенелерін сезіп, тілдері салақтап, ата қасқыр мен ана қасқырдың аялдағанына шыдай алмай, қыңсылап-қыңсылап қояды.

* * *

Төбесіне аспан тиген қарлы шыңдарды мекендейтін Теңбіл барыс әлдеқалай таудың шыршалы белдеуіне түскен. «Жүргенге жөргем ілеседі» дегенді барыстар да біле ме, әйтеуір жүріп-жүріп, Ешкіқорғанның тұсына шығып, жан-жаққа шапыраш көзін тігіп еді, байбалам салып шықылықтап жүрген алақанат сауысқандарды көрді.

Сауысқан бұрын біреу еді, енді екеу болыпты.

* * *

Қызық дәурен тым қысқа болды. Жеңімпаз теке алдыңғы екі аяғымен жер тырмалап, алға кеудесін сүйрегенмен, бөксесі зіл батпан болып жылжымайды.

* * *

Теңбіл барыс аспанда баяу қалықтап, бір жерді шыр айналып жүрген Құладың құсты көрді. Алда жемтік барын сезіп, адымын ұзарта түсті.

* * *

Осы кезде ылдидан өрге қарай өршелене ұмтылған көк бөрілер де көрінді. Бөрілер жотадан түсіп келе жатқан Теңбіл барысты көздері шалып қалды. Мұндайды күтпеген қасқырлар тобы состиысып біраз тұрды.

* * *

Жоғарыда — Теңбіл барыс. Төменде — бес бөрі. Бесеу деген саны болмаса, ата қасқыр ақсақ. Үш бөлтірік — үшеуі де жас. Ішіндегі жарамдысы іліп алар қауқарлысы ана қасқыр — Құртқа. Бірақ жабылып кетсе құмырсқалардың өзі арыстанның терісін сыпырып алатын көрінеді. Кім біледі...

* * *

Ортада жардай болып, Таутеке жатыр. Кеудесі сау көкірегі тірі, бөксесі көтерілмейді. Алдынан Теңбіл барысты көріп, артында бір топ бөрілер тұрғанын сезіп, Жеңімпаз теке жан ұшыра алдыңғы екі аяғын тасқа тіреп тұрып, кеудесін көтергенмен, бөксесін сүйрей алмады. Жан даусымен бақырып барып, сұлқ түсіп, тағдырға мойын ұсынып, көзінен жас парлап, жата кетті.

* * *

Таутеке ешқайда қашпайтынына кезі жеткен Теңбіл барыс ендігі кесір-кедергі бөрілер екенін сезді. Егер мәмілеге келсе мына жатқан жардай теке бәріне де жетер еді. Бірақ Теңбіл барыс пен көк бөрілердің одақтасып, бірлесіп жүргенін ешкім көрген емес.

Осы уақытта өзеннің арғы бетіндегі Қақпақ тастың астындағы үңгірде қалған жемтікті ұялас шиебөрілер жабыла жеп жатты. Шиебөрілер өте аш еді. Бөрілердің үңгіріне әлдеқалай сандалып келіп, жемтіктің иісін сезіп, үңгірде ешкім жоқ екенін білген соң ғана шиебөрілер молшылыққа кенеліп, той тойлап жатыр еді.

* * *

Дәл осы кезде Теңбіл барыс ақырып кеп қалғанда тау теңселіп кеткендей болды. Қаһарлы дауыс жаңғырып, бүкіл шатқалды аралап кетті. Тіпті арғы бетте мол жемтікке кенеліп жатқан сумақай шиөбөрілердің өзі құйрықтарын бұтына қысып, бір сәтке жым болды.

* * *

Ал, ақсақ Абадан, ана қасқыр Құртқа бастаған бөрілер Теңбіл барыспен көз арбасып, шоқиысып отырған жерлерінен атып-атып тұрды. Теңбіл барыс шиыршық атып, тағы да бір ақырып, Жеңімпаз текенің үстінен бір-ақ қарғып, қасқырлармен бетпе-бет келіп, қалш-қалш тұрып қалды.

Қасқырлар бір-бір адым кейін шегінді. Қаша жөнелген жоқ. Қасарысып, қарсы тұрып белгі берді. Тек бөлтіріктер Құртқаның бұтына тығыла берді.

Теңбіл барыс тағы да ақырғанда, бөлтіріктердің біреуі қыңсылап, анасының бауырына тығылып еді, Құртқа оны желкесінен алып, аулаққа лақтырып жіберді.

Осы сәтті пайдаланып, Теңбіл барыс Құртқаға бір-ақ шапшыды.

* * *

Құртқа тайыншадай барыстың соққысына шыдас бере алмай екі-үш домалап түсті. Ақсақ Абадан Теңбіл барыстың құйымшағынан арс етіп ала түскенде, Теңбіл шыр айналып, ақсақтың өзін сілкіп тастады. Дегенмен сан еті Абаданның аузында кетті. Теңбіл барыс шиыршық атып, сала құлаш құйрығымен сабалап, шыр айналғанда бөлтіріктердің біреуін жардан ұшырып жіберіп, асау толқынға құлатты.

* * *

Қасқырлар тобы абдырап қалды. Бөлтірігі жардан құлаған Құртқа, қанша айтқанмен Ана ғой, баласын құтқаруға ұмтыла беріп, кілт тоқтап, сауырынан қан сорғалаған Теңбілге қарай садақша атылды. Алқымынан алғанмен, кеңірдегіне жете алмады. Барыстың жүні киіздей тығыз екен; есін жиған Теңбіл шыр көбелек айналып, Құртқаны тағы да лақтырып жіберді. Абадан үш аяқтап ұмтылып көріп еді, Теңбіл құйрығымен ұрғанда, Абадан қара тұмсықтан соққы жеп құлап түсті. Теңбіл құйрығымен ұрғанда Қодастың өзі бел омыртқасы үзіліп кетіп, омақаса құлаушы еді.

* * *

Теңбіл барыстың өгіз өлтірер бұла күші енді оянғандай тау сілкіндіре тағы ақырып, Құртқаға қайта шапшығанда, қаншық қасқыр әрең дегенде бұға қалып еді, барыс оның үстінен қарғып өтті. Қаншықты құдай сақтап қалды; барыс зор салмақпен соққанда, парша-паршасы шығатын еді.

Теңбілді енді еңсере алмайтынына көздері жеткен бөрілер кенет жалт бұрылып, еңіске қарай бұллектей жөнелді. Қос бөлтірік құйрықтарын бұттарына қысып алыпты.

Теңбіл барыс «мен жеңдім» дегендей тағы бір ақырды да, теңкиіп жатқан Таутекеге бұрылды.

* * *

Қасқырлар жайдақ судан өтіп, Қақпақтастағы өз үңгірлеріне сүмірейіп, сүлде сүйретіп жете бергенде алда тағы бір сұмдықтың күтіп тұрғанын сезді.

Алдымен үңгірдің аузынан мойындары қылаққан бір топ тазқара құс үркіп ұшты. Олар алысқа кетпей, тарғыл тастардың үстіне қонып, сұңқыып-сұңқыып, құлқын қағып отырып алды.

Құртқа мен Абадан үңгірге кіре бергенде қаракөлеңке түкпірден сумаң көздер жылт-жылт етіп, ары-бері ағып түсіп, алас ұрды.

Шиебөрілер тығыларға жер таппай жан ұшыра шыңғырып-шыңғырып жіберді.

* * *

Онсызда тұла бойын ыза кернеген Құртқа қасқыр мен Абадан шиебөрілердің быт-шытын шығарып, тулақтай қылып сыртқа сүйреп, жардан құлатқанда, осыны күткен тазқаралар енді шиебөрілерге шұқшиды.

Кейінге деп сарымайдай сақтаған текенің етін шиебөрілер сыдырып жеп, тек таңқиған қабырғалары мен омыртқаларын ғана қалдырыпты.

* * *

Ата қасқыр, Ана қасқыр қос бөлтірігімен қосылып, құр сүйекті қауғаңдап кеміре берді, кеміре берді...

* * *

Күндіз жауған қар ылдидағыдай лезде еріп кетпей, қырбықтанып жатып алды. Зипа аршалар, жатаған аршалар, шырғанақ пен долана, зірік, итмұрын, қызыл қайың, жыныс орман ақ желең жамылып, мүлгіп қалған.

Күн еңкейіп, ұясына қонуға бет алғанда аспан астын, тау шыңдарын қызғылтым, көгілімжай торғынға бөлеп, қан жосалы Ешкіқорған шатқалын қара көлеңкелеп, қым-қуыт арпалыс дүниесін қимай батып бара жатты.

Бергі беттегі шырғанаққа тойған ұлар құс қақылықтап ұшып, арғы бетке өтті. Күндізгі қиян-кескі қақтығысқа куә болған қыран-бүркіт әлі қалықтап жүр.

* * *

Қырбық қар күн шыға бере күрдек жусан басынан ың-жыңсыз жерге түсіп еріп кетіп жатты. Қоңыр күз бойы тамшы көрмей шаң татып құраған жусан күн көзімен бусанып, балбырап жібіп қалған.

Шолақ шопан тас қорадан айдап шыққан қойлар жерден бас алмай, қызыл изен арасына кіріп кетіп, тырп етпей тыныш жайылды.

Күрдек изенді күрт-күрт шайнап тұрған ауыздықсыз күрең ат кенет басын көтеріп алып, қамыс құлағын тікшитіп, кереге тас жаққа тесіле қарады.

* * *

«Күнге гимн». Има Сумак. Шырқау биік сарын.

Басы төсіне салбырап отырған Шолақ шопан ұйқыдан оянғандай селк етті. Кереге тастың басына қарады. Өз көзін тырналап қайта қарады.

Кереге тастың басына ғайыптан орасан зор керіскедей ескерткіш орнап қалғандай. «Елес пе?!» — деп көзін жалғыз қолымен тағы сүртті.

Аппақ алып қасқыр алдыңғы аяқтарын көсіліп жіберіп, арыстай болып жатыр. Аумаған Мысыр сфинксі сияқты.

Кенет тас мүсін тіл қатты.

— Амансың ба, Шолақ?! Біз көріспегелі талай заман болды.

Шолақ шопан атын тебініп, тұра қашпақ болып еді, торы ат кісінеп-кісінеп артқы аяқтарын талтайтып сиіп-сиіп жіберді. Бірақ орнынан қозғала алмай, сілейді де қалды.

Аппақ мүсін тағы да тіл қатты:

— Қорықпа, Шолақ бауыр! Мен саған тиіспеймін. Мен Көк бөрімін. Сенің пірің боламын. Баяғы-баяғы жаугершілік заманда сен жұртта қалған жап-жалаңаш нәресте едің. Сені мен асырап алғанмын. Сен Ана бөрінің, қасиетті Құртқаның емшегін еміп, ер жеткенсің. Ұмыттың ба?

* * *

Дәулеткерей. «Көрозлы».

Ұмыттың, тауфихсыз! Жер беті мыңғырған қызыл киік, ақбөкен болар еді. Біз, Бөрі тұқымы сол жабайы аңдардың ақсақ-тоқсақ, ауруын азық етіп, дүниені ластан, ауру-сырқаудан тазартып жүрген дәруіштер едік. Сендер, тауфихсыз, тарих танымас қосаяқтылар киік тұқымын қырып біттіңдер! Көкбөрілер қалдығы адамдардың асыранды малына амалсыздан, лажы жоқтықтан тиіседі. Соны түсінбей өз Піріңді өзің жау көрдің.

— Абайла, Шолақ! Сені асырап адам еткен көк бөрінің құдіретті Пірі ұрып кетпесін. Жер бетінен Көк бөрі тұқымы үзілсе, сен, Адам, тап-тақыр жетім қаласың...

* * *

Има Сумақ. «Күнге табыну гимні».

Шолақ шопан Кереге тастың басына қарап еді — жым-жылас. Арыстай аппақ арланның орнынан еріген қардың буы бұрқырайды.

— Сірә, мені бірдеңе шалықтаған шығар, — деп Шолақ шопан торы атты қос өкпеден тепкілеп, домбаздай салған мұржасынан түтіні будақтаған үйіне қарай шаба жөнелді.

МАЗМҰНЫ

41-ЖЫЛҒЫ КЕЛІНШЕК.....	4
ИНТЕРНАТ НАНЫ.....	7
СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ ЖЕСІРІ.....	13
АЙЫРБАС.....	29
АҚСАЙ МЕН КӨКСАЙ.....	37
БІР НӘЗІК СӘУЛЕ.....	68
БОЙТҰМАР.....	76
ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ ЖАРА.....	93
АЛАПАР МЕН ДИНГО.....	106
АЛТЫН ТІКЕН.....	115
БАБАНЫҢ ОРАЛУЫ.....	120
БҰРШАҚ.....	130
ЖАҢБЫРЛЫ ТОЙ.....	142
ЖҮРЕККЕ ӘЖІМ ТҮСПЕЙДІ.....	150
КЕЛІНШЕКТАУ САҒЫМДАРЫ.....	162
СОЛ БІР КҮЗ.....	169
ҚЫЗ БЕН БОТА.....	175
МЫҢБҰЛАҚ.....	179
НАХАЛ ТОРҒАЙЛАР.....	187
НӨСЕР.....	195
САРЫАЛА ҚАЗ — ФЕНИКС.....	207
СОҢҒЫ НӘСІП.....	215
СУСАМЫР.....	222
ТӘУЕКЕЛ ТОЙ.....	235
ТОРТАЙ ШАЛДЫҢ ЕСЕГІ.....	249
ТҰЙЫҚ ШАРБАҚ.....	263
ҰЗАҚ КОМАНДИРОВКА.....	271
ШЫРШАНЫҢ ЖЫРЫ (Мультфильм үшін).....	275
АМАНАТ.....	285
ТЕКЕБҰРҚАҚ. ШОЛАҚ ШОПАН МЕН АҚСАҚ АРЛАН.....	292
МАЗМҰНЫ.....	313

ШЕРХАН МҰРТАЗА

Бес томдық шығармалар жинағы

Төртінші том

ӘҢГІМЕЛЕР

Корректоры Жадыра Байсақалова
Техникалық редакторы Ғани Байлыбеков

Шартты баспа табағы
Есепті баспа табағы
Таралымы
Тапсырыс №